Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

ӘОЖ 378:373.3 (574) Қолжазба құқығында

**АСЕТОВА ЖАННУР БАХЫТОВНА**

# Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шартары

6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:
п.ғ.д., профессор Абильдина С.К.
п.ғ.к., профессор Жекибаева Б.А.
Шетелдік ғылыми кеңесші:
п.ғ.к., профессор О. М. Коломиец
(Педагогтың кәсіби дфамуының
халықаралық инситуты,
Ресей федерациясы, Москва қ.)

Қазақстан Республикасы
Қарағанды, 2026

**МАЗМҰНЫ**


**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**........................................................ 4
**АНЫҚТАМАЛАР**........................................................................ 6
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**............................................ 7
**КІРІСПЕ**................................................................................ 8
**1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**..........................................................
1.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің теориялық алғышарттары....................................................................... 20
1.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті ұғымының мәні мен мазмұны........................................................................ 43
1.3 Болашақ бастауыш мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен теориялық моделі........ 58
1-бөлім бойынша қорытынды................................................................ 89
**2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТЕКСЕРУ**.
2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың қазіргі жай-күйі........................................................ 91
2.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру әдістемесі........................................................................................ 106
2.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру бойынша эксперимент нәтижелері…................................ 133
2-бөлім бойынша қорытынды................................................................ 143
**ҚОРЫТЫНДЫ**........................................................................... 145
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**......................................... 149
**ҚОСЫМША А** – Авторлық сауалнама................................................ 160
**ҚОСЫМША Ә** – «Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі»........................................................................................ 164
**ҚОСЫМША Б** – Авторлық құқық туралы куәліктер............................. 166
**ҚОСЫМША В** – Қызметтік туындыны пайдалануға арналған келісім-шарт.................................................................................................. 170
**ҚОСЫМША Г** – Электрондық дәрістер мен мультимедиялық презентацияларға арналған авторлық келісім-шарттар............................ 174
**ҚОСЫМША Ғ** – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарлары: рефлексиялық күнделігінің Heyzine платформасындағы интерактивті нұсқасы............................................................................ 177
**ҚОСЫМША Д** – «Рухани және ұлттық құндылықтар сарайы» үйірмесінің бағдарламасы.................................................................... 179
**ҚОСЫМША Е** – Элективті курстардың оқу жұмыс бағдарламалары –

SYLLABUS........................................................................................... 184
**ҚОСЫМША Ж** – Акт ендірулер................................................................ 187
**ҚОСЫМША И** – «Рухани сыр-сандық» рухани-танымдық Instagram-парақшасының контент жоспарлары мен жарияланым үлгілері.............. 191
**ҚОСЫМША К** – Студенттердің үйірме жұмысына қатысу белсенділігі және жетістіктерін растайтын материалдар............................................... 196
**ҚОСЫМША Қ** – Халықаралық ғылыми конференцияларға қатысу сертификаты мен диплом........................................................................ 199

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертацияда келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалады:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 29 наурыздағы № 847 Жарлығы. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауды іске асыру жөніндегі шаралар туралы. Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000847

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам». Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм». Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K24002024_1

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2007 жылғы 27 шілде, № 319-III. (30.06.2025 ж. дейінгі өзгерістермен). Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z07000031

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2019 жылғы 27 желтоқсан, № 293–VI ҚРЗ. Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы». ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031

Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000471

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы.

Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасы. (2022 жылғы 8 желтоқсанда ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі жанындағы РОӘК отырысында мақұлданған. Әзірлеуші – Абай атындағы ҚазҰПУ).

Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы. Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G25HP000031

«Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы. Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020642

Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. – 1996. – 7 тамыз. – 3 б. Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/N960003058_

Баршаға қолжетімді сапалы білім: Педагогтердің І съезіне арналған Ұлттық баяндама жобасы (27 қыркүйек 2023 жыл**)**.

## АНЫҚТАМАЛАР

**Рух** - адам болмысының ішкі қозғаушы күші, ал руханилық – сол бастаудың кемелдену дәрежесі мен сапалық деңгейін көрсететін категория.

**Рух** - ой мен сананың жетістігі, адамның психикалық белсенділігінің көрінісі және тарихи тәжірибенің идеалды түрі.

**Руханилық** - тұлғаның дүниетанымдық көзқарастары мен әлеуметтік қарым-қатынастағы ізгілік нормаларының жиынтығы.

**Руханилық** - тұлғаның ішкі дүниесін, құндылықтық бағдарларын және моральдық-этикалық ұстанымдарын біріктіретін, оның әлеуметтік жауапкершілікке негізделген іс-әрекетін реттейтін интегративті сапа.

**Мәдениет** - қоғамның, адамның шығармашылық күштері дамуының тарихи анықталған деңгейі, материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы, бұл күрделі, көп деңгейлі жүйе, өркениеттің дамуына ықпал ететін құрал. Адамдардың іс жүзінде өмір сүруінің әр түрлі формаларында, сондай-ақ олардың тіршілік әрекетінің нәтижесінде - материалдық және рухани өнімдерде өз көрінісін табатын құндылық бағдарларының, нанымдарының, мағыналардың жүйесі. Адамның материалдық және рухани танымындағы шығармашылық қызмет тәсілдерінің жиынтығы.

**Рухани мәдениет** - тұлғаның ішкі мағыналық-аксиологиялық өзегі мен оның әлеуметтік тәжірибесінің диалектикалық бірлігін сипаттайтын кешенді сапа; ол адамның ар-ождандық реттелуін, адамгершілік таңдауларын және әлеуметтік жауапкершілікке бағдарланған іс-әрекетін қамтамасыз ететін құндылық бағдарлар жүйесі.

**Рухани мәдениет** - тұлғаның дүниетанымдық көзқарастарының, рухани-адамгершілік құндылықтарының және моральдық-этикалық ұстанымдарының жүйелі бірлігін білдіретін, әлеуметтік жауапкершілікке негізделген іс-әрекеті арқылы көрініс табатын интегративті сапа.

**Феномен** - термин, жалпы мағынада, сезімтал ойлауда берілген құбылысты білдіреді. Табиғи ғылыіда құбылыс байқалатын құбылыс немесе оқиға деп түсініледі.

**Интериоризация** - (латын тілінен interior - «ішкі») - сыртқы әлеуметтік іс-әрекет формаларының, нормалардың және қарым-қатынас тәжірибесінің адамның ішкі психикалық құрылымына, яғни санасына көшу процесі.

**Экстериоризация** - (латынша exterior - «сыртқы») - ішкі психикалық іс-әрекеттің, ойдың немесе жоспардың сыртқы объективті іс-әрекетке, затқа немесе сөзге айналу процесі. Егер интериоризация - сыртқы дүниенің «ішке» енуі болса, экстериоризация - ішкі дүниенің сыртқа шығуы.

# БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | | |
|---|---|---|
| ҚР | – | Қазақстан Республикасы |
| ҚР ҒжЖБМ | – | Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі |
| ҚР МЖМБС | – | Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты |
| ЖОО | – | жоғары оқу орны |
| ҚарҰЗУ | – | Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті |
| БП | – | базалық пәндер |
| ЭК | – | элективті курс |
| ОӘК | – | оқу-әдістемелік кешен |
| ЭТ | – | эксперименттік топ |
| БТ | – | бақылау тобы |

# КІРІСПЕ

**Зерттеудің өзектілігі.** Жаһандану үдерісінің күшеюі, әлемдік мәдени трендердің ықпалы, интернет пен цифрлық коммуникациялардың қарқынды дамуы Қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени дамуына елеулі әсер етуде.

Бұл үдерістер бір жағынан қоғамның ашықтығын арттырып, білім мен мәдени алмасудың мүмкіндіктерін кеңейтсе, екінші жағынан материалдық құндылықтардың басымдыққа ие болуы мен дәстүрлі тәрбие институттарының функционалдық әлсіреуі нәтижесінде рухани-адамгершілік сипаттағы дағдарыстық құбылыстардың күшеюіне алып келуде. Мұндай жағдай жас ұрпақтың құндылық бағдарлары мен рухани дүниетанымының қалыптасуына кері әсерін тигізуде.

Осыған байланысты еліміздің Президенті К.Ж.Тоқаевтың 2022-2024 жылдардағы жолдауларында («Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы», «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам», «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм») қоғамның моральдық құндылықтар жүйесін жаңарту, соның ішінде білім беру жүйесіндегі рухани-адамгершілік бағытты дамыту - терең әлеуметтік-мәдени өзгерістермен шартталған стратегиялық міндет ретінде айқындалды [1-3]. Бұл өзгерістер білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріне, әсіресе болашақ педагог кадрларды даярлау мазмұнына жаңа талаптар қояды.

Қазіргі жағдайда педагог тек білімді қалыптастырып, құзыреттілікті дамытатын маман ғана емес, сонымен қатар жоғары кәсіби жауапкершілікке ие, білім алушының тұлғалық әрі рухани дамуына бағыт-бағдар беретін тұлға болуы тиіс. Бұл талаптар ҚР «Білім туралы» Заңында нормативтік тұрғыдан бекітіліп, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жас ұрпақтың рухани дамуын қамтамасыз етуге бағытталған [4]. Осыған орайда, болашақ педагогтарды даярлау мазмұнын жетілдіруге байланысты міндеттерді шешу педагогика ғылымының өзекті міндеті ретінде айқындалады.

Сонымен қатар, қоғамның жаңару жағдайында саналы, білімді және рухани кемелденген тұлғаны қалыптастыру білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр, бұл мемлекеттік маңызы бар стратегиялық құжаттарда өз көрінісін табады. Соның ішінде, Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында жоғары білім мазмұнының рухани-адамгершілік компонентін күшейтуге басымдық берілсе, Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында тәрбиенің мазмұнын ұлттық рухани құндылықтарды сақтау мен дамытуға бағыттаудың өзектілігін айқындайды [5,6].

Үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді педагогикалық жүйені жобалау және оны құру кәсіби тұрғыдан даярланған, әлеуметтік белсенді және рухани жауапты мамандарсыз мүмкін емес. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында кәсіби қызметті жоғары деңгейде жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау стратегиялық басымдық ретінде

қарастырылып отыр. Бұл ұстаным жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарында мұғалімнің кәсіби құзыреттері қатарында рухани-адамгершілік және әлеуметтік жауапкершілікке негізделген дағдылардың маңыздылығы айқындалады [7].

Жалпы білім беру мазмұнында да құндылық бағдарлар жетекші орынға ие. Мектепке дейінгі, бастауыш негізгі және жалпы орта білімнің мемлекеттік стандарттарында тәрбие мен білім беру мазмұнын құндылықтық негізде ұйымдастыру талап етіледі [8]. Бұл бастауыш мектеп жағдайында адами капиталды қалыптастыруда бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің рөлін айқындай түседі.

«Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» құжатта мұғалімнің кәсіби мінез-құлқына, рухани-адамгершілік келбеті мен әлеуметтік жауапкершілігіне қойылатын талаптар айқындалған [9]. Сонымен қатар, педагог кадрларды даярлау сапасына қатысты мәселелер ҚР педагогикалық білімді жаңғырту тұжырымдамасында (2022 жылғы 8 желтоқстан) кешенді түрде қарастырылып, мұғалімнің тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың маңыздылығы ерекше атап өтілген [10].

Бүгінгі таңда мұғалімге қойылатын талаптар тек кәсіби біліктілікпен шектелмей, оның тұлғалық кемелденуі мен рухани тұрақтылығына басымдық беріледі. Бұл талап ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңында бекітілген мұғалімнің моральдық-адамгершілік үлгі ретіндегі миссиясын айқындайды [11].

Осыған байланысты жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесін жаңғырту мәселесі өзекті мәселе болып табылады. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 25 ақпандағы № 31 бұйрығымен бекітілген педагогтің кәсіби стандарттарда болашақ мұғалімнің кәсіби және тұлғалық сапаларына қойылатын талаптар нақтыланған [12]. Тәрбие үдерісінің нәтижелілігі тікелей мұғалімнің кәсіби және тұлғалық сапаларына тәуелді. Осы тұрғыдан алғанда, мектеп тәжірибесіне енгізілген «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы білім алушылардың құндылық бағдарларын қалыптастыруды көздейді. Сондықтан аталған бағдарламаны жүзеге асыратын мұғалімнің рухани мәдениетінің жеткілікті деңгейде қалыптасуы маңызды шарттардың бірі болып табылады [13].

Жоғарыда аталған нормативті құжаттар мен стратегиялық бастамаларды талдап, саралау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру мәселесінің ғылыми-педагогикалық тұрғыдан өзектілігін айқын көрсетеді.

Бастауыш мектеп баланың тұлғасы мен құндылықтық бағдарлары қалыптасатын шешуші кезең болғандықтан, бастауыш сынып мұғалімі оқушының дүниетанымы мен адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыратын негізгі әлеуметтік-мәдени субъект ретінде қарастырылады. ҚР қазіргі білім беру саясаты ұстаздың осы миссиясын басшылыққа ала отырып, оның рухани мәдениетінің дамуына ерекше мән береді. Осыған байланысты Президент Жарлықтары мен Жолдаулары, салалық заңдар, мемлекеттік стандарттар,

тұжырымдамалар мен бағдарламалар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруды болашақ ұрпақтың рухани жаңғыруына бағытталған мемлекеттік маңызы бар стратегиялық міндет ретінде айқындайды.

Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу тақырыбының өзектілігі қоғамның ұлттық басымдықтарымен және білім беру жүйесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға бағытталған қазіргі талаптармен өзара тығыз байланыста айқындалады. Аталған бағыттарды болашақ педагогтарды даярлау сапасын арттырудың негізгі факторларының бірі ретінде қарастырамыз.

Бұл контексте болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру мәселесіне арналған зерттеу тақырыбының өзектілігін теориялық тұрғыдан негіздеу зерттеу логикасына сәйкес оның мақсаты мен міндеттерін айқындауды, теориялық модельді жобалауды, сондай-ақ педагогикалық шарттарды анықтап, оларды жүзеге асыру әдістемесін әзірлеуді талап етеді. Аталған тұжырымдар педагогикалық экспериментті ұйымдастырудың әдіснамалық негізі болып табылады.

**Мәселенің ғылыми зерттелу деңгейі.**

Зерттеу тақырыбына қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді, сондай-ақ педагогикалық және психологиялық зерттеулерді талдау нәтижелері рухани мәдениет феномені мен болашақ мұғалімдердің кәсіби-тұлғалық рухани даярлығы мәселесінің әртүрлі тарихи кезеңдерде және ғылыми мектептер аясында түрлі теориялық парадигмалар негізінде қарастырылғанын көрсетеді. Бұл мәселенің көпқырлы сипаты оны бір ғана ғылыми тұрғыда түсіндірудің жеткіліксіздігін айқындайды. Сондықтан аталған феноменді философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғылардың өзара байланысында кешенді түрде талдау зерттеудің әдіснамалық негізін нақтылауға мүмкіндік береді.

Рухани мәдениет ұғымының қалыптасуы философиялық ойлардың даму тарихымен тығыз байланысты. Антикалық философия өкілдері Сократтың адамгершілік білім пен өзін-өзі тану идеяларын негіздесе, Платон рухани құндылықтарды тұлғаның ішкі үйлесімділігінің шарты ретінде қарастырып, Аристотель адам бақытын ізгілік пен парасат арқылы жетілдірумен байланыстырған. Шығыс философиясында Конфуций ілімі тұлғаның моральдық және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған. Біздің зерттеуіміз үшін бұл тұжырымдар рухани мәдениетті тұлғаның ішкі әлемін, құндылық бағдарлары мен мінез-құлық ұстанымдарын айқындайтын кешенді феномен ретінде түсіндіруге негіз болады.

Классикалық және жаңа заман философиясында рухани мәдениет адам еркіндігі, моральдық заң және мәдени дамудың ішкі логикасы тұрғысынан зерделенді. Бұл бағытта И. Кант, И.Г. Гердер, Г.В.Ф. Гегель еңбектері рухани мәдениет ұғымын тарихи-мәдени үдерістер контекстінде қарастыруға мүмкіндік берді. Өмір философиясы аясында А. Шопенгауэр, Ф. Ницще, В. Дильтей, Г. Зиммель рухани мәдениетті тұлғаның өмірлік тәжірибесі мен мағыналық бағдарлары арқылы түсіндірсе, тарихи философияда О. Шпенглер, А. Тойнби, Н.Я. Данилевский өркениеттік дамудың айқындаушы факторы ретінде сипаттады.

Рухани мәдениеттің аксиологиялық және әлеуметтік мазмұны алыс және жақын шет ел философтары Н.А. Бердяев, В.С. Соловьев, В.В. Зеньковский, П.Адлер еңбектерінде, сондай-ақ отандық философтар Ж.М. Әбділдин, Ә.Н. Нысанбаев, Д.К. Кішібеков, М.С. Орынбеков, К.С. Әбішев, Ж.тАлтаев, Т.Х. Ғабитов, С.Е. Нұрмұратов зерттеулерінде әртүрлі ғылыми позициялар тұрғысынан жүйелі талданған. Аталмыш еңбектерде рухани мәдениет тұлғаның өмірлік мағыналарын, құндылық бағдарларын және әлеуметтік жауапкершілігін айқндайтын күрделі әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарастырылады.

Психологиялық зерттеулерде рухани мәдениет ұғымы тұлғаның ішкі дамуы мен құндылық бағдарларының қалыптасуымен байланысты зерделенген.

Классикалық психология өкілдері Л.С. Выготский, Б.Г. Ананьев, А.Н. Леоньтев, С.Л. Рубинштейн еңбектерінде әлеуметтік мәдени тәжірибені меңгеру үдерісі ретінде қарастырылған.

Қазіргі позитивті психологияның өкілі Калифорния университетінің профессоры R. Emmons руханилықты тұлғаның мағыналық бағыттылығын айқындайтын «рухани интеллект» ретінде қарастырса, K.I. Pargament дағдарыстық жағдайлардағы бейімделу ресурсы ретінде анықтайды.

Отандық психологтар М.М. Мұқанов, Т.Т. Тәжібаев, Қ.Б. Жарықбаев, А.Ә. Алдамұратов, Х.Т. Шериязданова, Ж.Ы. Намазбаева, С.М. Жақыпов еңбектерінде тұлғаның дамуы ұлттық мәдениет пен әлеуметтік тәжірибе арқылы рухани-адамгершілік тұрғыда жетілуі тұрғысынан қарастырылған. Бұл зерттеулер бізге рухани мәдениетті тұлғаның ішкі интеллектуалдық және адамгершілік әлеуеті тұрғысынан пайымдауға мүмкіндік береді.

Педагогика ғылымында бұл мәселе тәрбие үдерісінің мазмұндық әрі аксиологиялық өзегі ретінде қарастырылады. Оның теориялық бастаулары Я.А. Коменский мен К.Д. Ушинскийдің ізгілік қағидаларынан бастау алып, А.С. Макаренко, Б.С. Гершунский, И.П. Подласый, Н.Е. Щуркова еңбектерінде жалғасын тапты.

Мұғалімнің рухани мәдениетін қалыптастыру мен оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиелеуге даярлаудың теориясы мен практикасы А.К.Маркова, Л.И. Романкова, В.Н. Сагатовская, Е.И. Артамонова, Л.П. Илларионова сынды ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Аталмыш еңбектер мұғалімнің рухани мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын айқындауға негіз болды.

Шығыс және қазақ ойшылдарының мұраларында рухани мәдениет «кемел адам» және «ізгі қоғам» идеялары негізінде қарастырылады. Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, К.А. Яссауи, М.Х. Дулати еңбектерінде рухани мәдениет адам тәрбиесінің және қоғамдық үйлесімнің негізі ретінде сиптатталса, қазақ ағартушылары Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердіұлы еңбектерінде ұлттық сана, ар-ождан және тұлғалық жауапкершілік ұғымдарымен байланыста түсіндіріледі.

Халықаралық педагогикалық дискурста бұл мәселе құндылықтарға негізделген білім беру мен тұлғаның моральдық ұстанымдары бағытында қарастырылады.

Қазақстанда адамгершілік тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбиенің теориялық негіздері, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар, халық шығармашылығы негізінде білім алушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу бағытында зерттеу жүргізген ғалымдар С.Қ. Қалиев, С.А. Ұзақбаева, Қ.Б. Жарықбаев, Ә.Қ. Табылдиев, Ш.М. Майғаранова, Э.А.Орынбасарова, Қ. Бөлеев, С. Ғаббасов, Л.А. Байсерке, Қ.Қ. Шалғынбаева, Р.К.Төлеубекова, А.А. Калюжный, К.Ж. Кожахметова, Ұ.М. Әбдіғаппарова, С.К. Абильдина, К.Т.Ыбыраимжанов, Д.Н. Кинитаева, Н.А. Айдналиева, Б.Я. Махамедова, А.Қ. Демеуов, А.И. Ахметова, Г.Б.Оспанова, А.Т. Утебаева, З.Ж. Айджанова, Г.А. Ергалиева. А.С. Елемесова, Г.А. Кайбулдаева, А.Қ.Қаплиева, А.А.Таутенбаева, Р.Ж.Шалтаева, Н.С. Әлқожаева, С.И. Санникова, З.А. Кульшарипова, С.А.Нуржанова, С.А. Садыкова, Д.Қ. Омаров, Г.А. Омарова, С.А. Касенова, М.Ф Бекбаева және т.б. еңбектерінде тұжырымдалған ой-пікірлер біздің зерттеуіміздің ғылыми теориялық бағдарларын нақтылап, басым бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Жүргізілген ғылыми-теориялық талдау нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру мәселесінің дербес зерттеу нысаны ретінде жеткілікті дәрежеде жүйеленбей, кешенді түрде қарастырылмағанын көрсетті. Зерттеу барысында анықталғандай, аталған үдерістің мазмұны мен құрылымына қатысты бірқатар тұжырымдамалық және әдіснамалық мәселелер толық шешімін таппаған. Бұл өз кезегінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруды терең әрі жүйелі ғылыми тұрғыдан зерттеу қажеттігін негіздейді. Қазіргі әлеуметтік-мәдени трансформациялар қарқынды жүріп жатқан жағдайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруға деген қажеттілік мемлекеттік деңгейдегі әлеуметтік сұраныстың басым бағыты ретінде айқындалып отыр. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық тұрғыда дәлелдеуге бағытталған бұл зерттеу жұмысы бүгінгі күнде өзекті педагогикалық мәселе болып табылады.

Жүргізілген талдау мен зерттеу мәселесін кешенді зерделеу нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың қажеттілігі мен жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісінде оны қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен әдістемесінің болмауы арасында **қарама-қайшылықтар** бар екендігі айқындалды.

Айқындалған қарама-қайшылықтар зерттеу жұмысымыздың мәселесін анықтады, ол заманауи білім беру талаптарына сәйкес болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың тиімді әдістері мен құралдарын іздестіру қажеттілігімен анықталады. Қарама-қайшылықтардан туындаған зерттеу мәселесі тақырыптың «**Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары**» деп таңдалуына негіз болды.

**Зерттеу мақсаты**: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын теориялық тұрғыдан

негіздеу және оны жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігін жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісінде эксперименттік тексеру.

**Зерттеу нысаны**: жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісі.

**Зерттеу пәні:** болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті.

**Зерттеудің ғылыми болжамы**: *егер* жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісіне біз әзірлеген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру әдістемесі енгізілсе, *онда* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасу деңгейі артады, *өйткені* бұл жағдайда осы үдерістің тұтастығы, жүйелілігі қамтамасыз етіледі.

Зерттеудің мақсатын жүзеге асырып, ғылыми болжамды тексеру үшін төмендегі **зерттеу міндеттері** анықталды:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық талдау негізінде «рухани мәдениет», «болашақ бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениеті» ұғымдарының мәнін нақтылау;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау және оны ғылыми негіздеу;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделін жасау және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптасу өлшемдерін, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтау;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісінде эксперименттік тексеру.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру өскелең ұрпақтың рухани дамуын қамтамасыз етудің маңызды алғышарты болып табылады.

**Зерттеу жұмысының әдіснамалық және теориялық негіздері:**

*1. Әдіснамалық негіздері.*

Зерттеудің әдіснамалық өзегін тұлға дамуының жалпы диалектикалық теориясы, таным теориясының қағидалары және аксиологиялық көзқарастар жүйесі құрайды. Зерттеудің пәндік-салалық әдіснамасын өзара кіріктірілген төрт тұғыр айқындайды:

– мәдениеттанулық тұғыр – рухани мәдениеттің әлеуметтік-мәдени детерминациясын және оның ұлттық-жаһандық сипатын негіздейді;

– этнопедагогикалық тұғыр – ұлттық тәрбие мұрасын заманауи білім беру мазмұнымен сабақтастыру механизмдерін қамтамасыз етеді;

– тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр – болашақ мұғалімнің рухани дамуын оның субъектілік іс-әрекеті мен рефлексиясы арқылы түсіндіреді;

– аксиологиялық тұғыр – педагогикалық үдерістің бағыттылығын адамгершілік идеалдар мен кәсіби-этикалық нормалар негізінде айқындайды.

*2. Теориялық негіздері.*

Зерттеудің теориялық базасы келесі ғылыми тұғырлар мен тұжырымдамаларға сүйенеді:

– жүйелік тұғыр (В.Г. Афанасьев, И.В. Блауберг, В.Н. Садовский, Э.Г. Юдин) – педагогикалық құбылыстарды тұтас жүйе ретінде қарастыруды негіздейді;

– іс-әрекеттік тұғыр (А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, П.Я. Гальперин) – тұлға дамуын іс-әрекет барысында жүзеге асатын үдеріс ретінде түсіндіреді;

– тұлғалық-бағдарлы тұғыр (И.С.Якиманская, В.В.Сериков, Е.В.Бондаревская) – білім беру үдерісінде тұлғаның субъектілік позициясын басшылыққа алуды негіздейді.

Сонымен қатар, зерттеуде тұлғаға бағдарланған білім беру, тәрбиені ізгілендіру, тұтас педагогикалық үдеріс теориялары, сондай-ақ зерттеу проблемасының мәнін ашатын философиялық және психологиялық-педагогикалық іргелі еңбектер басшылыққа алынды.

**Зерттеу көздері**: ҚР білім беру жүйесін реттейтін заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттар; зерттеліп отырған мәселенің табиғаты мен мазмұнын қарастырған отандық және шетелдік философтардың, педагогтер мен психологтардың ғылыми зерттеулері; сондай-ақ оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер, ғылыми мақалалар; педагогикалық және зерттеушілік тәжірибе.

**Зерттеу әдістері:**

– *теориялық* - талдау, салыстыру, жалпылау және жүйелеу әдістері, контент-талдау, модельдеу;

– *эмпирикалық* - психологиялық-педагогикалық әдістер кешені: сауалнама, тестілеу, педагогикалық бақылау, іс-әрекет өнімдерін талдау, педагогикалық эксперимент (анықтау, қалыптастыру, бақылау);

– *математикалық статистика әдістері* - статистикалық көрсеткіштерді сапалық және сандық талдау (Пирсонның корреляция коэффициенті, Кронбах альфа коэффициенті), деректерді визуализациялау әдісі.

**Зерттеу кезеңдері:**

*Бірінші кезең* (2018-2020жж.) – **теориялық-ізденіс кезеңі**. Зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық-педагогикалық, ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттерге, сондай-ақ нормативтік-құқықтық құжаттарға теориялық талдау жүргізілді. Диссертациялық зерттеудің негізгі бағыттары айқындалып, ғылыми аппараты құрастырылды, негізгі ұғымдар нақтыланды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасу өлшемдері мен көрсеткіштері анықталып, негізделді. Айқындаушы эксперимент ұйымдастырылып, оның нәтижелері талданып, жүйеленді.

*Екінші кезең* (2020-2023жж.) – **эксперименттік кезең.** Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделі жасалды, педагогикалық шарттары анықталып, оны жүзеге асыру әдістемесі әзірленді. Ғылыми болжамды тексеру мақсатында қалыптастырушы эксперимент ұйымдастырылып, әдістеме апробациядан өткізілді.

*Үшінші кезең* (2024-2025жж.) – **қорытынды – талдау кезеңі.** Педагогикалық эксперименттің барлық кезеңдері жүзеге асырылды, алынған эмпирикалық деректер математикалық және статистикалық өңдеуден өткізіліп, нәтижелері салыстырмалы талдау негізінде жүйеленді. Зерттеу қорытындылары тұжырымдалып, оларды білім беру тәжірибесіне енгізу бойынша ұсыныстар әзірленді. Зерттеу нәтижелері белгіленген талаптарға сәйкес диссертация түрінде рәсімделді.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:**

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық талдау негізінде «рухани мәдениет», «болашақ бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениеті» ұғымдарының мәні нақтыланды;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалып, ғылыми тұрғыдан негізделді;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделі жасалып, оның құрылымдық компоненттері, қалыптасу өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асырудың әдістемесі әзірленіп, оның тиімділігі жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісінде эксперимент арқылы дәлелденді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы:**

Зерттеудің практикалық маңыздылығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігін дәлелдейтін эксперимент нәтижелерімен, сондай-ақ жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісіне енгізілген оқу-әдістемелік материалдардың мазмұнымен айқындалады, олардың қатарына:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениетінің негіздері» элективті курсы (Оқу жұмыс бағдарламасы – SYLLABUS);
- «Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениетінің негіздері» элективті курсы бойынша электронды дәрістер курсы, мультимедиялық көрсетілім (қызметтік туындыны пайдалану келісім –шарттары № 709, № 710; электрондық дәрістер мен мультимедиялық презентацияларға арналған авторлық келісім-шарттар № 5170, № 5172, № 5516);
- «Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениетінің негіздері» электронды оқу құралы (ЭЕМ-ге арналған бағдарламасының авторлық құқықпен қорғалатын мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді еңгізу туралы куәлігі № 27164, № 27165);

- «Құндылыққа бағытталған білім берудің теориясы мен әдістемесі» элективті курсы (Оқу жұмыс бағдарламасы - SYLLABUS**)**;

- «Педагогика», «Этнопедагогика» пәндерінің мазмұнына еңгізілген қосымшалар (Оқу жұмыс бағдарламасы - SYLLABUS**)**;

- «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарлары: рефлексивті күнделік», компьютерлік бағдарлама ретінде тіркелген (компьютерлік бағдарламаның авторлық құқықпен қорғалатын мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді еңгізу туралы куәлігі № 66672);

- «Педагогикалық кейстер мен шығармашылық тапсырмалар жинағы», компьютерлік бағдарлама (компьютерлік бағдарламаның авторлық құқықпен қорғалатын мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді еңгізу туралы куәлігі № 69751);

- «Рухани және ұлттық құндылықтар сарайы» үйірме жұмысының бағдарламасы;

- «Рухани сыр-сандық» рухани-танымдық Instagram-парақша (https://www.instagram.com/ruhani_syr_sandyq).

**Зерттеудің негізгі базасы:** «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ, «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КеАҚ.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі:** зерттеу қорытындыларының ғылыми дәйектілігімен, қолданылған теориялық және әдіснамалық қағидалардың талаптарға сәйкестігімен, зерттеудің ғылыми аппаратының логикалық үйлесімділігімен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар зерттеу пәні мен міндеттеріне сәйкес ғылыми-педагогикалық әдістердің кешенді қолданылуы, педагогикалық эксперимент барысында алынған деректердің сандық және сапалық тұрғыдан үйлесімді талдануы, сондай-ақ нәтижелердің жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісінде апробациядан өтіп, тәжірибеге енгізілуі зерттеу жұмысының негізділігін айқындайды.

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

**1-ші қағида**. «Мәдениет» және «руханилық» ұғымдарының өзара арақатынасын теориялық-әдіснамалық талдау негізінде «*рухани мәдениет*» тұлғаның дүниетанымдық көзқарастарының, рухани-адамгершілік құндылықтарының және моральдық-этикалық ұстанымдарының жүйелі бірлігін білдіретін, әлеуметтік жауапкершілікке негізделген іс-әрекетте көрініс табатын интегративті сапа ретінде жалпы ғылыми деңгейде нақтыланды.

Кәсіби-қолданбалы деңгейде, яғни болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау контексінде, «*болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті*» оның рухани құндылықтарын, дүниетанымдық көзқарастарын, кәсіби-этикалық нормалары мен адамгершілік ұстанымдарын біріктіретін, педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны мен бағыттылығын айқындайтын кәсіби маңызды тұлғалық сапа ретінде нақтыланды.

**2-ші қағида**. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениет мазмұнына тұрақты қызығушылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету;

- педагогикалық пәндердің мазмұнына ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды кіріктіру арқылы олардың тәрбиелік әлеуетін арттыру;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін саналы ұғыну мен бағалауға негізделген рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру.

**3-ші қағида**. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың мақсаттық, әдіснамалық, мазмұндық, іс-әрекеттік және нәтижелік компоненттерді қамтитын теориялық моделі мен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық, когнитивтік және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттерінің қалыптасу деңгейлерін айқындауға мүмкіндік беретін өлшемдер жүйесі.

**4-ші қағида**. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру әдістемесі, онда келесі оқу-әдістемелік материалдар пайдаланылды:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінде ғылыми-теориялық білімдерін жүйелеуге және практикалық дағдыларын дамытуға арналған «Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениетінің негіздері» элективті курсы;
- «Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениетінің негіздері» элективті курсын әдістемелік сүйемелдеу үшін әзірленген электрондық дәрістер курсы, мультимедиялық презентациялар және электрондық оқу құралы (ЭЕМ-ге арналған бағдарлама);
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тиісті әдістемелік және практикалық-бағдарланған дағдыларын бекітуге арналған «Құндылыққа бағытталған білім берудің теориясы мен әдістемесі» элективті курсы;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісіне рухани-адамгершілік, ұлттық және кәсіби-этикалық құндылықтарды интеграциялау мақсатында «Педагогика», «Этнопедагогика» оқу пәндерінің мазмұнына енгізілген қосымшалар;
- құндылық бағдарларын талдау және өз іс-әрекетін бағалау мақсатында әзірленген «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарлары: рефлексивті күнделік» компьютерлік бағдарламасы;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыруға арналған «Педагогикалық кейстер мен шығармашылық тапсырмалар жинағы» компьютерлік бағдарламасы;
- рухани және ұлттық құндылықтарды және оларды кәсіби іс-әрекеттегі жеке тәжірибесімен сәйкестендіруге арналған «Рухани және ұлттық құндылықтар сарайы» үйірме жұмысының бағдарламасы;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениет мазмұнын ұғынуына арналған «Рухани сыр–сандық» рухани-танымдық Instagram парақшасы (контент-жоспар және интерактивті тапсырмалар жинағы);

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігін дәлелдейтін педагогикалық эксперименттің нәтижелері.

Педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесінің кезең-кезеңімен апробациялануы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасуына ықпал етіп, зерттеудің ғылыми болжамының толық расталуын қамтамасыз етті.

**Зертту нәтижелерін сынақтан өткізу мен тәжірибеге еңгізу**. Зерттеудің нәтижелері 14 ғылыми мақалада жарық көрді. Оның ішінде:

*ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда* -5:

- «Торайғыров университетінің хабаршысы», Педагогикалық сериясы (2021,2025);
- «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» (2019);
- «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университенің хабаршысы» (2019);
- «Ясауи университетінің хабаршысы», Педагогика және оқыту әдістемесі (2025).

*Scopus деректер базасына кіретін халықаралық журналдарда* -2*:*

- Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment (Канада, 2020);
- International Journal of Children's Spirituality (Англия, 2025).
- РҒДИ базасында индекстелетін басылымдарда: (Самара, 2018) -1
- Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарынада – 6.
- 2-ЭЕМ-ге арналған бағдарлама, 2-компьютерлік бағдарлама әзірленіп, шығарылды.

**Диссертацияның құрылымы**: диссертациялық зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізіменен, қосымшалардан тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 200 беттен тұрады, 171 дерекөзден тұрады, 28 кесте мен 19 суреттен тұрады.

**Кіріспе бөлімде** зерттеудің өзектілігі ғылыми тұрғыдан негізделіп, мақсаты мен міндеттері, нысаны мен пәні, ғылыми болжамы және жетекші идеясы айқындалды. Сонымен қатар зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері жүйеленіп, қолданылған зерттеу әдістері мен негізгі кезеңдері сипатталды. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы ашылып, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар тұжырымдалды.

**«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері»** деп аталатын бірінші тарауда теориялық-әдіснамалық талдау негізінде негізгі ұғымдардың мәні нақтыланды, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталды, теориялық моделі жасалды. Сондай-ақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасуының өлшемдері, деңгейлері мен көрсеткіштері анықталды.

**«Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениетін қалыптастыру тәжірибесі»** деп аталатын екінші тарауда педагогикалық эксперименттің ұйымдастырылу кезеңдері (айқындау, қалыптастыру, бақылау)

жүйелі сипатталып, алынған деректерге математикалық-статистикалық өңдеу жүргізілді. Эксперимент нәтижелері ұсынылған педагогикалық шарттардың жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігі расталып, оларды білім беру практикасына енгізудің нақты жолдары айқындалды.

**Қорытындыда** жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған теориялық қағидалар мен пратикалық ұсыныстардың маңыздылығы бойынша жалпы тұжырымдар жасалып, әдістемелік ұсыныстар беріледі.

**Қосымшада** болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру бойынша жүргізілген зерттеудің мазмұны мен әзірленген практикалық материалдар ұсынылады.

# 1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің теориялық алғышарттары

Қазіргі білім беру жүйесінің трансформациясы жағдайында тұлғаның рухани мәдениетін қалыптастыру мәселесі педагогикалық зерттеулердің жаңа парадигмасын талап етеді. Бұл тараудың мақсаты – «рухани мәдениет» ұғымының мәнін философиялық, мәдениеттанулық және психологиялық-педагогикалық интерпретациялар негізінде теориялық тұрғыдан негіздеу, оның мазмұндық құрылымы мен зерттеудің әдіснамалық негіздерін айқындау. Ұғымдарды нақтылау келесі тарауда «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті» ұғымына авторлық анықтама берудің теориялық алғышарты ретінде қарастырылады.

Біздің зерттеуіміздің контексінде рухани мәдениет – «рух», «руханилық» және «мәдениет» категорияларының өзара байланысынан туындайтын, тұлғаның құндылықтық бағдарларын, дүниетанымын және мінез-құлықтық реттелуін қамтамасыз ететін интегративті феномен ретінде қарастырылады. Осы құрылымды терең түсіну үшін, ең алдымен аталмыш ұғымдардың этимологиялық қайнар көздері мен тарихи қалыптасу жолын (генезисін) саралау қажет деп санаймыз.

«Мәдениет» сөзінің этимологиясы адамзат өркениетінің екі ірі арнасынан бастау алады. Латын тіліндегі cultura термині алғашында «жерді өңдеу», «күту», «тәрбиелеу» мағыналарын берсе, араб тіліндегі маданият (медине-«қала») қалалық өмір салтын, отырықшылық пен өркениеттілікті меңзейді[14]. Қазақтың «мәдениет» сөзінің араб тілінен енуі (мәдина-қала) қазақ мәдениетінде «мәдениет» ұғымының өркениеттік, әлеуметтік және құндылықтық мазмұнда ықпал еткенін көрсетеді. Демек, ұғымның түпкі мәні адамның табиғатты игеруі ғана емес, әлеуметтік өмірді ұйымдастыруы, тәртіп пен тәлім-тәрбиені орнықтыру сияқты кең өлшемді мағынаға ие екендігін көреміз.

Уақыт өте келе «мәдениет» сөзі білім беру, даму, қабілеттілік, құрметтеу сияқты ұғымдармен толықтырылды. Алғашқы қолданыста бұл ұғым адамның табиғатқа ықпал етуін, табиғатты игеру қабілетін және мақсатқа жету әрекетінің нәтижелілігін білдіру үшін қолданылды. Әсіресе «мәдениет» туралы ұғымның кеңеюі XIX ғасырда тарихшылар мен этнографтардың еңбектерінде ерекше айқындалды. Бұл кезеңде мәдениет әлеуметтік өмірдің көпқырлы құрылымын сипаттайтын ғылыми категорияға айнала бастады.

Мәдениет ұғымының ғылыми айналымға енуі және мазмұндық тереңдеуі, расында XIX ғасырда айқын көрініс тапты. Алайда оның теориялық негіздері бұдан әлдеқайда ертерек қаланған. Батыстық философиялық дәстүрде атап айтқанда, М.Т. Цицерон еңбектерінен бастап мәдениет cultura animi («жанды тәрбиелеу») ретінде түсіндіріліп, адамның ішкі дүниесін жетілдіру мен ақыл-

ойын дамытуға бағытталған үдеріс ретінде қарастырылды[15]. Бұл түсінік бойынша мәдениет адамның табиғи болмысын рухани жетілдіру арқылы қайта құруға бағытталған үдеріс. Сонымен бірге мәдениет ұғымының тағы бір маңызды бір қыры: ол тек сыртқы өмір салты емес, адамның ішкі әлемін тәрбиелеу мен жетілдіру үдерісін де білтдіретін кешенді ұғым ретінде қалыптасты.

Мәдениетті зерттеу көне жаңа заман философиясының дәстүрлеріне сүйенеді. XVII-XVIII ғасырлардағы С. Пуфендорф, Д.Вико, Б.Франклин, И.Кант, И.Г.Гердер еңбектерінде мәдениет ұғымының мәні адам табиғаты, ақыл-ой, тарих және қоғамдық даму контекстінде қарастырылды. Бұл ойшылдар мәдениетті адамның саналы әрекетінің нәтижесі әрі қоғам дамуының іргелі факторы түсіндірді. Осы тұрғыдан мәдениет бір мезетте екі мағынаны білдіреді: біріншісі –адамның ішкі кемелденуімен байланысты «тәрбиелеу» идеясы; екіншісі – қоғамды ұйымдастыру мен дамытуға қатысты тарихи-әлеуметтік өлшем.

И.Г. Гердер мәдениетті тұлғалық тұрғыда талдай отырып, оны тіл, ғылым, өнер, дін және әлеуметтік институттардың өзара байланысқан жүйесі ретінде қарастырады[16]. Оның пайымдауынша мәдени дамудың негізінде адам санасы жатыр, ал бұл мәдениетті адамзаттық тарихи тұтастығын қамтамасыз ететін әмбебап феномен ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Классикалық неміс философиясы аясында мәдениет мәселесі жаңа мазмұнмен толықтырылып, тереңірек түсіндірілді. Г.Ф.Гегельдің ілімінде мәдениет – рухтың тарихи даму үдерісінде өзін жүзеге асыру формасы[17]. Осы тұрғыдан мәдениет өзгермейтін құбылыс емес, керісінше тарихи дамумен сабақтас динамикалық жүйе ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл жерде мәдени дамудың басты қозғаушы күші адамның рухани әрі шығармашылық белсенділігі айқындалып, мәдениет жеке тұлғаның ішкі әлеуетін жүзеге асыруының нәтижесі ретінде сипатталады.

Мәдениетті жүйелік-әрекеттік тұрғыда талдау: «тұлға-іс-әрекет-қарым-қатынас» бірлігі.

Мәдениеттің тұтастығы мен жүйелілігі мәселесі М.С.Каган мен В.Ю.Жариков еңбектерінде мәдениетті интегративті құбылыс ретінде қарастырылады. Аталған зерттеулерде мәдениет жеке элементтердің жиынтығы ғана емес, ол өзара бір-бірімен байланысты және бірін-бірі толықтыратын құрылымдық компоненттерден тұратын біртұтас жүйе ретінде сипатталады. Бұл жүйенің жүзеге асу формалары жеке тұлғаның жалпы мәдени және адамгершілік мәдениетінің қалыптасу ерекшеліктерімен бірлікте талданады. Бұл тәсіл бізге мәдениет құрылымын «тұлға-іс-әрекет-қарым-қатынас» бірлігі арқылы ашуға мүмкіндік беріп, рухани мәдениет ұғымының мәнін әдіснамалық тұрғыда негіздеуге алғышарт болып табылады.

М.С.Каган мәдениетті адам болмысының әмбебап көрінісі ретінде түсіндіреді, ол адамға тән барлық қасиеттер мен әлеуеттің жүзеге асу формасы, сондықтан ол адамның өзі сияқты көпқырлы, ішкі қарама-қайшылықтарға толы құбылыс болып табылады [18]. Ғалым мәдениеттің құрылымын бірнеше өзара

байланысты компоненттер арқылы ашады: біріншіден, іс-әрекет субъектісі ретіндегі адамның табиғи мүмкіндіктері мен тарихи қалыптасқан әлеуеті; екіншіден, әлеуметтік тәжірибе негізінде игерілетін және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін іс-әрекет түрлері; үшіншіден, іс-әрекет барысында жасалатын материалдық және рухани құндылықтардың көптүрлілігі; төртіншіден, осы үдерісте өзгеріп, дамып отыратын адамның өзі мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Мәдениет адамның жеке іс-әрекетін жетілдіру дағдыларын қалыптастырып, оның әлеуметтік әрі рухани тәжірибесін байытады. Қарым-қатынастың іс-әрекеттік табиғатын саралай отырып, М.С.Каган оның мақсатты, саналы таңдалатын және адамның қажеттіліктерін жүзеге асырудың практикалық әрі рухани формасы ретінде сипаттайды. Бұл тұжырым біздің зерттеуіміз үшін мәдениетті тұлғаның рухани мәдениетінің қалыптасуындағы негізгі фактор ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, аталған бірлік тұлғаның рухани мәдениетінің қалыптасу механизмдерін түсіндіруге мүмкіндік береді, өйткені дәл осы жүйеде құндылықтық бағдарлар, дүниетанымдық көзқарастар және адамгершілік ұстанымдар біртұтас түрде қалыптасып, дамиды.

Шығыс ренессансы мен қазақ дүниетанымындағы мәдениеттің рухани-адамгершілік өлшемі.

Шығыс ғұлама ойшылдарының еңбектерінде мәдениет ұғымы тұлғаның адамгершілік болмысы мен интеллектуалдық дамуының бірлігі тұрғысынан пайымдалды. Шығыс ойшылдарының еңбектерінде «мәдениет» термині тікелей қолданылмағанымен, оның мазмұны адам кемелдігі, ізгілік, парасат, қанағат және қоғамдық үйлесім идеялары арқылы сипатталды. Әл-Фараби философиясында адамның жетілуі «қайырымды қала» ілімімен байланыстырылып, тұлғаның кемелдігі оның ізгілікке негізделген іс-әрекеті мен қоғамдық жауапкершілігі арқылы анықталады. Жүсіп Баласағұн еңбектерінде қоғамдық үйлесім әділет, парасат, қанағат, дәулет және бақыт категорияларының өзара бірлігі негізінде түсіндіріліп, тұлғаның парасатты өмір сүруі әлеуметтік тұрақтылықтың басты шарты ретінде қарастырылады[19, 20]. Осылайша мәдениет мазмұны тек білімділік деңгейімен емес, оның адамгершілік ұстанымдары мен әлеуметтік жауапкершілігі арқылы айқындалатын интегративті сапа ретінде тұжырымдалады. Осы идеялар қазақ дүниетанымында жалғасын табады.

Қазақ ойшылдары мен ағартушылары мәдениет ұғымын дербес термин ретінде емес, тұлғаның мінез-құлқы мен рухани жетілуін сипаттайтын ұғымдар жүйесі арқылы түсіндірді. Мәселен Ш.Уәлиханов еңбектерінде қазақ қоғамының мәдени болмысы «тәрбие» мен «әдет-ғұрып» ұғымдары арқылы сипатталып, олар әлеуметтік нормалар мен моральдық реттелудің негізі ретінде қарастырылды[21]. Ы.Алтынсарин мәдени дамудың өзегін ағартушылық идеялармен байланыстырып, білім мен тәрбиені тұлғаның рухани қалыптасуы мен қоғамның ілгерілеуінің шешуші факторы ретінде негіздеді[22]. Абай шығармаларында адамның кемелденуі «хикмет», «иман», «ғылым» категориялары арқылы ашылып, ақыл мен жүрек, білім мен адамгершілік

бірлігі рухани дамудың басты шарты ретінде тұжырымдалады[23]. Сонымен қатар Абайдың «Адам бол!» қағидасы тұлғаның рухани кемелденуінің антропологиялық өзегін айқындап, мәдениеттің адамның өзін-өзі жетілдіруі мен адамгершілік тұрғыдан жүзеге асыру үдерісі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен, жоғарыда қарастырылған тұжырымдар негізінде қазақ дүниетанымында мәдениет тұлғаның ішкі құндылықтық-реттеуші құрылымымен, ар-ожданымен және әлеуметтік жауапкершілігімен өзара байланыста көрініс табатын интегративті жүйе ретінде сипатталғаны айқындалды.

Осы тұрғыда шығыс және қазақ дүниетанымындағы мәдениет түсінігі тұлғаның рухани кемелденуін оның әлеуметтік жауапкершілігімен және құндылық бағдарларымен бірлікте қарастыратын тұтас жүйе ретінде көрінеді. Бұл тұжырымдар рухани мәдениетті тұлғаның ішкі құндылықтық реттеуші жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді және оны болашақ мұғалім тұлғасының кәсіби қалыптасуымен байланыстырудың теориялық негізін қалайды.

*Мәдениет ұғымына байланысты әдіснамалық тәсілдерді топтастыру.*

Мәдениет адамзаттың әлеуметтік болмысын сақтау мен жаңғыртуға бағытталған саналы іс-әрекеттер жиынтығы және сол әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, мәдениет тарихи қалыптасқан шығармашылық тәжірибені жинақтай отырып, қоғамның рухани ізденісін, жинақталған даналық қорын және адамгершілік бағдарлары тұтастықта бейнелейтін күрделі әлеуметтік феномен ретінде сипатталады.

Мәдениеттің әлеуметтік және құндылықтық сабақтастығы мәселесі қазіргі қоғамдық-рухани жаңғыру үдерістері аясында да өзекті мәнге ие. Біздің пайымдауымызша мәдениетті кең мағынада түсіндіру оның ұрпақтан ұрпаққа берілетін өмір сүру тәсілі ретіндегі қызметін айқындауға мүмкіндік береді. Бұл сабақтастық ең алдымен салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар және әлеуметтік нормалар жүйесі арқылы жүзеге асады. Бұл идея Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында мәдениетті халықтың өмір сүру салты, рухани мұрасы және тарихи жадымен тығыз байланыста қарастыру арқылы негізделеді[24]. Бұл тұжырым мәдениеттің әлеуметтік қызметімен қатар оның рухани-аксиологиялық мазмұнының маңыздылығын айқындайды.

Сонымен қатар мәдениет ұғымына берілген анықтамалардың көптігі оның мазмұндық күрделілігі мен көпқырлылығын дәлелдейді. Алайда мұндай кең интерпретациялар мәдениеттің рухани мәнін толық аша алмайтынын атап өткен жөн. Зерттеу барысында анықталғандай, мәдениеттің сыртқы көріністері мен символдық формалары адамның ішкі құндылықтық бағдарларымен, ар-ождандық реттеуімен және рухани таңдауларымен сабақтастырылған жағдайда ғана оның шынайы мазмұны айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда, мәдениет ұғымын «рух» және «руханилық» категорияларымен бірлікте қарастыру рухани мәдениет ұғымын теориялық негіздеудің қажетті алғышарты болып табылады.

Осыған байланысты мәдениет феноменінің көпқырлы сипаты оны талдауда әлеуметтік, тұлғалық және құндылықтық тәсілдерді кешенді қолдануды талап етеді. Аталған тәсілдердің өзара байланысы мәдениетті тұтас жүйе ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Сондықтан мәдениеттің аталған өлшемдері мен оларды зерттеудің теориялық бағыттарының өзара байланысы 1-суретте жүйелі түрде жобаланып көрсетілген.

Суретте мәдениет феноменінің негізгі теориялық өлшемдері (әлеуметтік, тұлғалық, құндылықтық) және оларға сәйкес келетін антропологиялық, әрекеттік-жүйелік, аксиологиялық және семиотикалық тәсілдердің өзара байланысы бейнеленген. Бұл құрылым мәдениетті біржақты емес, кешенді феномен ретінде түсінуге мүмкіндік береді.




Сурет 1 – Мәдениет ұғымының теориялық құрылымы мен зерттеу тәсілдері

А.Кребер мен К.Клакхон мәдениетке берілген жүздеген анықтамаларды салыстырмалы талдау негізінде жүйелей отырып, мәдениетті бір ғана әмбебап формуламен шектеудің ғылыми тұрғыдан негізсіз екенін дәлелдеді[25]. Осы тұрғыдан алғанда аталған ғылыми ұстаным біздің зерттеуіміздің әдіснамалық бағдарын анықтайды. Атап айтқанда, мәдениет феноменін бір ғана теориялық тәсіл аясында қарастыру жеткіліксіз екені анықталды. Сондықтан біздің пайымдауымызша мәдениетке қатысты әртүрлі ғылыми көзқарастарды «пікірлерді топтастыру» қағидасы негізінде жүйелеу – оның мәнін терең әрі кешенді түсіндіруге мүмкіндік беретін тиімді әдіснамалық шешім болып табылады.

Осыған сәйкес мәдениет ұғымын талдауда бірқатар жетекші теориялық тәсілдер айқындалды, олардың әрқайсысы мәдениет феноменінің белгілі бір қырын ашуға бағытталған.

Мәдениет ұғымын түсіндірудегі негізгі теориялық тәсілдерді жүйелеу мақсатында олардың мазмұндық ерекшеліктеріне контент-талдау жүргізіліп, нәтижелері 1-кестеде ұсынылды.

Кесте 1 – Мәдениет ұғымын түсіндірудегі теориялық тәсілдердің интерпретациясы (контент-талдау негізінде)

| № | Теориялық тәсіл | Теориялық өріс | Негізгі мазмұны | Дереккөздер (авторлар) | Зерттеу үшін мәні |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Антропологиялық -дескриптивті | Антропология, мәдениеттану | Мәдениет – білім, сенім, нормалар мен дәстүрлер жүйесі | Э.В.Тайлор | Мәдениеттің құрылымдық мазмұнын айқындайды |
| 2 | Интерпретативті-символикалық | Мәдениеттану, герменевтика | Мәдениет – мағыналар мен символдар жүйесі | К.Гирц | Мәдениеттің мағыналық табиғатын ашуға мүмкіндік береді |
| **3** | Әрекеттік-жүйелік | Философия, педагогика | Мәдениет – іс-әрекет, тәжірибе және қарым-қатынас бірлігі | М.С.Каган, В.С.Библер, Э.С.Маркарян | Мәдениетті тұлғаның іс-әрекеті арқылы қалыптасатын үдеріс ретінде түсіндіреді |
| 4 | Аксиологиялық | Философия | Мәдениет – құндылықтар мен адамгершілік нормалар жүйесі | М.Вебер, Г.Риккерт | Рухани мәдениет ұғымының мазмұнын талдаудың теориялық негізі |
| 5 | Семиотикалық | Мәдениеттану, лингвистика | Мәдениет – таңбалар мен мәтіндер жүйесі | Ю.Лотман | Мәдениеттің рәміздік және коммуникация лық табиғатын ашады |

Кестеде ұсынылған мәліметтер мәдениет феноменін түсіндірудегі әртүрлі теориялық тәсілдердің оның жекелеген қырларын ашатынын көрсетеді. Осыған байланысты мәдениетті тұтас жүйе ретінде қарастыру үшін аталған тәсілдерді кешенді қолдану қажеттілігі туындайды. Зерттеу контексінде мәдениет феноменін талдауда аксиологиялық және тұлғалық-іс-әрекеттік тәсілдердің жетекші мәнге ие екендігі анықталды, себебі олар мәдениетті тұлғаның ішкі құндылықтық құрылымы мен саналы іс-әрекетімен тікелей байланыстыра қарастыруға мүмкіндік береді.

Кестеде жүйеленген теориялық тәсілдердің мазмұнын тереңірек ашу мақсатында олардың әрқайсысына жеке-жеке талдау жасаймыз.

*1) Антропологиялық- дескриптивті тәсіл.*

Бұл тәсіл мәдениетті әлеуметтік тәжірибенің тұтас әрі жүйелі ұйымдасқан формасы ретінде қарастырады. Аталған ұстанымның классикалық негізі Э. В. Тайлордың еңбектерінде қаланған, онда мәдениет қоғам мүшесі ретінде адамның меңгеретін білімдер, сенімдер, өнер, моральдық нормалар, құқықтық қағидалар, әдет-ғұрыптар мен дағдылардың өзара байланысқан кешені ретінде

түсіндіріледі[26]. Осы тұрғыдан алғанда мәдениет адамның әлеуметтік тәжірибені игеруі мен оны қайта өндіруінің әмбебап формасы ретінде сипатталады. Аталған тәсіл мәдениеттің мазмұндық ауқымын кеңінен ашуға мүмкіндік бергенімен, рухани мәдениетті талдауда белгілі бір шектеулері бар. Атап айтқанда бұл моделде мағыналық бағдарлар, ар-ождандық реттелуі сияқты іргелі рухани өлшемдер жеткілікті дәрежеде нақты айқындалмайды. Сондықтан рухани мәдениет феноменін нақтылау үшін антропологиялық-дескриптивті тәсілді аксиологиялық талдаумен толықтыру қажеттілігі туындайды.

Сондай-ақ антропологиялық тәсіл аясында мәдениет қауымдастық мүшелері тарихи түрде меңгерген білім мен сенім жүйелері және оны күнделікті өмірде жүзеге асыру тәжірибесі ретінде де қарастырылады. Осы бағытта мәдениетті түсіндірудің бірқатар танымдық векторлары айқындалады: «айнадағы бейне» (мәдениетті әлеуметтік шындықтың көрінісі ретінде қарастыру), редукционизм (мәдениетті жекелеген факторлар арқылы түсіндіру), рәмізділік (мәдениетті символдар жүйесі ретінде ұғыну) және рефлексивтілік (мәдениетті субъектінің өзін және өзі тәжірибесін ұғыну үдерісімен байланыстыру) [27].

Осы тұрғыдан алғанда антропологиялық-дескриптивті тәсіл мәдениеттің құрылымдық толықтығын сипаттауда маңызды болғанымен, оның рухани мазмұнын терең ашу үшін қосымша теориялармен ұштастырылуы тиіс.

*2) Интерпретативті-символикалық тәсіл.*

Бұл тәсіл мәдениетті мағыналар жүйесі ретінде қарастырып, оның мәнін түсіндіру үдерісіне ерекше назар аударады. К.Гирц мәдениетті адамдардың «өздері тоқитын мағыналар өрмегі» ретінде сипаттай отырып, мәдени талдаудың бастауы міндеті сол мағыналарды интерпретациялау екендігін негіздейді[28]. Осыған сәйкес мәдениет тек сыртқы әрекеттер жиынтығы емес, ол - рәміздер арқылы көрініс табатын және түсіндіруді талап ететін мағыналық құрылым. Демек, интерпретативті-символдық тәсіл мәдениеттің рәміздік табиғатын, оның мағына өндіруші функциясын терең ашуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл аясында мәдени құбылыстар мәтінге ұқсас құрылым ретінде қарастырылып, оларды «оқу» және түсіндіру арқылы адамның дүниетанымы мен құндылық бағдарлары айқындалады.

*3) Әрекеттік-жүйелік тәсіл.*

Әрекеттік-жүйелік тәсілдің концептуалды негіздері В. Библер мен Э.Маркарянның еңбектерінде көрініс тапқан. Зерттеушілердің пікірінше, мәдениет адамның өзін-өзі іске асыру құралы мен шығармашылық белсенділігінің нәтижесі, ол адамның қызметі мен тәжірибесін игерудің және қайта өндірудің формасы [29-30]. Бұл тәсіл мәдениеттің құрылымын «тәжірибе –әрекет- қарым-қатынас» бірлігі арқылы талдауға мүмкіндік береді. Алайда ол аксиологиялық өлшеммен толықтырылмаса, мәдениеттің рухани-мағыналық мазмұн екінші қатарға ығысып қалуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда мәдениетті кешенді зерттеу үшін әрекеттік компоненттерді құндылықтар өлшемімен сабақтастыру қажеттілігі айқындалады.

*4) Аксиологиялық тәсіл.*

Бұл тәсіл мәдениетті құндылықтар, идеялар және адамгершілік ұстанымдар жүйесі ретінде қарастырады Оның теориялық негіздері М.Вебер мен Г.Риккерт еңбектерінде айқын көрініс тапқан, онда мәдениет адамның құндылық бағдарлары арқылы түсіндірілетін әлеуметтік-рухани шындық ретінде негізделеді [31,32]. Осыған байланысты мәдениет тек әрекеттер жиынтығы емес, ол тұлғаның мән-мағыналық таңдауларын, бағалау ұстанымдарын және адамгершілік бастауларын айқындайтын кеңістік. Бұл тәсіл мәдениетті тұлғаның ішкі дүниесімен, оның құндылық бағдарларымен және моральдық таңдауларымен тікелей байланыстыра отырып, рухани мәдениет ұғымының мазмұнын талдаудың теориялық негізі болып табылады. Алайда мәдениетті тек моральдық өлшеммен шектеу тәуекелі де бар. Сондықтан аксиологиялық түсіндіру мәдениеттің әлеуметтік, символдық және әрекеттік өлшемдерімен бірлікте қарастырылу қажет.

*5) Семиотикалық тәсіл.*

Ю.Лотман мәдениетті таңбалар мен мәтіндер жүйесі, әлеуметтік мағына тасымалдаудың тетігі ретінде сипаттайды [33]. Бұл тәсіл мәдениеттің рәміздік құрылымын айқын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда мәдениет – мағыналардың тек жинақталу формасы ғана емес, сонымен бірге оларды кодтау, қайта интерпретациялау және транформациялау үдерістерін қамтамасыз ететін құрылым. Семиотикалық тәсіл мәдениеттің ішкі ұйымдасу логикасын оның рәміздік құрылымын және коммуникациялық қызметін терең ашуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл мәдениетті мәтіндер жүйесі ретінде қарастырып, әрбір мәдени құбылысты белгілі бір мағыналық кодтар арқылы түсіндіруге жағдай жасайды. Сонымен бірге семиотикалық талдаудың шектеуі мәдениетті негізінен таңбалық жүйе ретінде қарастырумен байланысты. Бұл жағдайда тұлғаның құндылықтық таңдаулары, моральдық бағдарлары және рухани тәжірибесі екінші кезекке ығысуы мүмкін. Сондықтан рухани мәдениет ұғымын нақтылауда семиотикалық тәсілді аксиологиялық және тұлғалық тәсілдермен ұштастыру қажет.

Жоғарыда қарастырылған әдіснамалық тәсілдердің әрқайсысы мәдениет феноменін әртүрлі қырынан ашуға мүмкіндік береді. Бұл ең алдымен, рухани мәдениеттің табиғаты тұлғаның ішкі әлемімен, оның құндылық бағдарларымен мен саналы іс-әрекетімен тығыз байланыста болуымен түсіндіріледі.

*Мәдениет ұғымы салалық ғылымдар тоғысында: философия-әлеуметтану- психология- педагогика.*

Мәдениет ұғымы әртүрлі салалық ғылымдардың тоғысында қарастырылатын кең ұғым болып табылады. Философиялық сөздікте мәдениет болмыс пен сананың барлық деңгейлерін қамтитын әлеуметтік-прогрестік шығармашылық қызмет ретінде сипатталып, заттандыру мен заттану үдерістерінің диалектикалық бірлігі тұрғысынан негізделеді. Осы тұрғыда мәдениет шынайылықты түрлендіруге, адамзаттың тарихи тәжірибесін тұлғаның ішкі рухани байлығына айналдыруға және адамның мәндік күштерін дамытуға бағытталған үдеріс. Сонымен қатар мәдениет тарихи құбылыс ретінде

материалдық мәдениет және рухани мәдениет деп бөлініп, олардың өзара байланысын анықталады. Бұл ретте рухани мәдениет материалдық жағдайларға тәуелді бола отырып салыстырмалы дербестігін сақтайды[34] Бұл тәсіл мәдениеттің құрылымдық тұтастығын ашумен қатар, рухани мәдениетті дербес ғылыми талдау нысаны ретінде негіздеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі философиялық дискурста мәдениет мәселесі дәстүрлі түсіндірулермен шектелмей, мәдени экспансия, девиация және имитациялық сияқты үдерістермен сабақтастықта қарастырылады. Осы бағытта Е.Н.Өсербаев және Т.Х.Ғабитов еңбектерінде ұлттық мәдениеттің девиациялық өзгерістері талданып, мәдениеттің сыртқы формаларға еліктеуші сипат алуы оның рухани-аксиологиялық өзегінің әлсіреуімен байланыстырылып түсіндіріледі[35]. Авторлардың тұжырымдауынша рухани мәдениет ұлттық мәдениеттің өзіндік болмысын сақтайтын ішкі механизм ретінде қызмет атқарады және мәдени экпансия жағдайында қоғамның рухани тұтастығын қамтамасыз ететін шешуші фактор болып табылады.

Аталмыш тұжырымдар рухани мәдениет ұғымын нақтылау барысында оның құндылықтық өзегін айқындап, мәдениет феноменінің ішкі мағыналық мазмұнын  көрсету үшін әдіснамалық бағдар болып табылады.

Әлеуметтанулық зерттеулерде мәдениет адамның табиғи күйден әлеуметтік болмысқа өту қабелітенің көрінісі ретінде түсіндіріледі. Мәдениет тіл, рәміздер, нормалар мен мағыналар жүйесі арқылы ұйымдасқан әлеуметтік шындық ретінде қарастырылып, белгілі бір қауымдастықтың тарихи тәжірибесін, өмір салтын және дүниетанымдық бағдарларын қамтиды[36]. Аталмыш тұжырым мәдениетті әлеуметтік кеңістікті құрастырушы әрі реттеуші механизм ретінде ұғынуға мүмкіндік береді.

Психология ғылымында мәдениет ұғымы адамның табиғи және әлеуметтік бастауларының өзара ықпалдастығы аясында қарастырылады. Бұл бағытта мәдениет психикалық құрылымдардың қалыптасуына, мінез-құлық үлгілерінің орнығуына және тұлғаның ішкі реттелу жүйесінің дамуына әсер етін маңызды фактор ретінде зерттеледі[37]. Осыған байланысты мәдениет адамның ішкі әлемін қалыптастырып, сыртқы әрекетін реттейтін жүйе. Бұл мәселе З. Фрейдтің психоаналитикалық [38] және Ф.Ницшенің «ерік-жігер билігі» тұжырымдамаларында [39] әртүрлі эпистемологиялық позициялардан қарастырылады. Фрейд үшін мәдениет – бұл биологиялық импульстерді әлеуметтік қабылданатын формаға бағыттау механизмі, ал Ницше үшін мәдениет – құндылықтарды тарихи-генеалогиялық трансформациясының нәтижесі.

Педагогика ғылымында мәдениет тұлғаның қалыптасуы мен дамуының мазмұндық-әдіснамалық негіздерінің бірі ретінде қарастырылады. Педагогикалық сөздіктерде мәдениет қоғам дамуының тарихи айқындалған деңгейін, адамның өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру формаларында көрініс табатын шығармашылық әлеуетін, сонымен қатар материалдық және рухани құндылықтар жүйесін қамтитын интегративті ұғым ретінде анықталады[40]. Түсіндірме сөздіктерде «мәдениет» ұғымы тарихи тұрғыдан қалыптасқан

материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы ретінде, сондай-ақ белгілі бір білім немесе қызмет саласының даму деңгейін сипаттайтын көрсеткіш ретінде анықталады[41]. Осы тұрғыда мәдениет адамның саналы іс-әрекетімен және тұлғаның рухани дамуымен тығыз байланыста қарастырылады. Демек мәдениет педагогикалық үдерісте тұлғаның рухани дамуын қамтамасыз ететін мазмұндық негіз ғана емес, оның құндылық бағдарларын, адамгершілік ұстанымдарын және тұлғаның тұтастығын қалыптастыратын жүйе құраушы фактор болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, әртүрлі ғылым салаларындағы мәдениетке қатысты көзқарастарды біріктіру рухани мәдениет ұғымын кешенді, көпдеңгейлі феномен ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Көрнекті ойшыл А.Швейцер мәдениеттің техникалық және рухани өлшемдерінің арақатынасына қатысты тұжырымдамасы мәдениет феноменінің ішкі қайшылықтарын түсіндіруде маңызды теориялық негіз болып табылады. Ойшылдың пікірінше қоғамның материалдық-техникалық дамуы оның рухани-этикалық негіздері үйлесім таппаған жағдайда мәдениеттің тұтастығы бұзылып, оның ішкі мазмұны әлсірейді.[42]. Біздің пайымдауымызша бұл тұжырым мәдениетті тек прогресс нәтижесі ретінде емес, оның сапалық мазмұнын айқындайтын құндылықтық тепе-теңдік тұрғысынан қарастыру қажеттігін көрсетеді. Демек, мәдениеттің дамуы оның техникалық жетістіктерімен ғана емес, сонымен қатар рухани-адамгершілік негіздерінің тұрақтылығымен өлшенуі тиіс. Осы тұрғыда мәдениеттің мәнін ашуда оның сыртқы (материалдық-техникалық) және ішкі (рухани-аксиологиялық) өлшемдерінің өзара байланысын ескеру маңызды. Бұл ұстаным кейінгі талдауда руханилық категориясын дербес қарастыруға және рухани мәдениет ұғымын нақтылауға әдіснамалық негіз болады.

Қазіргі кезеңдегі халықаралық зерттеулер мәдениет ұғымының мазмұнының едәуір кеңейіп, жаңа теориялық деңгейде қайта қарастырылып отырғанын көрсетеді. Мәселен, Л.Конти постцифрлық қоғам жағдайында мәдениетті тұрақты құрылым ретінде емес, үнемі өзгеріп отыратын, көпқабатты және конструктивті сипатқа ие құбылыс ретінде қарастырады[43]. Зерттеушінің пікірінше цифрлық кеңістікте мәдени тәжірибелер мен мәдени сәйкестілік жаңа форматта қалыптасып, адамның өзін-өзі тануы мен әлеуметтік байланыстарын ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар мәдениетті тұлғаның ішкі әлемімен байланыста қарастыратын заманауи эмпирикалық зерттеулер де бұл ұстанымды растайды. Атап айтқанда А.Эзеквем-Оби, С.Блайт және Р.Грейс еңбектерінде [44] мәдени сәйкестілік адамның өзіндік «менін» қалыптастыруда, әлеуметтік бейімделуінде және өмірлік бағдарларын айқындауда шешуші фактор ретінде сипатталады. Біздің пайымдауымызша бұл зерттеулер мәдениетті тек сыртқы нормалар мен әлеуметтік тәжірибелер жиынтығы ретінде емес, тұлғаның мағыналық және құндылықтық өзін-өзі анықтау кеңістігі ретінде қарастыру қажеттігін негіздейді. Демек қазіргі ғылыми дискурста мәдениет адамның ішкі рухани құрылымымен, оның құндылық бағдарларымен және өмірлік

мағыналарын іздеуімен тығыз байланысты көпдеңгейлі феномен ретінде түсіндіріледі.

Мәдениетке қатысты анықтамалардың алуан түрлілігі онын көпқырлы және көпдеңгейлі табиғатымен түсіндіріледі. «Мәдениет» ұғымы әлеуметтік-философиялық білімнің іргелі катеорияларының бірі болғандықтан, ғылыми әдебиеттерді талдау мәдениеттанудағы зерттеудің екі жетекші бағытының қалыптасқанын көрсетеді: қоғамдық (әлеуметтік) мәдениет және тұлғалық мәдениет.

*Бірінші бағыт* мәдениетті қоғамның тұрақтылығы мен тарихи сабақтастығын қамтамасыз ететін әлеуметтік механизм ретінде қарастырады. Бұл тұрғыда мәдениеттің бейімдеуші функциясына, қоғамның өзін-өзі сақтауына және даму динамикасына ықпал ететін реттеуші рөліне басымдық беріледі. Яғни мәдениет әлеуметтік жүйенің өміршеңдігін қамтамасыз ететін нормалар, құндылықтар мен тәжірибелердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

*Екінші бағыт* мәдениетті тұлғаның шығармашылық белсенділігі, өзіндік жетілуі және қарым-қатынас субъектісі ретінде дамуы контексінде қарастырады. Бұл тәсілде мәдениет адамның өзін-өзі дамытуының, өзінің ішкі әлеуетін жүзеге асыруының және әлеуметтік тәжірибені саналы игеруінің тәсілі ретінде пайымдалады. Осы тұрғыдан алғанда мәдениет тұлғаның рухани қалыптасуы мен даралық болмысының ашылуымен тығыз байланысты.

Бұл бағыттар бірі-бірі жоққа шығармайды, керісінше мәдениеттің қоғам мен тұлғаға қатысты өлшемдерін өзара толықтырады: мәдениет бір жағынан адамның іс-әрекеті нәтижелерінің жиынтығы болса, екінші жағынан сол мәдениетті меңгеру, қайта өндіру және жаңадан жасау үдерісін сипаттайды. Осы айтылғандарды түйіндей отырып мәдениет ұғымы тарихи дамуда қалыптасқан, үздіксіз жаңарып отыратын және ұрпақтан ұрпаққа берілетін құндылықтар жүйесінің тұтастығы ретінде адамды рухани кемелденуге бағдарлайтынын атап өтуге болады. Алайда мәдениеттің бұл бағдарлаушы әлеуеті оның рухани мазмұны тұлғаның ішкі дүниесінде орныққан жағдайда ғана толық жүзеге асады. Құндылықтық өзек әлсіреген жағдайда мәдениет өзінің ішкі мәнінен алыстап, сыртқы формалар мен үлгілер жиынтығына айналу қаупіне ұшырайды.

Жүргізілген теориялық талдау мәдениет феноменінің мазмұнын ашуда рухани өлшемнің шешуші рөл атқаратынын көрсетті. Мәдениеттің әлеуметтік, тәрбиелік және шығармашылық қызметтері тұлғаның құндылық бағдарларымен, ар-ождандық реттелуімен және өмірлік мағыналарды іздеуімен тығыз байланыста жүзеге асады. Осыған сәйкес, рухани мәдениет ұғымын ғылыми тұрғыдан негіздеу мәдениеттің сыртқы формаларын сипаттаумен шектелмей, оның мазмұндық өзегін құрайтын «рух» және «руханилық» категорияларын жүйелі түрде нақтылауды талап етеді. Ғылыми әдебиеттерде бұл ұғымдардың бірыңғай анықтамасының болмауы олардың көпқырлы әрі пәнаралық табиғатымен түсіндіріледі. Осыған байланысты рухани мәдениетті тұлғалық сапа ретінде қарастыру үшін аталған категориялардың философиялық

генезисін және қазіргі гуманитарлық ғылымдардағы интерпретацияларын кешенді түрде талдау қажеттілігі туындайды.

Осылайша, мәдениет ұғымының мазмұндық өзегін терең түсіну оның рухани негіздерін айқындаумен тікелей байланысты. Осы тұрғыда «рух», «руханилық» ұғымдарының мазмұнын талдауды олардың тарихи-философиялық бастау көздерінен, атап айтқанда антикалық ойшылдардың еңбектеріндегі алғашқы тұжырымдардан бастау әдіснамалық тұрғыдан орынды болып табылады. Себебі *антикалық философияда* адамның болмысы, ақыл-ойы және адамгершілік табиғаты аясында рух мәселесі алғаш рет жүйелі түрде пайымдалып, кейінгі философиялық дәстүрлер үшін концептуалды іргетасы қаланды. Антикалық философияда «рух» ұғымы дербес категория ретінде толық қалыптаспағанымен, оның мазмұны адамның ішкі дүниесін, саналы болмысын және мораьдық бағдарларын сипаттайтын ұғымдар арқылы ашылды. Бұл кезеңде рух мәселесі адамның өзін-өзі тануы, ізгілікке ұмтылысы, жан мен ақылдың арақатынасы контекстінде қарастырылып, кейінгі философиялық ілімдердің дамуына негіз болды. Осы бағытта Сократ, Платон және Аристотельдің философиялық мұралары ерекше мәнге ие.

Сократтың философиялық ілімінде «рух» ұғымы арнайы термин ретінде жүйеленбегенімен, оның мазмұны адамның ішкі моральдық болмысы арқылы көрініс табады. Сократ адам өмірінің мәнін сыртқы игіліктермен емес, өзін-өзі тану, ар-ождан және адамгершілік жауапкершілік категорияларымен байланыстырды. Оның «Өзінді-өзің таны» қағидасы рухты адамның ішкі дүниесіне бағытталған рефлексиялық бастау ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыда рух адамның ақиқатты тануға және ізгілікке ұмтылуына ықпал ететін ішкі реттеуші күш ретінде сипатталады. Демек, Сократ ілімінде рух тұлғаның моральдық өзегі әрі саналы өмір сүруінің негізі ретінде тұжырымдалады[45].

Платон философиясында рух (жан) мәселесі онтологиялық және гносеологиялық деңгейлерде кешенді түрде қарастырылады. Ойшыл рухты адамның шынайы болмысының іргелі негізі ретінде танып, оны тәндік бастамадан жоғары қояды. Оның пайымдауынша, жан идеялар әлемімен байланысты, сондықтан ақиқат білімге ұмтылудың ішкі қайнар көзі болып табылады. Бұл тұрғыда рух адамның танымдық қабілетінің ғана емес, оның мәндік болмысының да өзегі ретінде түсіндіріледі.

Платон жан құрылымын үш құрамдас бөлікке бөліп сипаттайды: ақыл-ой (логистикон), жігер немесе рух (тимос) және құмарлық (эпитимия). Мұнда ақыл-ой – рационалды бастау, ал тимос пен эпитимия – иррационалды бөліктерге жатады. Дегенмен, «рух» (тимос) ұғымы таза эмоциялық деңгеймен шектелмей, адамның намыс, ерік, жігер секілді жоғары психикалық күштерін білдіреді және ол ақыл-ой мен құмарлықтың арасындағы дәнекер қызметін атқарады. Осы үш бөліктің үйлесімді әрекеті ғана адамды әділеттілікке, ішкі тәртіпке және гармонияға жеткізеді.

«Мемлекет» диалогында Платон жанның дұрыс тәрбиеленуін жеке тұлғаның ғана емес, тұтас қоғамның үйлесімді дамуының алғышарты ретінде

негіздейді. Ал «Федр» диалогындағы арба бейнесінде жан құрылымы символикалық түрде ашылады: ақыл-ой – арбакеш, ал рух пен құмарлық – екі қарама-қарсы бағыттағы қанатты аттар ретінде бейнеленеді. Бұл метафора адамның ішкі қайшылығын және оларды ақыл-ой арқылы реттеу қажеттілігін көрсетеді.

Осылайша, Платон ілімінде рух (жан) бір жағынан – адамның онтологиялық негізі, ал екінші жағынан – күрделі құрылымға ие, оның құрамындағы бөліктердің үйлесімі арқылы адамның моральдық таңдаулары мен құндылықтық бағдарларын айқындайтын интегративті жүйе ретінде тұжырымдалады [46].

Аристотель рух ұғымын (псюхе) тірі болмыстың формасы әрі оның ішкі ұйымдастырушы принципі ретінде анықтайды. Ол рухты тәннен бөлек, дербес субстанция ретінде емес, тірі ағзаның мақсатқа бағытталған қызметін қамтамасыз ететін мәндік бастау – энтелехия ретінде қарастырады. Аристотель рухтың иерархиялық деңгейлерін ажыратады: өсімдік жану (қоректену және өсу), жануар жаны (сезім және қозғалыс) және ақылды жан (ойлау және таным). Адамға тән рухтың ерекшелігі – ақыл-ойға негізделген мақсатты әрекет пен саналы таңдау қабілеті деп тұжырымдалды[47]. Аристотельдің бұл көзқарастары рухты адамның биологиялық және әлеуметтік болмысын біріктіретін, оның әрекеттік және мағыналық тұтастығын қамтамасыз ететін категория ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Осылайша антикалық философияда рух мәселесі тұлғаның ішкі әлемін сыртқы іс-әрекетпен байланыстыратын кешенді феномен ретінде қалыптасты.

Сократ, Платон және Аристотель ілімдерін жүйелей отырып, антикалық философияда рух ұғымы:

- адамның ішкі моральдық өзегі;
- ақиқат пен игілікке ұмтылудың негізі;
- саналы әрекет мен жауапкершіліктің бастауы.

Бұл түсініктер біздің зерттеуіміздегі тұлғаның рухани мәдениетінің мәндік іргетасы ретінде қарастыруға теориялық негіз болып табылады.

Сондай-ақ антикалық философияда рухани мәдениеттің іргелі аксиологиялық өзегі ретінде ақиқат, ізгілік және сұлулық бірлігі айқындалды. Бұл рухани мәдениеттің танымдық (ақиқат), моральдық (ізгілік) және эстетикалық (сұлулық) өлшемдерін біріктіріп, адамның рухани болмысының әмбебап құрылымын қалыптастырды[48].

Аталған өлшемдер ғылымда, философияда, саясатта, өнерде әртүрлі формада іске асып, қоғамның рухани даму деңгейін анықтайтын көрсеткіштерге айналды.

Рухани мәдениеттің іргелі аксиологиялық негізі (2-сурет) келесі тарауда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениеті ұғымын нақтылауда басшылыққа алынатын болады.




Сурет 2 – Рухани мәдениеттің аксилогиялық негізі
(ақиқат, сұлулық, жақсылық)

*Ортағасырлық философияда* «рух» ұғымы антикалық дәуірдегі рационалдық түсіндіруден елеулі өзгешеленіп, теологиялық мазмұнда қайта пайымдалды. Бұл кезеңде рух мәселесі адамның моральдық таңдауларымен шектелмей, ең алдымен оның трансценденттік бастауымен, яғни Құдаймен байланысын айқындайтын мән ретінде қарастырылды. Егер антикалық философияда рух адамгершілік пен ақыл-ойдың көрінісі ретінде сипатталса, ортағасырлық ойшылдар оны адамның жаратылысындағы құдайлық бастаумен байланыс орнататын рухани өзек ретінде түсіндірді. Әсіресе А. Августин мен Ф. Аквинскийдің еңбектерінде рух жанның ең жоғары қабаты ретінде пайымдалып, адамның моральдық және діни кемелденуінің іргетасы саналды[49]. Осыған сәйкес рухтың мәні адамның еркін дамуы немесе мәдени-әлеуметтік тәжірибесі арқылы емес, құдайлық ақиқатқа жақындау деңгейімен өлшенеді.

Нәтижесінде ортағасырлық діни-философиялық ой жүйесінде рух адамның дүниелік болмысынан жоғары тұрған, өзгермейтін әрі транценденттік сипаттағы бастау ретінде орнықты. Бұл рух ұғымының тарихи дамуына айрықша ықпал етіп оның онтологиялық және аксиологиялық маңыздылығын күшейтті. Ортағасырлық философияда рух ұғымының теологиялық тұрғыда абсолюттенуі оның мәнін адамның тарихи, мәдени және саналы қызметінен белгілі бір дәрежеде алыстатты. Ортағасырдағы аталмыш теологиялық пайымдаулар рух ұғымының аксиологиялық салмағын күшейткенімен, оны толық көлемде тек діни өлшеммен шектеу ғылыми талдауда жеткіліксіз болып табылады. Сондықтан бұл зерттеуде теологиялық интерпретациялар рухтың адам болмысына қатысты саналы құндылықтық және мәдени-тәжірибелік қырларын талдауға бағытталады.

Психолог Д.А. Леонтьев дін категорияларын ғылыми зерттеу нысанына айналдыру қате тұжырым деп ескертеді[50]. Бұл ескерту руханилықты талдауда объективті ғылыми әдістерді сақтап, діни-моральдық пайымдауларды сындарлы қолдану қажеттігін көрсетеді. Осыған байланысты бұл зерттеуде рухани мәдениет діни категория ретінде емес, тұлғаның құндылықтық-адамгершілік бағдарларының жүйесі ретінде қарастырылады.

*Жаңа заман философиясында* «рух» ұғымы біртіндеп діни-теологиялық түсіндірулер шеңберінен шығып, адамның саналы және ерікті болмысына тән іргелі категория ретінде қайта қарастырыла бастады. Бұл кезеңде рух мәселесі сенім актісінен гөрі адамның танымдық қабілеттерімен, моральдық таңдауларымен және тарихи қалыптасқан мәдени тәжірибесімен байланыстырылды. Соның нәтижесінде рух ұғымының рационалдық және әлеуметтік өлшемдері алдыңғы қатарға шықты.

И.Кант философиясында рух дербес метафизикалық мән ретінде емес, адамның практикалық ақыл-ойымен тікелей сабақтастықта түсіндіріледі. Кант үшін адам тек табиғи қажеттіліктерге бағынатын жаратылыс емес, сонымен қатар өз әрекетін моральдық ережелерге сәйкес реттей алатын еркін субъект**.** Осы контексте рух адамның ішкі автономиясын, яғни ар-ожданға сүйенген жауапты таңдау жасау қабілетін білдіреді. Рухани кемелдену сыртқы беделдерге немес мәжбүрлеуге тәуелді емес, керісінше адамның өзіне қоятын ішкі моральдық талаптарымен айқындалады [51]. Мұндай түсінік рухты адамның өзін-өзі реттеу тетігі әрі адамгершілік мәдениеттің іргетасы ретінде пайымдауға мүмкіндік береді.

Г.Гегель «Рух феноменологиясы» еңбегінде рух ұғымын жеке тұлғаның ішкі дүниесімен шектемей, оны қоғамдық және тарихи дамудың өзегі деп түсіндірді. Оның философиялық жүйесінде рух абсолюттік идеяның қозғалысы ретінде көрініс тауып, оны субъективтік, объективтік және абсолюттік рух сатылары арқылы талдайды[52]. Бұл құрылым бойынша рух жеке сананың шеңберінен шығып, құқықта, моральда, мәдениетте, өнерде және қоғамдық институттарда іске асатын тарихи күші ретінде танылады. Демек, Гегель үшін рух адамның дамуы барысындағы өзін-өзі тану және өзін-өзі жүзеге асыру үдерісі. Осы көзқарас рухани мәдениетті жеке қасиеттер жиынтығы емес, әлеуметтік-мәдени кеңістікте қалыптасатын құбылыс ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

В. Дильтей философиясында рух рационалдық жүйе немесе тарихи заңдылық ретінде емес, адамның өмірлік тәжірибесінде тікелей сезілетін тірі шындық ретінде сипатталады[53]. Ол рухты адамның ішкі толғаныстары, сезімдік тәжірибесі және мағыналық бағдарлары арқылы ашады. Дильтей үшін рух бұл өмірді түсіну, мәдени мәтіндер мен адам әрекеттерін интерпретациялау қабілеті. Сондықтан рух адамның өзіндік сана-сезімін қалыптастыратын, оның мәдени және рухани әлемін тереңдететін тәжірибелік феномен ретінде көрінеді.

Сонымен жоғарыда аталған еңбектерге жасалған талдаудың нәтижесінде жаңа заман философиясында рух ұғымы әр қырынан пайымдалғанынын байқаймыз: Кантта ол моральдық еркіндіктің ішкі негізі ретінде, ал Гегельде

тарихи-қоғамдық дамудың қозғаушы күші ретінде, ал Дильтейде адамның өмірлік мағыналарын ұғыну тәжірибесі ретінде көрініс тапты. Аталмыш көзқарастардың барлығы рухты алдын ала берілген метафизикалық субстанция емес, тарихи, әлеуметтік және мәдени ортада қалыптасатын, дамитын феномен ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Философиялық ізденістермен қатар XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырда руханилық мәселесі эмипирикалық психологиялық зерттеулердің де нысанына айналды. АҚШ ғалымы К.Паргамент руханилықты адамның өмірлік қиындықтарды еңсеруіндегі мағыналық ресурс ретінде қарастырып, оны тұлғаның ішкі тұрақтылығы мен құндылықтық тұтастығын қамтамасыз ететін фактор деп сипаттайды[54].

Қазіргі заманғы позитивті психологияда руханилық ұғымы адамның психологиялық саулығы мен өмірлік мағыналарын айқындайтын маңызды фактор ретінде қарастырылады. Осы бағыттың көрнекті өкілі Калифорния университетінің профессоры Р.Эммонс еңбектерінде руханилық тұлғаның өмірді мәнді қабылдауымен, ішкі мақсаттылығымен және құндылық бағдарларымен байланысты әмбебап психологиялық құбылыс ретінде түсіндіріледі[55]. Ғалымның пайымдауынша рухани бағдарлар адамның өмірлік мақсаттарын айқындап, мінез-құлқын реттейтін ішкі күшке айналады. Бұл тұрғыда руханилық адамның өз-өзіне, өзгелерге және өмірге деген қатынасын тереңдетіп, ішкі тұтастық пен психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Р.Эммонстың эмпирикалық зерттеулері руханилық деңгейі жоғары адамдардың өмірге қанағаттану көрсеткіштері, эмоционалдық тепе-теңдігі және стресс факторлары анағұрлым жоғары болатынын дәлелдейді. Ол руханилықты үміт, ризашылық, кешірім, жанашырлық сияқты позитивті психологиялық қасиеттермен тікелей байланыстыра отырып, олардың тұлғаның психикалық саулығын нығайтудағы рөлін көрсетеді. Р.Эммонс руханилықты туа біткен немесе метафизикалық құбылыс ретінде ғана емес, тұлғаның өмірлік тәжірибесі барысында қалыптасып дамитын тұлғалық қасиет ретінде қарастырады. Бұл тұжырым руханилықты ғылыми тұрғыда негіздеп, оны тұлғаның рухани мәдениетін қалыптастырудың маңызды психологиялық алғышарты ретінде пайымдауға мүмкіндік береді.

Ұлыбритания ғалымы Ф.Шелдрейк руханилықты адамның «өз өмірінде басшылыққа алатын ең терең құндылықтары мен мағыналарының жиынтығы» деп түсіндіреді.Оның көзқарасы бойынша руханилық адамның жеке өмірлік философиясын, ар-ожданын, ішкі мұраттары қамтиды[56].

Аталмыш ғылыми еңбектер біздің зерттеуміздегі тұлғаның рухани мәдениетін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеудің маңызды алғышарты болып табылады.

Осыған байланысты жүргізілген теориялық талдаудың нәтижелері жүйеленіп, руханилық феноменінің негізгі теориялық негіздері төмендегі 2-кестеде жинақталды.

Кесте 2 – Руханилық феноменін түсіндірудегі теориялық көзқарастардың ғылыми жүйеленуі

| Теориялық өріс | Негізгі мазмұндық өзегі | Дереккөздер | Тұжырым |
|---|---|---|---|
| Антикалық философия | Рух – тұлғаның ішкі моральдық өзегі, ақиқат пен ізгілікке ұмтылудың негізі | Сократ, Платон, Аристотель | Рух тұлғаның құндылықтық бағдарын және саналы әрекетінің негізін айқындайтын ішкі реттеуші күш ретінде түсіндіріледі |
| Ортағасырлық философия | Рух – трансценденттік, құдайлық бастау, рухани кемелденудің негізі | А. Августин, Ф. Аквинский | Руханилықтың абсолюттік және құндылықтық табиғатын ашады, бірақ зайырлы ғылыми контексте шектеулі |
| Жаңа заман философиясы | Рух – моральдық автономия, тарихи-әлеуметтік және мәдени феномен | И. Кант, Г. Гегель, В. Дильтей | Рух тұлғаның еркіндігі, әлеуметтік тәжірибесі және мәдени дамуымен байланыста қарастырылады |
| Психологиялық бағыт | Руханилық – тұлғаның мағыналық тұтастығын және психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ететін ресурс | К. Паргамент, Р. Эммонс, Д.А. Леонтьев | Руханилық тұлғаның өмірлік мағынасы мен мінез-құлқын реттейтін интегративті психологиялық механизм ретінде түсіндіріледі |
| Ұлттық дүниетаным | Рух – ар-ождан, жауапкершілік, кемелдену және моральдық таңдау өзегі | Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Абай, Ш. Құдайбердиев | Руханилық тұлғаның адамгершілік кемелденуі мен ішкі өзін-өзі реттеуінің ұлттық-мәдени моделін айқындайды |
| Қазіргі философиялық интерпретациялар | Руханилық – болмыстық және мағыналық тұтастықты білдіретін іргелі феномен | А.Г. Косиченко, Г.Г. Соловьева | Руханилық адам болмысының терең мәнін және оның құндылықтық бағдарларын айқындайды |
| Қазіргі педагогикалық және әлеуметтік-гуманитарлық тәсілдер | Руханилық – тұлғаның құндылықтық құрылымы мен мәдени тәжірибесінің бірлігін білдіретін интегративті сапа | И.М.Ильичева, Г.Б.Оспанова, А.С.Құрманбекова, А.С.Сарсенова, Р.Ж.Шалтбаева, В.Д.Мещереков, Г.М.Кожаспиров, А.Ю.Кожаспиров, Ә.Нысанбаев, Д.Кішібеков, Ү.Сыдықов, М.С.Орынбеков, К.Әбішев, Ж.Алтаев, Т.Ғабитов, С.Е.Нұрмұратов | Руханилық тұлғаның әлеуметтік-мәдени іс-әрекетінде көрініс табатын, мінез-құлықты реттейтін және құндылықтық бағдарды айқындайтын жүйеқұраушы сапа ретінде негізделеді |

Кестеде ұсынылған теориялық бағыттарды талдау руханилық феноменінің көпқырлы және көпдеңгейлі табиғатын айқындайды. Философиялық ілімдер рухтың аксиологиялық және онтологиялық негіздерін анықтаса, психологиялық зерттеулер оның тұлғалық даму механизмдерін эмпирикалық тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді. Ал ұлттық дүниетаным руханилықтың мәдени-өркениеттік мазмұнын нақтылайды. Осыған байланысты руханилық феномені тұлғаның ішкі құндылықтық құрылымы мен оның әлеуметтік-мәдени іс-әрекетте жүзеге асуының бірлігінде қалыптасатын интегративті сапа ретінде қарастырылады.

Қазақ ұлттық дүниетанымында «рух» ұғымы тұлғаның ішкі болмысы, ар-ождан, жауапкершілік және кемелдену идеяларымен тығыз байланыста қарастырылады.

Әл-Фараби рухты адамның ақыл-ойы мен ізгілігі арқылы кемелдікке жетудің негізі деп пайымдайды. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегінде ойшыл адамның шынайы бақыты ақылға негізделген ізгі әрекет пен моральдық кемелдену арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Оның ойынша рух адамның биологиялық қалауларынан жоғары тұратын оны қоғамдық игілікке бағыттайтын ішкі реттеуші күш ретінде сипаттайды[57].

Ж.Баласағұн «Құдатғу білік» дастанында рухани кемелденуді парасат, әділет, қанағат және дәулет бірлігі арқылы түсіндіреді. Ол рухани кемелденуді тұлғаның ішкі тәртібі мен ар-ұят мәдениетінің нәтижесі ретінде пайымдайды [20, б. 33–40].

Абай рух мәселесін «Толық адам» ілімі арқылы тереңдетті. Ол рухты ақыл, жүрек және қайраттың үйлесімді бірлігі ретінде түсіндіре отырып, оны адамның өзін-өзі тануы мен моральдық жауапкершілігінің негізі деп көрсетеді. «Қара сөздерінде» рухани кемелдену адамның ішкі өзін-өзі реттеуімен тікелей байланысты қарастырылады(17-18 қара сөздер).

Ш.Құдайбердиев руханилықты «ар-ождан» категориясы арқылы нақтылады. Шәкәрім үшін рух тұлғаның ішкі соты, адамгершілік таңдаудың өлшемі әрі жауапкершіліктің бастауы. Ол руханилықты әділет, ынсап және мәдени принциптерімен байланыстырады[58]. Оның өлең жолдарындағы «Бөлектігі жалғыз ақ таза ақылды» деген тұжырымы адамның ерекшелігі рухтың құрамдас бөлігі болып табылатын ақыл екенін, рух ақылдан күш алмаса надандыққа ұрынатынын меңзейді. Осылайша қазақ дүниетанымында руханилық ұғымы адамның ішкі әлемін, жауапкершілігін және кемелденуге ұмтылысын айқындайтын этикалық категория ретінде қалыптасқан. Руханилық адамның ізгілікке, мейірімділікке және моральдық таңдауға бағытталған ішкі әлеуметін айқындайды.

Бұл мәселе жөнінде қазақстандық философ А.Г.Косиченко руханилықты адамның әлеуметтік тәжірибесінің тікелей өнімі ретінде емес, адам болмысынан тысқары бірақ адамды адам ететін іргелі рухани бастау ретінде пайымдайды. Ғалымның пікірінше руханилық адамның әртүрлі іс-әрекет формаларында мағыналық мазмұн арқылы көрініс табады, ал кейін бұл мазмұн адамнан туындағын «рухани дүние» ретінде жинақталып,

қорытындыланады[59]. Автор руханилықтың дамуы табиғи-материалдық заңдылықтарға толық бағына бермейтін өзіндік ішкі логикасы бар құбылыс екендігін негіздейді.

Қазақстандық философ Г.Г.Соловьева руханилықты адамның ішкі жарықты, яғни рухани нұрды қабылдай білу қабілетімен байланыстырады. Ол руханилық дерексіз метафизикалық құбылыс ретінде емес, нақты адам болмысы аясында қарастыру қажеттігін атап көрсетіп, рухани өлшемнің дербестігін сақтаудың маңыдылығын негіздейді [60]. Осы тұжырымдар біздің зерттеуімізде рухани мәдениетті тұлғаның ішкі құндылықтық реттеуші құрылым ретінде қарастырудың әдіснамалық негізі болып табылады.

Қазіргі психологиялық-педагогикалық дискурста руханилық ұғымын түсіндіруде тұтас, бірізді теориялық позицияның қалыптаспағаны байқалады. Зерттеу барысында анықталғандай ғылыми әдебиеттерде бұл феноменді пайымдаудың бірнеше бағыттары сараланады, олардың әрқайсысы руханилықтың мәнін әртүрлі қырынан ашуға ұмтылады. Осыған байланысты руханилықты түсіндіру тәсілдерін жүйелеу оның мазмұндық табиғатын тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді.

Бірқатар зерттеушілер (Г.Б.Оспанова, А.С.Құрманбекова, А.С.Сарсенова, Р.Ж.Шалтбаева, В.Д.Мещереков, Г.М.Кожаспиров, А.Ю.Кожаспиров) руханилықты тұлғаның әртүрлі психологиялық және адамгершілік қасиеттерінің жиынтығы, яғни материалдық болмыстың эпифеномені ретінде сипаттайды. Алайда мұндай түсіндіру руханилықтың тұлғалық тұтастығын қалыптастырудағы жүйеқұраушы рөлін толық ашуда жеткіліксіз.

Соңғы онжылдықтардағы зерттеулерде бұл ұстаным айтарлықтай қайта қарастырылып, руханилық тұлғаның өмір сүру тәсілімен, оның ішкі ұйымдасу логикасымен тікелей байланыста қарастырыла бастады. Атап айтсақ И.М.Ильичева руханилықты адамның табиғи бастамаларын қайта құрылымдай отырып, психикалық дамудың барлық деңгейлеріне ықпал ететін тұлғаның ішкі тұтастығын қамтамасыз ететін интегративті жүйеқұраушы сапа ретінде негіздейді[61]. Демек бұл көзқарас руханилықты жеке қасиеттер жиынтығы емес, тұлғаның тұтас болмысын айқындайтын іргелі құрылым ретінде тануға мүмкіндік береді. Осы мәселеге қатысты ресей философиясындағы пайымдаулар да ерекше мәнге ие. Н.А.Бердяев, Н.О.Лосский, П.Ф.Флоренский еңбектерінде тұлға мәдениеттің орталық өзегі ретінде қарастырылып, руханилық мәдениеттің ішкі мазмұнына айқындайтын басты өлшем ретінде сипатталады [62-64]. Бұл тұрғыда мәдениет тек сыртқы әлеуметтік орта емес, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру кеңістігі ретінде түсіндіріледі. Сондықтан адам мәдениетті игеру және оны қайта өндіру үдерісінде өзінің рухани мәнін ашып, әлеуметтік тұтастықтың құрамдас бөлігіне айналады.

Мәдениет мен руханилықтың арақатынасы өзара шарттас сипатта көрінеді: мәдениет тұлғаның өзіндік сана-сезімінің қалыптасу шарты болса, руханилық сол мәдени кеңістіктегі тұлғалық әрекеттің мазмұндық өзегін құрайды. Бұл өз кезегінде руханилықты тек ішкі психологиялық күй ғана емес, әлеуметтік-

мәдени тәжірибеде іске асатын құндылық бағдар ретінде түсіндірудің негізі болып табылады.

Аталған теориялық ұстанымдарды жалпылай отырып руханилықтың мазмұны жалпыадамзаттық және адамершілік құндылықтарға бағытталған тұлғалық бағдар ретінде айқындалады. Оның құрылымына сүіспеншілік, жауапкершілік, шыншылдық, қайырымдылық, мейірімділік, ар-ождан сияқты іргелі құндылықтар енеді. Сондықтан руханилық тұлғаның ішкі қасиеттерімен қатар оның өмірлік ұстанымы мен іс-әрекетінде көрініс табатын кешенді сапа ретінде сипатталады.

Отандық ғылымда да руханилық мәселесі тұлғаның ішкі болмысы мен әлеуметтік жауапкершілігінің бірлігінде қарастырылады. Мәселен, Ә.Нысанбаев руханилықты тұлғаның еркіндік пен жауапкершілік арасындағы тепе-теңдігін қамтамасыз ететін ішкі тетік ретінде түсіндіреді[65]. Бұл көзқарас руханилықтың тек жеке тәжірибемен шектелмей, қоғамдық сананың құндылықтық құрылымымен тығыз байланыста екенін көрсетеді. Ал Д.Кішібеков пен Ұ.Сыдықов еңбектерінде руханилық адамның дүниені мағыналық тұрғыда түсіну қабілетімен байланыстырылып, моральдық сана мен мінез-құлықтың ішкі реттеушісі ретінде негізделеді[66]. Бұл тәсіл руханилықтың когнитивтік және аксиологиялық аспектілерінің бірлігін айқындайды.

Қазақ дүниетанымының тарихи негіздерін зерттеген ғалым М.С.Орынбеков руханилықты адам мен әлем арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз тұтас көзқарас жүйесі ретінде сипаттайды[67]. Ал К.Әбішев руханилықты қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ететін ететін рухани-мәдени өзек ретінде қарастырып оның әлеуметтік мәнін айқындайды[68].

Ж.Алтаев руханилық мәдени тәжірибені игеру мен оны ұрпақтар сабақтастығының механизмі ретінде қарастырып, тұлғалық дамудың маңызды факторы ретінде негіздеді[69]. Т.Ғабитов руханилықты мәдени формалардың мазмұнын айқындайтын ішкі мағыналық өзек ретінде түсіндіреді[70]. Бұл тұжырым руханилықтың мәдениеттің іргелі аксиологиялық негізі екенін көрсетеді.

С.Е.Нұрмұратовтың көзқарасы мәселені жаңа деңгейде ашады. Оның пайымдауынша руханилық тұлғаның ішкі күйімен шектелмей, оның әлеммен белсенді, құндылықтық қарым-қатынасында көрінеді. Яғни, адамның өз бойындағы интеллектуалдық, моральдық және шығармашылық әлеуетін қоғам игілігіне бағыттауы руханилықтың негізгі көрінісі болып табылады[71]. Демек руханилық әрекет арқылы жүзеге асатын, әлеуметтік мәнге ие феномен ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, руханилық мәселесі ұлттық жаңғыру контексінде де өзекті сипатқа ие. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында рухани құндылықтарды сақтау мен жаңғырту ұлттық дамудың негізгі шарты деп негізделген. Алайда ғылыми тұрғыдан алып қарасақ, отандық зерттеулерде руханилық көбіне тұлғаның ішкі моральдық әлемімен байланысты қарастырылады.

«Рух» және «руханилық» ұғымдарының энциклопедиялық және анықтамалық басылымдардағы интерпретациясы белгілі бір жүйелілік пен тұжырымдамалық біріздылікпен сипатталады. Атап айтсақ, Қазақстанның Ұлттық энциклопедиясында бұл ұғымдар аксиологиялық тұрғыдан қарастырылып, рух – адамның жан-дүниесінің іргетасы ретінде, ал руханилық – тұлғаның дүниетанымдық көзқарастары мен әлеуметтік қарым-қатынастағы ізгілік нормаларының жиынтығы ретінде сипатталады[72]. Ал К.Д.Дүйсенбаев рухты адамның психикалық белсенділігінің, тарихи тәжірибесінің идеалданған формасы ретінде сипаттап, бұл ұғымды әрі қарай тереңдетеді[73].

Педагогикалық сөздікте «руханилық» ұғымы тұлғаның пісіп-жетілуінің және өз іс-әрекетін саналы түрде реттей алу қабілетінің жоғары деңгейін білдіретін сапа ретінде түсіндіріледі. Бұл деңгейде тұлғаның өмірлік іс-әрекетінің негізгі бағдарлары жалпыадамзаттық жоғары құндылықтармен айқындалады. Сонымен қатар, руханилық адамның өз іс-әрекетін тек жеке мүддесіне ғана емес, айналасындағылардың игілігіне бағыттай алуымен, мінез-құлқын адамгершілік талаптарға сай жетілдіруге ұмтылуымен сипатталады[74].

Жоғарыдағы ғылыми еңбектерді және теориялық тұжырымдарды талдау негізгі ұғымдардың табиғатын толыққанды түсінуге негіз болып, келесідей қорытынды жасалды: рух - тұлға болмысының ішкі қозғаушы күші, оның мағыналық өзегі болса, руханилық - сол әлеуеттің дамуы мен жүзеге асу деңгейін білдіретін сапалық көрсеткіш. Демек, бұл екі ұғым өзара тығыз байланыста болғанымен, мазмұндық тұрғыда ажыратылады. Рух –мүмкіндік, ал руханилық – сол мүмкіндіктің іске асқан, кемелденген формасы. Бұл тұжырым рухани мәдениетті тұлғаның ішкі әлеуеті мен оның әлеуметтік-мәдени іс-әрекетте жүзеге асуының диалектикалық бірлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді және зерттеудің теориялық өзегін құрайды.

Руханилық феноменін түсіндірудегі әртүрлі ғылыми көзқарастарды жүйелеу мақсатында олардың мазмұндық ерекшеліктеріне салыстырмалы-талдамалық талдау жүргізіліп, нәтижесінде руханилықты пайымдаудың төрт іргелі бағыты айқындалды (3-кесте).

Кесте 3 – Руханилық феноменін түсіндірудің теориялық бағыттары

| № | Бағыт | Негізгі мазмұны | Дереккөздер | Зерттеу үшін мәні |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Интегративті-тұлғалық | Руханилық – тұлғаның моральдық қасиеттерін біріктіретін жүйеқұраушы сапа | И.М. Ильичева Г.Б.Оспанова, А.С.Құрманбекова | Руханилықты тұлғалық құрылым ретінде негіздейді |
| 2 | Мәдени-тарихи | Руханилық – мәдени тәжірибені игеру және қайта өндіру деңгейі, ұлттық-жалпыадамзаттық құндылықтармен сабақтастық | Н.А. Бердяев, Н.О. Лосский, Ж. Алтаев | Мәдениет пен руханилықтың диалектикалық байланысын ашады |

3-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Діни-теологиялық | Руханилық – трансценденттік бастауға қатынас, діни тәжірибе мен сенім негізіндегі құндылықтық ұстанымдар | А. Августин, Ф. Аквинский | Руханилықтың құндылықтық-мағыналық аспектілерін ашады, алайда зайырлы білім беру контекстінде әмбебап әдіснамалық негіз ретінде шектеулі қолданылады |
| 4 | Онтологиялық | Руханилық – болмыстың жоғары деңгейін білдіретін, адам мен әлемнің тұтастығын қамтамасыз ететін феномен | А.Г. Косиченко, Г.Г. Соловьева | Руханилықтың терең мәнін ашады |

Руханилық феноменін түсіндірудегі ұсынылған бағыттарды жүйелеу олардың мазмұндық ерекшеліктерін салыстырмалы талдауға мүмкіндік береді. Кестеде көрсетілгендей, әрбір бағыт руханилықтың белгілі бір қырын ашуға бағытталған: интегративті-тұлғалық тәсіл оның ішкі құрылымдық тұтастығын негіздесе, мәдени-тарихи тәсіл руханилықтың мәдени тәжірибемен сабақтастығын айқындайды. Зерттеу зайырлы білім беру қағидаттарына негізделгендіктен, діни-теологиялық түсіндірулер руханилық феноменінің тарихи және құндылықтық аспектілерін ашу тұрғысынан қарастырылып, оны ғылыми-әдіснамалық негіз ретінде қолдану шектеулі сипатта жүзеге асырылады. Ал онтологиялық тәсіл руханилықты адамның болмысымен тұтастықта қарастыра отырып, оның іргелі мәнін айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу контексінде интегративті-тұлғалық және мәдени-тарихи бағыттардың әдіснамалық әлеуеті басым деп айқындалды, себебі олар руханилықты тұлғаның ішкі құндылықтық құрылымы мен әлеуметтік-мәдени тәжірибесінің бірлігінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты зерттеу контексінде руханилықты тұлғаның құндылықтық бағдарлары мен саналы іс-әрекетінің бірлігін сипаттайтын интегративті сапа ретінде қарастыру әдіснамалық тұрғыдан негізделеді.

Кестеде ұсынылған бағыттардың мазмұнын тереңдету және олардың теориялық айырмашылықтарын нақтылау мақсатында әрқайсысына жеке талдау жасаймыз.

*Бірінші бағыт өкілдері* руханилықты тұлғаның интегративті сапалық сипаттамасы ретінде қарастырады. Бұл ұстаным өкілдерінің пайымдауынша руханилық – тұлғаның моральдық қасиеттерін, ар-ожданын, жауапкершілігін

біріктіретін және мінез-құлықты ішкі деңгейде реттейтін жүйе құраушы өзек. Сондықтан бұл бағытта руханилық тұлғаның адамгершілік кемелденуінің көрсеткіші ретінде түсіндіріледі.

*Екінші бағыт өкілдері* руханилықты мәдени-тарихи контекстпен тығыз байланыста қарастырады. Бұл тұрғыда тұлғаның руханилығы оның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды игеру, оларды өмірлік тәжірибеде жүзеге асыру және қайта өндіру деңгейімен анықталады. Демек, руханилық бұл бағытта тұлғаның мәдени кеңістікпен сабақтастығын айқындайтын маңызды өлшем ретінде көрінеді.

*Үшінші бағыт өкілдері* руханилықты діни дүниетаным мен сенім жүйелері контексінде қарастырады. Бұл тұрғыда руханилық адамның трансцендентті бастауға қатынасы, діни тәжірибесі және сенімге негізделген құндылықтық ұстанымдары арқылы түсіндіріледі. Талдау нәтижелері көрсеткендей, аталған көзқарас руханилықтың мазмұнын маңызды қырын ашқанымен, оны ғылыми тұрғыдан әмбебап категория ретінде түсіндіру мүмкіндігін белгілі бір деңгейде шектейді. Себебі бұл тәсілде руханилық дербес феномен ретінде емес, нақты дүниетанымдық жүйе шеңберінде қарастырылады.

*Төртінші бағыт өкілдері* руханилықты іс-әрекеттің туындысы емес, керісінше объективтік болмыстың жоғары деңгейін бейнелейтін онтологиялық феномен ретінде анықтайды. Бұл тәсілде руханилық адам мен әлемнің тұтастығын білдіретін, ұлттық рухани дәстүрлерді, жалпыадамзаттық мәдениетті және жоғары құндылық идеяларды біріктіретін кешенді категория ретінде қарастырылады.

Жүргізілген ғылыми талдау нәтижелері «рухани мәдениет» ұғымына қатысты түрлі ғылым салаларында бірыңғай, әмбебап анықтаманың қалыптаспағанын көрсетеді. Бұл жағдай аталмыш феноменнің көпқырлылығымен және әртүрлі ғылыми салаларда әркелкі интерпретациялануымен түсіндіріледі. Осы тұрғыдан алғанда, рухани мәдениеттің мазмұнын нақтылау қолданыстағы ғылыми тұжырымдарды жүйелеу және оларды білім беру мақсаттарына сәйкестендіру негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Жоғарыда жүргізілген пәнаралық теориялық талдау «рухани мәдениет» феноменінің күрделі, көпқырлы және динамикалық табиғатын айқындап, келесі әдіснамалық тұжырымдарды негіздеуге мүмкіндік берді:

*Біріншіден*, мәдениет ұғымын түсіндірудегі антропологиялық-дескриптивті, интерпретативті-символикалық, әрекеттік-жүйелік, аксиологиялық және семиотикалық тәсілдердің әрқайсысы феноменнің белгілі бір қырын ашады. Алайда рухани мәдениетті тұлғалық сапа ретінде негіздеу үшін аталған тәсілдерді интегративті тұрғыда ұштастыру қажеттілігі анықталды. Зерттеу контексінде аксиологиялық және тұлғалық-іс-әрекеттік тәсілдердің әдіснамалық әлеуеті басым, өйткені олар мәдениетті тұлғаның ішкі құндылықтық құрылымы мен саналы іс-әрекетінің бірлігінде қарастыруға мүмкіндік береді.

*Екіншіден*, «рух» және «руханилық» категорияларының генезисін талдау олардың тарихи-философиялық эволюциясында онтологиялық, аксиологиялық және прагматикалық өлшемдердің өзара диалектикасын көрсетті. Антикалық философияда рух тұлғаның моральдық өзегі ретінде, ортағасырлық ой-санасында – трансценденттік бастаумен байланыс құралы ретінде, ал Жаңа заман философиясында – моральдық автономия мен тарихи-әлеуметтік дамудың факторы ретінде пайымдалды. Ұлттық-гуманистік дүниетанымда руханилық ар-ождан, жауапкершілік және кемелдену идеяларымен ұштасып, тұлғаның адамгершілік болмысының іргетасы ретінде қарастырылады.

*Үшіншіден*, руханилық феноменін түсіндірудегі интегративті-тұлғалық, мәдени-тарихи, діни-теологиялық және онтологиялық бағыттарды салыстырмалы талдау зерттеудің зайырлы-гуманистік сипатына сәйкес алғашқы екі бағыттың әдіснамалық басымдығын негіздеді. Бұл рухани мәдениетті тұлғаның ішкі құндылықтық реттеуші жүйесі мен әлеуметтік-мәдени тәжірибесінің бірлігінде қарастыруға мүмкіндік береді.

*Төртіншіден*, мәдениет пен руханилық категорияларының өзара байланысын талдау рухани мәдениеттің құрылымдық табиғатын айқындауға мүмкіндік берді. Рухани мәдениет өзара диалектикалық бірліктегі екі компоненттен тұрады:

– *мәдениет компоненті* – тұлғаның білім жүйесін, дүниетанымдық көзқарастарын және әлеуметтік тәжірибесін қамтитын мазмұндық негіз;

– *руханилық компоненті* – рухани-адамгершілік құндылықтар, моральдық-этикалық ұстанымдар және тұлғаның мінез-құлқын реттейтін ішкі тетіктер.

Осы компоненттердің өзара байланысы рухани мәдениеттің қалыптасу үдерісінің тұтастығын қамтамасыз етеді.

Жоғарыда жүргізілген талдауларды қорытындылай келе, зерттеу аясында «рухани мәдениет» ұғымы төмендегідей нақтыланды:

«*Рухани мәдениет – тұлғаның дүниетанымдық көзқарастарының, рухани-адамгершілік құндылықтарының және моральдық-этикалық ұстанымдарының жүйелі бірлігін білдіретін, әлеуметтік жауапкершілікке негізделген іс-әрекетінде көрініс табатын интегративті сапа*».

Аталған анықтама жалпы теориялық деңгейде негізделген. Зерттеудің мақсатына сәйкес оны педагогикалық білім беру контексінде, атап айтқанда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби тұрғыдан маңызды тұлғалық сапасы ретінде нақтылау қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты келесі бөлімде «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті» ұғымының мәні нақтыланады.

## 1.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті ұғымының мәні мен мазмұны

Қазіргі таңда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлау жүйесіндегі басымдықтар түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырумен қатар, педагог тұлғасына қойылатын

талаптардың аксиологиялық құрамдас бөліктеріне деген сұраныс қарқынды түрде артып келеді.

Әлеуметтік-мәдени кеңістіктің күрделенуі және тәрбиелік міндеттердің ауқымының кеңеюі мұғалімнен жоғары адамгершілік мәдениетті, берік азаматтық ұстанымды және құндылықтық жауапкершілікті талап етеді. Бұл үдеріс Қазақстан Республикасының білім беру саласында жүзеге асырылып жатқан «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұнымен тікелей үндеседі. Бағдарламада айқындалған құндылықтарды білім алушының санасына сіңіруде мұғалім тұлғасының шешуші рөл атқаратыны даусыз. Осы тұрғыдан алғанда, педагогтің жеке рухани әлемі оның кәсіби тиімділігінің негізгі айқындаушы факторына айналады.

Осыған орай егер мұғалімнің өзі жоғары адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірмеген, кәсіби және азаматтық жауапкершілікті терең сезінбеген жағдайда, оның тәрбиелік ықпалы формалды сипат алып, білім беру бағдарламаларының нәтижелілігі төмендеуі мүмкін. Демек, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру кәсіби даярлаудың қосалқы бағыты ғана емес, сондай-ақ, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасында айқындалған құндылықтарды білім алушының бойына сіңіруді қамтамасыз ететін педагог тұлғасын қалыптастырудың негізгі педагогикалық шарты ретінде қарастырылуы тиіс[13, б.18-20].

Аталған талаптар Қазақстан Республикасының білім беру саласының басқа да нормативтік-құқықтық құжаттарында да нақты айқындалып отыр. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен *«Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарда»* педагог қызметкердің кәсіби құзыреттілігімен қатар, оның рухани-адамгершілік ұстанымы, тұлғалық кемелденуі және тәрбиелік қызметті жүзеге асыруға даярлығы негізгі талаптардың бірі ретінде белгіленген (2025 жылғы 24 ақпандағы №31 бұйрық). Жоғарыда көрсетілгендей, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру кәсіби даярлау жүйесінің нормативтік-құндылықтық талаптарымен тікелей шарттасып, педагог тұлғасының тәрбиелік миссиясын қамтамасыз ететін іргелі негіз ретінде қарастырылады.

Осыған орай, педагогикалық білім беру мазмұнын жаңаша тұрғыда пайымдау қажеттілігі туындайды. Зерттеу аясында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті кәсіби даярлау үдерісінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Сондықтан оны қалыптастырудың мазмұнын педагогикалық тұрғыдан негіздеу қазіргі педагогикалық ғылым мен білім беру практикасының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Ғылыми зерттеулерді талдау халықаралық дискурста «мұғалімнің рухани мәдениеті» ұғымы дербес термин ретінде сирек қолданылғанымен, оның мазмұндық өзегі құндылық бағдарлар, кәсіби-этикалық ұстанымдар мен моральдық жауапкершілік сияқты балама теориялық ұғымдар арқылы ашылатынын көрсетеді. Осыған сәйкес, шетелдік ғылыми зерттеулерде мұғалімнің рухани мәдениетіне мазмұндық тұрғыдан жақын негізгі

тұжырымдар жүйеленіп, салыстырмалы түрде талданып, нәтижелері 4-кестеде ұсынылды.

Кесте 4 – Шетелдік ғылыми-педагогикалық дискурста мұғалімнің рухани мәдениетінің мазмұндық интерпретацияларын жүйелеу

| № | Бағыт/ұғым | Негізгі мазмұны | Автор(лар) | Зерттеу үшін әдістемелік мәні |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Моральдық агент (Moral Agent) | Мұғалім – этикалық нормаларды басшылыққа ала отырып, құндылықтарға негізделген шешім қабылдайтын тұлға | Э. Кэмпбелл (E. Campbell) | Мұғалімнің этикалық жауапкершілігі мен моральдық пайымдауын рухани мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде негіздейді |
| 2 | Құндылыққа негізделген білім беру (Values-based Education) | Мұғалімнің құндылықтар жүйесі педагогикалық іс-әрекеттің мақсаттары мен мазмұнын айқындайды | Д. Холстед, М. Тейлор (D. Halstead, M. Taylor) | Рухани мәдениеттің аксиологиялық негізін анықтауға мүмкіндік береді |
| 3 | Педагогикалық этика (Pedagogical Ethics) | Мұғалімнің моральдық жауапкершілігі кәсіби қызметтің іргелі компоненті ретінде қарастырылады | К. Страйк, Дж. Солтис (K. Strike, J. Soltis) | Кәсіби-этикалық нормаларды рухани мәдениеттің құрылымдық элементі ретінде негіздейді |
| 4 | Моральдық мақсат (Moral Purpose) | Педагогикалық өзгерістердің нәтижелілігі мұғалімнің ішкі миссиясы мен құндылықтық ұстанымдарына тәуелді | М. Фуллан (M. Fullan) | Рухани мәдениеттің мотивациялық-құндылық компонентін айқындайды |
| 5 | Рухани интеллект (Spiritual Intelligence – SQ) | Руханилық – мағына іздеу, рефлексия және құндылықтарға негізделген шешім қабылдау қабілеті | З. Зохар, Д. Маршалл (Z. Zohar, D. Marshall) | Рухани мәдениеттің психологиялық және рефлексивтік механизмдерін түсіндіреді |

Кестеде ұсынылған тұжырымдар шетелдік ғылыми-педагогикалық дискурста мұғалімнің рухани мәдениеті мәселесінің негізінен құндылықтық, этикалық және тұлғалық аспектілердің бірлігінде қарастырылатынын көрсетеді.

Осы бағыттардың мазмұнын тереңірек түсіну мақсатында олардың әрқайсысына жеке талдау жасаймыз.

Халықаралық зерттеулерде мұғалім тұлғасы көбіне «моральдық агент» ретінде сипатталады. Бұл көзқарас бойынша, мұғалім бір мезгілде кәсіби іс-әрекетінде этикалық нормаларды ұстанатын үлгі тұлға және білім алушылардың адамгершілік қасиеттерін мақсатты түрде қалыптастыратын тәрбиеші ретінде қарастырылады. Мұндай тәсіл мұғалімнің құндылықтарға негізделген шешім қабылдауын қамтамасыз ететін когнитивтік және

аффективтік компоненттердің (моральдық сезімталдық, пайымдау, мотивация және әрекет) бірлігін қамтиды.

Мұғалімнің моральдық-этикалық құзыреттілігі мәселесі Э. Кэмпбеллдің зерттеулерінде кеңінен қарастырылып, педагогтің этикалық ұстанымдары оның кәсіби тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде негізделеді [75]. Құндылықтарға негізделген білім беру тұжырымдамасы Д. Холстед пен М. Тейлор еңбектерінде дамытылып, мұғалімнің жеке құндылықтар жүйесі оның педагогикалық іс-әрекетінің бағыттылығын айқындайтыны дәлелденеді [76]. Ал К. Страйк пен Дж. Солтис педагогикалық этиканың теориялық негіздерін талдай отырып, мұғалімнің моральдық жауапкершілігін кәсіби құзыреттіліктің іргелі компоненті ретінде сипаттайды [77]. Осы зерттеулерді жүйелей келе, шетелдік педагогикалық дискурста мұғалімнің рухани мәдениетінің мазмұны негізінен құндылық бағдарлары, моральдық жауапкершілік, кәсіби этика және тұлғалық рефлексия бірлігінде ашылатыны байқалады.

Рухани өлшемнің білім беру үдерісіндегі рөлін талдауда М. Мулалич қазіргі білім беру жүйесінің фрагменттелген сипатын сынға алып, руханилықтың ескерілмеуі тұлғаның интеллектуалдық, эмоционалдық және моральдық дамуының тұтастығын әлсірететінін атап көрсетеді [78]. Автордың пікірінше, руханилық білім беру мазмұнының ішкі құндылықтық өзегі ретінде көрініс тауып, білім алушының ақыл-ойы, денесі және руханилығы арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуі тиіс.

Бұл тұжырымдар канадалық зерттеуші М. Фулланның еңбектерінде дамытылып, педагогикалық өзгерістердің табыстылығы мұғалімнің тек әдістемелік даярлығымен емес, оның «моральдық мақсаты», құндылықтық ұстанымдары және кәсіби миссиясымен анықталатыны негізделеді [79]. Зерттеуші білім беру жүйесіндегі сапалы өзгерістер мұғалімнің ішкі сенімдері мен әлеуметтік жауапкершілігіне тікелей тәуелді екенін көрсетеді.

Рухани интеллект теориясында З. Зохар мен Д. Маршалл руханилықты адамның мағына іздеу қабілетімен және құндылықтарға негізделген шешім қабылдау тетіктерімен байланыстырады [80]. Олардың тұжырымдамасына сәйкес, мұғалімнің рухани интеллектісі оның кәсіби күйзеліске төзімділігін арттырып, педагогикалық іс-әрекеттегі рефлексивтілік пен эмпатияның дамуына ықпал етеді.

Жоғарыда қарастырылған ғылыми тұжырымдарды жинақтай келе, шетелдік педагогикалық дискурста «рухани мәдениет» ұғымы дербес термин ретінде емес, оның мазмұндық құрылымына кіретін мұғалімнің кәсіби этикасы, құндылық бағдарлары, моральдық жауапкершілігі және тұлғалық рефлексиясы сияқты категориялар арқылы кешенді түрде ашылатынын көреміз. Осы тұрғыдан алғанда, рухани мәдениет мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін толықтыратын қосымша сапа емес, педагогикалық іс-әрекеттің құндылықтық және моральдық негізін айқындайтын жүйе құраушы фактор ретінде сипатталады. Бұл тұжырым зерттеуде ұсынылған рухани мәдениет ұғымының педагог тұлғасының кәсіби және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін интегративті сапа ретіндегі теориялық негізін айқындайды.

Отандық және классикалық педагогикалық мектепте бұл феномен адамгершілік тәрбие мен тұлғалық үлгі категориялары арқылы терең зерттелген. Л.П. Илларионова зерттеуінде рухани мәдениет тұлғаның санасымен және оның интеллектуалдық-психикалық қызметімен өзара байланыста қарастырылған. Ғалым рухани мәдениетті адамның білім, білік, дағдылар жүйесімен, интеллект деңгейімен, адамгершілік және эстетикалық дамуымен, дүниетанымымен, сонымен қатар қоршаған ортамен өзара әрекеттесу тәсілдері мен формаларымен бірлікте сипаттайды[81]. Демек бұл көзқарас рухани мәдениетті тұлғаның ішкі әлеуетін кешенді түрде бейнелейтін интегративті құбылыс ретінде айқындайды. Автордың пікірінше, рухани мәдениет тұлғаның өмірлік тәжірибесінде, әсіресе жеке таңдау жасау, моральдық шешім қабылдау және тұлғааралық өзара әрекеттесу жағдайларында айқын көрініс табады. Рухани мәдениет адамның ішкі қасиеттерінің жиынтығы ретінде емес, нақты әлеуметтік және кәсіби жағдаяттарда жүзеге асатын сапа ретінде пайымдалады.

Бұл тұжырым рухани мәдениетті қалыптастыруды тек когнитивтік деңгейде емес, педагогикалық жағдаяттарда жүзеге асатын құндылық бағдарлар, моральдық жауапкершілік және субъект-субъектілік қарым-қатынас арқылы қарастыру қажеттігін негіздейді. Осы тұрғыдан алғанда, рухани мәдениет болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін реттейтін интегративті сапа ретінде сипатталады.

Храброва Е.В. зерттеуінде болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру жоғары мектептегі кәсіби даярлықтың мақсатты және жүйелі түрде ұйымдастырылатын құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Автор рухани-адамгершілік мәдениетті педагогтің кәсіби құзыреттілігін толықтыратын қосымша сапа емес, оның тұлғалық және кәсіби болмысының мәндік негізі деп сипаттайды. Оның пікірінше рухани-адамгершілік мәдениет - студенттің педагогикалық іс-әрекеттің әлеуметтік маңызын түсінуімен, адамгершілік жауапкершілікті сезінуімен және тәрбиелік ықпалдың субъектісі ретінде өзін саналы түрде қабылдауымен тікелей байланысты. Бұл тұрғыда рухани мәдениет кәсіби даярлық үдерісінің нәтижесі ғана емес, оның ішкі реттеуші факторы қызметін атқарады[82]. Е.В. Храброва еңбегінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру жоғары оқу орны жағдайында педагогикалық негізде ұйымдастырылатын, арнайы мақсатқа бағдарланған үдеріс ретінде түсіндіріледі. Бұл ұстаным рухани мәдениетті кәсіби даярлықтың мазмұнын айқындайтын маңызды педагогикалық компоненттердің бірі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Садықова С.А. «Духовно-нравственное становление личности студента в процессе внеучебной деятельности» атты зерттеуінде студент тұлғасының рухани-адамгершілік қалыптасуы жоғары мектеп кеңістігінде жүйелі педагогикалық ықпал нәтижесі ретінде қарастырылып, үдерісті ұйымдастырудың құрылымдық-модельдік негіздері мен тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық шарттар кешені айқындалған[83]. Бұл өз кезегінде рухани

мәдениетті қалыптастырудың тек оқу үдерісімен шектелмей, аудиториядан тыс іс-әрекеттер арқылы да жүзеге асатынын көрсетеді.

С.А. Касенова зерттеуінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін рухани-адамгершілікке тәрбиелеу тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде ұйымдастырылатын педагогикалық үдеріс ретінде қарастырылады; аталған технологиялар студенттердің құндылықтық бағдарларын, субъектілік ұстанымын және моральдық жауапкершілігін дамытуға ықпал етеді. [84]. Бұл зерттеу болашақ бастауыш сынып мұғалімнің рухани мәдениетін кәсіби даярлау үдерісінде қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтауда теориялық тірек ретінде қызмет етеді.

Жоғарыда талданған ғылыми еңбектерді жүйелей отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру жоғары оқу орны жағдайында мақсатты ұйымдастырылатын, жүйелі түрде жүзеге асатын және кешенді, өзара байланысты педагогикалық үдеріс болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті ұғымының мәнін ғылыми тұрғыда негіздеу барысында адамгершілік тәрбиесі мәселесіне арнайы тоқталу қажеттілігі туындайды. Өйткені рухани мәдениет тұлғаның құндылықтық кеңістігімен, моральдық таңдауларымен, мінез-құлықтық бағдарларымен және әлеуметтік жауапкершілік деңгейімен өзара байланыста көрінетін кешенді интегративті феномен ретінде сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, адамгершілік тәрбиесіне арналған ғылыми еңбектер рухани мәдениеттің мазмұндық негіздерін және оны қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындауға негіз болады. Сондықтан аталған зерттеулерді талдау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық-педагогикалық алғышарттарын жүйелеуге мүмкіндік береді.

К.Д. Ушинский тәрбие үдерісіндегі мұғалім тұлғасының шешуші рөлін ерекше атап өтеді. Оның пікірінше, тәрбиелік ықпалдың нәтижелілігі мұғалімнің жеке өнегесімен тікелей байланысты, себебі оқушының мінез-құлқы мен рухани әлеміне терең әсер ету тек тәрбиешінің тұлғалық ықпалы арқылы жүзеге асады. Мұғалім өз іс-әрекетімен, көзқарасымен және мінез-құлқымен насихаттайтын құндылықтарды нақты өмірде дәлелдей алғанда ғана тәрбиелік мақсатқа қол жеткізуге болады[85]. Осы тұрғыда тәрбие баланың ішкі жан дүниесін нығайтып қана қоймай, оны ақиқатқа, ізгілікке және адамгершілікке біртіндеп жетелейді.

Ал П.Ф. Каптерев адамгершілікті қоғамдық дамудың нәтижесі ретінде қарастырып, оны әлеуметтік қатынастардың шынайы мазмұнымен байланыстырады. Ғалымның пікірінше, адамгершілік қоғамдық қатынастар жүйесінен тыс қалыптаспайды және оның мәні адамдар арасындағы әділ, үйлесімді қатынастарда көрініс табады. Осыған орай, адамгершілік тәрбиенің өзегі – адамзаттық қатынастардың мәнін, олардың моральдық заңдылықтарын ұғыну және оларды іс жүзінде жүзеге асыру болып табылады[86].

П.Ф. Каптерев мұғалімді қоғам мен өскелең ұрпақ арасындағы негізгі дәнекер ретінде қарастырады. Мұғалім арқылы әлеуметтік маңызы бар

құндылықтар, нормалар мен идеалдар жас ұрпақтың санасына сіңіріледі. Сондықтан ғалым педагог тұлғасының тәрбиелік ықпалының маңыздылығын ерекше атап көрсетіп, мектеп кезеңіндегі мұғалімнің жағымсыз ықпалы адамның кейінгі өмірінде қалыптасатын мінез-құлық кемшіліктері мен теріс әдеттердің алғышарты болуы мүмкін екенін ескертеді [86, б.602].

К.Д. Ушинский мен П.Ф. Каптерев еңбектеріндегі адамгершілік тәрбиенің теориялық негіздерімен қатар, мұғалім тұлғасының рухани-адамгершілік сапаларына қойылатын талаптардың айқындалуы мұғалімнің жеке өнегесі мен тәрбиелік ықпал нәтижелілігінің өзара байланысын ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді.

Кеңес педагогикасының өкілдерінің еңбектерінде (П.П. Блонский, Н.К. Крупская, А.В. Луначарский, А.С. Макаренко, С.Т. Шацкий және т.б.) рухани-адамгершілік тәрбие көбіне идеологиялық-саяси тәрбиенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды, ұжымның тәрбиелік әлеуеті, бірлескен еңбек әрекетінің тұлғаның адамгершілік сапаларын қалыптастырудағы маңызы, сондай-ақ мұғалімнің тәрбиелік үдерістегі жетекші рөлі теориялық тұрғыда негізделді. Аталған зерттеулер кейінгі педагогикалық зерттеулерде рухани -адамгершілік тәрбиенің әлеуметтік және тәрбиелік механизмдерін түсіндірудің әдіснамалық негіздері болып табылады.

В.А. Сухомлинскийдің педагогикалық мұрасы оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін жүйелі түрде ұйымдастырудың бірегей үлгісі ретінде бағаланады. Ғалым руханилықты тұлғаның өмірлік мағына мен мақсатты саналы пайымдауы, өз өмірінің мәні туралы терең ой жүгірте алуы, жоғары құндылықтарға бағытталған белсенді іс-әрекетімен сипаттайды. Бұл тұрғыда руханилық адамның өмірге деген ішкі сүйіспеншілігімен, құндылық бағдарларымен және мақсатты іс-әрекетімен тығыз байланыста қарастырылады.

Ол тұлғаның рухани және адамгершілік кемелденуіне ықпал ететін негізгі тетіктер ретінде ар-ожданды тәрбиелеу, жауапкершілікті сезіну, борышты ұғыну, рухани төзімділікті қалыптастыруды атап көрсетеді. Осы үдерісте ол мұғалім тұлғасының гуманистік болмысына ерекше мән береді: педагог оқушымен құндылықтарды бірлесіп іздестіруге, рухани сұхбат пен шығармашылық ынтымақтастыққа дайын болуы тиіс. Ғалымның пікірінше, мұғалім қызметіндегі елеулі кемшіліктер мен тәрбиелік сәтсіздіктер көбіне педагогтің этикалық мәдениетінің төмендігімен және оқушының ішкі жан дүниесін түсіне алмауымен байланысты [87]. Н.К. Крупская мен А.С. Макаренко идеяларын дамыта отырып, В.А. Сухомлинский өзінің практикалық тәжірибесінде баланың бойындағы оң қасиеттерге сүйену, әділ талап қою мен тұлғаға құрмет көрсету, мейірім мен сенім көрсету арқылы ғана жоғары моральдық сапаларға ие азаматты тәрбиелеуге болатынын дәлелдеді. Осыған байланысты ол педагогикалық іс-әрекеттің табыстылығын мұғалімнің рухани байлығымен, жан дүниесінің кеңдігімен және эмоционалдық мәдениетінің жоғары деңгейімен тікелей байланыстырады.

В.М. Пустовалов адамгершілікті тұлғаның мінез-құлқын және қоғамдық қатынастарды реттейтін құндылықтық механизм ретінде қарастырады.

Ғалымның пікірінше, адамгершілік, біріншіден, адамның әлеуметтік шындыққа және қоғамдық құбылыстарға олардың маңыздылығы тұрғысынан қатынасын айқындайды, екіншіден, сананың белсенділігін көрсетіп, жақсылыққа ұмтылу мен жамандықтан бас тартуды талап етеді. Үшіншіден, адамгершілік көзқарастар тек ішкі ниетпен шектелмей, нақты іс-әрекет арқылы айқындалады, өйткені тұлғаның шынайы моральдық болмысы оның іс-әрекеттерінде көрініс табады. Төртіншіден, адамгершілік талап құндылықтық және міндеттеуші сипатқа ие болып, моральдық сананың да, адамгершілік қатынастардың да негізгі элементі ретінде әрекет етеді [88].

Қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі көзқарастары мұғалім тұлғасының кәсіби және рухани болмысына қойылатын талаптарды айқындауға мүмкіндік береді. Ағартушы атап көрсеткен бауырмалдық, әдеп, әділдік, қанағатшылдық, жомарттық, тазалық, сабырлылық, зейінділік және білімді саналы меңгеру сияқты моральдық құндылықтар мұғалімнің жеке тұлғасында көрініс табатын кәсіби-рухани сапалар ретінде бағаланады. Себебі Ы.Алтынсарин педагогтің тәрбиелік ықпалы оның тек білім беру қызметімен емес, рухани қарым-қатынас орната алуымен және жеке өнегесімен анықталатынын ерекше атап көрсетеді [9, б.212]. Оның пайымдауынша, мұғалім рухани мұраларды тасымалдаушы әрі білім алушының құндылықтық бағдарын қалыптастыратын негізгі тұлға болып табылады. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімі рухани құндылықтарды тану мен бағалауды алдымен өзінің ішкі мәдениетінде қалыптастырып, оны педагогикалық іс-әрекетте саналы түрде іске асыруы қажет. Бұл тұжырым болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың ұлттық педагогикадағы тұғырын айқындайды.

Ш. Майғаранованың пікірінше, рухани даму – тұлғаны қалыптастырудың өзегі әрі адамның тәндік, жандық және рухани қырларының біртұтас үйлесімде өрбу процесі[89]. Зерттеуші рухани-адамгершілік тәрбиені қоғамдық дамудың ең биік шыңы ретінде бағалайды, себебі ол – ұрпақтар сабақтастығының негізгі өзегі және мәдени мұраның жалғастырылушылық механизмі. Ғалым бұл процесті тек нормаларды меңгерумен шектемей, тұлғаның ішкі әлемін байытуға, құндылықтық бағдарын айқындауға және қоғамдық жауапкершілікті сезінуге бағытталған кешенді педагогикалық іс-әрекет ретінде қарастырады.

Ә.Т. Өтебаева рухани-адамгершілік тәрбиені оқушылардың мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, адамгершілік сезімдерін дамыту, этикалық білімді игеру және тәрбиелік ықпал арқылы саналы дүниетанымды қалыптастырудың үздіксіз жолы ретінде сипаттайды. Зерттеушінің тұжырымы бойынша, бұл бағыттағы педагогикалық жұмыс тек ережелерді жаттатумен емес, ішкі сенімдерді қалыптастырумен, өзара құрмет пен эмпатияға негізделген қарым-қатынас мәдениетін дамытумен өлшенеді [90].

Асанов Н.А., Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. еңбектерінде рухани-адамгершілік тәрбие тұлғаның ішкі рухани әлемін дамытудың, адамгершілік нормаларды саналы меңгертудің және оларды әлеуметтік тәжірибеде жүзеге асырудың мақсатты ұйымдастырылған үдерісі ретінде сипатталады. Бұл

тұрғыда адамгершілік тәрбие тұлғаның құндылықтық қатынастарын қалыптастырумен қатар, оның мінез-құлқында көрініс табатын рухани сапалардың тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды педагогикалық механизм ретінде айқындалады. Осыған сәйкес, рухани мәдениет аталған үдерістің нәтижесі ретінде тұлғаның құндылықтық, танымдық және іс-әрекеттік өлшемдерінің бірлігінде қалыптасатын интегративті сапа ретінде қарастырылады [91].

Осылайша, классикалық және заманауи зерттеулерді саралай келе, біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін аксиологиялық (құндылықтар), когнитивтік (білім) және праксеологиялық (іс-әрекеттегі өнеге) бірлікте қарастыратын интегративті сапа ретінде анықтаймыз.

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» оқулығында тәрбиені адамның ақыл-ойын жетілдірумен шектемей, оның жан дүниесін, сезімін, мінез-құлқын және рухани болмысын үйлесімді дамытуға бағытталған кешенді үдеріс ретінде қарастырады. Рухани-адамгершілік тәрбие баланың табиғи қабілеттерін адамгершілік құндылықтармен ұштастыра қалыптастырудың негізгі тетігі ретінде түсіндіріледі. Автордың пайымдауынша, адамгершілік қасиеттер сыртқы талап арқылы емес, тұлғаның ішкі жан дүниесіне ықпал ету арқылы қалыптасады. Осы тұрғыда Жұмабаев рухани-адамгершілік тәрбиенің басты міндетін ар-ұятты, жауапкершілікті, мейірімділікті және өзін-өзі тануды дамыту деп көрсетеді. Мағжан Жұмабаев еңбегінде мұғалім тұлғасына ерекше мән беріледі. Ол мұғалімді баланың рухани әлеміне ықпал ететін басты тұлға ретінде қарап, педагогтің ішкі мәдениеті, адамгершілік тазалығы мен жан дүниесінің байлығы тәрбиенің нәтижелілігін айқындайтынын көрсетеді. Осы тұрғыда рухани-адамгершілік тәрбие берудің маңызды мүмкіндігі мұғалімнің жеке өнегесі мен рухани ықпалы арқылы іске асады[92].

К.Б. Жарықбаев, С.К. Қалиев [93], К.Ж. Қожахметова [94], С.А. Ұзақбаева [95], Р.К. Төлеубекова [96], С.К.Абильдина [97] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде тікелей «мұғалімнің рухани мәдениеті» жеке объект ретінде қарастырылмағанымен, олардың этнопедагогика бағытындағы ізденістері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың ұлттық аксиологиялық бағдарларын нығайтудың негізі болып табылады.

М.Х. Балтабаев рухани-адамгершілік тәрбиені тек моральдық қасиеттерді дамыту шеңберінде емес, мәдениетпен, біліммен және тұлғаның өзіндік даму үдерісімен бірлікте қарастырады. Ол білімді тұлғаның рухани әлеуетін өзектендіретін, қабілеттерін шыңдайтын және өзін-өзі дамытуына жағдай жасайтын негізгі фактор ретінде бағалайды. Рухани-адамгершілік тәрбие тұлғаның ішкі мәдениетін қалыптастыратын, оның саналы өмірлік ұстанымын айқындайтын кешенді педагогикалық үдеріс ретінде түсіндіріледі [98].

Зерттеуші ғалым Г. Габуния қоғамды жаңғырту үдерісінде білім беру жүйесінің рөлін негіздей отырып, мұғалімнің рухани мәдениетін кәсіби іс-әрекеттің іргелі шарты ретінде қарастырады. Оның пікірінше, әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалардың нәтижелілігі білім беру жүйесін реформалаумен, ал оның табыстылығы мұғалім кадрларының сапалы

даярлығымен тікелей байланысты. Мұғалімнен тек оқыту әдістемесін жетілдіру ғана емес, білім алушылармен қарым-қатынастың мазмұнын рухани-мәдени негізде қайта құру талап етіледі. Г. Габуния рухани мәдениетті мұғалімнің кәсіби қызметін тиімді әрі шығармашылықпен жүзеге асыруына мүмкіндік беретін әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде сипаттайды. Автор рухани мәдениеттің қалыптасуы мұғалімнің менталитетін өзгертуімен, өзін-өзі дамытуымен және тұлғалық кемелденуімен тығыз байланысты екенін атап көрсетеді. Бұл қасиеттер педагогтің кәсіби міндеттерді саналы түрде орындауына, өз мүмкіндіктерін толық іске асыруына жағдай жасайды. Г. Габунияның зерттеуін талдау оның еңбегінде болашақ мұғалімнің рухани мәдениеті кәсіби даярлықтың өзегін құрайтынын көрсетеді. Автор мұғалім біліктілігі тек әдістемелік дайындықпен шектелмей, оның ішкі рухани байлығы мен адамгершілік-интеллектуалдық сапаларымен анықталатынын негіздейді. Сонымен қатар, білім беру жүйесі мен қоғамдық реформалардың өзара байланысы айқындалып, әлеуметтік-экономикалық жаңғырудың табысты болуы рухани мәдениеті жоғары, жаңаша ойлайтын педагогтарды даярлаумен сабақтас екені көрсетіледі.

Зерттеуде мұғалімнің рухани мәдениеті оның өзін-өзі жетілдіруімен және кәсіби жауапкершілігін саналы қабылдауымен тығыз байланыста қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, педагог пен оқушы арасындағы өзара әрекет білім берумен шектелмей, рухани-мәдени ықпалдастық деңгейіне көтерілуі тиіс екендігі тұжырымдалады. Демек, Г. Габуния рухани мәдениетті - мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін шығармашылыққа ұластырып, білім беру сапасын арттыратын негізгі фактор ретінде сипаттайды [99].

О.А. Бахчиева «Духовно-нравственное воспитание учителя» атты монографиясында мұғалімнің рухани-адамгершілік тәрбиесін оның кәсіби қызметінің мазмұнын айқындайтын жетекші тұлғалық негіздердің бірі ретінде пайымдайды. Бұл құбылыс автор тарапынан мұғалімнің құндылықтық бағдарларының қалыптасуымен, моральдық жауапкершілігінің дамуымен және гуманистік қарым-қатынас мәдениетінің орнығуымен өзара сабақтастықта түсіндіріледі. Сонымен қатар, зерттеуші рухани-адамгершілік тәрбиені жүйелі әрі мақсатты түрде ұйымдастырылатын ұзақ мерзімді педагогикалық үдеріс ретінде қарастырып, оның нәтижелері мұғалімнің кәсіби шешімдерінен, оқушымен өзара әрекет сипатынан және тәрбиелік ықпалының саналы жүзеге асуынан байқалатынын негіздейді.

Ол жоғары оқу орнындағы білім беру кеңістігінің аксиологиялық мазмұнына ерекше назар аударады. Автор педагогикалық пәндер мазмұнын рухани-адамгершілік құндылықтармен байыту, рефлексияға бағытталған оқыту формаларын қолдану және өзін-өзі тәрбиелеу механизмдерін іске қосу болашақ мұғалімнің рухани мәдениетін қалыптастырудың маңызды педагогикалық негіздері екенін дәлелдейді [100].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру мәселесінде Ш.А. Амонашвилидің еңбектері айрықша маңызға ие. Ғалым өзінің және әріптестерінің көпжылдық тәжірибесін жинақтай

отырып, гуманды педагогикалық үдерістегі мұғалім тұлғасына қойылатын іргелі талаптарды айқындады. Ш.А. Амонашвили мұғалімнің келесідей рухани-тұлғалық ұстанымдарын негіздейді:

- баланы сүю және түсіну: бұл мұғалімнің рухани мәдениетінің эмоциялық-құндылықтық негізі болып табылады;

- оптимизм мен шексіздікке сену: баланы үнемі қолдау және оның мүмкіндіктерінің шексіздігіне сену арқылы оқу-тәрбие үдерісінің рухани мазмұнын байыту;

- шынайылық пен адалдық: мұғалімнің бала алдында мейірімді, ашық, адал және өз кәсібіне берілгендігі оның адамгершілік үлгісі ретіндегі рөлін бекітеді.

Сондай-ақ, автор рухани мәдениеттің практикалық көрінісі ретінде келесі басқарушы принциптерді ұсынады:

– ортаны ізгілендіру: мұғалімнен баланың рухани дамуына қолайлы әлеуметтік-педагогикалық кеңістік құруды талап етеді;

– тұлғаны құрметтеу және сабырлылық**:** баланың қалыптасу үдерісінде оның жеке басының қадір-қасиетін құрметтеу және педагогикалық төзімділік таныту [101].

Артамонова Е.И. мұғалімнің рухани мәдениетін тұлғаның кәсіби және өмірлік дамуын айқындайтын интегралды сапа ретінде философиялық-педагогикалық тұрғыда негіздейді. Автордың тұжырымдамасында рухани мәдениет кездейсоқ қалыптасатын қасиет емес, керісінше ішкі логикасы, кезеңдік дамуы және саналы реттелуі бар үдеріс ретінде қарастырылады. Аталған үдеріс мұғалім тұлғасының рухани дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, оның құндылықтық-мағыналық кеңістігінің тереңдеуіне және кәсіби іс-әрекетімен тұтастығына ықпал етеді. Осы тұрғыдан «руханилық» пен «рухани мәдениет» ұғымдары өзара байланысты, бірақ мазмұны жағынан ерекшеленетін категориялар ретінде қарастырылады: руханилық тұлғаның ішкі ұмтылысы мен даму бағытын айқындаса, рухани мәдениет сол ұмтылыстың саналы әрі мақсатты рухани әрекет барысында іске асқан нәтижесін білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда, рухани мәдениет әрдайым рефлексияға, өзін-өзі тануға және өзін-өзі жетілдіруге негізделген саналы жұмыс ретінде сипатталады. Бұл тұжырым рухани мәдениетті педагогикалық зерттеуде аксиологиялық негіз ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Автор мұғалімнің рухани мәдениетінің дамуын өзара сабақтас үш кезең арқылы сипаттайды.

*Бірінші* – ақпараттық кезең, мұнда когнитивтік-бағалаушы және эмоционалдық-қажеттілік компоненттері басымдыққа ие болады. Бұл кезеңде болашақ мұғалім рухани құндылықтар, гуманистік идеялар, кәсіби-этикалық нормалар жөніндегі білімді меңгеріп, оларды саналы түрде түсінуге және эмоционалдық тұрғыда қабылдауға бағытталады. Рухани құндылықтар әлі тұлғаның ішкі сеніміне толық айналмағанымен, оның санасында бастапқы бағдарлар ретінде орнығады.

*Екінші* – аксиологиялық кезең, оның мазмұнын әлеуметтік-этикалық компоненттердің жетекші рөлі айқындайды. Бұл сатыда рухани құндылықтар

тұлғаның ішкі сеніміне, тұрақты құндылық бағдарларына айналып, мұғалімнің кәсіби-адамгершілік ұстанымдарын, педагогикалық идеалын және кәсіби позициясын қалыптастырады. Артамонова бұл кезеңді рухани мәдениеттің өзегін айқындайтын негізгі саты ретінде қарастырады, себебі дәл осы жерде білім құндылыққа айналып, тұлғаның дүниетанымдық жүйесіне енеді.

*Үшінші* – өзін-өзі жетілдіру кезеңі, мұнда мотивациялық-ерік компоненттері басымдық алып, рухани құндылықтардың педагогикалық іс-әрекетте жүзеге асуымен, яғни экстериоризациясымен сипатталады. Бұл кезеңде рухани мәдениет мұғалімнің кәсіби мінез-құлқында, қарым-қатынас стилінде, тәрбиелік ықпалында және педагогикалық шешімдерінде нақты көрініс табады. Рухани құндылықтар мұғалімнің кәсіби әрекетінің ішкі реттеушісіне айналып, оның тұлғалық және кәсіби тұтастығын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, Артамонова мұғалімнің рухани мәдениетін құрылымдық тұрғыдан рухани білімдер, рухани құндылықтар және рухани кемелдену компоненттерінің бірлігі ретінде сипаттайды. Бұл компоненттер мұғалімнің кәсіби позициясында, кәсіби дүниетанымында және жеке рухани стилінде көрініс табады. Автор ұсынған аксиологиялық модель (интенционалдық, операционалдық және идентификациялық блоктар) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік беретін теориялық негіз ретінде айқындалады. Осылайша, Е.И. Артамонованың кезеңдік-аксиологиялық тұжырымдамасы болашақ мұғалімнің рухани мәдениетін қалыптастыруды білімнен құндылыққа, одан іс-әрекетке ұласатын бірізді үдеріс ретінде түсіндіруге негіз болады [102]. Автор ұсынған кезеңдік модель болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін білімді игеруден бастап құндылықтық ұстанымдардың орнығуы мен кәсіби өзін-өзі жетілдіруге дейін қамтитын тұтас педагогикалық жүйе ретінде пайымдауға мүмкіндік береді.

Қазақстандық зерттеуші А.А. Таутенбаева диссертациялық еңбегінде студенттердің ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселесін мәдениетаралық салыстырмалы талдау негізінде шешудің ғылыми негіздерін ұсынады. Қазақ және ағылшын халықтарының мәдени құндылықтарын салыстыра қарастыру арқылы құндылықтардың мазмұны мен мәнін тереңірек ашу мүмкіндігі дәлелденеді. Бұл тұжырым болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруда құндылықтарды тек ұлттық шеңберде емес, кең әлеуметтік-мәдени контексте қарастырудың маңызын айқындайды. Автор құндылықтарды жалпыадамзаттық, XXI ғасырға тән жетекші, әлеуметтік-мәдени және ұлттық рухани-адамгершілік деңгейлерге бөліп қарастырып, жалпыадамзаттық құндылықтардың орнығуын қоғам дамуының тарихи заңдылықтарымен байланыстырады [103]. Осы жіктеу А.А. Таутенбаева еңбектерінде жүйеленіп, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін көпқабатты және күрделі педагогикалық құбылыс ретінде түсіндіруге негіз қалайды. Рухани мәдениет тек жеке моральдық қасиеттермен шектелмей, тұлғаның тарихи, мәдени және әлеуметтік тәжірибені меңгеру

деңгейімен айқындалады. Сонымен қатар, жалпыадамзаттық құндылықтардың орнығуын қоғамның тарихи дамуының заңды нәтижесі ретінде түсіндіруі жоғарыда қарастырылған көзқарастарға сәйкес, рухани мәдениетті кәсіби даярлау үдерісінде статикалық емес, динамикалық, дамушы жүйе ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруды тарихи-мәдени контекстпен сабақтастыра зерттеудің маңызын айқындайды.

Г.А. Ерғалиеваның «Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде студенттердің өзін-өзі тәрбиелеудің педагогикалық шарттары» диссертациялық зерттеуінде студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде өзін-өзі тану және тәрбиелеу мүмкіндіктерін айқындап, құндылықтардың келесідей үш деңгейлі жіктемесін ұсынады:

– жалпыадамзаттық құндылықтар: адамзат дамуының іргелі гуманистік негіздері;

– жоғары сапа деңгейіндегі құндылықтар: тұлғаның интеллектуалдық және мәдени кемелдігін сипаттайтын көрсеткіштер;

– рухани-адамгершілік құндылықтар: мұғалімнің ішкі мазмұны мен кәсіби этикасын құрайтын мәдениет, саясат, әдебиет, Отан Ана, Жер, дін, сонымен қатар ар-ождан, парыз, ерік, жігер, күш, махаббат, қайырымдылық және мейірімділік сияқты категориялардың жиынтығы [104].

Г.А. Ерғалиеваның зерттеу нәтижелері рухани мәдениеттің тек абстрактілі ұғым емес, нақты әлеуметтік-мәдени және тұлғалық-психологиялық қасиеттерден тұратын күрделі жүйе екенін айғақтайды.

Зерттеуіміздің мазмұндық тұрғыда жақын еңбектердің қатарында Р.Ж. Шалтаеваның зерттеуін атауға болады. Автор студенттерді даярлау үдерісінде рухани-адамгершілік тәрбиені психологиялық-педагогикалық пәндердің мазмұны арқылы жүйелі түрде дамытудың мүмкіндіктерін негіздейді. Бұл еңбекте рухани-адамгершілік тәрбие арнайы оқшауланған бағыт ретінде емес, болашақ маманның кәсіби даярлығының ішкі мазмұндық құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Аталған тұжырым біздің зерттеуіміз үшін маңызды, себебі рухани-адамгершілік сапаларды қалыптастыру кәсіби даярлау пәндерінің тәрбиелік әлеуетін мақсатты пайдаланумен тікелей байланысты екендігін дәлелдейді [105].

Осы бағыттағы зерттеулерді Г.А. Омарованың еңбегі толықтырады. Автор студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесін жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жүзеге асырудың педагогикалық тетіктерін айқындай отырып, білім беру мен тәрбиені біртұтас үдеріс ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді. Жаратылыстану пәндерінің мазмұны арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгертудің мүмкіндіктерін эксперименттік жолмен дәлелдеуі тәрбиенің пәндік шеңбермен шектелмейтінін, оның бүкіл білім беру кеңістігіне енуі тиіс екенін айғақтайды [106].

Отандық зерттеуші Д.К. Омаровтың пайымдауынша, болашақ педагогтардың рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру тұлғаның табиғи әлеуеті мен арнайы ұйымдастырылған педагогикалық ықпалдың өзара

байланысы арқылы жүзеге асатын күрделі үдеріс болып табылады. Бұл үдеріс болашақ мұғалімнің рухани-адамгершілік санасын, эмоциялық-сезімдік қатынасын, ерік-жігерін және мінез-құлықтық ұстанымдарын біртұтас дамытуды көздейді [107]. Зерттеушінің тұжырымы рухани-адамгершілік мәдениетті стихиялы қалыптасатын қасиет емес, кәсіби даярлау барысында мақсатты, жүйелі және жоспарлы ұйымдастырылатын оқу-тәрбие жұмысының нәтижесі ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

А.Қ. Демеуовтің «Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы болашақ мұғалімдерді тұлғалық-кәсіби дамыту процесінде рухани және дене мәдениетін интеграциялау» атты диссертациялық зерттеуінде болашақ мұғалімнің рухани мәдениеті тұлғалық-кәсіби дамудың құрамдас бөлігі ретінде құрылымдық тұрғыда негізделеді [108]. Автор рухани мәдениетті когнитивтік, эмоциялық-құндылықтық және іс-әрекеттік компоненттердің бірлігі арқылы сипаттай отырып, оның білімдер, қабілеттер, құндылықтар мен әлеуметтік-нормативтік тәжірибе негізінде қалыптасатынын көрсетеді. Ұсынылған модельде рухани мәдениет педагогикалық іс-әрекетте жүзеге асатын интегративті сапа ретінде қарастырылып, мұғалімнің кәсіби мәртебесі мен әлеуметтік жауапкершілігімен тікелей байланыста талданады.

Д.Н. Кинитаеваның «Духовно-нравственное формирование студентов в технических вузах Казахстана» атты диссертациялық зерттеуінде рухани-адамгершілік қалыптасу кәсіби даярлау үдерісінің мақсатты нәтижесі ретінде қарастырылады [109]. Автор студенттердің рухани-адамгершілік дамуын оқу үдерісінің мазмұнымен, тәрбиелік ортаның ұйымдастырылуымен және педагогикалық ықпалдардың жүйелілігімен байланыстырады.

Айтылған ғылыми тұжырымдарды жинақтай келе, білім беру жүйесіндегі реформалар мен рухани жаңғыру үдерістерінің табыстылығы мұғалімнің рухани мәдениетінің деңгейімен тікелей байланысты екені анықталады. Мұғалімнің рухани мәдениеті оның кәсіби іс-әрекетінің нәтижелілігін қамтамасыз ететін іргелі қасиет қана емес, сонымен қатар қазіргі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайындағы маңызды педагогикалық стратегиялық басымдық ретінде айқындалады. Руханилық болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби маңызды сапаларының деңгейін айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері білім беру жүйесі алдына қойған міндеттерді орындауға бағытталуы керек. Бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың жас және жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың танымдық, әлеуметтік және тұлғалық дамуына жағдай жасауға міндетті. Сонымен қатар, мұғалім білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастырумен қатар, олардың әлеуметтік бейімделуін, қарым-қатынас мәдениетін және құндылық бағдарларын қалыптастыруда жетекші рөл атқарады. Бұл міндеттер мұғалімнің тек пәндік білім беруші емес, сонымен бірге тәрбиелік ықпал етуші, тұлғалық дамуды бағыттаушы субъект ретіндегі қызметін айқындайды.

Зерттеу тұрғысынан алғанда, аталған міндеттерді тиімді жүзеге асыру мұғалімнің кәсіби құзыреттілігімен қатар, оның рухани мәдениетінің деңгейіне тікелей байланысты. Себебі оқушылармен өзара әрекет барысында мұғалімнің адамгершілік ұстанымдары, құндылық бағдарлары және дүниетанымдық көзқарастары білім беру үдерісінің мазмұны мен нәтижелілігін айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Жүргізілген теориялық талдау нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті ұғымын мазмұндық тұрғыдан нақтылауға мүмкіндік береді.

Зерттеулерді жүйелеу мұғалімнің рухани мәдениетінің іргелі өзегін оның *рухани құндылықтар* жүйесі құрайтынын көрсетеді, өйткені дәл осы құндылықтар педагогикалық іс-әрекеттің ішкі мағыналық бағдарын айқындайды. Бұл өз кезегінде мұғалімнің кәсіби қызметінің мазмұны мен бағыттылығы оның қандай құндылықтарды басшылыққа алатынымен тікелей шартталатынын айғақтайды.

Сонымен қатар, талдау нәтижелері мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті тек құндылықтарға ғана емес, оның дүниетанымдық көзқарастарымен де анықталатынын айқындайды. Педагогикалық шындықты қабылдау, білім беру үдерісін интерпретациялау және оқушымен қарым-қатынас орнату тәсілдері мұғалімнің *дүниетанымдық көзқарастары* арқылы жүзеге асады. Демек, дүниетаным мұғалімнің рухани мәдениетінің мазмұндық құрылымында маңызды реттеуші компонент ретінде көрініс табады.

Бұл тұрғыда педагогикалық іс-әрекеттің кәсіби сипаты мұғалімнің әрекетін нақты нормалар мен жауапкершілік шеңберінде жүзеге асыруды талап етеді. Осыған сәйкес, *кәсіби-этикалық нормалар* мұғалімнің рухани мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде айқындалады, өйткені олар педагогикалық өзара әрекеттегі шекараларды, жауапкершілік деңгейін және мінез-құлық стандарттарын белгілейді.

Сонымен қатар, талданған ғылыми еңбектер мұғалімнің тұлғалық деңгейдегі моральдық таңдауларын, мінез-құлық бағдарларын және ішкі сенімдерін сипаттайтын *адамгершілік ұстанымдардың* рухани мәдениеттің тұрақты өзегі ретінде көрініс табатынын дәлелдейді. Бұл ұстанымдар мұғалімнің кәсіби әрекетінде тек жария сипатта ғана емес, нақты педагогикалық жағдаяттарда жүзеге асатын ішкі реттеуші механизм қызметін атқарады.

Аталған мазмұндық компоненттердің шешуші рөлі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ерекше маңызға ие. Себебі бастауыш білім беру кезеңі – баланың танымдық қабілеттерімен қатар, оның базалық құндылық бағдарлары мен дүниетанымының іргетасы қаланатын кезең. Осы кезеңде мұғалім тек ақпарат тасымалдаушы емес, тұлғалық үлгі және рухани-адамгершілік бағдар беруші субъект ретінде танылады.

Бастауыш сынып оқушысының дүниетанымы нақты-бейнелі сипатқа ие болғандықтан, мұғалімнің рухани мәдениетінің көрінісі оқу-тәрбие үдерісіндегі

эмоционалдық ахуал, әділ талап қою мәдениеті және құндылықтарға негізделген диалог арқылы жүзеге асады.

Зерттеу барысында анықталғандай, рухани мәдениеті қалыптасқан болашақ бастауыш сынып мұғалімдері білімді тек ақпараттық деңгейде жеткізумен шектелмей, оны тұлғалық тәжірибе арқылы игертіп, рефлексивті тұрғыда қайта пайымдау негізінде ұсынады. Мұндай жағдайда білім мазмұны тереңдеп, оның тәрбиелік және дамытушылық әлеуеті күшейеді, ал білім алушы үшін ол тұлғалық мәнге ие мағыналы білімге айналады.

Осылайша, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті тұлғаның құндылық бағдарларын айқындайтын, өзінің дербес құндылықтар кеңістігін саналы түрде қалыптастыруына негіз болатын кәсіби маңызды сапа ретінде анықталады. Ол болашақ педагогтың рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгеруінің, оларды педагогикалық қызмет барысында басшылыққа алуының ішкі тетігі қызметін атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті кәсіби тұрғыдан маңызды тұлғалық сапа ретінде сипатталып, оның рухани-адамгершілік құндылықтарға бағдарлануын, тұлғалық өзін-өзі дамытуға ұмтылысын және педагогикалық өзара әрекеттесу үдерісіндегі кәсіби-этикалық және адамгершілік ұстанымдарын айқындайды.

Жүргізілген теориялық талдау рухани мәдениетті болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығы барысында мақсатты түрде қалыптастырылатын, педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны мен нәтижелілігін қамтамасыз ететін кәсіби қажетті тұлғалық сапа ретінде пайымдауға негіз береді. Рухани мәдениет педагогтың кәсіби қызметінде реттеуші қызмет атқарып, оның педагогикалық шешімдері мен тәрбиелік ықпалының құндылықтық бағыттылығын айқындайды.

Осылайша, жүргізілген теориялық талдау «*болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті – оның рухани құндылықтарын, дүниетанымдық көзқарастарын, кәсіби-этикалық нормалары мен адамгершілік ұстанымдарын біріктіретін, педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны мен бағыттылығын айқындайтын кәсіби маңызды тұлғалық сапа*» ретінде нақтыланды.

Ұсынылған анықтама болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің құрылымын мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттер арқылы айқындауға әдіснамалық негіз болып табылады және оның педагогикалық іс-әрекетінде рухани құндылықтарды саналы жүзеге асыру тетіктерін түсіндіруге мүмкіндік береді.

### 1.3 Болашақ бастауыш мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен теориялық моделі

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінің кәсіби даярлау үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл, ең алдымен, мұғалім тұлғасының өскелең ұрпақтың дүниетанымын, моральдық ұстанымдарын және құндылық

бағдарларын қалыптастырудағы жетекші рөлімен айқындалады. Бастауыш сынып мұғалімі білім алушылардың рухани әлеміне алғашқы ықпал ететін негізгі тұлға болғандықтан, оның кәсіби даярлығы тек пәндік және әдістемелік құзыреттермен шектелмей, рухани мәдениетінің қалыптасуын да қамтуы тиіс.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті күрделі, көпқырлы және интегративті сапа ретінде сипатталуы алдыңғы теориялық талдаулармен тікелей байланысты. Жоғарыда айқындалған рухани құндылықтар, дүниетанымдық көзқарастар, кәсіби-этикалық нормалар мен адамгершілік ұстанымдар мұғалімнің рухани мәдениетінің мазмұндық негізін құрай отырып, оның кәсіби іс-әрекетіне деген құндылықтық қатынасын қалыптастырады.

Бұл тұрғыда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруды жекелеген тәрбиелік ықпалдардың жиынтығы ретінде емес, мақсатты түрде ұйымдастырылатын жүйелі әрі кешенді үдеріс ретінде түсіну орынды. Мұндай үдеріс болашақ мұғалімнің кәсіби қалыптасуының негізгі кезеңдерін, атап айтқанда университеттік білім алу кезеңі мен педагогикалық тәжірибені қамтитын біртұтас педагогикалық кеңістік аясында іске асады.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін бұл үдерісті теориялық модель негізінде жобалау және педагогикалық шарттар жүйесін айқындау қажеттілігі туындайды.

Педагогикалық жүйелердің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, білім беру үдерісінің нәтижелілігін арттыру мәселелері қазіргі педагогикалық зерттеулерде жетекші бағыттардың бірі болып табылады. Осы тұрғыда педагогикалық ықпалдың табыстылығын қамтамасыз ететін факторларды анықтау және оларды тәжірибеде жүзеге асыру мәселесі ерекше маңызға ие. Мұндай факторлар педагогика ғылымында «педагогикалық шарттар» ұғымы арқылы айқындалады.

Педагогикалық шарттарды негіздеу үшін алдымен «шарт» ұғымының ғылыми-теориялық мәнін нақтылау қажет. Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, бұл ұғым философияда, психологияда және педагогикада әртүрлі деңгейде қарастырылады, алайда олардың барлығы бір-бірін толықтырады.

«Шарт» ұғымы қоршаған шындықтағы құбылыстардың байланысын сипаттайтын философиялық категория. Мұнда зат немесе пән шартталған, ал шарт объективті әлемдегі құбылыстардың сыртқы байланыстарын сипаттайды. Философия ғылымында «шарт» ұғымы заттар мен құбылыстардың өмір сүруі мен дамуы жүзеге асатын ортаны сипаттайтын категория ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыда шарт себептен өзгеше: себеп құбылысты тудырса, шарт сол құбылыстың жүзеге асуына мүмкіндік беретін кеңістікті, жағдайлар жиынтығын білдіреді [110]. Яғни философиялық тұрғыдан шарт – процестің пайда болуы мен дамуы өтетін объективті орта.

Психология ғылымында шарт ұғымы адамның психикалық дамуын анықтайтын, жеделдететін немесе бәсеңдететін ішкі және сыртқы факторлар жиынтығы ретінде қарастырылады. Бұл факторлар даму үдерісінің

динамикасына және оның нәтижелеріне тікелей ықпал етеді [111]. Мұндай тұжырым шарттарды тұлғалық дамудың алғышарттары ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Аталған философиялық және психологиялық түсіндірулер педагогика ғылымы үшін әдіснамалық негіз болып табылады. Алайда педагогикада «шарт» ұғымы дербес теориялық категория ретінде емес, нақты білім беру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық феномен ретінде қолданылады. Осыған байланысты ғылыми әдебиеттерде «педагогикалық шарттар» ұғымы қалыптасқан. Педагогикалық зерттеулерде педагогикалық шарттар педагогикалық жүйенің тиімді қызмет етуі мен дамуын қамтамасыз ететін факторлар, жағдайлар және арнайы ұйымдастырылған ықпалдар ретінде қарастырылады. Бұл бағыттағы әдіснамалық талдаулар Ю.К. Бабанский, В.И. Андреев, Н.Ю. Посталюк еңбектерінде көрініс тапқан. Атап айтқанда, Ю.К. Бабанский педагогикалық шарттарды оқу үдерісінің компоненттері өзара үйлесімді әрекет ететін, педагогтің тиімді жұмыс істеуіне және білім алушылардың табысты оқуына мүмкіндік жасайтын жағдайлар жүйесі ретінде анықтайды.

В.М. Полонский педагогикалық шарттарды тұлғаның дамуына, тәрбиесіне және білім алуына ықпал ететін табиғи, әлеуметтік, ішкі және сыртқы әсерлердің жиынтығы ретінде сипаттайды [112]. Бұл көзқарас педагогикалық шарттардың тұлғалық дамуымен тікелей байланысын көрсетеді.

Н.В. Ипполитова педагогикалық шарттардың мәнін үш қырынан ашады: біріншіден, олар белгілі бір педагогикалық үдерістің жүзеге асу жағдайларының жиынтығы; екіншіден, бұл жағдайлар тұлғаның дамуына, тәрбиесіне және оқытуына ықпал етеді; үшіншіден, педагогикалық шарттар оқу-тәрбие үдерісін жеделдетуі немесе бәсеңдетуі мүмкін [113]. Бұл тұжырым педагогикалық шарттардың басқарушылық және реттеушілік функциясын айқындайды.

Қазіргі педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық шарттар: педагог саналы түрде жобалайтын; педагогикалық үдерістің барысына елеулі ықпал ететін; жоспарланған нәтижеге қол жеткізуге бағытталған, бірақ нәтижеге толық кепілдік бермейтін сыртқы және ішкі жағдайлар жүйесі ретінде түсіндіріледі [114].

Б.В. Куприяновтың пайымдауынша, педагогикалық шарттар – бұл ғылыми-педагогикалық зерттеу нәтижелерін тексеруге мүмкіндік беретін, білім беру үдерісіндегі тұрақты байланыстарды айқындауға және педагогикалық заңдылықтарды нақтылауға бағытталған жоспарлы жұмыс жүйесі [115]. Бұл бізге педагогикалық шарттарды педагогикалық үдерісті ғылыми тұрғыда ұйымдастыру мен басқарудың құралы екендігін көрсетіп отыр.

А.А. Володин мен Н.Г. Бондаренко педагогикалық шарттарды педагогикалық жүйенің тиімді қызмет етуі мен дамуын қамтамасыз ететін білім беру ортасының әлеуетті мүмкіндіктерін сипаттайтын жүйелік сипаттама ретінде қарастырады [116]. Ал О.В. Розанова мен М.А. Бондаренко педагогикалық шарттарды оқу үдерісінің барлық компоненттерін –

мақсаттарды, мазмұнды, әдістерді, формаларды және құралдарды қамтитын толық педагогикалық кешен ретінде сипаттайды[117]. Бұл көзқарас педагогикалық шарттарды педагогикалық жүйенің тұтастай функционалдық күйін сипаттайтын құрылымдық сипаттама ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді, ал анықтама олардың оқу-тәрбие үдерісінің барлық компоненттерін біріктіретін интегративті сипатын айқындайды.

Ғалымдардың көзқарастарын жалпылай отырып, педагогика теориясы мен практикасында педагогикалық шарттардың бірнеше типологиялық жіктемесі қалыптасқан.

*Әсер ету сипатына қарай* педагогикалық шарттар объективті және субъективті болып бөлінеді. Объективті шарттарға білім беру саласының нормативтік-құқықтық базасы, білім беру ортасының материалдық мүмкіндіктері, әлеуметтік-мәдени жағдайлар жатады. Субъективті шарттар педагогикалық үдеріс субъектілерінің әлеуетін, олардың құндылықтық бағдарларын, кәсіби және тұлғалық дайындық деңгейін сипаттайды.

*Әсер ету объектісінің ерекшелігіне* қарай педагогикалық шарттар жалпы және арнайы болып бөлінеді. Жалпы шарттарға әлеуметтік, экономикалық, мәдени, ұлттық және географиялық факторлар жатса, спецификалық шарттар білім беру ұйымының ерекшеліктерімен, білім алушылар контингентінің сипатымен, педагогикалық ортаның мүмкіндіктерімен байланысты анықталады.

Сонымен қатар В.А. Беликов, Е.И. Козырева, А.О. Малыхин, А.В. Лысенко, Н.В. Журавская ғылыми зерттеулерінде педагогикалық шарттардың мазмұндық сипатына қарай *ұйымдастырушылық-педагогикалық* және *психологиялық-педагогикалық шарттар* ажыратады. Ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар білім беру үдерісінің мазмұнын, формаларын, әдістерін және ұйымдастыру тетіктерін қамтыса, психологиялық-педагогикалық шарттар педагогикалық үдеріс субъектілерінің тұлғалық дамуына, мотивациясына және құндылықтық бағдарларының орнығуына бағытталады. Педагогика теориясы мен практикасында қалыптасқан педагогикалық шарттардың типологиялық жіктемесін төмендегідей 3-суреттен көруге болады.

Осылайша, философия мен психологияда «шарт» ұғымы құбылыстың болу ортасын және даму факторларын түсіндіретін теориялық категория ретінде қарастырылса, педагогика ғылымында педагогикалық шарттар білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында саналы түрде жобаланатын, ұйымдастырылатын және іске асырылатын арнайы педагогикалық жағдайлар жүйесі ретінде айқындалады.

Бұл теориялық тұжырымдар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтаудың әдіснамалық негізін құрайды. Ендігі кезекте аталмыш теориялық ұстанымдарға сүйене отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін тиімді қалыптастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық шарттар жүйесін анықтап, ғылыми тұрғыдан негіздейтін боламыз.




Сурет 3 – Педагогикалық шарттардың типологиялық жіктемесі

Зерттеу барысында қарастырылған теориялық-әдіснамалық негіздер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындауға мүмкіндік берді.

Рухани мәдениет болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығында стихиялы түрде қалыптаспайтын, арнайы педагогикалық ықпалдарды талап ететін күрделі тұлғалық сапа болғандықтан, оны қалыптастыру нақты педагогикалық шарттарды анықтауды талап етеді.

Ғылыми зерттеулерді (Ю.К. Бабанский, Н.В. Ипполитова, Б.В. Куприянов, А.А. Володин, Н.Г. Бондаренко және т.б.) және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлау ерекшеліктерін ескере отырып, біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың төмендегідей өзара байланысты педагогикалық шарттарын айқындадық.

Бірінші педагогикалық шарт – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениет мазмұнына тұрақты қызығушылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісі, ең алдымен, студенттердің рухани мәдениет мазмұнына, педагогикалық мамандықтың миссиясына және мұғалім кәсібінің әлеуметтік-мағыналық рөліне деген тұрақты танымдық және кәсіби қызығушылығының қалыптасуымен айқындалады. Ғылыми зерттеулерде мұндай қызығушылық педагогикалық құндылықтар жүйесінің қалыптасуы мен кәсіби өзін-өзі анықтаудың маңызды алғышарты ретінде қарастырылады [118].

Рухани мәдениет тұлғаның сырттан қойылған талаптарды формалды орындауымен емес, рухани құндылықтардың мазмұнын саналы түрде ұғынып, оларды жеке өмірлік және кәсіби мағыналар жүйесіне енгізуімен сипатталады. Осыған байланысты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінде студенттердің рухани мәдениет мазмұнына деген тұрақты қызығушылығының ситуативті деңгейден тұрақты деңгейге өтуі ерекше мәнге ие. Бұл қызығушылық педагогикалық мамандықты

саналы қабылдаумен, кәсіби миссияны ұғынумен және тәрбиелік жауапкершілікті ішкі қажеттілік ретінде сезінумен тығыз байланысты.

Ғылыми еңбектерде қызығушылық тұлғаның іс-әрекетін белсендіретін ішкі қозғаушы күш ретінде сипатталып, оның кәсіби дамудағы рөлі ерекше атап өтіледі. Тұрақты қызығушылық студенттердің білім мазмұнын терең меңгеруіне, оны тұлғалық мағынамен байланыстыра қабылдауына және болашақ кәсіби іс-әрекетте қолдануға ұмтылуына ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ мұғалімдердің рухани мәдениеті оның педагогикалық іс-әрекетке және рухани құндылықтарға деген құндылықтық-мағыналық қатынасының деңгейімен тікелей байланысты.

П.Б.Дауткалиева «Педагогикалық мамандық студенттерінің кәсіби мотивациясын қалыптастырудың ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінде болашақ педагогтардың кәсіби қызығушылықтары мен уәждерінің олардың рухани-адамгершілік құндылықтарымен және кәсіби жауапкершілігімен өзара байланыста дамитынын дәлелдейді. Автор кәсіби қызығушылықты педагогикалық білім беру үдерісіндегі тұлғаның ішкі дамуын айқындайтын жетекші факторлардың бірі ретінде қарастырады [119].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениет мазмұнына деген тұрақты қызығушылығын дамыту студенттердің рухани мәдениетті педагогикалық қызметтің мазмұндық өзегі ретінде түсінуіне, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың кәсіби мәнін пайымдауына, сондай-ақ педагог мамандығына саналы әрі жауапты қатынас қалыптастыруына негіз болады.

Рухани мәдениет мазмұнына деген тұрақты қызығушылықтың қалыптасуы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық мамандықтың әлеуметтік-мағыналық мәнін терең түсінуіне, кәсіби миссиясын айқындауына және тәрбиелік жауапкершілікті ішкі қажеттілік ретінде қабылдауына ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл қызығушылық студенттердің құндылық бағдарларын айқындап, олардың кәсіби іс-әрекетіне деген саналы, жауапты және шығармашылық қатынасын қалыптастырады.

Екінші педагогикалық шарт – педагогикалық пәндердің мазмұнына ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды кіріктіру арқылы олардың тәрбиелік әлеуетін арттыру.

Аталған педагогикалық шарт болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың мазмұндық-аксиологиялық негізін құрайды. Педагогикалық пәндердің мазмұны болашақ мұғалімдерге кәсіби білім мен іскерлікті меңгертумен ғана шектелмей, ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды саналы түрде қабылдауына және оларды кәсіби іс-әрекетінің мағыналық өзегіне айналдыруына бағытталуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, педагогикалық пәндердің тәрбиелік әлеуетін арттыру білім беру мазмұнының құндылықтық бағдарлануымен тікелей байланысты.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру педагогикалық пәндер мазмұнына кіріктірілген жалпыадамзаттық, рухани және ұлттық құндылықтардың студент тұлғасының ішкі дүниесіне интериоризациялану үдерісі арқылы жүзеге асады. Бұл үдеріс

білім алушының құндылықтарды формалды түрде меңгеруімен емес, оларды саналы түрде қабылдап, жеке мағыналық бағдарларына айналдыруымен сипатталады. Демек, білім мазмұнының құндылықтық тұрғыдан құрылымдалуы болашақ мұғалімнің кәсіби ұстанымдарының рухани негізін қалыптастырады.

Ғылыми әдебиеттерде құндылық ұғымы тұлғаның дүниетанымын, іс-әрекетін және мінез-құлқын реттейтін іргелі категория ретінде қарастырылады. Құндылықтар адамның қажеттіліктерімен, мақсат-мүдделерімен және өмірлік мағыналарымен тығыз байланыста болып, оның мінез-құлқы мен іс-әрекетінің бағыт-бағдарын айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, құндылық тұлғаның ішкі реттеушісі әрі әлеуметтік таңдауларының негізі ретінде көрінеді.

Философиялық еңбектерде құндылық әлеуметтік маңызы мойындалған құбылыс ретінде сипатталып, субъектінің объектіге қатынасын білдіретін, іс-әрекетті мақсатқа бағыттайтын сапа ретінде түсіндіріледі [120]. Ол объективті (қоғамдық маңыздылық) және субъективті (жеке бағалау мен мағыналық ұстаным) аспектілердің бірлігінде қарастырылады.

Психологиялық тұрғыда құндылық тұлғаның ішкі құрылымының өзегін құрайтын, оның мотивтерін, мақсаттарын және өмірлік бағдарларын біріктіретін жүйе ретінде сипатталады. Осыған сәйкес, құндылықтар тұлғаның таңдауларына, шешім қабылдауына және әлеуметтік мінез-құлқына тікелей ықпал етеді. Демек, олар кәсіби және әлеуметтік әрекеттің ішкі реттеуші механизмі қызметін атқарады.

Мотивациялық теориялар контекстінде құндылықтар мәселесі ерекше мәнге ие. Мәселен, А.Маслоу адамның қажеттіліктер иерархиясы теориясында құндылықтарды тұлғаның дамуының жоғары деңгейлерімен байланыстырады: базалық қажеттіліктер қанағаттандырылғаннан кейін тұлға өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған құндылықтарға ұмтылады [121]. Ал В.Франклдің экзистенциалдық тұжырымдамасында құндылықтар өмірдің мәнін іздеудің негізгі тірегі ретінде қарастырылады және тұлғаның ішкі еркіндігі мен жауапкершілігін қамтамасыз етеді [122].

Әлеуметтік-психологиялық зерттеулерде құндылықтар тұлғаның әлеуметтік тәжірибесімен қалыптасатын тұрақты бағдарлар жүйесі ретінде сипатталады. М.Рокич құндылықтарды адамның мінез-құлқы мен өмірлік мақсаттарын айқындайтын тұрақты сенімдер жүйесі ретінде анықтап, олардың иерархиялық құрылымын негіздеді [123]. Иерусалим университетінің профессоры Ш.Шварц құндылықтарды әмбебап мотивациялық типтер жүйесі ретінде қарастырып, олардың мәдениеттер арасындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын эмпирикалық тұрғыда дәлелдеді [124]. Бұл көзқарас құндылықтардың салыстырмалы тұрақты бола отырып, әлеуметтік орта ықпалына тәуелді түрде өзгеретінін көрсетеді.

Педагогикада құндылық – қоғам мен мәдениет үшін маңызды деп танылған идеялар, нормалар мен идеалдардың білім беру үдерісінде тұлға санасына енгізілуі және оның мінез-құлқында көрініс табуы. Осыған сәйкес, құндылықтарға негізделген білім беру оқыту сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады. Зерттеушілер (Д. Н. Эспин, Дж. Д. Чэпмен) білім

беру мазмұнына құндылықтық компонентті енгізу білім алушылардың тұлғалық дамуына, мотивациясына және мінез-құлқына оң әсер ететінін дәлелдейді [125]. Авторлар құндылықтарға негізделген білім беру білім алушылардың адамгершілік және этикалық көзқарастарын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын, олардың жеке дамуын жақсартатынын және қоғамның үйлесімді дамуына ықпал ететінін дәлелдейді.

Ұ.М.Әбдіғапбарова рухани-мәдени құндылықтарды адамның адамдармен қарым-қатынасында, табиғатпен байланысында және қоғаммен өзара әрекетінде жүзеге асатын тұлғалық сапалар жүйесі ретінде түсіндіреді [126]. Бұл тұжырым болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруда ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды педагогикалық пәндер мазмұнына кіріктірудің маңыздылығын негіздейді. Рухани мәдениет бұл тұрғыда абстрактілі ұғым емес, нақты педагогикалық жағдаяттарда көрініс табатын кәсіби-тұлғалық сапа ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, білім беру жүйесіндегі құндылықтардың тұлға дамуына ықпалы тек объективті әлеуметтік жағдайлармен ғана емес, педагогтің мақсатты тәрбиелік қызметімен де шартталатыны ғылыми зерттеулерде дәлелденген. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруда педагогикалық пәндер мазмұнын құндылықтық тұрғыдан қайта құрылымдаудың және оны тәрбиелік бағытта ұсынудың педагогикалық қажеттілігін айқындайды.

Алайда отандық және шетелдік білім беру тәжірибесінде педагогикалық пәндер мазмұнына ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Бірқатар зерттеулерде кәсіби даярлау бағдарламаларында құндылықтық мазмұнның фрагментарлы сипат алатыны және көбіне декларативті деңгейде шектелетіні көрсетіледі. Е.Н.Дауенов жоғары оқу орындарының көпшілігінде болашақ педагогтердің рухани мәдениетін қалыптастыру оқу үдерісінің басым міндеттерінің қатарына енгізілмей келе жатқанын атап көрсетеді [127]. Автордың пікірінше, құндылықтық бағдарлар арнайы педагогикалық ықпалмен бекітілмеген жағдайда, олар студенттің ішкі мағыналық құрылымына айналмайды. Бұл жағдай педагогикалық пәндердің мазмұнын ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтармен мақсатты түрде байытудың қажеттілігін дәлелдейді.

Педагогикалық пәндердің мазмұнына ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды кіріктіру олардың тәрбиелік әлеуетін арттырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық қызметінің әлеуметтік маңызын терең түсінуіне, тәрбиелік жауапкершілігін сезінуіне және кәсіби шешімдерді моральдық тұрғыдан бағалау қабілетінің қалыптасуына ықпал етеді, олардың рухани мәдениетінің дамуына негіз болады [128]. Осылайша, білім беру мазмұнының аксиологиялық тұрғыдан құрылымдалуы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың маңызды педагогикалық шарты ретінде айқындалады.

Аталған педагогикалық шарттың жүзеге асырылуы педагогикалық цикл пәндерінің мазмұнын құндылықтық тұрғыдан байыту, ұлттық және рухани-

адамгершілік идеяларға бағдарланған арнайы оқу курстарын енгізу, сондай-ақ рефлексияға негізделген педагогикалық тапсырмалар мен жағдаяттарды қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

*Үшінші педагогикалық шарт – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін саналы ұғыну мен бағалауға негізделген рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру.*

Аталған педагогикалық шарт болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың іс-әрекеттік-рефлексиялық компонентін жүзеге асыруға бағытталған. Өйткені болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті құндылықтарды меңгерумен немесе оларды теориялық тұрғыда түсінумен ғана шектелмей, тұлғаның өз рухани тәжірибесін саналы түрде ұғынуы, кәсіби іс-әрекетіне рефлексиялық талдау жасауы және оны шығармашылық тұрғыда қайта құра алу қабілеті арқылы көрініс табады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті оның педагогикалық іс-әрекетінде рефлексия мен шығармашылықтың бірлігінде айқындалады. Рефлексия тұлғаның өз ойларын, сезімдерін, құндылықтық ұстанымдарын және әрекеттерін саналы түрде талдап, бағалауына мүмкіндік берсе, шығармашылық педагогикалық жағдаяттарда стандарттан тыс, адамгершілік ұстанымдарға негізделген шешімдер қабылдауға жағдай жасайды. Осы тұрғыдан алғанда, рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекет рухани мәдениеттің тұлғаішілік реттеуші тетігі ретінде сипатталады.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде рефлексия (лат. reflexio – кейінге қарай үңілу) педагогтің кәсіби дамуының маңызды механизмі ретінде қарастырылады. Ол болашақ мұғалімнің кәсіби тәжірибені тек жинақтаумен ғана шектелмей, оны саналы түрде бағалауына, қайта пайымдауына және тұлғалық тұрғыда игеруіне мүмкіндік береді. Рефлексия үдерісінде студент педагогикалық әрекеттің сыртқы нәтижесіне ғана емес, оның моральдық мәніне, тәрбиелік салдарына және құндылықтық негізіне назар аударады. Психологиялық тұрғыдан рефлексия тұлғаның ішкі қайшылықтарын еңсеріп, кәсіби «Мен» бейнесінің рухани тұтастығын қалыптастырады [129]. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімінің моральдық ұстанымдарының орнығуына және кәсіби жауапкершілігінің тереңдеуіне ықпал етеді.

В. И. Андреев болашақ мамандарды даярлау үдерісінде шығармашылық өзін-өзі дамытуды университет кезеңінің өзінде мақсатты түрде қалыптастыру қажеттігін негіздейді. Ғалымның пікірінше, тұлғаның кәсіби қалыптасуы оның өзін саналы түрде тұтас «Мен» ретінде қабылдауынан басталады. Осы тұрғыдан мұғалім шығармашылығы сыртқы әрекеттер жиынтығы емес, ең алдымен тұлғаның өзін-өзі тануы, өзін-өзі бағалауы және өзін-өзі жетілдіруге бағытталған саналы ұмтылысы арқылы айқындалады [130]. Бұл тұжырым болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруда рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті арнайы ұйымдастырудың теориялық негізін қалайды.

Шығармашылық педагогикалық іс-әрекет рухани мәдениеттің практикалық көрінісі ретінде сипатталады. Ол болашақ мұғалімге білім беру

үдерісінде дайын үлгілерді механикалық қолданудан гөрі, тәрбиелік жағдаяттардың мәнін ескере отырып, оқушының жеке ерекшеліктері мен рухани қажеттіліктеріне сәйкес педагогикалық тұрғыдан негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан шығармашылық іс-әрекет рухани мәдениетті кәсіби мінез-құлық деңгейінде бекітетін маңызды фактор болып табылады.

Шығармашылықты іс-әрекет арқылы қалыптастыру бағытын ұстанған П. Я. Гальперин және басқа да ғалымдардың зерттеулерінде шығармашылық қабілеттердің өздігінен қалыптаспайтыны ғылыми тұрғыда дәлелденген. Авторлардың пайымдауынша, шығармашылық әлеует тұлғада бар мүмкіндіктер жиынтығы ғана емес, арнайы ұйымдастырылған, мақсатты және жүйелі рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекет барысында дамитын динамикалық сапа болып табылады [131]. Бұл үдеріс педагогикалық жағдаяттарды талдау, проблемалық тапсырмаларды орындау, моральдық таңдау жасау және өз әрекетіне саналы баға беру арқылы жүзеге асады.

Аталған ғылыми тұжырымдар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруда рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті саналы ұғыну мен бағалауға негіздеп ұйымдастырудың педагогикалық қажеттілігін дәлелдейді. Себебі рухани мәдениет мұғалімнің құндылықтарды білуімен ғана емес, оларды кәсіби жағдаяттарда саналы қолдануымен, моральдық жауапкершілік танытуымен және өз әрекетіне рефлексиялық баға беруімен айқындалады.

Жоғары білім беру жағдайында рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің:

– педагогикалық іс-әрекетке құндылықтық-мағыналық талдау жасау қабілетін дамытуға;

– кәсіби шешімдердің адамгершілік салдарын саналы бағалауға;

– педагогикалық қызметке жауапты әрі саналы қатынас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін саналы ұғыну мен бағалауға негізделген рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру рухани мәдениетті қалыптастырудың іс-әрекеттік-рефлексиялық компонентін қамтамасыз ететін жүйеқұраушы педагогикалық шарт ретінде айқындалады.

Жүргізілген теориялық-әдіснамалық талдау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінің кездейсоқ немесе стихиялы сипатта емес, мақсатты, жүйелі және ғылыми негізделген педагогикалық шарттар жүйесі арқылы жүзеге асырылуы қажеттігін көрсетті. Осыған сәйкес, анықталған педагогикалық шарттар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін тұлғалық және кәсіби тұрғыдан дамытуға бағытталған біртұтас педагогикалық ықпал кешені ретінде қарастырылады.

Аталған педагогикалық шарттар 5-кестеде жинақталып көрсетілді. Кестеде ұсынылған педагогикалық шарттар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық, когнитивтік және іс-әрекеттік-

рефлексиялық компоненттерін кешенді түрде қалыптастыруға бағытталған және олардың өзара бірлікте, сабақтастықта дамуын қамтамасыз етеді.Анықталған педагогикалық шарттарды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің кәсіби маңызды сапа ретінде жүйелі қалыптасуына жағдай жасайды.

Осы тарауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың үш жетекші педагогикалық шарты айқындалып, олар ғылыми тұрғыдан негізделді.

*Бірінші педагогикалық шарт* - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениет мазмұнына тұрақты қызығушылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету - рухани мәдениеттің мотивациялық-құндылық компонентін дамытуға бағытталған. Аталған шарт студенттердің рухани мәдениет мазмұнына, педагогикалық мамандықтың мәніне және мұғалім кәсібінің әлеуметтік-мағыналық рөліне деген тұрақты танымдық әрі кәсіби қызығушылығының қалыптасуымен сипатталады.

Бұл өз кезегінде болашақ мұғалімдердің кәсіби миссиясын саналы түрде ұғынуын, педагогикалық іс-әрекеттің қоғамдық және әлеуметтік маңызын терең түсінуін қамтамасыз етеді.

Кесте 5 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен оның әдістемелік қамтамасыз етілуі

| № | Педагогикалық шарт | Әдістемелік қамтамасыз ету |
|---|---|---|
| 1 | Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениет мазмұнына тұрақты қызығушылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету | Элективті курс: «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің негіздері»<br>ЭЕМ-ге арналған бағдарлама «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің негіздері» электронды оқу құралы |
| 2 | Педагогикалық пәндердің мазмұнына ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды кіріктіру арқылы олардың тәрбиелік әлеуетін арттыру | Элективті курс: «Құндылыққа бағытталған білім берудің теориясы мен әдістемесі»<br>«Педагогика», «Этнопедагогика» пәндерінің мазмұнына қосымшалар. |
| 3 | Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін саналы ұғыну мен бағалауға негізделген рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру | Компьютерлік бағдарлама «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарлары: рефлексиялық күнделік».<br>Компьютерлік бағдарлама «Педагогикалық кейстер мен шығармашылық тапсырмалар» жинағы»<br>«*Рухани және ұлттық құндылықтар сарайы*» үйірме жұмысының бағдарламасы.<br>Рухани-танымдық Instagram-парақша *«Рухани сыр–сандық»* (контент-жоспар және интерактивті тапсырмалар жинағы). |

*Екінші педагогикалық шарт* - педагогикалық пәндердің мазмұнына ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды кіріктіру арқылы олардың тәрбиелік

әлеуетін арттыру - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің когнитивтік компонентін дамытуға бағытталған.

Аталған шарт педагогикалық пәндердің мазмұнын құндылықтық тұрғыдан қайта қарастыруды, білім алушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды саналы меңгеруін және оларды кәсіби іс-әрекетте қолдану қабілетін қалыптастыруды көздейді. Бұл өз кезегінде болашақ мұғалімдердің педагогикалық білімді тек теориялық деңгейде игеріп қана қоймай, оны тұлғалық мағынамен ұштастыра отырып қабылдауына және кәсіби қызметінде құндылықтық бағдар ретінде жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

*Үшінші педагогикалық шарт* - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін саналы ұғыну мен бағалауға негізделген рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру - рухани мәдениеттің іс-әрекеттік-рефлексиялық компонентін дамытады. Рефлексия мен шығармашылықтың бірлігінде болашақ маман өзінің кәсіби тәжірибесін сыни тұрғыдан саралап, рухани мәдениетті кәсіби тұрғыдан қажетті сапа ретінде қабылдайды және оны практикалық педагогикалық іс-әрекетте жүзеге асыруға дайын болады.

Аталған педагогикалық шарттар өзара тығыз байланыста әрекет етіп, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттердің бірлігінде қалыптастыруға бағытталған тұтас педагогикалық жүйені құрайды. Бұл жүйе рухани мәдениетті қалыптастыру үдерісінің нәтижесі ретінде ғана емес, сонымен қатар педагогтің кәсіби іс-әрекетін ішкі құндылықтық-мағыналық тұрғыдан реттейтін тұрақты механизм ретінде қарастыруға негіз болады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісі күрделі, көпқұрылымды педагогикалық құбылыс болғандықтан, оны мақсатты түрде ұйымдастыру үшін теориялық модель құру қажеттілігі туындайды. Теориялық модель зерттеліп отырған үдерістің ішкі логикасын, құрамдас компоненттерінің өзара байланысын және педагогикалық шарттар жүйесін жүзеге асырудың әдістемесін жүйелі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты келесі кезекте *болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделі* әзірленді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісін теориялық тұрғыда негіздеу барысында біз, ең алдымен, жалпығылыми модельдеу әдісіне сүйендік. Бұл әдіс зерттелетін педагогикалық құбылысты тұтас жүйе ретінде қарастыруға, оның мәнді байланыстары мен ішкі құрылымын айқындауға мүмкіндік береді. Модельдеу үдерісі міндетті түрде абстракциялау рәсімдерін қамтиды, яғни зерттеу объектісінің екінші дәрежелі белгілерінен саналы түрде алшақтай отырып, оның мазмұнын айқындайтын негізгі компоненттерін бөліп көрсетуге бағытталады.

Зерттеу үдерісінің теориялық кезеңі педагогикалық шындықты тікелей бақылау немесе эмпирикалық әдістер арқылы емес, идеалдандырылған модельдер, ғылыми абстракциялар және ойлау әрекеттерінің логикалық

операциялары арқылы танумен ерекшеленеді. Бұл кезеңнің нәтижесі ретінде зерттеліп отырған педагогикалық құбылыстың теориялық моделі түзіледі. Мұндай модель педагогикалық жүйенің проблемалық тұстарын айқындауға, оның құрылымдық-компоненттік құрамын жүйелеуге және эмпирикалық тексеруге мүмкіндік беретін зерттеу процедураларын анықтауға бағытталады. Теориялық модель зерттеу логикасының дәйектілігін қамтамасыз етіп, алдағы эксперименттік жұмыстардың бағытын алдын ала болжауға және алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыда интерпретациялауға негіз болады.

Модельдеу – таным объектілерін модельдердің көмегі арқылы зерттейтін тәсіл болып саналады, модельдер ретінде белгілер, символдар немесе объектілер алынады [132]. А.В. Петровскийдің ғылыми көзқарасына сәйкес, теориялық модель – бұл зерттеу нысанының қызмет ету заңдылықтарын бейнелейтін, оның эмпирикалық көріністерін түсіндіруге бағытталған өзара байланысты гипотезалар жүйесі болып табылады [133]. Мұндай модель зерттелетін объектінің шартты және уақытша танымдық баламасы ретінде қабылданады, бұл өз кезегінде оның ықтимал даму динамикасын болжауға және теориялық тұрғыда жобалауға мүмкіндік береді.

Ғылыми еңбектерде модельдеу әдісі көбіне мақсат – құрал – нәтиже арасындағы жүйелі өзара байланыс ретінде сипатталады. Мұнда мақсат педагогикалық құралдарды біртұтас жүйеге біріктіруші өзек ретінде қызмет етеді, ал қолданылатын әдістер мен құралдардың мазмұны қойылған мақсаттар мен міндеттердің мазмұндық бағытымен айқындалады. Бұл тұрғыдан қарағанда, дидактикалық құралдардың жүйелі динамикасы оқу әрекетін кәсіби бағытталған іс-әрекетке айналдыруға бағдарланады [134].

Е.А. Климовтың кәсіби қызметтер классификациясы бойынша, мұғалім мамандығының объектісі адам болып табылатын «адам – адам» типіндегі кәсіптер қатарына жатады. Қызмет сипаты жағынан – бұл түрлендіруші (реформаторлық) мамандық, еңбек құралдары тұрғысынан – функционалдық құралдарға басымдық берілетін кәсіп; ал еңбек жағдайлары бойынша – жоғары моральдық және рухани жауапкершілікті талап ететін мамандық түрі [135]. Бұл жіктеме болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығы тек әдістемелік және технологиялық біліммен шектелмей, олардың рухани мәдениетін қалыптастыруды да міндетті құрамдас бөлік ретінде қарастыру қажеттілігін көрсетеді.

Осыған сәйкес, рухани мәдениетті болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби маңызды тұлғалық сапасы ретінде қарастыру бізді зерттелетін педагогикалық феноменнің теориялық моделін құрастыруға итермелейді. Мұндай модель зерттеу үдерісінің параметрлерін, өлшемдерін, сондай-ақ бағалау көрсеткіштерін айқындауға мүмкіндік береді. Кәсіби-педагогикалық даярлық үдерісінің жүйеқұраушы компоненттері ретінде мақсат, міндеттер, мазмұн, принциптер, әдістер, формалар, құралдар және нәтиже алынуы – педагогикалық жүйенің тұтастығын қамтамасыз етеді.

Модельдеу әдісінің мәнін айқындау барысында біз Б.А. Глинский[136], Н.Д. Хмель[137] және басқа да педагогикалық зерттеушілердің еңбектеріне

сүйендік. Қазіргі заман педагогикасында модельдеу әдісі күрделі педагогикалық жүйелерді ықшам, бірақ құрылымдық жағынан толық сипаттауға, олардың ішкі байланыстарын жүйелеуге және оқыту-тәрбие үдерісін жобалаудың ғылыми негізін құруға мүмкіндік беретін тиімді зерттеу құралы ретінде кеңінен қолданылады.

Лексикографиялық дереккөздерге жүгінсек, «модель» ұғымы латынның modulus сөзінен шыққан, оның негізгі мағыналары – өлшем, үлгі, бейне. Философиялық тұрғыдан модель – зерттеу объектісін тікелей тану мүмкін болмаған жағдайда оны алмастыратын, сол объектінің мәнді қасиеттері мен байланыстарын жаңғырта алатын арнайы жасалған танымдық жүйе ретінде қарастырылады [138]. Ал психологиялық тұрғыда модель оқу әрекетін ұйымдастырудың мазмұндық және іс-әрекеттік аспектілерін біріктіретін құрал ретінде танылады.

Ш.Т. Таубаева модель ұғымын бір объектінің сипаттамасын екінші объектіде бейнелеу арқылы жүзеге асатын бейне-ұқсастық жүйесі ретінде анықтайды[139]. Мұнда модель мен түпнұсқа арасында мағыналық ұқсастық сақталып, модельді зерттеу түпнұсқа жөнінде жаңа ғылыми ақпарат алуға мүмкіндік береді. А.Н. Дахин модельді зерттеу объектісінің құрылымы мен өзара байланыстарын ықшам және жинақы түрде бейнелейтін жасанды когнитивтік жүйе ретінде сипаттайды [140]. М. Вартофскийдің пайымдауынша, модель – идеяның көрінісі және оны іске асырудың динамикалық формасы, яғни ой мен әрекеттің бірлігін бейнелейтін ғылыми категория болып табылады [141].

Осылайша, модельдеу ғылыми таным әдісі ретінде күрделі педагогикалық процестердің даму логикасын алдын ала болжауға, олардың құрылымын теориялық тұрғыда жобалауға және тәжірибелік тексеруге мүмкіндік береді. Зерттеу контексінде модель зерттелетін педагогикалық объектіні ақыл-ой және практикалық аналог ретінде бейнелеп, оның мәндік заңдылықтарын жаңа білім алу көзі ретінде жаңғыртады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделін жасау барысында қазіргі қоғам дамуының әлеуметтік-мәдени трансформациясы, білім беру жүйесінің жаңа талаптары, сондай-ақ білім алушының тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру міндеттері есепке алынды. Осы әдіснамалық негіздер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделін ғылыми тұрғыда жобалауға, оның негізгі компоненттерін, күтілетін нәтижелерін теориялық тұрғыда дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениетін кәсіби маңызды тұлғалық сапа ретінде айқындай отырып, біз оны педагогикалық іс-әрекет барысында рухани құндылықтарын, дүниетанымдық көзқарастарын, кәсіби-этикалық нормалары мен адамгершілік ұстанымдарын саналы түрде жүзеге асыруымен сипатталатын тұтас жүйе ретінде қарастырамыз. Осы анықтамаға сүйене отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің құрылымдық компоненттерін анықтадық.

Модельде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың компоненттері ретінде кәсіби педагогикалық іс-әректтің құрылымын және рухани мәдениеттің тұлғалық әрі кәсіби деңгейде көрініс беру ерекшеліктерін ескере отырып, зерттеліп отырған феноменнің құрылымында өзара тығыз байланыста әрекет ететін үш негізгі компонент айқындалды: мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті.

*Мотивациялық-құндылық компонент*

Мотивациялық-құндылық компонент болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметке, рухани мәдениетке және өзін-өзі рухани дамытуға деген қатынасын сипаттайды және рухани мәдениеттің тұлғалық негізін құрайды. Аталған компонент болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық мамандықты саналы таңдауы, оның тәрбиелік миссиясын ұғынуы, сондай-ақ рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтарды кәсіби маңызы бар ішкі қажеттілік ретінде қабылдауы арқылы көрініс табады.

Психология ғылымында мотив тұлғаның іс-әрекетке итермелейтін ішкі түрткісі, белгілі бір қажеттіліктер мен мақсаттарға негізделген себептер жүйесі ретінде түсіндіріледі. [142]. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби және рухани дамуға деген мотивациясы оның жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарына, сондай-ақ рухани мәдениет мазмұнын түсіну деңгейіне байланысты қалыптасады.

Мотивациялық-құндылық компонент тұлғаның білім алуға және педагогикалық мамандыққа жағымды эмоционалды қатынасын, ішкі уәждерін, өз мамандығына деген жауапкершілік пен қызығушылығын арттырады. Бұл компонент рухани мәдениеттің өзегін құрап, болашақ мұғалімнің өзін-өзі жетілдіруге, ізгілікке ұмтылуға, қоғам мен шәкірт игілігі үшін еңбек етуге бағытталған ішкі күшін дамытады.

Бұл компонент болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтарды саналы түрде қабылдауын, оларды жеке мағыналық бағдарларына айналдыруын және педагогикалық қарым-қатынаста басшылыққа алуын қамтиды. Рухани мәдениеттің мотивациялық-құндылық өзегі тұлғаның кәсіби іс-әрекетке ішкі уәжбен қатысуын, оқушы тұлғасына ізгілікке негізделген көзқарасын және моральдық таңдауларды рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтар негізінде жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

Мотивациялық-құндылық компонент болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың өзегі екенін, ол педагогикалық мамандыққа саналы қатынасты, ішкі кәсіби уәжді және рухани мәдениеттің мазмұнын ұғынуды қамтамасыз ететінін дәлелдейді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мазмұнына сәйкес, оның қалыптасу деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін *мотивациялық-құндылық компонент* өлшемдері (критерийлер) төмендегідей анықталды:

–болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетті кәсіби маңызды құндылық ретінде қабылдауы, педагогикалық қызметтің тәрбиелік

миссиясына деген ішкі уәжінің қалыптасуы және өзін-өзі рухани жетілдіруге бағытталған қажеттілігінің деңгейі;

Ал аталмыш компонент өлшемінің көрсеткіштері келесідей анықталды:

– педагогикалық мамандыққа деген тұрақты қызығушылық және кәсіби қызметке оң уәждің қалыптасуы;

– рухани мәдениетті болашақ мұғалімнің кәсіби қызметінде маңызды құндылық ретінде қабылдауы;

– педагогикалық қызметтің тәрбиелік миссиясын және оның әлеуметтік-мағыналық мәнін саналы түсінуі;

– рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтарды жеке мағыналық бағдарларына айналдыруы;

– оқушы тұлғасына ізгілікке негізделген, тұлғалық-бағдарлы қатынас ұстануы;

– моральдық таңдауларды рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтар негізінде жүзеге асыруы;

– өзін-өзі тұлғалық және рухани жетілдіруге бағытталған тұрақты ұмтылысының болуы.

*Когнитивті компонент.*

Когнитивті компонент болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетке қатысты білімдер жүйесін және оларды саналы түрде меңгеру деңгейін сипаттайды. Аталған компонент болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің философиялық, психологиялық және педагогикалық негіздері туралы пәнаралық білімдерді игеруін, сондай-ақ рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтар мен дүниетанымдық көзқарастардың мәнін кәсіби-педагогикалық қызмет контексінде саналы түсінуін қамтиды.

Когнитивті компонент болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетті тек теориялық тұрғыда меңгеруімен шектелмей, алынған білімдерді педагогикалық жағдаяттарды пайымдауда, тәрбиелік міндеттерді шешуде және кәсіби шешімдер қабылдауда қолдана алу қабілетімен сипатталады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мазмұнына сәйкес, оның қалыптасу деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін *когнитивті компонент* өлшемдері (критерийлер) төмендегідей анықталды:

– рухани мәдениет саласындағы пәнаралық (философиялық, психологиялық және педагогикалық) білімдерді меңгеру деңгейі, сондай-ақ рухани-адамгершілік құндылықтар мен дүниетанымдық көзқарастардың мәнін саналы пайымдауы;

Осыған байланысты когнитивті компоненттің өлшемінің көрсеткіштері ретінде келесідей анықталды:

– рухани мәдениет саласындағы пәнаралық (философиялық, психологиялық және педагогикалық) теориялық білімдерді меңгеру деңгейі;

– тұтас педагогикалық үдерістің заңдылықтары мен принциптерін түсінуі және оларды педагогикалық қызметте саналы түрде басшылыққа алуы;

– педагогикалық жағдаяттарды құндылықтық-мағыналық тұрғыдан талдай алу қабілеті;

– кәсіби іс-әрекетте философиялық, психологиялық және педагогикалық білімдерді саналы әрі мақсатты қолдануы.

*Іс-әрекеттік-рефлексивті компонент.*

Іс-әрекеттік-рефлексивті компонент болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетті педагогикалық іс-әрекетте, кәсіби қарым-қатынаста және педагогикалық жағдаяттарда нақты жүзеге асыру қабілетін, сондай-ақ өз кәсіби әрекетіне саналы рефлексия жасау деңгейін сипаттайды. Аталған компонент рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық іс-әрекетінде, педагогикалық шешімдерінде және тәрбиелік ықпалында көрініс табуын қамтамасыз етеді.

Іс-әрекеттік-рефлексивті компонент болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетті тек ішкі сенімдер мен теориялық түсініктер деңгейінде қабылдауымен шектелмей, оны педагогикалық тәжірибеде саналы қолдануымен, кәсіби әрекетінің нәтижелерін, моральдық салдарын және тәрбиелік ықпалын жүйелі түрде бағалай алу қабілетімен сипатталады.

*Бұл компонент өлшемдері* – рухани құндылықтарды, кәсіби-этикалық нормалар мен адамгершілік ұстанымдарды педагогикалық іс-әрекетте, кәсіби қарым-қатынаста және педагогикалық жағдаяттарда саналы түрде жүзеге асыру және өз педагогикалық іс-әрекетіне рефлексивті талдау жасау қабілеті деп анықталды.

Осыған байланысты іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттің өлшемінің көрсеткіштері анықталды:

– рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтарды педагогикалық іс-әрекетте, кәсіби қарым-қатынаста және педагогикалық жағдаяттарда саналы түрде жүзеге асыруы;

– педагогикалық шешімдерді қабылдауда моральдық-этикалық нормалар мен адамгершілік ұстанымдарды басшылыққа алуы;

– оқушы тұлғасына ізгілікке негізделген, тұлғалық-бағдарлы қарым-қатынас орната алуы;

– педагогикалық әрекеттерінің тәрбиелік салдарын бағалай алу және өз кәсіби мінез-құлқына сыни рефлексия жасау қабілеті;

– кәсіби іс-әрекетінде өзін-өзі дамытуға, түзетуге және жетілдіруге бағытталған тұрақты рефлексивті позиция ұстануы.

Өлшемдер, көрсеткіштер және деңгейлерді құрастыру мәселелері А.К. Маркова [143], Г.Н. Подчалимова [144] және басқа да ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Аталған зерттеулерде педагогикалық іс-әрекетке даярлықтың құрылымы, оның өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері айқындалады. Бұл ғылыми ұстанымдар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін тұлғалық әрі кәсіби маңызды сапа ретінде зерделеу үшін әдіснамалық негіз болып табылады. Осыған байланысты көрсетілген авторлар ұсынған өлшемдік-деңгейлік жүйелер зерттеуіміздің

мақсаты мен мазмұнына сәйкес бейімделіп қолданылды. Рухани мәдениет деңгейін диагностикалау өлшемдері (критерийлері), олардың көрсеткіштері мен деңгейлік сипаттамалары мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттер бойынша анықталып, 6-кестеде көрсетілді.

Ұсынылған өлшемдер (критерийлер) мен көрсеткіштер кешені қалыптасу деңгейлерінің сипаттамаларымен бірлікте зерттелетін феноменнің нәтижесін тек болжауға ғана емес, сонымен қатар оны өлшеуге мүмкіндік береді.

(6-кесте). Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің даму деңгейлерін бөліп көрсету рухани мәдениетінің қалыптасу дәрежесін кешенді түрде анықтауға мүмкіндік береді.

Кесте 6 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері

| Компонент тер | Өлшем (критерий) | Көрсеткіштері | Деңгейлері | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жоғары деңгей | Орта деңгей | Төмен деңгей |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Мотивациялық –құндылық | Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетті кәсіби маңызды құндылық ретінде қабылдауы және өзін-өзі рухани жетілдіруге бағытталған қажеттілігінің деңгейі. | Педагогикалық мамандыққа деген тұрақты қызығушылық | Тұрақты қызығушылық және толық қанағаттану | Қызығушылық, ішінара қанағаттану (саналы қажеттілік) | Қызығушылықтың болмауы және қанағаттанбау. |
| | | Рухани мәдениетті кәсіби маңызды құндылық ретінде қабылдауы | Рухани мәдениетті кәсіби қызметінің жетекші құндылығы ретінде қабылдайды. | Рухани мәдениеттің маңызын мойындайды, бірақ оны жетекші құндылық ретінде қабылдамаған | Рухани мәдениетті кәсіби қызмет үшін маңызды құндылық деп есептемейді. |
| | | Рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтарды интериоризациялауы | Кез келген педагогикалық жағдаяттарда осы құндылықтарды басшылыққа алады. | Құндылықтардың маңызын мойындайды, бірақ оларды жеке бағдарларына толық айналдырмаған. | Құндылықтар тұлғалық бағдар ретінде қалыптаспаған. |
| | | Оқушы тұлғасына ізгілікке негізделген, тұлғалық-бағдарлы қатынас ұстануы | Оқушы тұлғасына ізгілікке негізделген, тұлғалық-бағдарлы қарым-қатынас ұстанады. | Негізінен ізгілік ұстанымдарын сақтайды, бірақ тұрақсыз. | Қарым-қатынаста формалдылық басым. |
| | | Өзін-өзі тұлғалық және рухани жетілдіруге ішкі уәжінің қалыптасуы | Өзін-өзі тұлғалық және рухани жетілдіруге тұрақты ішкі қажеттілік қалыптасқан. | Өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысы бар, бірақ жүйесіз. | Өзін-өзі жетілдіруге бағытталған ішкі қажеттілік қалыптаспаған. |

6-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| Когнитивті | Рухани мәдениет саласындағы пәнаралық (философиялық, психологиялық және педагогикалық) білімдерді меңгеру деңгейі, сондай-ақ рухани-адамгершілік құндылықтар мен дүниетанымдық көзқарастардың мәнін саналы пайымдауы | Рухани мәдениет, рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтар, адамгершілік пен тәрбие ұғымдары бойынша теориялық білім | Рухани мәдениет, рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтар, адамгершілік пен тәрбие ұғымдарына қатысты терең әрі жүйелі теориялық білімге ие. | Негізгі теориялық білімдерді меңгерген, алайда олар жүйесіз, фрагментарлы сипатта. | Теориялық білімі үстірт, жүйесіз немесе жеткіліксіз. |
| | | Тұтас педагогикалық үдерістің заңдылықтары мен принциптерін түсінуі | Тұтас педагогикалық үдерістің заңдылықтары мен принциптерін саналы түсінеді және оларды педагогикалық қызметте мақсатты түрде қолданады. | Заңдылықтар мен принциптерді жалпы түрде түсінеді, қолдануы тұрақсыз. | Заңдылықтар мен принциптерді жеткілікті деңгейде түсінбейді және қолданбайды. |
| | | Педагогикалық жағдаяттарды құндылықтық-мағыналық тұрғыдан талдау қабілеті | Педагогикалық жағдаяттарды құндылықтық-мағыналық тұрғыдан терең талдай алады. | Педагогикалық жағдаяттарды талдайды, бірақ талдау формалды немесе толық емес. | Педагогикалық жағдаяттарды құндылықтық-мағыналық тұрғыдан талдай алмайды. |
| | | Кәсіби іс-әрекетте философиялық, психологиялық және педагогикалық білімдерді қолдану | Философиялық, психологиялық және педагогикалық білімдерді кәсіби іс-әрекетте саналы, мақсатты және кешенді түрде қолданады. | Теориялық білімдерді кәсіби қызметте қолданады, бірақ көбіне үлгілік сипатта. | Теориялық білімдерді қолдануы эпизодтық немесе формалды сипатта. |
| | | Рухани-адамгершілік құндылықтар мен дүниетанымдық көзқарастардың кәсіби мәнін пайымдау | Рухани-адамгершілік құндылықтар мен дүниетанымдық көзқарастардың кәсіби-педагогикалық қызметтегі мәнін саналы әрі дәл пайымдайды. | Құндылықтар мен дүниетанымның кәсіби маңызын жалпылай ғана түсінеді. | Құндылықтар мен дүниетанымның кәсіби пайымдай алмайды. |

6-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| Іс-әрекеттік-рефлексивті | Рухани құндылықтарды, кәсіби-этикалық нормалар мен адамгершілік ұстанымдарды педагогикалық іс-әрекетте, кәсіби қарым-қатынаста және педагогикалық жағдаяттарда саналы түрде жүзеге асыру және өз педагогикалық іс-әрекетіне рефлексивті талдау жасау қабілеті | Рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтарды педагогикалық іс-әрекетте жүзеге асыруы | Рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтарды педагогикалық іс-әрекетте, кәсіби қарым-қатынаста және педагогикалық жағдаяттарда тұрақты әрі саналы түрде жүзеге асырады. | Құндылықтарды педагогикалық іс-әрекетте негізінен жүзеге асырады, бірақ бұл үдеріс тұрақсыз, жағдаятқа тәуелді. | Құндылықтарды педагогикалық іс-әрекетте жүйелі түрде жүзеге асырмайды. |
| | | Педагогикалық шешімдер қабылдауда моральдық-этикалық нормаларды басшылыққа алуы | Педагогикалық шешімдер қабылдауда моральдық-этикалық нормалар мен адамгершілік ұстанымдарды жетекші бағдар ретінде басшылыққа алады. | Моральдық-этикалық нормаларды ескереді, бірақ оларды жүйелі түрде басшылыққа алу жеткіліксіз. | Моральдық-этикалық нормаларды басшылыққа алу айқын байқалмайды. |
| | | Оқушы тұлғасына ізгілікке негізделген, тұлғалық-бағдарлы қарым-қатынас орнатуы | Оқушы тұлғасына ізгілікке негізделген, тұрақты тұлғалық-бағдарлы қарым-қатынас орнатады. | Ізгілікке негізделген қарым-қатынас орнатуға ұмтылады, бірақ тұлғалық-бағдарлы ықпал әрдайым сақталмайды. | Қарым-қатынаста формалдылық басым, тұлғалық-бағдарлы қатынас жеткіліксіз қалыптасқан. |
| | | Педагогикалық әрекеттерінің тәрбиелік салдарын бағалай алуы және рефлексия | Педагогикалық әрекеттерінің тәрбиелік салдарын жүйелі түрде бағалап, кәсіби мінез-құлқына сыни рефлексия жасай алады. | Тәрбиелік салдарды ішінара бағалайды, рефлексия эпизодтық сипатта. | Тәрбиелік салдарды бағалау және рефлексия жасау қабілеті төмен |
| | | Өзін-өзі дамытуға бағытталған рефлексивті позиция ұстануы | Кәсіби іс-әрекетінде өзін-өзі дамытуға, түзетуге және жетілдіруге бағытталған тұрақты рефлексивті позиция ұстанады. | Өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылысы бар, бірақ ол тұрақты емес. | Өзін-өзі дамытуға бағытталған рефлексия жеткіліксіз қалыптасқан |

Рухани мәдениеттің қалыптасуының бір деңгейінен екіншісіне өту алдыңғы деңгейлердің жойылуын білдірмейді, керісінше оның сапалық тұрғыдан жетілуін, тереңдеуін және мазмұндық толықтырылуын көрсетеді. Осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, деңгейі неғұрлым жоғары болған сайын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби маңызды интегративті сапасы ретіндегі рухани мәдениетінің соғұрлым қалыптасқандығы айқындалады.

Зерттеу шеңберінде жобаланған модель педагогикалық модельдеу теориясының қағидаларына сүйене отырып әзірленді және өзара логикалық байланыстағы бірнеше құрылымдық бөліктерден тұрады.

Модельдің құрылымына мақсаты мен міндеттері, әдіснамалық тұғырлары мен принциптері, компоненттері, педагогикалық шарттары, педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесі (әдістемелік қамтамасыз ету, формалары, әдістері, құралдары), сондай-ақ күтілетін нәтижесі енгізілді.

Ұсынылып отырған теориялық *модельдің негізгі мақсаты* – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Аталған модель болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ететін тұтас педагогикалық жүйенің құрылымдық негізін айқындайды. Сонымен қатар ғылыми талдау рухани мәдениет тұлға бойында өздігінен, автоматты түрде қалыптаспайтынын, оның мақсатты түрде ұйымдастырылған педагогикалық іс-әрекет барысында және ғылыми негізделген педагогикалық шарттардың жүйелі түрде жүзеге асырылуы нәтижесінде қалыптасатынын көрсетті. Осыған байланысты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру күрделі, көпфакторлы және жүйелі сипатқа ие педагогикалық үдеріс ретінде қарастырылады. Құрастырылған теориялық модель 4-суретте ұсынылады.

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Мақсаты** | **Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру** | | |
| **Міндеттері** | болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетке тұрақты қызығушылығын қалыптастырып, педагогикалық қызметтің рухани-әлеуметтік маңызын саналы түрде ұғынуына жағдай жасау | болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениет туралы теориялық білімдерін жүйелеп, ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтардың маңыздылығын саналы түрде пайымдауды қамтамасыз | болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетті педагогикалық жағдаяттарда саналы түрде іске асыруына және педагогикалық іс-әрекетін құндылықтық тұрғыда рефлексиялау қабілетін |
| **Әдіснамалық тұғырлар мен принциптер** | мәдениетанулық тұғыр, этнопедагогикалық тұғыр, тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр,жүйелілік тұғыр,құндылықтық тұғыр.<br>гуманизм, мәдени сәйкестік, табиғи сәйкестік, құндылықтық қатынастарға бағдарлану принциптері | | |
| **Компоненттер** | **мотивациалық-құндылық** | **когнититвті** | **іс-әрекеттік-рефлексивті** |
| **Педагогикалық шарттар** | Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениет мазмұнына тұрақты қызығушылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету | Педагогикалық пәндердің мазмұнына ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды кіріктіру арқылы олардың тәрбиелік әлеуетін арттыру | Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін саналы ұғыну мен бағалауға негізделген рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру |
| **Педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесі** | – Элективті курс: «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің негіздері».<br>- ЭЕМ-ге арналған бағдарлама «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің негіздері» электронды оқу құралы. | –«Педагогика», «Этнопедагогика» пәндерінің мазмұнына енгізілген қосымшалар<br>– Элективті курс: «Құндылыққа бағытталған білім берудің теориясы мен әдістемесі» | «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарлары: рефлексиялық күнделік»<br>«Педагогикалық кейстер мен шығармашылық тасырмалар жинағы»<br>«Рухани және ұлттық құндылықтар сарайы» үйірме бағдарламасы<br>Рухани-танымдық Instagram-парақша «Рухани сыр–сандық» (контент-жоспар және интерактивті тапсырмалар жинағы) |
| **Формалар** | дәріс (ақпараттық, проблемалық, интербелсенді), семинар, СӨЖ, тренинг, үйірме жұмыстары, тәрбиелік іс-шаралар. | | |
| **Әдістер** | дәстүрлі; интербелсенді (пікір-талас, рөлдік ойындар); инновациялық (педагогикалық кейс, геймификация, жобалау). | | |
| **Құрал** | көрнекіліктер,оқу материалдары, сандық білім беру ресурстары. | | |
| **Нәтиже** | **Рухани мәдениеті қалыптасқан болашақ бастауыш сынып мұғалімі** | | |

Сурет 4 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделі

Алға қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей міндеттер айқындалды:

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетке тұрақты қызығушылығын қалыптастырып, педагогикалық қызметтің рухани-әлеуметтік маңызын саналы түрде ұғынуына жағдай жасау;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениет туралы теориялық білімдерін жүйелеп, ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтардың маңыздылығын саналы түрде пайымдауды қамтамасыз ету;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетті педагогикалық жағдаяттарда саналы түрде іске асыруына және педагогикалық іс-әрекетін құндылықтық тұрғыда рефлексиялау қабілетін дамыту.

Болашақ бастауыш мұғалімдерінің рухаи мәдениетін қалыптастыру үдерісінде басшылыққа алынатын *әдіснамалық тұғырларды* ғылыми тұрғыда негіздеу қажеттілігі туындайды.

Аталған мәселені негіздеуде В.В. Краевский әдіснаманың мәнін ашуда ғылыми талдаудың бастапқы нүктесін айқындаудың маңыздылығын көрсетеді. Ғалым әдіснаманы кең және тар мағынада бірлікте қарастырып, оны бір жағынан ғылыми таным мен педагогикалық шындықты қайта құру әдістері туралы ілім, екінші жағынан ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің тұғырлары, қағидалары, құрылымы, формалары мен тәсілдері жөніндегі ілім ретінде сипаттайды [145].

Бұл тұжырым болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруды әдіснамалық тұрғыдан негіздеуде ерекше мәнге ие, өйткені ол педагогикалық құбылысты тек сипаттаумен шектелмей, оны құндылықтық-мағыналық бағдарлар негізінде мақсатты түрде түрлендіруді көздейді. Осылайша, әдіснама болашақ мұғалімнің рухани-адамгершілік ұстанымдарын, кәсіби құндылықтарын және өзін-өзі рухани дамытуға бағытталған ішкі уәждерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін тұтас педагогикалық жүйені жобалаудың ғылыми негізі ретінде айқындалады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруды әдіснамалық тұғырлар негізінде қамтамасыз ету мақсаттарды, міндеттерді, білім мазмұнын, оқыту құралдарын, формалары мен әдістерін ғылыми тұрғыда негіздеп таңдауды және оларды білім беру үдерісінде тиімді жүзеге асыруды талап етеді. Мұндай тәсіл зерттелетін үдерістің ішкі байланыстары мен заңдылықтарын айқындауға, сондай-ақ оны мақсатты түрде жобалауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, әдіснамалық тұғырлар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінің теориялық өзегін құрайды.

Зерттеу логикасына сәйкес болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруда мәдениеттанулық, этнопедагогикалық, тұлғалық-іс-әрекеттік, жүйелілік және құндылықтық (аксиологиялық) тұғырлар жетекші әдіснамалық негіз ретінде айқындалды.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «тұғыр» ұғымы зерттелетін құбылысты түсіндіру мен оны жүзеге асырудың әдіснамалық негізі ретінде

қарастырылады. Тұғыр педагогикалық үдерістің философиялық, психологиялық және педагогикалық алғышарттарын, мақсаттарын, принциптерін, сондай-ақ мақсатқа жетудің жолдары мен кезеңдерін айқындауға мүмкіндік беретін кешенді әдіснамалық құрал болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінің әдіснамалық тұғырларын ғылыми тұрғыда негіздеу зерттеудің теориялық тұтастығын қамтамасыз етеді.

*Мәдениеттанулық тұғыр.*

Мәдениеттанулық тұғыр педагогикалық шындықты тану мен түрлендірудің нақты-ғылыми әдіснамасы ретінде аксиологияға – құндылықтар және әлемнің құндылықтық құрылымы туралы ілімге сүйенеді. Осы тұғырдың мазмұнын тереңірек ашу оның құрылымдық қырларын айқындауды талап етеді. Осы тұрғыда Исаев И.Ф. мәдениеттанулық тұғырды өзара тығыз байланысқан үш аспект арқылы қарастырады: аксиологиялық, іс-әрекеттік-технологиялық және тұлғалық-шығармашылық [146].

Талдау нәтижелері көрсеткендей, аксиологиялық аспект педагогикалық үдерісті тұлғаның құндылықтық бағдарларын мақсатты түрде қалыптастыруға бағытталған жүйе ретінде ұйымдастыруды көздейді. Бұл ретте құндылықтық бағдарлар тұлғаның моральдық санасының іргелі құрылымдары ретінде көрініс табады. Пороховская Т.И. оларды адамның рухани болмысының мазмұнын айқындайтын, өзара байланысқан және салыстырмалы тұрақты құндылықтық құрылымдар ретінде сипаттайды. Демек, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінде аксиологиялық аспект құндылықтарды сыртқы мазмұн ретінде меңгерумен шектелмей, олардың тұлғаның ішкі мағыналық жүйесіне айналуын қамтамасыз етеді.

Іс-әрекеттік-технологиялық аспект мәдениетті адам іс-әрекетінің ерекше тәсілі ретінде қарастырумен байланысты. Исаев И.Ф. атап өткендей, мәдениет өзінің әмбебап көрінісін іс-әрекет арқылы табады, сондықтан тұлғаның мәдениетті игеруі оның практикалық әрекет тәсілдерін меңгеруімен тікелей сабақтас. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ мұғалім мәдени мазмұнды тек теориялық деңгейде игеріп қана қоймай, оны педагогикалық практикада жүзеге асыру арқылы бекітеді. Бұл өз кезегінде рухани мәдениеттің іс-әрекеттік негізін қалыптастырып, оның кәсіби қызметпен бірлікте дамуын қамтамасыз етеді.

Тұлғалық-шығармашылық аспект тұлға мен мәдениет арасындағы өзара ықпалдастықтың белсенді сипатын айқындайды. Абульханова-Славская К.А. пікірінше, тұлға мәдениеттің тек тасымалдаушысы ғана емес, сонымен қатар оны қайта жаңғыртып, жаңа мазмұнмен толықтыратын субъект болып табылады. Осыған сәйкес, болашақ мұғалім мәдени құндылықтарды игеру барысында оларды шығармашылық тұрғыдан қайта пайымдап, өзінің кәсіби іс-әрекетінде жүзеге асырады. Бұл үдеріс оның рухани мәдениетінің қалыптасуының жоғары деңгейін және кәсіби-тұлғалық дамуының сапалық көрсеткішін сипаттайды.

Осылайша, Исаев И.Ф. ұсынған мәдениеттанулық тұғырдың аксиологиялық, іс-әрекеттік-технологиялық және тұлғалық-шығармашылық

аспектілерінің бірлікте жүзеге асуы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың тұтас әдіснамалық негізін құрайды.

Аталған тұғыр адамның мәдениетпен объективті байланысына негізделеді. Тұлға мәдениеттің тасымалдаушысы бола отырып, оны меңгеру үдерісінде рухани тұрғыдан дамиды және сонымен қатар мәдениетті жаңа мағыналармен толықтырады. Осы тұрғыдан алғанда, рухани мәдениетті құндылықтар жүйесі ретінде игеру, бір жағынан, болашақ мұғалімнің тұлғалық дамуын қамтамасыз етсе, екінші жағынан, оны кәсіби-педагогикалық қызметте мәдени-шығармашылық субъект ретінде қалыптастырады. Демек, мәдениеттанулық тұғыр рухани мәдениетті болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығының мазмұндық әрі аксиологиялық өзегі ретінде негіздеуге мүмкіндік береді.

*Этнопедагогикалық тұғыр.*

Этнопедагогикалық тұғырдың мәні педагогикалық үдерісті табиғи-тарихи және әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырумен сипатталады. Бұл тұғырда тәрбие адамзат дамуының әмбебап әрі үздіксіз категориясы ретінде түсіндіріліп, педагогикалық үдерістің заңдылықтары объективті сипатқа ие екендігі негізделеді. Аталған көзқарас болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруды ұлттық тәрбие тәжірибесімен, дәстүрлі құндылықтармен және этномәдени мазмұнмен сабақтастыра қарастыруға мүмкіндік береді.

Бұл ұстаным Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасының қағидаларымен үйлеседі. Аталған құжатта этникалық-мәдени білімнің негізгі мақсаты тұлғаның ұлттық өзіндік санасын, этникалық сәйкестігін және мәдени тамырластық сезімін қалыптастыру арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды игеруге жағдай жасау екендігі атап көрсетіледі. Тұжырымдамада білім беру мазмұнын халықтың тарихи тәжірибесімен, тілімен, салт-дәстүрімен және рухани мұрасымен байланыстыру қажеттігі ерекше мәнге ие, бұл этнопедагогикалық тұғырдың мазмұндық өзегін айқындайды [147].

Этнопедагогикалық тұғыр болашақ мұғалімнің рухани мәдениетін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың өзара бірлігінде қалыптастыруды көздейді. Бұл тұрғыда этнопедагогикалық білімді меңгеру тек ақпараттық деңгеймен шектелмей, оны тұлғаның ішкі құндылықтық бағдарларына, кәсіби сенімдері мен педагогикалық ұстанымдарына айналдыруды талап етеді. Аталған тұжырымдамада білім алушының этномәдени тәжірибені саналы түрде қабылдауы мен оны өмірлік және кәсіби іс-әрекетінде жүзеге асыру қабілетін дамыту басты міндеттердің бірі ретінде қарастырылған.

Осыған байланысты этнопедагогикалық тұғырдың маңыздылығы тәрбиелік мазмұнды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің санасына мағыналық деңгейде енгізу және оны кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінде мақсатты түрде жүзеге асыру қабілетін қалыптастыруымен айқындалады. Мұндай жағдайда этнопедагогикалық білім болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде нақты

педагогикалық әрекеттерде, тәрбиелік шешімдер мен құндылықтық таңдауларда көрініс табады.

*Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр.*

Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғырды оның тұлғалық және іс-әрекеттік құрамдас бөліктерінің бірлігі ретінде қарастыра отырып, бірінші компоненттің мәні тұлғалық немесе қазіргі ғылыми әдебиеттерде кеңінен қолданылатын тұлғалық-бағдарлы тұғырмен (И.С. Якиманская, В. А .Болотов , В.В. Сериков және т.б.) өзара сабақтас екенін атап өткен жөн [148-150]. Аталған тұғыр аясында тұлға педагогикалық үдерістің негізгі субъектісі ретінде қарастырылады.

Е.В. Шороховтың пікірінше, тұлғалық тұғыр кең мағынада барлық психикалық үдерістерді, қасиеттер мен күйлерді нақты адамға тән құбылыс ретінде түсіндіруді көздейді; олар тұлғаның жеке және қоғамдық болмысына тәуелді болып, сол болмыстың заңдылықтарымен анықталады [151]. Бұл көзқарас болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінде олардың тұлғалық ерекшеліктерін, құндылықтық бағдарларын және ішкі әлеуетін ескерудің әдіснамалық негізін құрайды.

Тұлғалық аспект білім беру үдерісінде білім алушылардың ұлттық, жас және жыныстық, жеке-психологиялық, әлеуметтік-статустық ерекшеліктерін барынша есепке алуды талап етеді. Мұндай есепке алу оқу мазмұны мен тапсырмалардың құрылымы арқылы, сондай-ақ педагог пен студент арасындағы өзара қарым-қатынастың сипаты арқылы жүзеге асырылады. Бұл болашақ мұғалімнің рухани мәдениетін тұлғалық-мағыналық деңгейде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, С.Л. Рубинштейннің атап көрсетуінше, тұлғалық аспектіні жалғыз әрі абсолютті деп қарастыру психикалық іс-әрекеттің, мінез-құлық пен тұлғалық дамудың объективті заңдылықтарын зерттеуге кедергі келтіреді [152]. Осыған байланысты тұлғалық-іс-әрекеттік тұғырдың екінші маңызды құрамдас бөлігі ретінде іс-әрекеттік аспект қарастырылады. Әрине, тұлғалық және іс-әрекеттік аспектілерді бөлу шартты сипатқа ие және тек теориялық талдау мақсатында жүргізіледі.

Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғырды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруда басшылыққа ала отырып, оның екі аспектісінің өзара ажырамас бірлігін ескеру қажет. Себебі тұлға іс-әрекеттің субъектісі ретінде әрекет етеді, ал іс-әрекет педагогикалық қарым-қатынас сияқты өзге де факторлармен қатар тұлғаның рухани және кәсіби дамуын айқындайды. Осы тұғыр рухани мәдениетті болашақ мұғалімнің тұлғалық сапасы әрі кәсіби іс-әрекетінде көрініс табатын интегративті құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

К.Н. Ахвердиевтің пайымдауынша, тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр аясында тұлға қоғамдық-тарихи дамудың жемісі әрі мәдениеттің негізгі тасымалдаушысы ретінде зерделенеді. Ғалым тұлғаны тек табиғи қасиеттер жиынтығы ретінде қарастыруға жол бермей, оның бірегейлігін интеллектуалдық және адамгершілік еркіндігімен, сондай-ақ құрметке ие болу құқығымен тығыз байланыстырады [153]. Бұл тұжырым болашақ бастауыш

сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінде тұлғаның дербестігі мен ішкі құндылықтық әлеуетін әдіснамалық тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді.

*Жүйелілік тұғыр.*

Жүйелілік тұғыр қазіргі педагогикалық зерттеулерде нысанды тұтас жүйе ретінде қарастыруға бағытталған жалпығылыми әдіснамалық бағыт ретінде түсіндіріледі[154]. Жүйе өзара байланыста болатын және белгілі бір тұтастық пен бірлікті қамтамасыз ететін элементтердің жиынтығы ретінде сипатталады, ал оның әрбір элементі салыстырмалы түрде дербес кіші жүйе ретінде қарастырылуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, жүйелілік тұғыр педагогикалық құбылыстарды олардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігі аясында зерделеуге мүмкіндік береді.

Жүйелілік тұғыр ғылыми таным мен практиканың нысанды жүйе ретінде қарастыруға негізделген әдіснамалық бағыты ретінде педагогикалық құбылыстың тұтастығын ашуға, оның құрылымдық элементтері арасындағы байланыстардың көптүрлілігін анықтауға және оларды біртұтас теориялық негізде түсіндіруге бағыттайды. Осы негізде рухани мәдениетті қалыптастыру үдерісі мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік және нәтижелік компоненттердің өзара байланысында жүзеге асатын тұтас педагогикалық жүйе ретінде сипатталады.

Білім беру саласындағы жүйелілік тұғырдың негізгі міндеті – оқыту үдерісін және білім беру субъектілерінің іс-әрекетін жүйелі ұйымдастыру арқылы қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету. Бұл тұғыр болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруда кәсіби даярлықтың барлық компоненттерін өзара сабақтастыра отырып, педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі педагогикалық зерттеулерде жүйелілік тұғыр нысанды тұтас жүйе ретінде қарастырумен шектелмей, педагогикалық жүйелердің күрделілігін, олардың ішкі және сыртқы факторлармен өзара әрекеттесуін түсінуді де қамтиды. Бұл тұғыр білім беру үдерісін өзара байланысқан мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік және нәтижелік компоненттердің тұтастығы ретінде қарастыруды талап етеді, яғни жүйенің бір элементіндегі өзгеріс бүкіл жүйенің қызметіне ықпал ететінін көрсетеді.

Мәселен, Э. Дж. Куйперс және әріптестері жүйелілік тұғырдың тиімділігін талдай отырып, білім беру жүйесіндегі құрылымдық деңгейлерді саралау арқылы мұғалімдер даярлау жүйесіндегі «түйінді тұтқаларды» анықтаудың маңыздылығын негіздейді. Бұл тәсіл білім беру жүйесін тұтас құрылым ретінде түсінуге және тиімді педагогикалық ықпал ету нүктелерін айқындауға мүмкіндік береді [155].

Осылайша, жүйелілік тұғыр педагогикалық құбылыстарды өзара байланысқан және өзара тәуелді элементтер жиынтығы ретінде зерделеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінде олардың кәсіби, тұлғалық және мәдени компоненттерін біртұтас жүйе ретінде дамытуға бағыттайды. Сондықтан

жүйелілік тұғыр оқыту мен тәрбиелеу үдерістерін өзара сабақтастықта ұйымдастыруға негізделген, рухани мәдениетті қалыптастырудың тиімді әдіснамалық бағыты ретінде айқындалады.

*Құндылықтық(акциологиялық) тұғыр.*

Құндылықтық (аксиологиялық) тұғыр қазіргі педагогикалық ғылым мен тәжірибеде білім беру үдерісін тұлғаның құндылықтар жүйесі арқылы қарастыруға негізделген жетекші әдіснамалық бағыттардың бірі болып табылады. Бұл тұғыр білім беру мазмұны мен педагогикалық іс-әрекеттің өзегіне адамгершілік, мәдени, рухани, эстетикалық және кәсіби құндылықтарды енгізуді көздейді. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру құндылықтарды саналы түрде меңгеру және оларды кәсіби-педагогикалық ұстанымдарға айналдыру үдерісі ретінде қарастырылады.

Аксиологиялық тұғырдың мәні тұлғаның құндылықтық санасын, бағыттылығын және моральдық бағдарларын қалыптастырумен айқындалады. Ол білім беру үдерісінде тұлғаның тек білім мен дағдыларды меңгеруші субъект ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамдық және мәдени құндылықтардың тасымалдаушысы әрі жаңғыртушысы ретінде дамуын қамтамасыз етеді. Бұл болашақ мұғалімнің рухани мәдениетін тұлғалық және кәсіби дамудың тұтас көрсеткіші ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеулер аксиологиялық тұғырдың педагогикалық даярлықтағы маңызын дәлелдейді. Мәселен, Л.А. Шипилина педагогикалық білім беру жүйесінде аксиологиялық тұғырды іске асырудың әдіснамалық негіздерін талдай отырып, мұғалімдерді даярлау үдерісінде құндылықтық бағдарларды айқындау олардың кәсіби және тұлғалық дамуының шешуші факторы екенін көрсетеді [156].

В.З. Антонюк және т.б. тәсіл болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын тұтас жүйе ретінде ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін, сондай-ақ студенттердің педагогикалық мамандыққа деген құндылықтық қатынасын нығайтатынын атап өтеді [157].

Қорытындылай келе, құндылықтық (аксиологиялық) тұғыр болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық өзегін құрайды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті олардың құндылықтық бағдарларын айқындайтын аксиологиялық негіздер жүйесі ретінде қарастырылады [158]. Ол білім алушылардың құндылықтық санасын қалыптастыру арқылы олардың тұлғалық кемелденуін, кәсіби мәдениетін және қоғам алдындағы рухани-адамгершілік жауапкершілігін арттыруға бағытталған тиімді ғылыми негіз болып табылады.

Осылайша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделін негіздеу барысында мәдениеттанулық, этнопедагогикалық, тұлғалық-іс-әрекеттік, жүйелілік және құндылықтық (аксиологиялық) тұғырлар өзара сабақтастықта қарастырылды. Аталған тұғырлар зерттелетін феноменді тұлғалық, мәдени, құндылықтық және кәсіби өлшемдердің бірлігінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Мәдениеттанулық және этнопедагогикалық тұғырлар рухани мәдениетті ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесімен байланыстыра отырып, оның мазмұндық-аксиологиялық негізін айқындайды. Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық үдерістің белсенді субъектісі ретінде қарастырып, рухани мәдениеттің нақты іс-әрекет барысында қалыптасуын қамтамасыз етеді. Жүйелілік тұғыр рухани мәдениетті қалыптастыру үдерісін мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік және нәтижелік компоненттердің бірлігінде жүзеге асатын тұтас педагогикалық жүйе ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Ал құндылықтық (аксиологиялық) тұғыр рухани мәдениеттің адамгершілік және кәсіби өзегін анықтай отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық кемелденуі мен кәсіби жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Осы тұғырлардың интеграциясы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінің теориялық тұтастығын, әдіснамалық негізділігін және практикалық жүзеге асырылу мүмкіндігін айқындайды.

Келесі кезекте алдыға қойылған мақсатқа жету үшін бастапқы бағдарлар, педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың бастапқы бағдарлары ретінде *жетекші принциптерді* айқындау қажеттілігі туындайды. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «ұстаным» ұғымы латын тіліндегі *principium* – бастама, негіз деген мағынаны білдіреді. Педагогикада ұстаным оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырудың негізгі ережесі, жетекші қағидасы ретінде қарастырылады.

Ұстаным белгілі бір заңдылықтарға сүйене отырып, педагогикалық іс-әрекеттің мазмұнын, бағыт-бағдарын және оны жүзеге асыру шарттарын айқындайды. Ол педагогикалық құбылыстарға жалпылама сипат беріп, теориялық тұжырымдарды практикалық іс-әрекетте жүзеге асырудың негізі ретінде қызмет атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, ұстанымдар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінің әдіснамалық тірегі болып табылады.

Зерттеу логикасына сәйкес рухани мәдениетті қалыптастыру үдерісін ұйымдастыруда гуманизм, мәдени сәйкестік, табиғи сәйкестік, құндылықтық қатынастарға бағдарлану принциптері жетекші ұстанымдар ретінде алынды. Аталған принциптер болашақ мұғалімнің тұлғалық дамуын, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруін, сондай-ақ кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінде құндылық бағдарларды саналы түрде жүзеге асыруын қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы принциптерді басшылыққа алу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінің мақсатқа бағытталғандығын, мазмұндық тұтастығын және педагогикалық тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінде гуманизм принципі жетекші әдіснамалық ұстаным ретінде қарастырылады. Бұл принциптің теориялық негізі Я.А. Коменскийдің

адамды табиғаттың ең жоғары жаратылысы ретінде танып, білім беру мазмұнын тұлғаның табиғи болмысына сәйкестендіру қажеттігін негіздеген идеяларынан бастау алады. Ж.-Ж. Руссо тәрбиенің мәнін баланың табиғи ізгілігін сақтау және дамыту арқылы түсіндірсе, К.Д. Ушинский тәрбиенің түпкі мақсатын адамның ішкі рухани күшін жетілдірумен байланыстырды. В.А. Сухомлинский педагогикалық ықпалдың адамгершілік мәнін оқушыға деген сенім мен құрметке негізделген қарым-қатынастан көрді. Бұл көзқарастар А Роляк мақаласында гуманизм принципінің болашақ мұғалімдердің рухани мәдениетін қалыптастырудағы тұлғалық бағдарын айқындайды; атап айтқанда, мұғалім даярлау жүйесінде тұлғаның еркін дамуы мен моральдық жауапкершілігін үйлестіру қажеттілігі атап көрсетіледі [159].

Рухани мәдениетті қалыптастыруда мәдени сәйкестік принципі тәрбиенің ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтармен сабақтастығын қамтамасыз ететін маңызды ұстаным ретінде танылады. Бұл принцип К.Д. Ушинскийдің тәрбиенің халықтық негізі туралы тұжырымдарымен тікелей байланысты. Ш. Уәлиханов пен Ы. Алтынсарин еңбектерінде ұлттық мәдени мұра мен халықтық педагогика тұлғаның рухани қалыптасуының шешуші факторлары ретінде қарастырылды. В.А. Сухомлинский туған өлкенің мәдени ортасын баланың рухани әлемін байытатын негізгі қайнар көз деп бағалады. Осы идеялар қазіргі педагогикалық дискурста Н.С. Чернякова зерттеуінде мәдени және аксиологиялық үйлесім тұжырымдамаларымен толықтырылып, болашақ мұғалімдердің кәсіби жауапкершілігі мен рухани өзіндік санасын қалыптастырудың тиімді шарты ретінде сипатталады [160].

Табиғи сәйкестік принципі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруда тұлғаның жас, психологиялық және жеке даму ерекшеліктерін ескеруді талап етеді. Я.А. Коменский оқыту мен тәрбиенің табиғи даму заңдылықтарына сәйкес ұйымдастырылуы қажеттігін көрсетсе, Ж.-Ж. Руссо баланың еркін дамуына кедергі келтірмей, оның табиғи бейімділіктерін сақтауды ұсынды. И.Г. Песталоцци тұлғаның дамуын ақыл, сезім және әрекеттің үйлесімді бірлігі арқылы түсіндірді.

Құндылықтық қатынастарға бағдарлану принципі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың мазмұндық өзегін айқындайды. Л.Н. Толстой білім берудің мақсатын рухани кемелденген тұлға тәрбиелеумен байланыстырды, ал А.С. Макаренко моральдық құндылықтардың ұжымдық өмір мен жауапкершілік арқылы тәжірибеде орнығатынын көрсетті. В.А. Сухомлинский мұғалім мен оқушы арасындағы рухани байланысты тәрбиелік ықпалдың шешуші шарты ретінде қарастырды. Бұл идеялар қазіргі педагогикалық аксиологияда болашақ мұғалімдердің кәсіби және азаматтық жауапкершілігін қалыптастырудың маңызды тетігі ретінде дамытылуда [161].

Осылайша гуманизм, мәдени сәйкестік, табиғи сәйкестік және құндылықтық қатынастарға бағдарлану принциптері классикалық педагогикалық мұра мен қазіргі ғылыми пайымдаулардың сабақтастығында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың тұтас әдіснамалық негізін құрайды. Бұл принциптердің өзара байланыста

жүзеге асырылуы рухани мәдениетті мұғалімнің тұлғалық және кәсіби дамуының ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қамтамасыз етеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделінің келесі бөлігі педагогикалық шарттар, педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесі (әдістемелік қамтамасыз ету, формалары, әдістері, құралдары) қамтиды (2.2 тарауда кесте түрінде ұсынылады).

Аталған модельде оқыту мен тәрбиелеу үдерісі дәріс, семинар, студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ), тренинг, үйірме және тәрбие жұмыстары сияқты ұйымдастыру формалары арқылы жүзеге асырылады.

Модельде дәстүрлі, интербелсенді (педагогикалық кейс, пікір-талас, рөлдік ойындар) және инновациялық (геймификация, жобалау) әдістер кешенді түрде қолдану көзделген. Оқу үдерісін қамтамасыз ететін құралдар ретінде көрнекіліктер, оқу материалдары және сандық білім беру ресурстары қарастырылады.

Аталған формалар, әдістер мен құралдар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттердің бірлігінде қалыптастыруға бағытталған.

Ұсынылған теориялық модель жалпы ғылыми модельдеу әдісінің талаптарына сәйкес әзірленіп, құраушы бөліктерінің өзара байланысы мен сабақтастығын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты модель болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін мақсатты, жүйелі және ғылыми негізде қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Осы теориялық алғышарттар зерттеу болжамын тәжірибелік жолмен тексеруге және қалыптастыру экспериментін ұйымдастыруға негіз болады.

**1-бөлім бойынша корытынды**

Біріншіден, мәселе бойынша әдебиет көздеріне жүргізілген талдау ең алдымен «рухани мәдениет» ұғымының мәнін нақтылауға бағытталды. Осы мақсатта «мәдениет» және «руханилық» ұғымдарының мазмұны мен өзара байланысы кешенді түрде зерделенді. Жүргізілген талдау нәтижесінде рухани мәдениет - тұлғаның дүниетанымдық көзқарастарының, рухани-адамгершілік құндылықтарының және моральдық-этикалық ұстанымдарының жүйелі бірлігін білдіретін, әлеуметтік жауапкершілікке негізделген іс-әрекетінде көрініс табатын интегративті сапа ретінде нақтыланды.

Аталған теориялық тұжырымдарды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығы контексінде нақтылау нәтижесінде «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті – оның рухани құндылықтарын, дүниетанымдық көзқарастарын, кәсіби-этикалық нормалары мен адамгершілік ұстанымдарын біріктіретін, педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны мен бағыттылығын айқындайтын кәсіби маңызды тұлғалық сапа» деп нақтыланды. Ұсынылған анықтама зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес ғылыми тұрғыда негізделген деп есептейміз.

Екіншіден, зерттеліп отырған феноменнің мәнін ашу негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің құрылымдық компоненттері айқындалды. Рухани мәдениеттің құрылымында өзара тығыз байланыста әрекет ететін мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттер бөлініп көрсетілді. Бұл компоненттер тиісті өлшемдер мен көрсеткіштер жүйесі арқылы нақтыланып, болашақ мұғалімдердің рухани мәдениетінің қалыптасу деңгейін айқындауға және оны педагогикалық үдерісте жүйелі бағалауға мүмкіндік беретіні дәлелденді.

Үшіншіден, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауға арналған білім беру бағдарламаларына жүргізілген аналитикалық талдау рухани мәдениетті қалыптастыруға қатысты мазмұнның көбіне фрагментарлы сипатта берілетінін және оның мақсатты педагогикалық шарттар жүйесімен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмегенін көрсетіп, нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың өзара байланысты педагогикалық шарттар жүйесі негізделді: рухани мәдениет мазмұнына тұрақты қызығушылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету; педагогикалық пәндердің мазмұнына ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды кіріктіру арқылы олардың тәрбиелік әлеуетін арттыру; рухани мәдениетті саналы ұғыну мен бағалауға негізделген рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру.

Төртіншіден, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың мақсаты мен міндеттерін, әдіснамалық тұғырлары мен принциптерін, құрылымдық компоненттерін, педагогикалық шарттарын және оларды жүзеге асыру әдістемесін (әдістемелік қамтамасыз ету, формалары, әдістері, құралдары) қамтитын теориялық моделі жасалды. Аталған теориялық модель жалпығылыми модельдеу әдісі аясында әзірленіп, модельдің құрамдас бөліктері өзара байланыс логикасына сәйкес құрылғандықтан, ғылыми тұрғыда негізделген әрі сенімді деп бағаланады. Осыған байланысты ұсынылған модель ғылыми тұрғыда негізделген және оны педагогикалық үдерісте қолдану болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін тиімді қалыптастыруға ықпал етеді деген қорытынды жасалды.

# 2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТЕКСЕРУ

## 2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың қазіргі жай-күйі

Зерттеудің эксперименттік жұмысы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделін, сондай-ақ зерттеліп отырған феноменді қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігін тексеру өзара сабақтас үш кезеңде жүргізілді.

*Бірінші кезең – анықтау эксперименті* барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың қазіргі жай-күйі 6B01301 – «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламаларына жүргізілген аналитикалық талдау нәтижесінде айқындалды. Сонымен қатар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық, когнитивтік және іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттерінің бастапқы қалыптасу деңгейі диагностикаланды. Бұл кезеңнің нәтижелері диссертациялық жұмыстың осы тарауында ұсынылады.

*Екінші кезең – қалыптастыру эксперименті* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделін және педагогикалық шарттарын жүзеге асыру әдістемесін жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісіне енгізуге бағытталды. Қалыптастыру кезеңінің мазмұны мен алынған нәтижелерін талдау диссертациялық жұмыстың 2.2-тарауында беріледі.

*Үшінші кезең – бақылау эксперименті* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделінің және педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесінің нәтижелілігін анықтауға арналды. Бұл кезеңде бастапқы және қорытынды диагностикалық көрсеткіштер салыстырылып, алынған деректерге сандық және сапалық талдау жасалды. Нәтижесінде ұсынылған теориялық модель мен педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік тұрғыдан дәлелденді. Бақылау экспериментінің нәтижелері диссертациялық жұмыстың 2.3-тарауында ұсынылады.

Анықтау экспериментінің кезеңінде жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың қазіргі жай-күйін талдауға бағытталған алдын ала талдау жұмысы жүргізілді. Аталған жұмыс болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінің педагогикалық білім беру бағдарламаларында қамтылу деңгейін анықтауға арналды.

Осы мақсатта 6B01301 – «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының мазмұны талданып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруға бағытталған оқу пәндері мен модульдердің қамтылу деңгейі анықталды.

Құжаттарды зерделеу барысында оқу пәндерінің мазмұны мен олардың рухани мәдениетті қалыптастыру үдерісіндегі орнының ұтымдылығы мен мақсатқа сәйкестігін анықтау міндеті қойылды. Білім беру бағдарламасының мазмұнын, модульдік құрылымын және жоспарланған оқыту нәтижелерін талдау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру педагогикалық білім беру жүйесінде дербес стратегиялық міндет ретінде енгізілмегенін көрсетті. Соның салдарынан бұл үдеріс мазмұндық, құрылымдық және нәтижелік тұрғыдан жүйелі түрде қамтамасыз етілмей, жекелеген пәндердің тәрбиелік әлеуеті аясында ғана іске асатыны байқалды.

Білім беру бағдарламасының құрылымында рухани мәдениет мазмұнын ішінара қамтитын бірқатар модульдер («Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері», «Педагогикалық даярлау негіздері», «Сынып жетекшісінің қызметін ұйымдастыру») қарастырылғанымен, олардың мазмұнында рухани мәдениет болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби маңызды сапасы ретінде дербес педагогикалық мақсат деңгейінде нақты анықталмаған. Бұл модульдер аясындағы оқу пәндері негізінен жалпы дүниетанымдық, тәрбиелік немесе әдістемелік міндеттерді шешуге бағытталып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруға тек жанама ықпал етумен шектеледі. Сонымен бірге білім беру бағдарламасында рухани мәдениеттің мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттерін кешенді түрде қалыптастыруға бағытталған жүйелі мазмұнның болмауы зерттеліп отырған үдерістің фрагментарлық сипатта жүзеге асырылып отырғанын көрсетеді.

Білім беру бағдарламасының модульдері мен олар бойынша көзделген оқыту нәтижелерін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру тұрғысынан талдау 7-кестеде жүйеленді. Кестеде келтірілген деректер жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі білім беру бағдарламаларында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінің мақсатты, жүйелі және нәтижеге бағдарланған педагогикалық жүйе ретінде жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмейтінін дәлелдейді.

Кесте 7 – 6B01301 білім беру бағдарламасы модульдерінің болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру тұрғысынан талдауы

| Модуль атауы | Оқыту нәтижелері (ОН) | Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруға ықпалы | Талдау қорытындысы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері | ОН1, ОН2 | Рухани үдерістер, азаматтық ұстаным, құндылықтар туралы жалпы түсінік қалыптастырады | Рухани мәдениет дүниетанымдық деңгейде ғана қамтылған |

7-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| Педагогикалық даярлау негіздері | ОН3–ОН7 | Мұғалімнің тәрбиелік қызметіне жанама ықпал етеді | Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру арнайы мақсат ретінде айқындалмаған |
| Негізгі оқыту | ОН8–ОН11 | Қарым-қатынас мәдениеті, әлеуметтік жауапкершілік дамытылады | Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті кәсіби маңызды сапа ретінде жүйеленбеген |
| Сынып жетекшісінің қызметін ұйымдастыру (MINOR) | ОН12–ОН14 | Тәрбиелік әлеуеті жоғары | Мақсатты бағытталған мазмұн мен бағалау критерийлері жоқ |
| Педагогикалық үдерісті ұйымдастыру | ОН15–ОН16 | Кәсіби рефлексияға жанама ықпал етеді | Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру кәсіби рефлексиямен мақсатты түрде ұштастырылмаған |
| Кәсіби пәндер (жаңартылған мазмұн) | ОН17–ОН21 | Кәсіби құзыреттер қалыптастырылады | Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті кәсіби нәтижелермен тікелей байланыстырылмаған |
| Педагогикалық практика | Практикалық іс-әрекет | Тәрбиелік жұмыс жүргізуге мүмкіндік бар | Рефлексия және диагностика жүйесі қарастырылмаған |

Осы талдау нәтижелері білім беру бағдарламасында рухани мәдениетті қалыптастырудың мақсаттық-бағдарлы мазмұны мен күтілетін нәтижелері нақты құрылымдалмағанын көрсетті. Сондықтан зерттеудің келесі кезеңінде (анықтау эксперименті) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің бастапқы деңгейін валидті және сенімді құралдар арқылы эмпирикалық тұрғыда айқындау міндеті қойылды.

Зерттеу міндеттерін жүзеге асыру және ұсынылған ғылыми болжамның негізділігін тексеру мақсатында 2020–2023 жылдар аралығында 6В01301 – «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы аясында білім алатын студенттердің қатысуымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық эксперимент ұйымдастырылды. Эксперимент «Акадаемик Е.А. Бөкетов

атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КЕАҚ мен «І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті» КЕАҚ базасында өткізілді.

Эксперименттің анықтау кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің бастапқы қалыптасу деңгейін айқындауға, зерттеу үшін қажетті эмпирикалық деректерді жинақтауға, сондай-ақ қатысушылар контингентінің сандық және сапалық құрамына талдау жасалды. Аталған кезең педагогикалық зерттеуге қойылатын негізгі әдіснамалық талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылды: барлық респонденттер үшін тең бастапқы жағдайлардың қамтамасыз етілуі; эксперименттің оқу-тәрбие үдерісінің табиғи жағдайында жүргізілуі; алынған диагностикалық мәліметтердің объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз ету.

Педагогикалық экспериментті ұйымдастыру барысында педагогикалық зерттеулерге қойылатын этикалық қағидалар қатаң сақталды. Зерттеуге қатысқан студенттер эксперименттің мақсаты мен міндеттері туралы алдын ала хабардар етіліп, олардың ерікті түрде қатысуы қамтамасыз етілді. Алынған эмпирикалық деректердің құпиялылығы мен анонимділігі сақталып, нәтижелер тек ғылыми мақсатта пайдаланылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа барлығы 130 студент қатысты (эксперименттік топ – 68, бақылау тобы – 62). Алайда анықтау кезеңінің міндеті бастапқы жай-күйді сипаттау болғандықтан, деректер топтар бойынша салыстырмалы түрде емес, біріктірілген жиынтық ретінде өңделді; бұл бастапқы деңгейді барынша объективті айқындауға мүмкіндік берді.

Осы мақсатқа сәйкес диагностикалық құралдарды іріктеу барысында олардың тиімділігі мен қолданбалық мүмкіндіктерін айқындайтын бірқатар талаптар басшылыққа алынды. Атап айтқанда, диагностикалық әдістемелерді таңдауда еңбек сыйымдылығы мен уақыт шығындарының оңтайлылығы, қолданудың қарапайымдылығы, сондай-ақ студенттердің әртүрлі санаттарымен жұмыс барысында әдістерді қайта қолдану мүмкіндігі ескерілді.

Аталған талаптарға сүйене отырып, зерттеуде қолданылған психологиялық-педагогикалық диагностика әдістерінің жиынтығы талданды.

Диагностикалық процедуралардың сапасы бірқатар іргелі ғылыми критерийлер негізінде айқындалады. Солардың ішіндегі жетекші көрсеткіштердің бірі – тұлғалық сапаларды өлшеу нәтижелерінің сенімділігі мен валидтілігі. Сенімділік диагностикалық өлшеулер барысында туындауы мүмкін қателіктер ықтималдығын төмендетіп, алынған нәтижелердің дәлдігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Ғылыми еңбектерде диагностикалық құралдардың интеррейтингтік және тест–ретест сенімділігі нәтижелердің тұрақтылығы мен қайта өндірілуін айқындайтын маңызды психометриялық сипаттамалар ретінде қарастырылады [162].

Диагностикалық деректердің сапасын бағалаудағы екінші маңызды критерий – іріктеменің репрезентативтілігі. Зерттеуде репрезентативті іріктемені қолдану алынған нәтижелердің шынайылығын қамтамасыз етіп, оларды кең популяцияға таратуға негіз қалайды. Бұл өз кезегінде қорытындылардың ғылыми негізділігін және құндылығын күшейтеді [163].

Үшінші критерий ретінде қолданылған диагностикалық әдістемелердің ғылыми негізділігі мен теориялық іргелілігі айқындалады. Диагностикалық құралдардың сапасы олардың теориялық тұғырнамасына, қолдану нұсқаулығының нақтылығы мен толықтығына, сондай-ақ психометриялық сипаттамаларына – нормаларына, сенімділік деңгейіне, конструкциялық және критериялық валидтілігіне тәуелді болып келеді [164].

Осылайша, диагностикалық процедуралардың сапасы өлшеу құралдарының сенімділігі мен валидтілігіне, алынған деректердің репрезентативтілігіне және қолданылған әдістердің ғылыми негізділігіне сүйенетін кешенді сипаттама ретінде қарастырылады. Аталған талаптарды сақтау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін диагностикалау нәтижелерінің дәлдігін, объективтілігін және ғылыми маңыздылығын қамтамасыз етеді.

Кесте 8 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті деңгейін диагностикалаудың кешенді әдістемесі

| Диагностикаланатын компонент | Диагностикалау құралдары |
|---|---|
| Мотивациялық-құндылық | А.А. Реан және В.А. Якунин ұсынған, Н.Ц. Бадмаева модификациялаған *«Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі»*.<br>М. Рокич ұсынған құндылық бағдарларын анықтау әдістемесі. Рухани мәдениетті кәсіби маңызды құндылық ретінде қабылдау: рефлексивті эссе.<br>Авторлық сауалнама (1 бөлім). |
| Когнитивті | Пәнаралық тест (философиялық, психологиялық, педагогикалық блоктар).<br>Педагогикалық кейс.<br>Авторлық сауалнама (2 бөлім). |
| Іс-әрекеттік-рефлексивті | Рефлексивтілік деңгейін анықтау әдістемесі (А.В. Карпов, В.В. Пономарева).<br>Рефлексивті күнделік (авторлық).<br>Авторлық сауалнама (3 бөлім). |

Анықтау эксперименті болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасу деңгейін айқындауға бағытталды.

Анықтау эксперименті барысында мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттерді қамтитын 4-кестеде ұсынылған диагностикалық құралдар кешені қолданылды.

*Мотивациялық-құндылық компонент бойынша талдау.*

Мотивациялық-құндылық компонент болашақ педагогтардың рухани мәдениетті кәсіби маңызды құндылық ретінде қабылдауы, педагогикалық миссияны мағыналық тұрғыда ұғынуы және өзін-өзі рухани жетілдіруге ішкі уәжінің қалыптасуымен айқындалады. Анықтау кезеңінде бұл компонентті

бағалау үшін оқу мотивациясы, құндылық бағдарлары және рефлексиялық пайымдауларды қамтитын әдістемелер кешені қолданылды (4-кесте).

*а) Оқу мотивациясы (А.А. Реан – В.А. Якунин, модификация Н.Ц. Бадмаева.*

*Анықтау эксперименті бірінші кезеңінде* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық компонентінің бастапқы қалыптасу деңгейін айқындау мақсатында бірқатар диагностикалық әдістемелер қолданылды. Солардың ішіндегі алғашқысы – *А.А. Реан мен В.А. Якунин ұсынған, Н.Ц. Бадмаева модификациялаған «Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі»* болды.

Мотивациялық-құндылық компоненттің қалыптасуы болашақ педагогтардың кәсіби қызметке деген тұрақты қызығушылығының, қажеттілігінің, мағыналық және саналы қатынасының дамуымен тікелей байланысты. Аталған үдеріс мұғалім тұлғасын қалыптастырудың аксиологиялық негіздерін басшылыққа ала отырып, рухани мәдениетті кәсіби маңызды құндылық ретінде ұғынуға және оны педагогикалық іс-әрекетте жүзеге асыруға бағытталған тұжырымдамалық көзқарасты қалыптастыруды, сондай-ақ ішкі уәждің тұрақтануын талап етеді.

Осыған сәйкес қолданылған әдістеме студенттердің оқу іс-әрекетіне қатынасын, кәсіби даярлыққа қатысты ішкі және сыртқы уәждерінің арақатынасын, сондай-ақ болашақ педагогикалық қызметке бағытталған құндылықтық бағдарларын анықтауға бағытталған. Әдістеме болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби таңдауға саналы қатынасын, білім алуға деген жауапкершілік деңгейін және оқу мотивациясының тұрақтылығын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Әдістеменің мазмұны мотивацияның келесі негізгі түрлерін айқындауға негізделген:

– ішкі танымдық мотивация (білімге қызығушылық, өзін-өзі дамытуға ұмтылыс);

– кәсіби-мәндік мотивация (болашақ педагогикалық қызметтің әлеуметтік және рухани маңызын түсіну);

– сыртқы мотивация (баға, диплом, әлеуметтік талаптар);

– утилитарлық мотивация (материалдық немесе прагматикалық себептер).

Әдістеме сауалнама түрінде жүргізіліп, студенттерге оқу іс-әрекетінің себептерін сипаттайтын тұжырымдар ұсынылды. Респонденттер әр тұжырымның өздері үшін маңыздылығын баллдық шкала бойынша бағалады. Алынған жауаптар өңделіп, әр мотивациялық түр бойынша баллдық көрсеткіштер анықталды.

Диагностикалық нәтижелерді интерпретациялау барысында мотивациялық-құндылық компоненттің қалыптасу деңгейі үш деңгей бойынша сараланды:

– жоғары деңгей – ішкі және кәсіби-мағыналық мотивацияның басымдығы;

– орта деңгей – ішкі және сыртқы уәждердің аралас көрінісі;

– төмен деңгей – сыртқы және утилитарлық мотивацияның басым болуы.

Әдістеме нәтижелерін талдау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу мотивациясында сыртқы уәждердің айтарлықтай басым екенін көрсетті. Студенттердің едәуір бөлігінде оқу іс-әрекетіне деген қызығушылық бағалармен, диплом алумен және формалды талаптарды орындаумен байланысты екені анықталды. Ал болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті мазмұнына, педагог мамандығының әлеуметтік және кәсіби миссиясына бағытталған ішкі мотивация жеткілікті деңгейде қалыптаспаған.

Алынған деректерді деңгейлер бойынша саралау нәтижелері төмендегідей үрдісті көрсетті: студенттердің басым бөлігі мотивациялық-құндылық компонент бойынша орта және төмен деңгейде, ал ішкі кәсіби мотивациясы айқын көрінетін жоғары деңгейдегі студенттер саны салыстырмалы түрде аз болды.

Бұл жағдай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық негізі жүйелі қалыптаспағанын және жеткіліксіз іске асырылатынын көрсетеді

Әдістеме нәтижелері негізінде респонденттер оқу мотивациясының деңгейлері бойынша (жоғары, орта, төмен) сараланып, сандық көрсеткіштер 9-кестеде берілді.

Кесте 9 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу мотивациясының деңгейлері

| Деңгейлер | студенттер саны (n) | % |
|---|---|---|
| Жоғары | 21 | 16,2 |
| Орта | 54 | 41,5 |
| Төмен | 55 | 42,3 |
| Барлығы | 130 | 100 |

9-кесте деректері студенттердің 42,3%-ында оқу мотивациясының төмен деңгейі басым екенін, ал 41,5%-ында орта деңгей сақталғанын көрсетті. Бұл оқу іс-әрекетінде сыртқы уәждердің (баға, формалды талап, диплом) салыстырмалы түрде ықпалды екенін, кәсіби-мағыналық және ішкі танымдық уәждің тұрақты жетекші деңгейге толық көтерілмегенін аңғартады. Жоғары деңгейдің 16,2% көлемінде болуы мотивациялық негіздің бір бөлігінде ғана орныққанын көрсетті.

Бұл нәтижелер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық компоненті жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын және оны қалыптастыру арнайы ұйымдастырылған педагогикалық шарттарды талап ететінін дәлелдейді.

Осылайша, А.А. Реан мен В.А. Якуниннің (Н.Ц. Бадмаева модификациясындағы) әдістемесі бойынша алынған нәтижелер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық компонентін қалыптастырудың проблемалық аймақтарын айқындауға мүмкіндік берді. Бұл әдістеменің нәтижелері болашақ бастауыш сынып

мұғалімдерінің оқу мотивациясының жалпы бағыттылығын айқындап, рухани мәдениеттің мотивациялық-құндылық компонентін тереңірек зерттеу үшін, рухани мәдениетті кәсіби маңызды құндылық ретінде қабылдау деңгейін айқындау мақсатында авторлық сауалнаманы қолданудың қажеттігін негіздеді.

*ә) Құндылық бағдарлары (М. Рокич)*

*Анықтау экспериментінің екінші кезеңінде* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мотивациялық-құндылық компонентінің бастапқы қалыптасу деңгейін айқындау мақсатында М. Рокич ұсынған құндылық бағдарларын анықтау әдістемесі қолданылды. Нәтижелер терминалдық және инструменталдық құндылықтардың «алғашқы бестікке» ену жиілігі бойынша талданды.

Терминалдық құндылықтар тобы бойынша алынған деректер өзін-өзі дамыту және рухани жетілуге бағытталған құндылықтардың студенттердің барлығында бірдей жетекші орын ала бермейтінін көрсетті. Атап айтқанда, «даму, өзін-өзі жетілдіру» құндылығы студенттердің 32,3%-ында, «таным» – 28,5%-ында, «өмірлік даналық» – 25,4%-ында, ал «басқалардың бақыты» – 21,5%-ында ғана алғашқы бестікке енген. Бұл көрсеткіштер рухани мәдениетке бағдарланған өмірлік мақсаттардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық жүйесінде тұрақты түрде орнықпағанын аңғартады.

Инструменталдық құндылықтар бойынша да ұқсас үрдіс байқалды. «Білімділік» құндылығы респонденттердің 34,6%-ында, «тәрбиелілік» – 31,5%-ында, «көзқарастың кеңдігі» – 29,2%-ында, «сезімталдық» – 23,8%-ында, ал «төзімділік» – 20,0%-ында ғана жетекші орын алған. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне тән кәсіби-маңызды тұлғалық сапалардың студенттердің бір бөлігінде ғана саналы құндылық ретінде қалыптасқанын көрсетеді.

Құндылықтардың «алғашқы бестікке» ену жиілігі олардың тұлғалық иерархияда жетекші орын алу ықтималдығын сипаттайтын индикатор ретінде алынды.

Кесте 10 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарларының алғашқы бестікке ену жиілігі (студенттер саны n = 130)

| Терминалдық құндылықтар | | Инструменталдық құндылықтар | |
|---|---|---|---|
| Құндылықтар | Үлесі (%) | Құндылықтар | Үлесі (%) |
| Өзін-өзі дамыту, рухани жетілу | 32,3 | Білім | 34,6 |
| Таным, білімге ұмтылыс | 28,5 | Тәрбие | 31,5 |
| Өмірлік даналық | 25,4 | Көзқарастың кеңдігі | 29,2 |
| Белсенді өмірлік ұстаным | 24,6 | Сезімталдық | 23,8 |
| Басқалардың бақыты | 21,5 | Төзімділік | 20,0 |

10-кесте нәтижелері рухани мәдениетпен тікелей сабақтас терминалдық (өзін-өзі дамыту, таным, өмірлік даналық) және инструменталдық (білім, тәрбие, көзқарастың кеңдігі) құндылықтардың жетекші орынға шығу жиілігі барлық респонденттерде бірдей тұрақтанбағанын көрсетті. Бұл мотивациялық-құндылық компоненттің бастапқы деңгейі жеткіліксіз екенін және рухани-аксиологиялық мазмұнды кәсіби даярлыққа жүйелі кіріктіру қажеттігін негіздейді.

*б) Авторлық сауалнама (1 бөлім) және рефлексиялық эссе*

*Анықтау экспериментінің үшінші кезеңінде* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасу деңгейін айқындау мақсатында мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттерді қамтитын авторлық кешенді сауалнама әзірленіп, зерттелетін феноменді тұтастай бағалауға бағытталған диагностикалық құрал ретінде қолданылды. Сауалнама мазмұны зерттеу пәніне сәйкес айқындалған критерийлер мен көрсеткіштер негізінде құрастырылды.

Сауалнама әр компонент болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің маңызды қырларын сипаттайтын мазмұндық көрсеткіштер арқылы айқындалды. Мотивациялық-құндылық компонент болашақ педагогтардың рухани мәдениетті кәсіби маңызды құндылық ретінде қабылдауын және өзін-өзі рухани жетілдіруге бағытталған ішкі уәжінің қалыптасуын анықтауға бағытталды. Когнитивті компонент рухани мәдениет саласындағы философиялық, психологиялық және педагогикалық білімдердің меңгерілу деңгейін, сондай-ақ рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтардың мәнін саналы пайымдау қабілетін айқындауды көздеді. Іс-әрекеттік-рефлексивті компонент рухани құндылықтар мен кәсіби-этикалық нормаларды педагогикалық іс-әрекетте жүзеге асыру және өз кәсіби әрекетіне рефлексивті талдау жасау қабілетін анықтауға бағытталды.

Сауалнама 30 тұжырымнан тұрып, жауаптар 5 балдық Ликерт шкаласы бойынша белгіленді. Студенттер сауалнама мақсаты мен мазмұнымен алдын ала таныстырылып, жауап беру барысында еріктілік, анонимділік және алынған деректердің құпиялылығы қағидалары сақталды. Бұл талаптарды сақтау алынған эмпирикалық деректердің объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Сауалнама нәтижелері әр респонденттің барлық тұжырымдар бойынша берген жауаптары негізінде есептеліп, алдымен жеке жауаптар деңгейінде, кейін жалпы интегралды көрсеткіш арқылы өңделді. Әрбір респонденттің рухани мәдениетінің деңгейі орташа баллды есептеу арқылы анықталып, төмен, орта және жоғары деңгейлерге жіктелді. Бұл тәсіл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің деңгейін компоненттерге бөлмей, тұтас педагогикалық феномен ретінде бағалауға мүмкіндік берді.

Алынған нәтижелерді талдау барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті деңгейлері біркелкі емес екені анықталды.

Сауалнама тұжырымдары бойынша жүргізілген мазмұндық талдау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани құндылықтарды

мойындағанымен, оларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетпен тұрақты түрде байланыстыруда белгілі бір қиындықтардың бар екенін көрсетті. Әсіресе рухани мәдениетті педагогикалық шешім қабылдау, кәсіби мінез-құлық және рефлексиялық әрекетпен ұштастыру мәселелерінде екіұштылық пен тұрақсыздық байқалды.

Осылайша, анықтау экспериментінің келесі кезеңінде жүргізілген сауалнама нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің бастапқы деңгейін кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік берді.

Жауаптар өңделу барысында кері тұжырымдар (6, 16, 26) кері кодталып, әр респондент үшін интегралды орташа балл есептелді. Интегралды көрсеткіш бойынша деңгейлер төмендегідей интерпретацияланды: 1,00–2,33 – төмен; 2,34–3,66 – орта; 3,67–5,00 – жоғары. Осы негізде респонденттер рухани мәдениеттің қалыптасу деңгейлері бойынша топтастырылып, нәтижелер 11-кестеде көрсетілді.

Кесте 11 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасу деңгейі

| Деңгейлер | студенттер саны (n) | % |
|---|---|---|
| Жоғары | 18 | 13,8 % |
| Орта | 67 | 51,5 % |
| Төмен | 45 | 34,7 % |
| Барлығы | 130 | 100 % |
| Ескерту: деңгейлер респонденттердің сауалнама бойынша есептелген орташа интегралды баллы негізінде анықталды (1,00–2,33 – төмен; 2,34–3,66 – орта; 3,67–5,00 – жоғары). | | |

11-кестеде келтірілген деректер анықтау эксперименті кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасу деңгейі біркелкі емес екенін көрсетеді. Атап айтқанда, студенттердің 51,5 %-ы орта деңгейді көрсетті, бұл рухани мәдениетке қатысты белгілі бір түсініктер мен құндылықтық бағдарлардың қалыптасқанын, алайда олардың тұрақты кәсіби ұстанымға толық айналмағанын аңғартады. Сонымен қатар, респонденттердің 34,7 %-ының төмен деңгейде болуы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің елеулі бөлігінде рухани мәдениетті кәсіби маңызды сапа ретінде қабылдау жеткіліксіз екенін және өзін-өзі рухани әрі тұлғалық жетілдіруге бағытталған ішкі уәждің әлсіз қалыптасқанын көрсетеді. Бұл жағдай рухани мәдениетті қалыптастыру үдерісінің педагогикалық білім беру жүйесінде мақсатты түрде ұйымдастырылмағанын дәлелдейді. Жоғары деңгей көрсеткіші небәрі 13,8 % құрап, салыстырмалы түрде шектеулі үлесті иеленуі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің жоғары деңгейде өздігінен қалыптаспайтынын және оны дамыту үшін арнайы педагогикалық шарттар қажеттілігін айқындайды.

Сонымен қатар, мотивациялық-құндылық компоненті бойынша «Рухани мәдениетті кәсіби маңызды құндылық ретінде қабылдау» тақырыбында рефлексивті эссе жазу ұсынылды. Аталған рефлексиялық эссе студенттердің рухани мәдениетті кәсіби маңызды құндылық ретінде ұғыну деңгейін, болашақ педагогикалық қызметке қатысты құндылықтық қатынасын, сондай-ақ ішкі уәждерінің қалыптасу сипатын анықтауға бағытталды.

Эссе мазмұны болашақ мұғалімнің кәсіби өзіндік анықталуын, құндылықтық бағдарларын және педагогикалық іс-әрекеттегі кәсіби-этикалық және адамгершілік ұстанымдарын айқындауға мүмкіндік берді.

Осы әдісті қолдану мотивациялық-құндылық компонентті бағалауды сапалық тұрғыдан толықтырып, сауалнама мен стандартталған әдістемелер нәтижелерін нақтылауға, алынған деректердің сенімділігі мен валидтілігін арттыруға жағдай жасады.

Рефлексиялық эссе нәтижелерін сандық өңдеу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мотивациялық-құндылық компонентінің қалыптасу деңгейін айқындауға мүмкіндік берді, 12-кесте деректерінен айқын көрінеді. Бағалау алдын ала белгіленген критерий мен деңгейлік дескрипторлар негізінде жүзеге асырылды. Рефлексиялық эссе нәтижелерінің сандық талдауы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мотивациялық-құндылық компонентінің қалыптасу деңгейінің жеткіліксіз екенін көрсетті. Зерттеуге қатысқан студенттердің тек 16,2%-ы жоғары деңгейге жетіп, рухани мәдениетті болашақ кәсіби іс-әрекетте қажетті тұлғалық сапа ретінде саналы түрде қабылдайтынын көрсетті. Студенттердің 45,4%-ы орта деңгейде анықталып, рухани мәдениеттің маңызын түсінгенімен, оны педагогикалық қызметпен жүйелі түрде байланыстыруда қиындықтар байқалды. Төмен деңгейдегі студенттер үлесінің басым болуы (38,4%) олардың рухани мәдениеттің кәсіби мәнін үстірт қабылдайтынын және ішкі уәждің жеткіліксіз қалыптасқанын айқындайды.

Сандық нәтижелер эссе мазмұнымен салыстырыла талданып, компоненттің қалыптасу сипаты нақтыланды.

Сапалық талдау эссе мәтіндерінің мазмұндық ерекшеліктерін тереңірек ашуға бағытталды. Жоғары деңгейдегі студенттердің жұмыстарында рухани мәдениет педагогикалық қызметтің ажырамас бөлігі ретінде сипатталып, адамгершілік, кәсіби-этикалық жауапкершілік және оқушы тұлғасына ізгілікпен қарау ұстанымдарымен тығыз байланыста қарастырылды. Бұл студенттер болашақ кәсіби қызметінде рухани құндылықтарды саналы түрде жүзеге асыруға дайын екендігін көрсетті. Орта деңгейдегі студенттердің эсселерінде рухани мәдениеттің маңыздылығы мойындалғанымен, пайымдаулар көбіне жалпылама сипатта болды. Құндылықтық бағдарлар жалпылама түрде ғана беріліп, нақты педагогикалық жағдаяттармен байланысы жеткілікті деңгейде ашылмады. Төмен деңгейдегі студенттердің жұмыстарында рухани мәдениет абстрактілі ұғым ретінде қабылданып, болашақ кәсіби іс-әрекетпен байланысы әлсіз немесе фрагментарлы түрде көрініс тапты. Мұндай жауаптарда ішкі уәжден гөрі сыртқы факторларға сүйену басым болды. Сапалық талдау нәтижелері сандық деректерді толықтыра отырып, мотивациялық-құндылық

компоненттің мазмұндық ерекшеліктерін нақтылауға және алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Кесте 12 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасу деңгейі (рефлексиялық эссе нәтижелері бойынша)

| Деңгейлер | студенттер саны (n) | % |
|---|---|---|
| Жоғары | 21 | 16,2 % |
| Орта | 59 | 45,4 % |
| Төмен | 50 | 38,4 % |
| Барлығы | 130 | 100 % |

*Когнитивті компонент бойынша талдау.*

Когнитивті компонентті диагностикалау мақсатында пәнаралық тест және педагогикалық кейс әдісі қолданылды. Пәнаралық тест философиялық, психологиялық және педагогикалық блоктарды қамтып, студенттердің рухани мәдениет ұғымының мәнін, оның тұлға дамуы мен педагогикалық іс-әрекеттегі рөлін түсіну деңгейін анықтауға бағытталды. Аталған тест болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениет саласындағы теориялық білімдерінің жүйелілігін, негізгі ұғымдарды саналы түрде меңгеруін және пәнаралық байланыстарды түсіну деңгейін айқындауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар педагогикалық кейс әдісі қолданылып, ол болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетке қатысты теориялық білімдерін педагогикалық жағдаяттарды талдау және шешу үдерісінде қолдану қабілетін анықтауға бағытталды. Педагогикалық кейс әдісі студенттердің кәсіби ойлауын, пәнаралық білімдерді интеграциялауын, сондай-ақ педагогикалық шешімдерді кәсіби-этикалық және адамгершілік ұстанымдар негізінде қабылдау деңгейін бағалауға мүмкіндік берді.

Кесте 13 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің когнитивті компонентінің қалыптасу деңгейі (пәнаралық тест пен педагогикалық кейс нәтижелері бойынша)

| Деңгейлер | Пәнаралық тест студенттер саны (n) | Пәнаралық тест (%) | Педагогикалық кейс студенттер саны (n) | Педагогикалық кейс (%) |
|---|---|---|---|---|
| Жоғары | 24 | 18,5 | 20 | 15,4 |
| Орта | 58 | 44,6 | 54 | 41,5 |
| Төмен | 48 | 36,9 | 56 | 43,1 |
| Барлығы | 130 | 100 | 130 | 100 |

13-кесте деректерінен көрініп тұрғандай, когнитивті компоненттің қалыптасу деңгейі пәнаралық тест пен педагогикалық кейс нәтижелердің біркелкі емес екенін көрсетеді. Пәнаралық тест бойынша жоғары деңгей 18,5%-

ды құраса, педагогикалық кейс нәтижелерінде бұл көрсеткіш 15,4%-ға төмендеген. Бұл студенттердің теориялық білімді меңгеру деңгейіне қарағанда, оны нақты педагогикалық жағдаяттарда қолдану қабілетінің төмен екенін көрсетеді. Орта деңгейдегі студенттер үлесі екі әдіс бойынша да басым (44,6% және 41,5%), алайда педагогикалық кейс нәтижелерінде төмен деңгей көрсеткішінің жоғары болуы (43,1%) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби жағдаяттарды шешуде пәнаралық білімдерді интеграциялау дағдыларының жеткіліксіз қалыптасқанын айқындайды. Алынған деректер когнитивті компонентті мақсатты түрде дамыту қажеттігін дәлелдейді.

*Іс-әрекеттік-рефлексивті компонент бойынша талдау.*

Іс-әрекеттік-рефлексивті компонентті диагностикалау мақсатында рефлексивтілік деңгейін анықтауға арналған А.В. Карпов пен В.В. Пономарева ұсынған әдістеме, авторлық рефлексивті күнделік, сондай-ақ авторлық сауалнама қолданылды.

Аталған әдістеме студенттердің өзіндік іс-әрекетін талдау, кәсіби тәжірибесін саналы пайымдау, қабылданған педагогикалық шешімдерді бағалау және өзін-өзі дамытуға бағытталған рефлексия деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Әдістеме нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексивті ойлау қабілетінің қалыптасу деңгейін, педагогикалық іс-әрекеттегі өзіндік талдау мен түзетуге дайындық сипатын айқындауға бағытталды. Нәтижелерді сараптау бойынша деректер пайыздық көрсеткіштер арқылы 14-кестеде ұсынылады.

Кесте 14 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің іс-әрекеттік-рефлексивті компонентінің қалыптасу деңгейі (А.В. Карпов пен В.В. Пономарева ұсынған әдістемесі бойынша)

| Деңгейлер | Студенттер саны (n) | % |
|---|---|---|
| Жоғары | 28 | 21,5% |
| Орта | 57 | 43,8 % |
| Төмен | 45 | 34,7 % |
| Барлығы | 130 | 100 % |

Зерттеуге қатысқан студенттердің 21,5%-ы жоғары деңгейде анықталып, олар өз іс-әрекетін саналы түрде талдай алатынын, педагогикалық шешімдеріне рефлексия жасап, өзін-өзі дамытуға ұмтылатынын көрсетті. Студенттердің басым бөлігі (43,8%) орта деңгейге жатқызылып, оларда рефлексия жасау дағдылары қалыптасқанымен, бұл қабілет тұрақтылықты көрсетпейді. Төмен деңгейдегі студенттер үлесі 34,7%-ды құрап, олардың жауаптарында өз іс-әрекетін талдау мен кәсіби тәжірибесін бағалауда қиындықтар бар екені анықталды. А.В. Карпов пен В.В. Пономарева әдістемесі бойынша алынған нәтижелер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің іс-әрекеттік-рефлексивті компонентінің жеткіліксіз деңгейде қалыптасқанын айқындайды. Рефлексия жасау қабілетінің орта және төмен деңгейде басым болуы студенттердің кәсіби

өзіндік талдау мен өзін-өзі дамыту дағдыларын мақсатты түрде қалыптастыру қажеттігін дәлелдейді.

Сондай-ақ іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттің бастапқы қалыптасу деңгейін айқындау мақсатында *авторлық рефлексивті күнделік* қолданылды. Анықтау кезеңінде рефлексивті күнделіктің оқу үдерісі барысында жүргізілетін бөлімі ғана пайдаланылды. Рефлексивті күнделік студенттердің оқу үдерісіндегі өз іс-әрекеттеріне, оқу тапсырмаларын орындау тәжірибесіне және рухани-адамгершілік ұстанымдарына рефлексия жасауын анықтауға бағытталды. Күнделік мазмұнын талдау болашақ мұғалімдердің кәсіби өзіндік бағалау деңгейін, рефлексия дағдыларының қалыптасу ерекшеліктерін және рухани мәдениетті саналы игеруге бағытталған іс-әрекеттік ұстанымдарын анықтауға жағдай жасады. Авторлық рефлексивті күнделік іс-әрекеттік-рефлексивті компонентке сәйкес белгіленген критерийлер мен көрсеткіштерге сүйене отырып, контент-талдау және деңгейлік бағалау әдістері негізінде қарастырылды. Рефлексивті күнделік материалдарын талдау барысында әрбір студенттің жазбасында іс-әрекеттік-рефлексивті компонентті сипаттайтын бір жетекші (доминант) категория айқындалып, нәтижелер пайыздық қатынаста есептелді.

Контент-талдау нәтижелері студенттердің 34,6 %-ының жазбаларында өз іс-әрекетін сипаттамалық талдау категориясы басым екенін көрсетті. Бұл жазбаларда студенттер орындалған әрекеттерді баяндаумен шектеліп, олардың себеп-салдарлық байланысы мен кәсіби мәнін терең пайымдауға жеткілікті деңгейде ұмтылмаған. 28,5 % студенттің күнделік жазбаларында құндылықтарға сілтеме жасау доминант категория ретінде анықталды. Аталған жазбаларда рухани-адамгершілік немесе кәсіби-этикалық құндылықтар аталғанымен, оларды нақты педагогикалық іс-әрекетпен жүйелі байланыстыру жеткіліксіз болды. Педагогикалық шешімдерді дәлелдеу категориясы 21,5 % студенттің жазбаларында жетекші сипат алды. Бұл топтағы студенттер педагогикалық жағдаяттарға баға беріп, қабылданған шешімдерді белгілі бір кәсіби немесе адамгершілік ұстанымдармен негіздеуге талпынған.

Кесте 15 – Рефлексивті күнделік материалдарының контент-талдау нәтижелері (бір доминант категория қағидасы негізінде)

| Категориялар | Студенттер үлесі (%) | Рефлексия деңгейі |
|---|---|---|
| Өз іс-әрекетін сипаттамалық талдау | 34,6 % | Төмен деңгей |
| Құндылықтарға сілтеме жасау | 28,5 % | Орта деңгей |
| Педагогикалық шешімдерді дәлелдеу | 21,5 % | Орта деңгей |
| Өзін-өзі жетілдіру жоспарын көрсету | 15,4 % | Жоғары деңгей |
| Барлығы | 100 % | - |

Ал өзін-өзі жетілдіруге бағытталған өзгеріс жоспарын көрсету категориясы 15,4 % студенттің жазбаларында ғана доминант ретінде көрініс тапты. Бұл жазбаларда кәсіби іс-әрекетті жетілдіруге бағытталған саналы рефлексия мен нақты даму қадамдары айқындалды.

Жалпы алғанда, 15-кестеде ұсынылған контент-талдау нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басым бөлігінде рефлексияның төмен және орта деңгейлерімен шектелетінін (84,6 %), ал кәсіби іс-әрекетті саналы түрде өзгертуге және өзін-өзі жетілдіруге бағытталған жоғары деңгейдегі рефлексияның үлесі салыстырмалы түрде төмен екенін (15,4 %) көрсетті. Бұл деректер болашақ мамандардың бойында іс-әрекеттік-рефлексивті компонентті мақсатты түрде қалыптастыру қажеттігін негіздейді.

Бұған қоса, зерттеуде қолданылған авторлық сауалнаманың үш бөлімі іс-әрекеттік-рефлексивті компонентке арналды. Аталған бөлім студенттердің педагогикалық іс-әрекетке рефлексия жасау қабілетін, кәсіби әрекеттерінің нәтижесін бағалау дағдыларын, өзін-өзі дамытуға және кәсіби жетілдіруге бағытталған іс-әрекеттік ұстанымдарының қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталды.

Аталған диагностикалық құралдарды кешенді қолдану іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттің қалыптасу деңгейін сандық және сапалық тұрғыдан бағалауға, алынған нәтижелердің сенімділігі мен валидтілігін арттыруға мүмкіндік берді.

Анықтау эксперименті кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттері бойынша бастапқы қалыптасу деңгейін кешенді түрде айқындау мақсатында алынған барлық сандық деректер біріктіріліп, компоненттер бойынша жиынтық талдау жүргізілді. Жиынтық көрсеткіштер 16-кестеде және сәйкес диаграммада ұсынылды.

16-кесте мен 5 - сурет деректері анықтау эксперименті кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің барлық компоненттері бойынша жоғары деңгей көрсеткіштерінің төмен үлесте екенін көрсетеді.

Мотивациялық-құндылық компонентте студенттердің басым бөлігі орта (51,5 %) және төмен (34,7 %) деңгейлерде шоғырланған.

Когнитивті компонент бойынша да ұқсас жағдай байқалып, жоғары деңгей небәрі 17,0 % құрады.

Іс-әрекеттік-рефлексивті компонентте жоғары деңгей көрсеткіші 15,4 % болып, кәсіби рефлексия мен өзін-өзі жетілдіруге бағытталған әрекеттердің барлық студенттерде бірдей тұрақты қалыптаспағанын көрсетеді.

Жалпы алынған нәтижелер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің бастапқы деңгейі жеткіліксіз екенін дәлелдейді. Осы тарауда анықтау эксперименті нәтижелері негізінде зерттеліп отырған феноменнің қазіргі жай-күйі айқындалды.

Кесте 16 – Анықтау эксперименті нәтижелерінің компоненттер бойынша жиынтық көрсеткіштері

| Компоненттер | Жоғары деңгей (%) | Орта деңгей (%) | Төмен деңгей (%) |
|---|---|---|---|
| Мотивациялық-құндылық | 13,8 | 51,5 | 34,7 |
| Когнитивті | 17,0 | 43,0 | 40,0 |
| Іс-әрекеттік-рефлексивті | 15,4 | 47,6 | 37 |




Сурет 5– Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінінің (мотивациялық-құндылық, когнитивті, іс-әрекеттік-рефлексивті) компоненттері бойынша экспериментке дейінгі орта көрсеткіштері

16-кесте мен 5 - сурет деректері анықтау эксперименті кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің барлық компоненттері бойынша жоғары деңгей көрсеткіштерінің төмен үлесте екенін көрсетеді. Мотивациялық-құндылық компонентте студенттердің басым бөлігі орта (51,5 %) және төмен (34,7 %) деңгейлерде шоғырланған. Когнитивті компонент бойынша да ұқсас жағдай байқалып, жоғары деңгей небәрі 17,0 % құрады. Іс-әрекеттік-рефлексивті компонентте жоғары деңгей көрсеткіші 15,4 % болып, кәсіби рефлексия мен өзін-өзі жетілдіруге бағытталған әрекеттердің барлық студенттерде бірдей тұрақты қалыптаспағанын көрсетеді. Жалпы алынған нәтижелер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің бастапқы деңгейі жеткіліксіз екенін дәлелдейді. Осы тарауда анықтау эксперименті нәтижелері негізінде зерттеліп отырған феноменнің қазіргі жай-күйі айқындалды.

Анықтау эксперименті барысында алынған нәтижелер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісін мақсатты түрде ұйымдастыру қажеттігін көрсетті. Осыған байланысты зерттеудің келесі кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін

қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру әдістемесі қалыптастыру эксперименті аясында тексерілді.

## 2.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру әдістемесі

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың тиімділігі педагогикалық шарттардың мақсатты түрде жобаланып, жүйелі және кезең-кезеңімен іске асырылуына тікелей байланысты. Анықталған педагогикалық шарттарды жүзеге асыруға арналған арнайы әдістеме әзірленді. Қалыптастыру эксперименті кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруға арналған бұл әдістемені жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісіне енгізу, апробациялау және оның тиімділігін тексеру көзделді.

Қазіргі педагогика ғылымында «әдістеме» ұғымы көпқырлы ғылыми категория ретінде қарастырылады. Ғалымдар оны оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырудың мазмұндық, құрылымдық негіздерін қамтитын тұтас жүйе ретінде сипаттайды.

М. В. Клариннің пікірінше, әдістеме – бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу үшін пайдаланылатын барлық тұлғалық, жабдықтық, әдістемелік құралдардың жүйелі жиынтығы [165].

Әдістеменің маңызды сипаты – оның жоғары деңгейде жобалануы және құрылымдық тұтастығы. Әдетте мұндай жүйе мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік және нәтижелік блоктардан тұрады. Бұл құрылым әдістеменің логикалық бірізділігін, ішкі тұтастығын және практикалық қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әдістеме нақты педагогикалық әрекеттер жүйесін, оқыту формалары мен әдістерін, құралдарын және оларды қолдану алгоритмін қамтитын технологиялық сипатқа ие.

Әдістеменің келесі ерекшелігі – оның дискреттілігі, яғни кезең-кезеңімен іске асырылуы. Мұндай кезеңдік құрылым әдістеменің басқарылуын, икемділігін және түзетуге бейімділігін қамтамасыз етеді.

Осылайша, ғылыми дереккөздерді талдау «әдістеме» ұғымының педагогикалық үдерісте мақсатты түрде жобаланған, құрылымдық тұтас әрі кезеңдік сипатқа ие жүйе екенін көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда, әдістемені жоғары оқу орнының жекелеген білім беру үдерістерінде педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың формалары, оқыту мен тәрбиенің әдістері мен құралдарын қамтитын практикалық-бағдарлы жүйе ретінде қарастырдық. Бұл зерттеуде ұсынылған әдістеме болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған өзара байланысқан педагогикалық әрекеттер кешені ретінде қарастырылады. Теориялық қағидалар мен жоғары оқу орнындағы кәсіби даярлау үдерісінің ерекшеліктеріне сүйене отырып, аталған бағытты іске асырудың нақты педагогикалық шарттары айқындалып, оларды жүзеге асыру жолдары жүйеленді.

Әдістеменің құрылымы оқу-әдістемелік материалдарды, қолданылатын формалар мен әдістерді, сондай-ақ тиісті құралдарды біріктіретін мазмұндық жүйе ретінде сипатталады. Бұл кешен болашақ мұғалімдердің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісін мақсатты және кезеңдік тұрғыда ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Аталған әдістеменің мазмұны мен құрылымы 17-кестеде жүйеленіп көрсетілген.

Кесте 17 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру әдістемесі

| Педагогикалық шарттар | Әдістемелік қамтамасыз ету | Формалар | Әдістер | Құралдар |
|---|---|---|---|---|
| Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мазмұнына тұрақты қызығушылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету | – Элективті курс: «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің негіздері».<br>- ЭЕМ-ге арналған бағдарлама «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің негіздері» электронды оқу құралы. | Дәріс (ақпараттық, проблемалық), интерактивті дәріс, семинар, СОӨЖ | Түсіндірмелі-иллюстративтік, проблемалық оқыту | Оқу жұмыс бағдарламасы (SYLLABUS), оқу-әдістемелік материалдар (дәрістер курсы, дәріс, семинар, СОӨЖ-ге арналған презентациялар), сандық білім беру ресурстары |
| Педагогикалық пәндердің мазмұнына ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды кіріктіру арқылы олардың тәрбиелік әлеуетін арттыру | –«Педагогика», «Этнопедагогика» пәндерінің мазмұнына енгізілген қосымшалар<br>– Элективті курс: «Құндылыққа бағытталған білім берудің теориясы мен әдістемесі» | Дәріс (ақпараттық, проблемалық), интерактивті дәріс, семинар, СОӨЖ, тәрбиелік іс-шаралар | Пікірталас, дөңгелек үстел, этикалық диалог | Оқу жұмыс бағдарламасы (SYLLABUS), оқу-әдістемелік материалдар (дәрістер курсы, дәріс, семинар, СОӨЖ-ге арналған презентациялар), бейнематериалдар |
| Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін саналы ұғыну мен бағалауға негізделген рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру | - Компьютерлік бағдарлама «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарлары: рефлексиялық күнделік».<br>- Компьютерлік бағдарлама «Педагогикалық кейстер мен шығармашылық тапсырмалар» жинағы<br>- «Рухани және ұлттық құндылықтар сарайы» үйірме жұмысының бағдарламасы.<br>- Рухани-танымдық Instagram-парақша «Рухани сыр–сандық» (контент-жоспар және интерактивті тапсырмалар жинағы). | тренинг, СОӨЖ, үйірме, педагогикалық практика, тәрбиелік іс-шаралар, виртуалды тәрбиелік кеңістік | интербелсенді пікірталас, рөлдік ойындар) инновациялық (педагогикалық кейс, жобалау, геймификация) рефлексиялық-шығармашылық әдістер | рефлексиялық күнделік, кейстер жинағы, шығармашылық тапсырмалар, цифрлық платформалар<br>әлеуметтік желідегі контент (пост, сторителлинг, сауалнама, интерактив тапсырма) |

17-кестеде ұсынылған әдістемелік жүйе әр педагогикалық шарттың әдістемелік қамтамасыз етуі, формалары, әдістері мен құралдарының өзара сабақтастығын айқындап, қалыптастыру экспериментінің барлық кезеңдерінде іске асуын қамтамасыз етті. Қалыптастырушы эксперимент педагогикалық шарттардың өзара байланысын сақтай отырып, үш кезеңдік логикамен ұйымдастырылды:

1) рухани мәдениет мазмұнына тұрақты қызығушылықты қалыптастыруға және теориялық негізді жүйелеуге;

2) пәндік мазмұнға ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды кіріктіру арқылы құндылықтық пайымдауды тереңдету;

3) рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекет арқылы құндылықтарды интериоризациялауды қамтамасыз ету.

Әр кезеңде мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттерді дамытуға бағытталған оқу-әдістемелік ықпал ету құралдары жүйелі әрі кешенді түрде қолданылды.

Әзірленген әдістеменің құрылымында нәтижелік блок болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасу динамикасын айқындауға бағытталды. Әдістеменің нәтижелілігі мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттер бойынша алдын ала және қорытынды диагностика нәтижелері бағаланды. Сонымен қатар аралық бақылау барысында студенттердің оқу өнімдері (эссе, глоссарий, кейс шешімдері, рефлексиялық жазбалар) мазмұндық-талдамалық тәсілмен сараланып, құндылықтық пайымдау деңгейінің динамикасы айқындалды. Алынған деректер қалыптастырушы эксперименттің бақылау кезеңінде кешенді талдаудан өткізіліп, әдістеменің нәтижелілігі 2.3-тарауда сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде ұсынылады.

Әдістемені жүзеге асыру барысында оқу сабақтары, аудиториядан тыс іс-әрекет және педагогикалық практика өзара сабақтастықта ұйымдастырылып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін тек теориялық деңгейде ғана емес, нақты педагогикалық іс-әрекет пен рефлексия негізінде қалыптастыру қамтамасыз етілді.

*Қалыптастырушы эксперименттің мақсаты* – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру әдістемесінің жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісіндегі тиімділігін эксперименттік жолмен тексеру. Қалыптастыру экспериментінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру әдістемесі жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісіне кезең-кезеңімен іске қосылды.

*Бірінші кезекте бірінші педагогикалық шартты жүзеге асыру мақсатында* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениет саласындағы теориялық білімдерін тереңдету көзделді. Сонымен қатар құндылықтық бағдарларын қалыптастыру және кәсіби өзіндік сана-сезімін дамыту міндеттері қойылды. Оқу үдерісіне «*Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениеті*» атты элективті курс енгізілді.

Курстың тақырыптық жоспары рухани мәдениеттің философиялық, психологиялық және педагогикалық мәнін кешенді түрде ашудан бастап, мұғалім тұлғасының кәсіби дамуы мен рухани мәдениеттің өзара байланысын зерделеуге дейінгі мазмұнды қамтиды. Курстың тақырыптық жоспары 18-кестеде ұсынылған. Дәріс, семинар сабақтары және студенттердің өзіндік оқу жұмысы барысында ұсынылған тапсырмалар жүйесі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мотивациялық-құндылық компонентінің бастапқы дамуын қамтамасыз етіп, рухани мәдениет мазмұнына деген тұрақты қызығушылықтың қалыптасуына ықпал етті.

Элективті курсты меңгеру нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдері:

- рухани мәдениет ұғымының мәнін, құрылымы мен мазмұнын жүйелі түрде меңгереді;
- мұғалімнің рухани мәдениетінің мазмұнына тұрақты қызығушылық танытады және оған құндылықтық қатынас қалыптастырады;
- рухани мәдениетті мұғалім тұлғасының кәсіби дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде саналы түрде ұғынады;
- кәсіби өзіндік сана-сезімін рухани құндылықтар негізінде дамытуға бағытталған ішкі уәжі қалыптасады;
- рухани-адамгершілік құндылықтарды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолданудың маңызын түсінеді;
- мотивациялық-құндылық компоненттің бастапқы даму деңгейін көрсетеді.

Кесте 18 – «Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениеті» атты элективті курстың оқу-тақырыптық жоспары

| № | Тақырып атауы / Сағат көлемі | АБ | Дәріс сабақтары | Семинар / Практикалық сабақтар | СОӨЖ | СӨЖ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. | Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениеті педагогикалық мәселе ретінде | 0,5 | 2 | 2 | 1 | 4 |
| 2. | Мәдениет ұғымы. Рухани мәдениет | 0,5 | 2 | 2 | 1 | 4 |
| 3. | Рухани мәдениет педагогикалық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде | 0,5 | 2 | 2 | 1 | 4 |
| 4. | Мұғалімнің рухани мәдениетінің мәні мен мазмұны | 0,5 | 2 | 2 | 1 | 4 |
| 5. | Мұғалімнің рухани мәдениетін қалыптастыру тұғырлары | 0,5 | 2 | 2 | 1 | 4 |
| 6. | Мұғалімнің рухани мәдениетін қалыптастырудың принциптері мен психологиялық-педагогикалық шарттары | 0,5 | 1 | 1 | 2 | 4 |

18-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7. | Мұғалімнің рухани мәдениетін моделдеу | 0,5 | 1 | 2 | 2 | 4 |
| 8. | Мұғалімнің рухани мәдениетін қалыптастыру кезеңдері | 0,5 | 1 | 1 | 2 | 4 |
| 9. | Заманауи мұғалімнің рухани мәдениетінің көріністері | 0,5 | 1 | 1 | 2 | 4 |
| 10. | Мұғалімнің рухани мәдениеті оның кәсіби өзіндік сана-сезімінің қалыптасуының негізі ретінде | 0,5 | 1 | 1 | 2 | 4 |
| | Барлығы (сағат) | 5 | 15 | 15 | 15 | 40 |

Курстың тақырыптық құрылымы рухани мәдениет феноменін ұғымдық деңгейде түсіндіруден (1–4-тақырыптар) оны кәсіби-аксиологиялық бағдармен ұштастыруға (5–7-тақырыптар) және кәсіби өзіндік сана-сезім мен іс-әрекеттік көріністерін рефлексиялауға (8–10-тақырыптар) дейінгі логикалық бірізділікті сақтайды.

Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда формалар мен әдістер мақсат–мазмұн–әдістер–формалар–құралдар жүйесінде өзара байланыста қызмет атқарады, мұнда әдістер мазмұнды меңгертудің логикасын және білім алушылардың танымдық белсенділігін айқындайтын жетекші компонент болып табылады [166]. Оқыту әдістерін жіктеуге қатысты көзқарастардың әртүрлілігі (М.А. Данилов, Б.П. Есипов; И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин) олардың педагогикалық үдерістегі көпөлшемді табиғатын көрсетеді.

Элективті курс аясында өткізілген дәріс және семинар сабақтарының мазмұны әдістемелік ықпал ету логикасын көрсету мақсатында қысқаша сипатталады. Курстың мазмұнын ұсыну, жоғарыда атап көрсетілгендей, дәстүрлі және инновациялық оқыту формалары мен әдістерінің үйлесімін қамтамасыз етеді. Оқу үдерісінде ғылыми-педагогикалық әдебиеттермен жұмыс, педагогикалық жағдаяттарды талдау, құндылықтық-мағыналық тапсырмаларды орындау, шағын зерттеу элементтерін қолдану және рефлексиялық тапсырмалар жүргізілді.

Проблемалық және интерактивті оқыту әдістерін пайдалану арқылы студенттердің болашақ мұғалімнің рухани мәдениеті мазмұнына деген тұрақты қызығушылығы мен құндылықтық қатынасы күшейтілді.

*1-тақырып.* Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениеті педагогикалық мәселе ретінде

Бұл тақырып бойынша дәріс сабағы ақпараттық және проблемалық дәріс формасында өткізілді. Дәріс барысында рухани мәдениеттің педагогикалық мәселе ретіндегі мәні, білім беруді ізгілендіру үдерісіндегі орны және мұғалім тұлғасының рухани мәдениетіне қойылатын заманауи талаптар ашып көрсетілді.

Қолданылған әдістер: түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс, проблемалық баяндау, сұрақ-жауап.

Құралдар: презентациялық материалдар, нормативтік құжаттар үзінділері, ғылыми мәтіндер.

Семинар сабағында студенттердің рухани мәдениет мәселесіне қатысты көзқарасын айқындауға бағытталған пікірталас ұйымдастырылып, педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалды.

СӨЖ барысында студенттерге қазақстандық және шетелдік ғылыми зерттеулерге шолу жасау, тақырып бойынша глоссарий құрастыру тапсырылды. Бұл тапсырмалар олардың рухани мәдениет мазмұнына деген танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етті.

*2-тақырып.* Рухани мәдениет педагогикалық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде

Аталған тақырып дәріс сабағында рухани мәдениет пен педагогикалық мәдениет арасындағы өзара байланыс тұрғысынан қарастырылды. Мұғалімнің кәсіби мәдениетіндегі рухани-адамгершілік құндылықтардың орны мен маңызы ғылыми тұрғыдан негізделді.

Қолданылған әдістер: аналитикалық талдау, салыстыру, ұғымдарды жүйелеу.

Құралдар: сызба-кестелер, ұғымдар картасы, бейнематериалдар.

Семинар сабақтарында студенттер «руханилық», «рухани мәдениет», «кәсіби мәдениет» ұғымдарына Венн диаграммасын құрастырып, шағын эссе жазды.

СӨЖ аясында рухани мәдениеттің адамгершілік нормалармен және кәсіби құндылықтармен байланысын ашатын тапсырмалар орындалып, жазбаша талдаулар жүргізілді.

*3-тақырып.* Мұғалімнің рухани мәдениеті оның кәсіби өзіндік сана-сезімінің қалыптасуының негізі ретінде

Бұл тақырып бойынша дәріс сабақтарында кәсіби өзіндік сана-сезім, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту ұғымдары рухани мәдениет контекстінде қарастырылды.

Қолданылған әдістер: проблемалық оқыту, өмірлік жағдаяттарды талдау, рефлексиялық сұрақтар.

Құралдар: кейс-тапсырмалар, рефлексиялық мәтіндер, авторлық оқу материалдары.

Семинар сабақтарында студенттер мұғалімнің рухани өзін-өзі жетілдіру тәжірибесіне қатысты тапсырмаларды орындап, пікір алмасу жүргізді.

СӨЖ барысында кәсіби өзіндік сана-сезімді дамытуға бағытталған рефлексиялық тапсырмалар мен шығармашылық жұмыстар орындалды.

Элективті курстың мазмұнын тиімді меңгеруді қамтамасыз ету мақсатында қосымша оқу ресурсы ретінде ЭЕМ-ге арналған «Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениетінің негіздері» оқу құралы әзірленді (6-сурет). Аталған электрондық оқу құралы оқу материалын құрылымдап ұсынатын, мәтіндік, иллюстрациялық және мультимедиалық компоненттерді (бейнематериалдар, слайдтар) біріктіретін интерактивті оқу құралы болып табылады.

Электронды оқу құралының мазмұны гипермәтіндік форматта ұйымдастырылып, тақырыптар бойынша жүйеленген теориялық материалдарды, визуалды иллюстрацияларды, студенттердің өзіндік жұмысына арналған тапсырмаларды және бақылау-бағалау элементтерін қамтиды. ЭЕМ-ге арналған бағдарлама дәріс және семинар сабақтарында оқу материалының мазмұнын нақтылауға, ал студенттердің өзіндік оқу жұмысы барысында білімді тереңдетуге және бекітуге мүмкіндік берді.

ЭЕМ-ге арналған «*Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениетінің негіздері*» электронды оқу құралы келесі дидактикалық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді:

– оқу материалын құрылымдап, жүйелі түрде ұсыну;

– теориялық білімді визуализациялау арқылы қабылдауды жеңілдету;

– студенттердің өзіндік оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру;

– интерактивті тапсырмалар мен тесттер арқылы білімді бекіту;

– жедел кері байланыс пен өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру;

– рухани мәдениет мазмұнын саналы ұғынуға және рефлексияға жағдай жасау.

Сонымен қатар, электрондық оқу құралы LearningApps.org платформасы негізінде әзірленген интерактивті тест тапсырмаларын қамтиды (7-сурет). Бұл тапсырмалар студенттердің меңгерген білімдерін тексеруге, өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыруға және оқу үдерісінде жедел кері байланысты қамтамасыз етуге бағытталды. Сәйкестендіру тапсырмаларында студенттер тек терминдерді ғана емес, педагогикалық жағдаяттар мен олардың шешіміндегі рухани-адамгершілік ұстанымдарды сәйкестендіреді




Сурет 6 – ЭЕМ-ге арналған «Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениетінің негіздері» электронды оқу құралының интерфейсі және мазмұндық құрылымы




Сурет 7 – LearningApps.org платформасы негізінде әзірленген интерактивті тест тапсырмаларының үлгісі

Электронды оқу құралының болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруға бағытталған әдістеменің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қолданылып, қалыптастыру экспериментінің бірінші кезеңінде қойылған мақсаттардың орындалуына ықпал етті.

Бірінші кезеңде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті саласындағы теориялық білімдерін тереңдетуге, олардың құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға және мотивациялық-құндылық компоненттің бастапқы дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыс жүргізілді. Бұл кезең рухани мәдениеттің мәні мен маңызын саналы ұғынуға, оған деген тұрақты қызығушылықтың қалыптасуына негіз болып табылады. Мотивациялық-құндылық компонент когнитивті компонентпен өзара бірлікте, әдістеменің барлық кезеңдерінде жүйелі түрде іске асырылып, әр кезеңде мазмұны жағынан тереңдетіліп отырды. Осыған байланысты екінші кезеңнің мақсаты – қалыптасқан білімдер мен құндылықтық ұстанымдарды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінде қолдану біліктерін дамыту, рухани мәдениетті іс-әрекеттік және рефлексивтік деңгейде меңгертумен қатар, мотивациялық-құндылық бағдарлардың тұрақтануын қамтамасыз ету болып айқындалды.

*Келесі кезекте екінші педагогикалық шартты жүзеге асыру мақсатында* «*Педагогика*» және «*Этнопедагогика*» пәндерінің мазмұнын аксиологиялық компоненттермен нығайту арқылы олардың тәрбиелік әлеуеті күшейтілді. Бұл студенттердің рухани мәдениетті кәсіби маңызды сапа ретінде саналы түрде қабылдауына және «Құндылыққа бағытталған білім берудің теориясы мен

әдістемесі» атты элективті курс арқылы рухани құндылықтарды педагогикалық іс-әрекетпен байланыстыра меңгеруіне мүмкіндік берді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруда оқу процесінде педагогикалық пәндердің әлеуетін пайдалану тиімді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті негізгі педагогикалық пәндерді игеру процесінде «мұғалімнің идеалды бейнесін» қалыптасады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінде «Педагогика» курсы жетекші орын алады. «Педагогика» пәнінің тақырыптық жоспарына бірқатар мазмұндық толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, «Жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеу және дамыту» тақырыбы «Жеке тұлғаны тәрбиелеудегі рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтардың рөлі», ал «Тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыру» тақырыбы «Мұғалімнің кәсіби-этикалық ұстанымдары тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастырудың құндылықтық негізі ретінде» тақырыпшаларымен толықтырылды. Бұл толықтырулар педагогикалық пән мазмұнында рухани мәдениет пен кәсіби даярлық арасындағы өзара байланысты күшейту қажеттілігімен негізделді. Мазмұндық толықтыруларды енгізудің басты мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтарды тұлға тәрбиесінің мазмұндық өзегі ретінде саналы түрде қабылдауына, сондай-ақ мұғалімнің кәсіби-этикалық ұстанымдарын тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастырудың маңызды құндылықтық факторы ретінде ұғынуына жағдай жасау болды. Осы арқылы рухани мәдениетті абстрактілі ұғым ретінде емес, кәсіби-педагогикалық іс-әрекетпен тікелей байланыста меңгерту көзделді.

Аталған мазмұндық толықтырулар дәріс, семинар және студенттердің оқытушы басшылығымен өзіндік оқу жұмысы (СОӨЖ) барысында жүйелі іске асырылды. Дәрісті ұйымдастыру ақпараттық және проблемалық дәріс формасында қарастырылып, рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтардың тұлға дамуы мен тәрбиесіндегі рөлі, мұғалімнің кәсіби этикасының тәрбиелік ықпалы ғылыми тұрғыда талданды. Проблемалық сұрақтар арқылы студенттердің құндылықтық пайымдауы белсендіріліп, теориялық білімнің кәсіби маңызын саналы ұғынуына назар аударылды.

Семинар сабақтарында рухани-адамгершілік құндылықтарды тұлға тәрбиесінде қолдануға және мұғалімнің кәсіби-этикалық ұстанымдарын талдауға бағытталған нақты тапсырмалар орындалды. Педагогикалық жағдаяттарды талдау, кәсіби-этикалық кейстерді шешу және пікірталас пен этикалық диалог жүргізу арқылы студенттер өз ұстанымдарын дәлелдеуге, кәсіби-этикалық таңдауларды негіздеуге үйренді. Студенттердің оқытушы басшылығымен өзіндік оқу жұмысы (СОӨЖ) рефлексиялық-талдамалық бағытта ұйымдастырылды. СОӨЖ барысында студенттер рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтардың тұлға тәрбиесіндегі рөліне қатысты эссе жазып, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-этикалық бейнесін сипаттайтын өзіндік талдау жұмыстарын орындады. Бұл тапсырмалар студенттердің кәсіби өзіндік рефлексиясын дамытуға және рухани мәдениетті кәсіби маңызды

тұлғалық сапа ретінде қабылдауына ықпал етті. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін келесі негізгі оқу пәні – «Этнопедагогика» болып табылады. «Этнопедагогика» пәнінің тақырыптық жоспарына болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруға бағытталған мазмұндық толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, «Халықтық педагогикадағы кемел адам үлгісі» тақырыбы «Кемел адам» идеясы рухани мәдениеттің этнопедагогикалық моделі ретінде қарастырылып, тұлғаның рухани жетілуі мен адамгершілік кемелденуін ұлттық дүниетаным контексінде түсіндіруге бағдарланды. Аталған мазмұндық толықтыруды енгізудің негізгі мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «кемел адам» идеясын ұлттық тәрбиенің іргелі үлгісі ретінде саналы түрде ұғынуына және оны кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте басшылыққа алуына жағдай жасау болды.

Мазмұндық толықтырулар оқу үдерісінде интерактивті дәріс, семинар және студенттердің оқытушы басшылығымен өзіндік оқу жұмысы (СОӨЖ) арқылы жүйелі түрде жүзеге асырылды. Интерактивті дәрістер барысында «кемел адам» ұғымының философиялық, тәрбиелік және этнопедагогикалық мәні ашылып, оның рухани мәдениетті қалыптастырудағы орны ғылыми тұрғыда талданды. Дәріс барысында студенттердің белсенді қатысуын қамтамасыз ету мақсатында миға шабуыл, think–pair–share, интерактивті сұрақ-жауап, шағын топта талқылау және рефлексия әдістері қолданылды. Аталған әдістер құндылықтық-мағыналық пайымдауды күшейтіп, “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасының қағидаларын кәсіби іс-әрекет контексінде саналы ұғынуға жағдай жасады. Семинар сабақтарында студенттер «кемел адам» ұғымын қазіргі білім беру кеңістігіндегі мұғалім тұлғасының рухани мәдениетінің мазмұнымен салыстыра қарастырды. Студенттердің оқытушы басшылығымен өзіндік оқу жұмысы (СОӨЖ) барысында халықтық педагогикадағы «кемел адам» бейнесін рухани мәдениет контексінде сипаттауға бағытталған шығармашылық-талдамалық тапсырмалар орындалды. Бұл жұмыс түрлері студенттердің ұлттық құндылықтарды тұлғалық деңгейде қабылдауына, рухани мәдениет мазмұнын кәсіби маңызды сапа ретінде түсінуін қамтамасыз етеді. «Педагогика» және «Этнопедагогика» пәндері бойынша енгізілген мазмұндық толықтырулар 19-кестеде жинақталып көрсетілді. Аталған пәндердің тақырыптық жоспарына енгізілген мазмұндық толықтырулар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру қажеттілігімен негізделді. Бұл толықтырулар рухани-адамгершілік, ұлттық және кәсіби-этикалық құндылықтарды кәсіби даярлық мазмұнына жүйелі түрде кіріктіруге бағытталды. Оқу үдерісінде қолданылған педагогикалық кейстер, ұғымдық талдау, интерактивті талқылаулар мен рефлексиялық тапсырмалар студенттердің рухани мәдениетті кәсіби іс-әрекетпен байланысты тұлғалық сапа ретінде ұғынуына және құндылықтық бағдарлары мен кәсіби-этикалық ұстанымдарының қалыптасуына ықпал етті.

Кесте 19 – «Педагогика» және «Этнопедагогика» пәндерінің тақырыптық жоспарына еңгізілген мазмұндық толықтырулар

| Негізгі тақырып (силлабус бойынша) | Қосымша толықтыру | Дәріс түрі | Семинар сабағы тапсырмасы | СОӨЖ тапсырмасы | Оқыту әдістері |
|---|---|---|---|---|---|
| ПЕДАГОГИКА | | | | | |
| Жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеу және дамыту | Жеке тұлғаны тәрбиелеудегі рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтардың рөлі | Проблемалық дәріс | «Тұлға тәрбиесіндегі рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтардың маңызы» педагогикалық кейс | «Жеке тұлғаны тәрбиелеудегі ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтардың рөлі» эссе | Проблемалық баяндау, кейс-талдау, пікірталас |
| Тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыру | Мұғалімнің кәсіби-этикалық ұстанымдары тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастырудың құндылықтық негізі ретінде | Ақпараттық-проблемалық дәріс | «Мұғалімнің кәсіби-этикалық ұстанымдары» тақырыбында этикалық кейс | «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-этикалық бейнесі» тақырыбында рефлексиялық жұмыс | Этикалық диалог, жағдаяттық талдау, рефлексия |
| ЭТНОПЕДАГОГИКА | | | | | |
| Халықтық педагогикадағы кемел адам үлгісі | «Кемел адам» идеясы рухани мәдениеттің этнопедагогикалық моделі ретінде | Интерактивті дәріс | «Кемел адам» ұғымын халықтық педагогика тұрғысынан талдау (ұғымдық салыстыру) | Халықтық педагогикадағы «кемел адам» бейнесін рухани мәдениет контексінде сипаттау | Теориялық талдау, салыстыру, ұғымдық жүйелеу |
| «Адал азамат» тұжырымдамасы және оны білім беру практикасына ендіру | Білім беру практикасына «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын еңгізудегі мұғалімнің рухани мәдениетінің рөлі | Интерактивті дәріс | «Мұғалімнің рухани мәдениеті “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру факторы ретінде» педагогикалық кейс | «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің “Адал азамат” құндылықтарын кәсіби іс-әрекетте жүзеге асыруы» тақырыбындағы аналитикалық эссе | Миға шабуыл, think–pair–share (ойлан–жұптас–бөліс), интерактивті сұрақ-жауап, шағын топта талқылау, рефлексия |

Келесі еңгізілген «*Құндылыққа бағытталған білім берудің теориясы мен әдістемесі*» элективті курсының тақырыптық жоспары құндылық пен рухани мәдениеттің философиялық, психологиялық және педагогикалық мәнін кешенді түрде ашудан бастап, мұғалім тұлғасының кәсіби дамуы мен құндылыққа бағытталған білім берудің өзара байланысын зерделеуге дейінгі мазмұнды қамтыды. Курстың тақырыптық жоспары 20-кестеде ұсынылған.

Элективті курсты меңгеру нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдері:

– құндылыққа бағытталған білім берудің философиялық, психологиялық және педагогикалық негіздерін жүйелі түрде меңгереді;

– рухани мәдениетті мұғалімнің кәсіби мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде ғылыми тұрғыда түсінеді;

– рухани-адамгершілік, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың білім беру мазмұнындағы орнын айқындай алады;

– құндылыққа бағытталған білім берудің отандық және халықаралық тәжірибесін салыстырып талдайды;

– мұғалімнің рухани-адамгершілік мәдениетінің құрылымын, кәсіби-этикалық нормалар мен адамгершілік ұстанымдардың мәнін саналы түрде ұғынады;

– «Адал азамат» бағдарламасындағы базалық құндылықтарды білім беру және тәрбие үдерісінде қолданудың жолдарын жобалай алады;

– мектептегі тәрбие жұмысы мен оқу бағдарламасына құндылықтарды кіріктірудің әдістемелік тәсілдерін меңгереді;

– бастауыш мектеп жағдайында құндылыққа бағытталған оқыту мен тәрбиені ұйымдастыруға қажетті практикалық дағдыларды қалыптастырады;

– өз кәсіби іс-әрекетіне қатысты құндылықтық таңдау жасап, рефлексия жүргізе алады.

Кесте 20 – «Құндылыққа бағытталған білім берудің теориясы мен әдістемесі» атты элективті курстың оқу-тақырыптық жоспары

| № | Тақырып атауы / Сағат көлемі | АБ | Дәріс сабақтары | Семинар / Практикалық сабақтар | СОӨЖ | СӨЖ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. | Құндылық түсінігі: философиялық, психологиялық және педагогикалық аспект | 0,4 | 1 | 1 | 1 | 3 |
| 2. | Құндылыққа бағытталған білім берудің теориялық негіздері | 0,4 | 1 | 1 | 1 | 3 |
| 3. | Құндылыққа бағытталған білім беру: халықаралық және отандық тәжірибе | 0,4 | 2 | 1 | 1 | 3 |

20-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4. | Білім беру мазмұнындағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар | 0,4 | 2 | 1 | 1 | 3 |
| 5. | Қазақстандық патриотизм және рухани жаңғыру | 0,4 | 1 | 1 | 1 | 3 |
| 6. | Отбасылық құндылықтар және ұлттық тәрбие | 0,4 | 1 | 1 | 1 | 3 |
| 7. | Мұғалімнің рухани-адамгершілік мәдениеті – құндылыққа бағытталған білім берудің негізі | 0,4 | 1 | 1 | 1 | 3 |
| 8. | «Адал азамат» бағдарламасындағы базалық құндылықтар | 0,4 | 1 | - | 1 | 3 |
| 9. | Мектептегі тәрбие жұмысы және құндылықтар | 0,4 | 1 | 1 | - | 2 |
| 10. | Бастауыш мектептегі құндылыққа бағытталған білім берудің ерекшеліктері | 0,4 | 1 | 1 | 1 | 2 |
| 11. | Оқу бағдарламасына базалық құндылықтарды интеграциялау | 0,4 | 1 | 1 | 1 | 2 |
| 12. | Заманауи педагогикалық технологиялар және құндылықтық бағыт | 0,4 | 1 | 1 | 1 | 2 |
| 13. | Құндылыққа бағытталған оқыту стратегиялары | 0,4 | 1 | 1 | 1 | 2 |
| 14. | Құндылықтарды оқу мақсаттары мен тапсырмаларға интеграциялау | 0,4 | 1 | 1 | 1 | 2 |
| 15. | Құндылықтарға негізделген жобалық жұмыстар | 0,3 | - | 1 | 1 | 2 |
| 16. | Цифрлық ортада білім алушыларды құндылықтарға баулу | 0,3 | - | 1 | 1 | 2 |
| | Барлығы 90 сағат | 5 | 15 | 15 | 15 | 40 |

*1-тақырып*. Құндылық түсінігі: философиялық, психологиялық және педагогикалық аспект

Аталған тақырып дәріс сабағында құндылық феноменін философиялық (аксиологиялық), психологиялық және педагогикалық тұрғыдан кешенді түсіндіру негізінде қарастырылды. Құндылықтардың тұлға дамуы мен тәрбиедегі орны, олардың рухани мәдениеттің іргелі негізі ретіндегі мәні ғылыми тұрғыда талданды.

Қолданылған әдістер: аналитикалық талдау, салыстыру, ұғымдарды жүйелеу. Құралдар: салыстырмалы кестелер, ұғымдық сызбалар, мәтіндік дереккөздер. Семинар сабақтарында студенттер әр ғылыми бағыттағы «құндылық» ұғымының анықтамаларын салыстырып, мазмұндық айырмашылықтары мен ортақ белгілерін анықтады. СӨЖ барысында құндылықтар жүйесін анықтауға арналған жазбаша талдау және жеке рефлексиялық тапсырмалар орындалды.

*2-тақырып*. Рухани мәдениет педагогикалық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде

Аталған тақырып дәріс сабағында рухани мәдениет пен педагогикалық мәдениет арасындағы өзара байланыс тұрғысынан қарастырылды. Мұғалімнің кәсіби мәдениеті құрылымындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың орны мен маңызы ғылыми тұрғыдан негізделді.

Қолданылған әдістер: аналитикалық талдау, салыстыру, ұғымдарды жүйелеу. Құралдар: сызба-кестелер, ұғымдар картасы, бейнематериалдар. Семинар сабақтарында студенттер «руханилық», «рухани мәдениет», «кәсіби мәдениет» ұғымдарына Венн диаграммасын құрастырып, шағын эссе жазды. СОӨЖ аясында рухани мәдениеттің адамгершілік нормалармен және кәсіби құндылықтармен байланысын ашатын тапсырмалар орындалды.

*3-тақырып*. Құндылыққа бағытталған білім берудің теориялық негіздері

Дәріс барысында құндылыққа бағытталған білім берудің мәні, мақсаты және қағидалары қазіргі білім беру парадигмасы тұрғысынан қарастырылды. Білім беру үдерісінің тұлғаның рухани мәдениетін қалыптастырудағы рөлі негізделді.

Қолданылған әдістер: проблемалық баяндау, талдау, теориялық қорыту. Құралдар: тұжырымдамалық сызбалар, мәтіндік материалдар. Семинар сабақтарында студенттер құндылыққа бағытталған білім берудің артықшылықтары мен шектеулерін талқылады. СОӨЖ барысында «құндылыққа бағытталған білім беру» ұғымына қатысты рефлексиялық эссе және құндылықтар картасы әзірленді.

*4-тақырып*. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар білім мазмұнында

Аталған тақырыпта ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың мазмұндық ерекшеліктері және олардың өзара сабақтастығы дәріс сабағында талданды. Білім мазмұны арқылы рухани мәдениетті қалыптастыру мүмкіндіктері айқындалды.

Қолданылған әдістер: салыстырмалы талдау, мазмұндық талдау. Құралдар: нормативтік құжаттар, кестелер, сызбалар.Семинар сабақтарында студенттер ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды кіріктірген сабақ үлгілерін талдады. СОӨЖ барысында білім беру стандарттары негізінде құндылықтардың мазмұндық талдауы жүргізілді.

*5-тақырып*. Мұғалімнің рухани-адамгершілік мәдениеті – кәсіби қызметтің негізі

Дәріс сабағында мұғалімнің рухани-адамгершілік мәдениеті кәсіби маңызды тұлғалық сапа ретінде қарастырылды. Мұғалімнің кәсіби-этикалық нормалары мен үлгі болу қызметі ғылыми тұрғыда негізделді.

Қолданылған әдістер: проблемалық талдау, жағдаяттық талдау. Құралдар: кәсіби жағдаяттар, бейнематериалдар. Семинар сабақтарында студенттер кәсіби-этикалық кейстерді талдап, шешу жолдарын ұсынды. СОӨЖ барысында рефлексиялық күнделік жүргізіліп, мұғалімнің рухани бейнесіне қатысты жазбаша жұмыстар орындалды.

*6-тақырып*. «Адал азамат» бағдарламасындағы базалық құндылықтар.

Аталған тақырып дәріс сабағында «Адал азамат» бағдарламасының базалық құндылықтары болашақ мұғалімнің рухани мәдениетін қалыптастыру контексінде қарастырылды. Құндылықтардың тәрбиелік әлеуеті ғылыми тұрғыда талданды.

Қолданылған әдістер: проблемалық баяндау, пікірталас. Құралдар: бағдарламалық құжаттар, сызба-кестелер. Семинар сабақтарында студенттер «адалдық», «әділдік», «жауапкершілік» құндылықтарына қатысты педагогикалық жағдаяттарды талдады. СӨЖ аясында «Адал азамат» құндылықтарын білім беру үдерісінде жүзеге асыруға бағытталған жазбаша талдаулар мен шағын жобалар орындалды.

«Құндылыққа бағытталған білім берудің теориясы мен әдістемесі» атты элективті курс мазмұны болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруға бағытталған теориялық және практикалық дайындықтың жүйелі моделін қамтамасыз етеді. Курстың тақырыптық құрылымы құндылық феноменін философиялық-аксиологиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан кешенді түсіндіруден бастап, оны мұғалімнің кәсіби қызметі мен мектептегі білім-тәрбие үдерісіне кіріктірудің нақты әдістемелік тетіктерін меңгеруге дейінгі логикалық бірізділікті сақтайды. Бұл бағыт қазіргі қазақстандық білім беру кеңістігінде құндылықтарды оқу-тәрбие мазмұнына интеграциялауды стратегиялық міндет ретінде қарастыратын «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының тұжырымдамалық қағидаларымен сабақтас келеді. Аталған бағдарламада ұлттық мүдде, ар-ұят және талап құндылықтарын білім беру процесіне жүйелі енгізу тұлғаның рухани және әлеуметтік дамуының маңызды тетігі ретінде сипатталады[167]. Дәріс, семинар, СӨЖ сабақтарының өзара сабақтастығы студенттердің тек теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар құндылыққа бағытталған оқыту мен тәрбиені ұйымдастыруға қажетті практикалық дағдыларын, рефлексиялық қабілеттерін және кәсіби-этикалық ұстанымдарын дамытуға бағытталған. Осылайша, элективті курс болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетінде құндылықтық таңдауды саналы түрде жүзеге асыра алатын, тәрбиелік әлеуеті жоғары педагог тұлғасын даярлауға ықпал етеді.

*Қалыптастыру экспериментінің келесі кезеңінде* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін саналы ұғыну мен бағалауға негізделген рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған үшінші педагогикалық шарт жүйелі түрде жүзеге асырылды.

Аталған педагогикалық шарттың мәні – болашақ бастауыш сынып мұғалімдері рухани мәдениеттің мазмұнын тек теориялық деңгейде меңгеруімен шектелмей, оларды өзіндік рефлексия, шығармашылық пайымдау және практикалық әрекет арқылы ішкі қажеттілікке (интериоризацияға) айналдыруына жағдай жасау.

Бұл шартты жүзеге асыруды әдістемелік қамтамасыз ету құралы ретінде компьюетрлік бағдарлама – «*Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарлары: рефлексиялық күнделік*» қолданылды (8-сурет). Күнделік болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін саналы

түрде зерделеуге арналған заманауи цифрлық рефлексиялық құрал ретінде әзірленді. Рефлексиялық күнделік құрылымдық жағынан екі өзара сабақтас бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім – «*Құндылықтарды саналы ұғыну*» оқу кезеңінде жүзеге асырылып, студенттердің: кәсіби мотивациясын тереңдетуге; құндылықтар жүйесін саналы құрылымдауға; мұғалім мамандығының рухани және әлеуметтік миссиясын пайымдауға; рефлексиялық ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған рефлексиялық-шығармашылық тапсырмаларды қамтыды.

Бұл бөлімде эссе жазу, құндылықтар иерархиясын құрастыру, рухани өзіндік портрет жасау, педагогикалық қағидаттарды пайымдау және ішкі диалог жүргізу сияқты тапсырмалар қамтылды.

Екінші бөлім – «*Құндылықтарды іс-әрекетте іске асыру*» педагогикалық практика кезеңінде қолданылып, студенттердің:

- нақты педагогикалық жағдаяттарды құндылықтық тұрғыдан талдауына;
- моральдық дилеммаларда саналы шешім қабылдауына;
- эмпатиялық қарым-қатынасты рефлексиялауына;
- теория мен практиканы саналы байланыстыруына мүмкіндік берді.

Аталған бөлім педагогикалық жағдаяттарды рефлексиялау, моральдық таңдау жасау, эмпатиялық тәжірибені талдау және қорытынды эссе жазу сияқты тапсырмалармен қамтылды.




Сурет 8 – Компьютерлік бағдарлама «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарлары: рефлексиялық күнделік» автоматтандырылған оқу бағдарламасының негізгі интерфейсі және мазмұндық құрылымы

Сонымен қатар, рефлексивті күнделіктің https://heyzine.com/flip-book/fa3d366538.html платформасында электрондық кітап форматында жасақталып, интерактивті нұсқасы Liveworksheets қосымшасы арқылы әзірленді. Бұл қосымшада күнделік мазмұны электрондық жеке жұмыс парақтары форматына бейімделіп, студенттердің тапсырмаларды тікелей онлайн толтыруына мүмкіндік жасалды. Студенттер күнделікке арнайы сілтеме немесе QR-код арқылы кіріп, рефлексивті сұрақтарға жауап береді және толтырылған тапсырмалар автоматты түрде оқытушының электрондық поштасына жіберіледі. Liveworksheets қосымшасын қолдану студент пен оқытушы арасындағы кері байланысты нығайтып, рефлексия нәтижелерін жедел талдауға, оқу және практика үдерісін тиімді педагогикалық тұрғыдан сүйемелдеуге мүмкіндік береді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың үшінші педагогикалық шартын жүзеге асырудың келесі кезеңінде «*Рухани және ұлттық құндылықтар сарайы*» атты үйірме жұмысы ұйымдастырылды.

Үйірме жұмысы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани және ұлттық құндылықтарды саналы түрде ұғынуына, оларды жеке тұлғалық тәжірибемен байланыстыруына, сондай-ақ кәсіби іс-әрекетінде басшылыққа алуына жағдай жасайтын интерактивті диалогтық кеңістік ретінде қарастырылды. Аталған үйірме үшінші педагогикалық шарттың мазмұнын нақтылап, оны тәжірибеде жүзеге асырудың тиімді формасы қызметін атқарды.

Үйірме жұмысының негізгі мақсаты – рухани және ұлттық құндылықтар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениет мазмұнына тұрақты қызығушылығын арттыру, олардың дүниетанымдық көзқарастарын, кәсіби-этикалық нормалары мен адамгершілік ұстанымдарының қалыптасуына жағдай жасау.

Осы мақсатқа сәйкес үйірме жұмысы барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ұлттық мәдени мұраға, салт-дәстүрге, тілге, өнерге және әдебиетке деген құндылықтық қатынасын қалыптастыру, сондай-ақ олардың шығармашылық әлеуетін дамыту көзделді.

Үйірме жұмысының мазмұны болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттерін кешенді дамытуға бағытталды. Іс-шаралар барысында студенттер рухани және ұлттық құндылықтарды тек ақпараттық деңгейде меңгеріп қана қоймай, оларды пікірталас, мотивациялық тренинг, шығармашылық жоба, цифрлық ортадағы құндылықтық мазмұнды талдау сияқты әрекеттер арқылы саналы түрде пайымдады.

Үйірме отырыстары айына бір рет ұйымдастырылып, семинар, мотивациялық тренинг, пікірталас, шеберлік сағат, шығармашылық жоба, бейнероликтер байқауы және ой талқы сияқты формаларда өткізілді. Бұл формалар студенттердің белсенді қатысуын, өз көзқарасын еркін білдіруін және рефлексиялық ойлауын қамтамасыз етті.

Үйірме жұмысы ұлттық құндылықтарға құрмет, рухани мәдениеттің жетекші мәні, интерактивтілік пен тәжірибелік бағыттылық, тұлғалық бағыттылық, ынтымақтастық және тұрақты даму қағидаттарына негізделді.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, үйірме жұмысы интербелсенді әдістер (пікірталас, ашық сұхбат, ой талқы), инновациялық тәсілдер (цифрлық жобалау, жасанды интеллект элементтерін пайдалану), сондай-ақ педагогикалық кейстер мен шығармашылық тапсырмалар арқылы жүзеге асырылды. Бұл әдістер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінің саналы және субъектілік сипат алуына мүмкіндік берді.

Арнайы ұйымдастырылған «Рухани және ұлттық құндылықтар сарайы» үйірме жұмысы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың үшінші педагогикалық шартын тәжірибеде іске асыратын тиімді педагогикалық құрал ретінде дәлелденіп, қалыптастыру экспериментінің мазмұндық-іс-әрекеттік негізін күшейтті. «Рухани және ұлттық құндылықтар сарайы» үйірмесі жұмысының жылдық жоспары 21-кестеде берілген.

Кесте 21 – «Рухани және ұлттық құндылықтар сарайы» үйірмесі жұмысының жылдық жоспары

| № | Іс-шараның тақырыбы | Ұйымдастыру формасы | Мазмұндық бағыттылығы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | «Мұғалім – рухани және ұлттық құндылықтарды жаңғыртушы» | Семинар | Мұғалім мамандығының рухани миссиясын ұғыну, кәсіби құндылықтарды пайымдау |
| 2 | «Жаһандану және ұлттық тәрбие» | Пікір алмасу | Жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтаудың маңызын талдау |
| 3 | «Рухани дамудың өзегі – ұлттық құндылықтар» | Тренинг | Рухани-адамгершілік құндылықтарды тұлғалық деңгейде қабылдау |
| 4 | *Like үшін емес, лайық болу үшін:* «Желіде ұлттық және рухани құндылықтарды қалай насихаттаймыз?» | Ашық сұхбат | Цифрлық кеңістіктегі құндылықтық мінез-құлықты қалыптастыру |
| 5 | «Цифрландыру жағдайында ұлттық және рухани құндылықтарды насихаттау – ұрпаққа аманат» | Шеберлік сағат | Цифрлық ортада ұлттық және рухани құндылықтарды насихаттаудың педагогикалық тәсілдерін талдау |
| 6 | «Рухани интеллект және ақыл-ой интеллектісі: қайсысы маңызды?» | Пікірталас | Рухани интеллекттің тұлғалық және кәсіби дамудағы рөлін ұғыну |
| 7 | «Цифрлық дәуірде рухани және ұлттық құндылықтарды сақтау» | Бейнероликтер байқауы | Шығармашылық арқылы ұлттық және рухани құндылықтарды насихаттау |
| 8 | «Абай және XXI ғасыр жастары: рухани кемел адам болу жолы» | Мотивациялық тренинг | Абай ілімін рухани кемелдену құралы ретінде пайымдау |

21-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 9 | «TikTok, Instagram, YouTube-тағы ұлттық және рухани құндылықтарға арналған трендтер» | Ой талқы | Әлеуметтік желідегі құндылықтық контентті сыни талдау |
| 10 | «Fashion & Heritage: қазақ ою-өрнектері брендке айнала ала ма?» | Семинар-коучинг | Ұлттық мәдени кодты заманауи мәдениетпен сабақтастыру |
| 11 | «Цифрлық құралдарды пайдалана отырып ұлттық және рухани құндылықтарға негізделген білім беруді әдістемелік талдау» | Семинар-практикум | Цифрлық білім беру ресурстарында ұлттық және рухани құндылықтардың берілу ерекшеліктерін талдау, педагогикалық қолдану мүмкіндіктерін айқындау. |

Үйірме жұмысы аясында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті мазмұнын саналы ұғынуы мен бағалауына бағытталған педагогикалық кейстер мен шығармашылық тапсырмалар жүйесі кіріктірілді. Педагогикалық кейстер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің нақты кәсіби жағдаяттарда рухани-адамгершілік құндылықтарын, дүниетанымдық көзқарастарын, кәсіби-этикалық нормалары мен адамгершілік ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, моральдық тұрғыдан негізделген шешім қабылдау қабілетін дамытуға бағдарланды.

*Бірінші бөлімде ұсынылған педагогикалық кейстер* шынайы білім беру тәжірибесіне тән жағдаяттар негізінде құрастырылып, білім алушылардың педагогикалық жағдаяттарды кешенді талдау, құндылықтық қайшылықтарды анықтау және моральдық тұрғыдан негізделген шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Әрбір кейс құрылымдық тұрғыда жағдаят сипаттамасын, контекстін, талдау сұрақтарын, шешім қабылдау тапсырмаларын және рефлексия кезеңін қамтиды. Бұл студенттердің кәсіби ойлауын жүйелі қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

*Екінші бөлімде ұсынылған шығармашылық тапсырмалар* студенттердің ішкі рефлексиясын, тұлғалық пайымдауын және рухани тәжірибесін тереңдетуге бағытталған. Тапсырмалар эссе, құндылықтарды таңдау, рефлексиялық талдау және жобалық жұмыстар түрінде ұсынылып, болашақ мұғалімнің өзіндік кәсіби ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді.

Ұсынылған кейстер мен тапсырмаларда «бір ғана дұрыс жауап» ұстанымы қарастырылмайды. Керісінше, білім алушылардың сыни ойлауын, кәсіби-рухани пайымдауын және жауапты шешім қабылдау қабілетін дамытуға бағытталған көпнұсқалы тәсіл жүзеге асырылады. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық жауапкершілігін арттырып, кәсіби қызметте рухани құндылықтарды іске асыруға негіз қалайды.

Педагогикалық кейстер мен шығармашылық тапсырмаларды жүйелі қолдану үйірме жұмысының тәжірибелік-рефлексиялық әлеуетін арттырып, үшінші педагогикалық шарттың тәжірибеде іске асуын қамтамасыз етті.

Педагогикалық кейстер мен шығармашылық тапсырмалар жинағы компьютерлік бағдарлама ретінде әзірленді. Компьютерлік бағдарлама құрылымдық жүйелеуге, мазмұнды беттер бойынша логикалық орналастыруға, сондай-ақ мәтіндік және графикалық элементтерді навигациямен біріктіре отырып, білім алушылардың дербес оқу-танымдық және рефлексиялық іс-әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған «Педагогикалық кейстер мен шығармашылық тапсырмалар» жинағы PDF форматында әзірленген. PDF нұсқасын кез келген гаджетке (смартфон, планшет, компьютер және т.б.) жүктеп алып, офлайн режимде пайдалануға болады (9,10,11 суреттер). Сонымен қатар, жинақтың электрондық нұсқасы онлайн форматта қолжетімді болып, пайдаланушыларға интерактивті жұмыс парақтарымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.




Сурет 9 – PDF форматында әзірленген «Педагогикалық кейстер мен шығармашылық тапсырмалар» жинағы (экраннан скриншот)




Сурет 10 – Жинақтың 1-ші бөлімі (экраннан скриншот).




Сурет 11 – Жинақтың 2-ші бөлімі (экраннан скриншот)

Шығармашылық тапсырмаларды орындау нәтижелерін жинақтау және талдау мақсатында әр тапсырманың соңында QR-код орналастырылып, білім

алушылар өздерінің шығармашылық жұмыстарын Padlet онлайн-тақтасына жүктеп отырды. Бұл тәсіл студенттердің шығармашылық өнімдерін (мәтіндік, визуалды, аудио және бейнематериалдар) жүйелі жинақтауға және талдауға мүмкіндік берді. Padlet цифрлық ортасы студенттердің өзіндік пайымын, рефлексиялық көзқарасын және рухани тәжірибесін талдауға мүмкіндік беретін тиімді құрал ретінде қолданылды [168]. Бұл цифрлық шешімдер рухани мәдениетті қалыптастыру үдерісіндегі тәжірибелік-рефлексиялық бағытты күшейтіп, педагогикалық кейстер мен шығармашылық тапсырмалар жүйесін оқу-тәрбие үдерісіне тиімді кіріктіруді қамтамасыз етті.

Жинақтың компьютерлік бағдарлама ретінде әзірленуі және Padlet онлайн-доскасымен ықпалдастырылуы оның үйірме жұмысы, педагогикалық практика және элективті курстар аясында икемді қолданылуын, сондай-ақ білім алушылардың цифрлық ортада өздігінен білім алу, шығармашылық өнім ұсыну және өзін-өзі бағалау ағдыларын дамытуға жағдай жасады.

Сондай-ақ үйірме жұмысы бағдарламасына сәйкес «Абай және XXI ғасыр жастары: рухани кемел адам қалай боламыз?» тақырыбында өткізілген мотивациялық тренинг рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастырудың тиімді формасы ретінде қарастырылып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік құндылықтарды саналы ұғынуы мен бағалауына бағытталды.

Тренинг мазмұны Абайдың «Толық адам» іліміне негізделіп, оны қазіргі заман жастарының өмірлік және кәсіби бағдарларымен байланыстыруға құрылды. Тренинг барысында рухани кемелденудің мәні ақыл, жүрек және еңбек ұстанымдарының бірлігі арқылы ашылып, бұл ұстанымдар студенттердің жеке тәжірибесімен ұштастырыла талданды.

Тренингтің кіріспе кезеңінде қатысушылардың бастапқы дүниетанымдық түсініктерін айқындауға бағытталған пікір алмасу жүргізілді. Бұл кезең студенттердің рухани мәдениетке қатысты көзқарастарының деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Негізгі кезеңде өзін-өзі бағалау, топтық рефлексия және шығармашылық тапсырмалар арқылы студенттердің рухани құндылықтарды тұлғалық деңгейде пайымдауы қамтамасыз етілді.

Әсіресе «Кемел адам формуласы» тақырыбындағы топтық жұмыс студенттердің Абай мұрасын заманауи тұрғыдан қайта пайымдауына, құндылықтарды саналы түрде таңдауға және оларды кәсіби болашақпен байланыстыруына ықпал етті. Қорытынды кезеңде қолданылған «Менің бүгінгі инсайтым» рефлексиялық әдісі студенттердің ішкі ой-толғаныстарын жинақтауға, өзіндік даму бағдарларын айқындауға мүмкіндік берді.

Тренинг нәтижелерін талдау көрсеткендей, аталған іс-шара болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің:

- рухани мәдениет мазмұнына қызығушылығының артуына;
- дүниетанымдық көзқарастарының тереңдеуіне;
- кәсіби-адамгершілік ұстанымдарын саналы түрде пайымдауына;
- рефлексиялық ойлау дағдыларының дамуына оң әсер етті.

Осылайша, өткізілген мотивациялық тренинг болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін саналы ұғыну мен бағалауға негізделген рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыруда нәтижелі жүзеге асқанын көрсетті.

Сонымен қатар, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруда үйірме жұмысы аясында тек ішкі іс-шаралармен шектелмей, кеңейтілген интеграциялық жұмыс формаларын қолдану тиімді деп танылды. Осы тұрғыда *«Абайдың қара сөздеріне зерделі саяхат»* тақырыбындағы республикалық онлайн дөңгелек үстел ұйымдастырылды (12,13,14 суреттер).

Онлайн дөңгелек үстел барысында қатысушылар Абайдың қара сөздеріне мазмұндық және мағыналық талдау жасап, оның рухани-адамгершілік әлеуетін болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қызметімен байланыстыра пайымдады. Іс-шара барысында еліміздің әртүрлі жоғары оқу орындарының ғалымдары мен білім беру саласының өкілдері спикерлер мен сарапшылар ретінде қатысып, талқыланған мәселелер бойынша өз пікірлерін білдірді.

Аталған дөңгелек үстелге қатысу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін саналы ұғынуына, ұлттық құндылықтарды тұлғалық тәжірибемен байланыстыруына және рефлексиялық ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етті.

Дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша Ұлы Абайдың қара сөздері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда рухани-адамгершілік тұрғыдан маңызды педагогикалық ресурс екені атап өтілді.




Сурет 12 – «Zoom платформасында ұйымдастырылған *«Абайдың қара сөздеріне зерделі саяхат»* республикалық онлайн дөңгелек үстел (экраннан скриншот)




Сурет 13 – «Зум платформасында ұйымдастырылған *«Абайдың қара сөздеріне зерделі саяхат»* республикалық онлайн дөңгелек үстел (экраннан скриншот)




Сурет 14 – «Зум платформасында ұйымдастырылған *«Абайдың қара сөздеріне зерделі саяхат»* республикалық онлайн дөңгелек үстел (экраннан скриншот)

Ұсынылған үйірме жұмысының мазмұны болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттерін кешенді дамытуға бағытталды.

Сонымен қатар, үшінші педагогикалық шартты жүзеге асыру аясында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін саналы ұғынуы мен бағалауына бағытталған әлеуметтік желідегі рухани-танымдық Instagram-парақша «Рухани сыр–сандық» ашылып, қалыптастырушы эксперимент барысында жүйелі қолданылды.

Сандық технологиялар мен әлеуметтік медиа жастардың әлеуметтік байланыстары мен мәдени тәжірибесіне елеулі ықпал етіп, өзара әрекеттесуді күшейтумен қатар құндылықтық бағдарлар мен әлеуметтік келісімге қатысты жаңа мәселелерді күн тәртібіне шығаратыны зерттеулерде көрсетіледі[169]. Осы тұрғыдан алғанда, виртуалды білім беру кеңістігін тек ақпарат алмасу алаңы ретінде емес, студенттердің дүниетанымын кеңейтіп, құндылықтық пайымдауын жандандыратын әлеуметтік-мәдени орта ретінде мақсатты педагогикалық тұрғыда қолдану өзектілігі артады.

Цифрлық ортада мазмұнды визуалдандыру, қысқа форматтағы мәтіндер, интерактивті сауалнама/сұрақ-жауап және рефлексиялық тапсырмалар сияқты құралдар білім алушылардың қатысу белсенділігін арттыруға және кері байланысты жедел ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Дегенмен білім алушыларды «визуал/аудиал/кинестетик» типтеріне қатаң жіктеу арқылы оқытуды дәл бейімдеу идеясы ғылыми әдебиеттерде бірмәнді дәлелденбегендіктен, визуалдық құралдарды қолдану бұл зерттеуде оқытуды «оқу стильдерімен» сәйкестендіру ретінде емес, дидактикалық әсерді күшейтетін мультимодальды (мәтін + көрнекілік + интерактив) тәсіл ретінде негізделді [170].

Парақшада рухани-адамгершілік мазмұндағы қысқаша мәтіндер, ой толғаулар, дәйексөздер, интерактивті сұрақ-жауап форматындағы жазбалар және рефлексиялық тапсырмалар жарияланып отырды. Контент мазмұны Абайдың қара сөздері, ұлттық құндылықтар, мұғалім мамандығының рухани миссиясы және өзін-өзі дамыту тақырыптарын қамтып, студенттердің рухани мәдениет мазмұнына деген тұрақты қызығушылығын арттыруға бағытталды. Instagram желісіндегі «Рухани сыр–сандық» парақшасының визуалдық үлгісі 15-суретте көрсетілген.

15-суретте парақша контентінің қысқа мәтін, дәйексөз, интерактивті сұрақ-жауап және рефлексиялық тапсырмалар форматында ұйымдастырылғаны көрсетілген. Визуалдық құрылым мазмұнды модульдік түрде ұсынуға, білім алушылардың назарын шоғырландыруға және кері байланыс механизмдерін (сауалнама, пікір, сторис-тапсырма) іске қосуға мүмкіндік береді. Instagram платформасының интерактивті мүмкіндіктерін (пікір қалдыру, сауалнама, кері байланыс) пайдалану студенттердің белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, олардың жеке көзқарасын білдіруіне және рефлексиялық ойлауын дамытуына жағдай жасады.

Осылайша, «Рухани сыр–сандық» парақшасы үшінші педагогикалық шартты іске асырудың заманауи цифрлық құралы ретінде қызмет атқарып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру үдерісінің мазмұндық-рефлексиялық аясын кеңейтті. Парақша құрылымы төрт мазмұндық модульден тұрды: «Жалпыадамзаттық құндылықтар», «Этномәдени құндылықтар», «Кітап – рухани қазына», «Өнер – өмір өрнегі». Әрбір модуль болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің дүниетанымдық көзқарастарын жан-жақты дамытуға және рухани мәдениет мазмұнын тұлғалық деңгейде пайымдауға бағытталды.




Сурет 15 – «Рухани сыр–сандық» рухани-танымдық Instagram-парақшасының интерфейсі мен контент үлгілері (скриншот)

«Рухани сыр–сандық» рухани-танымдық Instagram-парақшасын педагогикалық мақсатта қолдану белгілі бір әдістемелік алгоритм негізінде жүзеге асырылды. Алгоритм мазмұнды жоспарлау, іске асыру және рефлексиялық кері байланыс кезеңдерін қамтыды.

Бірінші алгоритмдік кезеңде парақша контенті болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттерін дамытуға бағытталып, мазмұндық модульдерге сәйкес жоспарланды. Аптасына 2–3 рет жарияланған жазбалар қысқа мәтіндер, дәйексөздер, визуалды материалдар және проблемалық сұрақтар форматында ұсынылды.

Екінші алгоритмдік кезеңде интерактивті өзара әрекеттесу қамтамасыз етіліп, сауалнама, пікір қалдыру, сторис-тапсырмалар және рефлексиялық

сұрақтар арқылы студенттердің белсенді қатысуы ынталандырылды. Бұл кезеңде студенттердің құндылықтық пайымдауы мен жеке көзқарасын білдіруіне ерекше назар аударылды.

Үшінші алгоритмдік кезеңде рефлексиялық талдау жүзеге асырылып, студенттердің жауаптары мен пікірлері оқу сабақтарында, рефлексиялық күнделік тапсырмаларында және СОӨЖ барысында талқыланды. Бұл парақшада ұсынылған рухани-адамгершілік мазмұнды саналы түрде ұғынуға, оны кәсіби-педагогикалық іс-әрекетпен байланыстыруға және ішкі құндылықтық интериоризациялауға жағдай жасады.

Instagram-парақшаны қолдану жүйелі, мақсатты және рефлексияға негізделген әдістемелік алгоритм арқылы жүзеге асырылып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың үшінші педагогикалық шартын тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етті.

Осылайша, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыруға арналған әзірленген әдістеме жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісіне мақсатты, жүйелі және кезең-кезеңімен енгізілді. Әдістеме оқу сабақтарын, аудиториядан тыс тәрбиелік іс-әрекетті және педагогикалық практиканы өзара сабақтастықта ұйымдастыру арқылы болашақ педагогтердің рухани мәдениетін мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттер бірлігінде дамытуға мүмкіндік берді.

### 2.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру бойынша эксперимент нәтижелері

Айқындаушы эксперименттің нәтижелері мен әзірленген теориялық модель біз ұсынып отырған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыруға арналған әдістемені тәжірибелік тұрғыдан сынақтан өткізуге бағытталған қалыптастырушы эксперимент кезеңін жоспарлауға негіз болды.

Осыған сәйкес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру әдістемесінің нәтижелілігі педагогикалық эксперимент негізінде тексерілді.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер қойылды:

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің бастапқы деңгейін қалыптастырушы эксперимент нәтижелерімен салыстыру;

– мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттер бойынша рухани мәдениеттің қалыптасу динамикасын айқындау;

– эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстырмалы талдау;

– ұсынылған педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесі жөнінде ғылыми негізделген қорытындылар жасау.

Бұл тарауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруға арналған қалыптастырушы эксперименттің барлық кезеңдерінде алынған нәтижелер талданды. Эксперимент нәтижелері анықтау,

қалыптастыру және бақылау кезеңдерінде қолданылған бірізді өлшемдер (критерийлер), көрсеткіштер мен деңгейлер негізінде сипатталады.

Алынған деректерді талдау барысында эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштері салыстырмалы түрде қарастырылды. Нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттерінің қалыптасуындағы сапалық және сандық өзгерістер анықталды.

Эксперимент нәтижелерін бағалау үшін алдын ала және қорытынды диагностика деректері пайдаланылып, студенттердің оқу өнімдері (эссе, глоссарий, кейс шешімдері, рефлексиялық жазбалар, шығармашылық жұмыстар) мазмұндық-талдамалық тәсілмен сараланды. Бұл болашақ педагогтердің рухани мәдениет мазмұнын саналы ұғынуы мен құндылықтық пайымдау деңгейіндегі өзгерістерді тереңірек ашуға мүмкіндік берді.

Алынған нәтижелер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру әдістемесінің ғылыми негізділігін және педагогикалық үдерістегі тиімділігін көрсетеді.

Қалыптастырушы эксперимент барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыруға арналған әдістеме тұтас педагогикалық жүйе ретінде эксперименттік тексерістен өтті. Әдістеменің тиімділігі жекелеген құралдардың әсерін оқшау бағалау арқылы емес, оқыту мен тәрбиені ұйымдастыру формалары, әдістері мен құралдарының өзара байланысқан кешенді ықпалы негізінде, мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттер бойынша байқалған өзгерістер арқылы айқындалды.

Әдістеменің құрамында әзірленіп, тәжірибелік тұрғыдан апробациядан өткен төмендегі оқу-әдістемелік және тәрбиелік құралдар оның мазмұндық, іс-әрекеттік және нәтижелік блоктарының тиімді іске асуын қамтамасыз етті:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мазмұнына тұрақты қызығушылығын қалыптастыруға арналған «Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениеті» элективті курсы;
- оқу материалын құрылымдап ұсынуға, визуализациялауға және студенттердің өзіндік оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған ЭЕМ-ге арналған «Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениетінің негіздері» электронды оқу құралы;
- педагогикалық пәндердің тәрбиелік әлеуетін арттыру мақсатында «Педагогика» және «Этнопедагогика» пәндерінің мазмұнына енгізілген ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарға бағытталған мазмұндық толықтырулар;
- рухани мәдениетті құндылыққа бағытталған білім беру контекстінде меңгеруге арналған «Құндылыққа бағытталған білім берудің теориясы мен әдістемесі» элективті курсы;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін саналы ұғынуы мен бағалауына арналған компьютерлік бағдарлама «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарлары: рефлексиялық күнделік»;

- рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыруға арналған «Педагогикалық кейстер мен шығармашылық тапсырмалар» жинағы;

- рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыруға бағытталған «Рухани және ұлттық құндылықтар сарайы» үйірме жұмысының бағдарламасы;

- студенттердің рухани-құндылықтық пайымдауын жандандыруға арналған цифрлық тәрбиелік кеңістік ретінде қолданылған рухани-танымдық Instagram-парақша «Рухани сыр–сандық» (контент-план және интерактивті тапсырмалар пакеті).

Қалыптастырушы эксперимент нәтижелері компоненттік құрылымға сәйкес жүйеленіп ұсынылды. Әр компонент бойынша эксперименттік және бақылау топтарының алдын ала және қорытынды диагностика көрсеткіштері салыстырылып, өзгерістердің бағыттылығы мен деңгейлік динамикасы (жоғары, орта, төмен) айқындалды. Аралық бақылау барысында студенттердің оқу өнімдері мен рефлексиялық материалдары мазмұндық-талдамалық тұрғыдан сараланып, рухани мәдениет мазмұнын саналы ұғыну мен құндылықтық пайымдауындағы өзгерістер нақтыланды.

Осылайша, мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттер бойынша алынған нәтижелер, сондай-ақ қорытынды интегралды көрсеткіштер мен ұсынылған әдістеменің жалпы тиімділігі осы тарауда ұсынылады.

Анықтау эксперименті кезеңінде (n=130) зерттеліп отырған феноменнің бастапқы жай-күйін барынша объективті сипаттау мақсатында диагностикалық деректер топтарға бөлінбей, біріктірілген жиынтық ретінде өңделді. Ал қалыптастырушы экспериментті жүргізуге кіріспес бұрын қатысушылар эксперименттік (n=68) және бақылау (n=62) топтарына бөлініп, екі топта да алдын ала диагностика бірдей өлшемдер бойынша қайта жүргізілді. Бұл тарауда педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігі эксперименттік және бақылау топтарының алдын ала және қорытынды диагностикалық көрсеткіштерін салыстыру, сондай-ақ деңгейлік динамиканы (жоғары–орта–төмен) талдау арқылы айқындалады.

Қалыптастырушы эксперимент нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттері бойынша оң динамиканы көрсетті. Эксперименттік топта аталған компоненттердің барлығы бойынша жоғары деңгей көрсеткіштерінің артуы және төмен деңгейдің азаюы байқалды, ал бақылау тобында елеулі өзгерістер байқалмады. Оқыту ортасының ықпалы мен педагогтың белсенді қатысуы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасуына елеулі әсер ететіні анықталды [171]. Бұл ұсынылған педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігін дәлелдейді.

Кесте 22 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық компоненттің қалыптасу деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері (БТ және ЭТ, %)

| Деңгей | БТ (дейін) | БТ (кейін) | Δ БТ өзгеру динамикасы | ЭТ (дейін) | ЭТ (кейін) | Δ ЭТ өзгеру динамикасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Төмен | 34,7 | 33,9 | −0,8 | 34,7 | 17,4 | −17,3 |
| Орта | 51,5 | 51,0 | −0,5 | 51,5 | 44,1 | −7,4 |
| Жоғары | 13,8 | 15,1 | +1,3 | 13,8 | 38,5 | +24,7 |
| Барлығы | 100 | 100 | 0 | 100 | 100 | 0 |
| Ескерту: Δ – *экспериментке дейінгі және кейінгі айырма.* | | | | | | |




Сурет 16 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық компоненттің қалыптасу деңгейлерінің динамикасы

Алынған деректер (22-кесте, 16-сурет) қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперименттік топта мотивациялық-құндылық компоненттің айқын оң динамикасын көрсетті. Атап айтқанда, эксперимент тобында жоғары деңгей көрсеткіші 13,8%-дан 38,5%-ға дейін артты (Δ=+24,7%), ал төмен деңгей 34,7%-дан 17,4%-ға дейін төмендеді (Δ=−17,3%). Бақылау тобында бастапқы деңгейдегі нәтиже өзгеріссіз қалды, бұл рухани мәдениетті қалыптастырудың дәстүрлі оқу үдерісінде жүйелі түрде қамтамасыз етілмейтінін дәлелдейді.

Кесте 23 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің когнитивті компоненттің қалыптасу деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері (БТ және ЭТ, %)

| Деңгей | БТ (дейін) | БТ (кейін) | Δ БТ өзгеру динамикасы | ЭТ (дейін) | ЭТ (кейін) | Δ ЭТ өзгеру динамикасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Төмен | 40,0 | 38,5 | −1,5 | 40,0 | 18,8 | −21,2 |
| Орта | 43,0 | 43,4 | +0,4 | 43,0 | 45,0 | +2,0 |
| Жоғары | 17,0 | 18,1 | +1,1 | 17,0 | 36,2 | +19,2 |
| Барлығы | 100 | 100 | 0 | 100 | 100 | 0 |
| *Ескерту: Δ – экспериментке дейінгі және кейінгі айырма.* | | | | | | |




Сурет 17 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің когнитивті компоненттің қалыптасу деңгейлерінің динамикасы

Когнитивті компонент бойынша (23-кесте, 17-сурет) эксперименттік топта рухани мәдениетке қатысты білімдердің жүйелілігі мен саналы меңгерілу деңгейі едәуір артты. Эксперименттік топтағы жоғары деңгей 17,0%-дан 36,2%-ға дейін өсті (Δ=+19,2%), ал төмен деңгей 21,2%-ға қысқарды. Эксперименттік топтың нәтижесі: Эксперименттік топтағы жоғары деңгейдің өсуі біз енгізген «Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениеті» элективті курсының және автоматтандырылған оқу бағдарламасының ақпараттық-танымдық тұрғыдан тиімділігін көрсетеді. Студенттер рухани мәдениетті жай ғана дерек ретінде емес, кәсіби құзыреттіліктің ажырамас бөлігі ретінде терең түсіне бастады.

Кесте 24 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің іс-әрекеттік-рефлексивті компонентінің қалыптасу деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері (БТ және ЭТ, %)

| Деңгей | БТ (дейін) | БТ (кейін) | Δ БТ өзгеру динамикасы | ЭТ (дейін) | ЭТ (кейін) | Δ ЭТ өзгеру динамикасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Төмен | 37,0 | 36,6 | −0,4 | 37,0 | 19,8 | −17,2 |
| Орта | 47,6 | 47,1 | −0,5 | 47,6 | 46,2 | −1,4 |
| Жоғары | 15,4 | 16,3 | +0,9 | 15,4 | 34,0 | +18,6 |
| Барлығы | 100 | 100 | 0 | 100 | 100 | 0 |
| *Ескерту: Δ – экспериментке дейінгі және кейінгі айырма.* | | | | | | |




Сурет 18 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің іс-әрекеттік-рефлексивті компонентінің қалыптасу деңгейлерінің динамикасы

Іс-әрекеттік-рефлексивті компонент бойынша алынған нәтижелер (24-кесте, 18-сурет) эксперименттік топта студенттердің рухани құндылықтарды педагогикалық іс-әрекетте жүзеге асыру және өз кәсіби әрекетіне рефлексия жасау қабілетінің артқанын көрсетті. Эксперименттік топтарда жоғары деңгей 18,6%-ға өсіп, төмен деңгей 17,2%-ға азайды, бұл рефлексиялық іс-әрекеттің арнайы ұйымдастырылған білім беру ортасында ғана тиімді дамитынын дәлелдейді.

Ұсынылып отырған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асырудың әдістемесінің тиімділігі қалыптастырушы эксперимент барысында анықталды. Эксперимент мәліметтерін өңдеу барысында алынған нәтижелер осыны дәлелдейді.

Жоғарыда берілген мәліметтер бір қалыпқа түсіріліп, ортақ мәндері келесі 25-кестеде, 19-суретте ұсынылады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасу деңгейі бойынша орта мәндердің айырмашылығы ұсынылған педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігін дәлелдейді.

Кесте 25 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасу деңгейлерінің компоненттер бойынша интегралды (жалпы) көрсеткіштері (%)

| Компоненттер | Деңгей | БТ (дейін) | БТ (кейін) | Δ БТ өзгеру динамикасы | ЭТ (дейін) | ЭТ (кейін) | Δ ЭТ өзгеру динамикасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мотивациялық-құндылық | Жоғары | 13,8 | 15,1 | +1,3 | 13,8 | 38,5 | +24,7 |
| | Орта | 51,5 | 51,0 | -0,5 | 51,5 | 44,1 | -7,4 |
| | Төмен | 34,7 | 33,9 | -0,8 | 34,7 | 17,4 | -17,3 |
| Когнитивті | Жоғары | 17,0 | 18,1 | +1,1 | 17,0 | 36,2 | +19,2 |
| | Орта | 43,0 | 43,4 | +0,4 | 43,0 | 45,0 | +2,0 |
| | Төмен | 40,0 | 38,5 | -1,5 | 40,0 | 18,8 | -21,2 |
| Іс-әрекеттік-рефлексивті | Жоғары | 15,4 | 16,3 | +0,9 | 15,4 | 34,0 | +18,6 |
| | Орта | 47,6 | 47,1 | -0,5 | 47,6 | 46,2 | -1,4 |
| | Төмен | 37,0 | 36,6 | -0,4 | 37,0 | 19,8 | -17,2 |
| Интегралды (жалпы) көрсеткіш | Жоғары | 15,4 | 16,5 | +1,1 | 15,4 | 36,2 | +20,8 |
| | Орта | 47,4 | 47,2 | -0,2 | 47,4 | 45,1 | -2,3 |
| | Төмен | 37,2 | 36,3 | -0,9 | 37,2 | 18,7 | -18,5 |

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасу деңгейін жиынтық түрде бағалау үшін интегралды көрсеткіш есептелді. Ол мотивациялық-құндылық ($X_1$), когнитивті ($X_2$) және іс-әрекеттік-рефлексивті ($X_3$) компоненттердің арифметикалық орта мәні ретінде анықталды.

Интегралды көрсеткішті есептеу формуласы:

$$\bar{X} = \frac{X_1 + X_2 + X_3}{3}$$

Мұндағы:

$X_1$ – мотивациялық-құндылық компонент көрсеткіші;

$X_2$ – когнитивті компонент көрсеткіші;

$X_3$ – іс-әрекеттік-рефлексивті компонент көрсеткіші.

Эксперименттік топтағы (ЭТ) жоғары деңгейдің интегралды көрсеткішінің 36,2%-ды құрауы (өсім Δ = +20,8%) компоненттер арасындағы тығыз функционалдық байланысты көрсетеді. Бұл көрсеткіштердің бір-біріне жақын болуы (38,5%; 36,2%; 34,0%) ұсынылған педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесі рухани мәдениеттің компоненттеріне жүйелі әсер еткенін айғақтайды.




Сурет 19 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасу деңгейлерінің компоненттер бойынша эксперимент тобының интегралды (жалпы)динамикасы

19-суретте эксперименттік топтағы қалыптастырушы эксперименттен кейін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттері бойынша деңгейлердің үлестік өзгерісі көрсетілген. Барлық компоненттерде жоғары деңгей көрсеткіштерінің айқын өсуі және төмен деңгейдің едәуір азаюы байқалады. Интегралды көрсеткіш те осы оң динамиканы растайды.

Эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтарының қорытынды көрсеткіштері арасындағы айырмашылықтың статистикалық маңыздылығын тексеру мақсатында компоненттік деңгейлер бойынша салыстырмалы талдау жүргізілді. Деректерді өңдеу барысында ЭТ мен БТ арасындағы өзгеріс динамикасының бағыттылығы мен қарқыны бағаланды. Алынған нәтижелер (22–24-кестелер) эксперименттік топта жоғары деңгей көрсеткіштерінің орташа есеппен +20,8%-ға өскенін, ал төмен деңгейдің −18,5%-ға азайғанын көрсетті. Бақылау тобында бұл көрсеткіштердің ауытқуы ±1,3% шегінде болып, статистикалық маңызды өзгерістер тіркелмеді. Бұл ұсынылған әдістеменің педагогикалық үдеріске енгізілуі рухани мәдениеттің барлық компоненттерінің дамуына жүйелі әсер ететінін және өзгерістердің кездейсоқ сипатта емес, мақсатты педагогикалық ықпал нәтижесінде жүзеге асқанын дәлелдейді.

Корреляциялық талдау мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттер бойынша алынған орташа индекстер негізінде жүргізілді. Орташа индекс келесі формуламен анықталды:

$$\mathrm{I} = \frac{3X_{жоғ} + 2X_{орт} + X_{төм}}{100} \quad (1)$$

Пирсон коэффициенті формуласы: $r = \frac{\sum(x-\bar{x})(y-\bar{y})}{\sqrt{\Sigma(x-\bar{x})^2 \cdot \Sigma(y-\bar{y})^2}}$

Мұндағы:
r – Пирсонның сызықтық корреляция коэффициенті;
Σ – қосынды белгісі;
x – бақылау тобының көрсеткіштері;
y – эксперименттік топтың көрсеткіштері;
$\bar{x}$, $\bar{y}$ – орташа арифметикалық мәндер.

Компоненттер бойынша есептеу нәтижелері төмендегі 26-кестеде көрсетілген.

Жиынтық мәндер:

$\Sigma(x-\bar{x})^2 = 0.000161$

$\Sigma(y-\bar{y})^2 = 0.002385$

$\sum(x-\bar{x})(y-\bar{y}) = 0.000532$

Кесте 26 – Эксперименттік және бақылау топтарының компоненттер бойынша көрсеткіштер арасындағы Пирсон корреляция коэффициентін есептеу нәтижелері

| Компонент | x (БТ) | y (ЭТ) | $\bar{x}$ | $\bar{y}$ | $x-\bar{x}$ | $y-\bar{y}$ | $(x-\bar{x})^2$ | $(y-\bar{y})^2$ | $(x-\bar{x})(y-\bar{y})$ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мотивациялық-құндылық | 1.812 | 2.211 | 1.802 | 2.176 | +0.010333 | +0.035333 | 0.000107 | 0.001248 | 0.000365 |
| Когнитивті | 1.796 | 2.174 | 1.802 | 2.176 | -0.005667 | -0.001667 | 0.000032 | 0.000003 | 0.000009 |
| Іс-әрекеттік-рефлексивті | 1.797 | 2.142 | 1.802 | 2.176 | -0.004667 | -0.033667 | 0.000022 | 0.001133 | 0.000157 |
| Жиынтық (Σ) | | | | | | | 0.000161 | 0.002385 | 0.000532 |
| Есептеу нәтижесі: r=0,859. | | | | | | | | | |

Деректерді өңдеу барысында Microsoft Excel бағдарламасының стандартты статистикалық функциялары пайдаланылды. Атап айтқанда, корреляция коэффициентін есептеу үшін =CORREL(x; y) функциясы қолданылып, алынған нәтижелер классикалық формула бойынша жүргізілген есептеулермен толық сәйкес келді, бұл есептеулердің сенімділігін растайды.

Алайда алынған мән (r = 0,859) компоненттер арасындағы өзара байланыс пен өзгерістердің жүйелі және келісімді сипатта болғанын көрсетеді, бірақ топтар арасындағы айырмашылықтың статистикалық маңыздылығын тікелей ашпайды. Осыған байланысты зерттеуде негізгі дәлелдеме құралы ретінде эксперименттік және бақылау топтары арасындағы айырмашылықтың

статистикалық маңыздылығын анықтау үшін Пирсонның $\chi^2$ тәуелсіздік критерийі қолданылды (27-кесте).

Талдау нысаны ретінде қалыптастырушы эксперимент соңында алынған абсолютті жиіліктер алынып, олар мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттер бойынша жоғары, орта және төмен деңгейлер кескінінде салыстырылды.

Кесте 27 – Компоненттер бойынша топтар арасындағы айырмашылықтың хи-квадрат талдауының нәтижелері

| Компонент | χ2 -мәні | df | *p*-мәні | Эффект өлшемі (Cramér's V) | Статистикалық шешім |
|---|---|---|---|---|---|
| Мотивациялық-құндылық | 10,52 | 2 | 0,005 | 0,284 | H0 қабылданбайды |
| Когнитивті | 8,61 | 2 | 0,013 | 0,257 | H0 қабылданбайды |
| Іс-әрекеттік-рефлексивті | 7,79 | 2 | 0,020 | 0,245 | H0 қабылданбайды |
| Ескерту: df – еркіндік дәрежесі; H0– нөлдік гипотеза (топтар арасында айырмашылық жоқ). | | | | | |

Есептеу нәтижелері (27-кесте) көрсеткендей, барлық үш компонент бойынша алынған эмпирикалық χ2 мәндері критикалық мәннен асып түсті (α=0,05):

- мотивациялық-құндылық компонент: χ2(2)=10,52, p=0,005;
- когнитивті компонент: χ2(2)=8,61, p=0,013;
- іс-әрекеттік-рефлексивті компонент: χ2(2)=7,79, p=0,020.

p-мәндерінің 0,05-тен төмен болуы нөлдік гипотезаны ($H_0$: топтар арасында айырмашылық жоқ) теріске шығаруға негіз береді. Демек, эксперименттік және бақылау топтары арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді. Бұл айырмашылықтар эксперименттік әсердің статистикалық тұрғыдан расталған нәтижесі екенін көрсетеді. Сонымен қатар, Крамердің V коэффициентінің 0,245–0,284 аралығындағы мәндері педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесінің орташа деңгейдегі практикалық маңыздылығын көрсетеді. Бұл нәтижелер корреляциялық талдау арқылы анықталған байланыстарды толықтырып, эксперименттік ықпалдың нәтижелілігін кешенді түрде дәлелдейді.

Осылайша, алынған нәтижелер ұсынылған педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігін дәлелдеп, оның білім беру практикасында нақты және өлшенетін нәтиже беретін құрал екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, авторлық сауалнаманың сенімділігін бағалау мақсатында ішкі келісімділік көрсеткіші ретінде Кронбах альфа коэффициенті (Cronbach's α) есептелді. Кронбах α коэффициенті Microsoft Excel бағдарламасында есептелді. Сауалнама 30 тұжырымнан тұрып, үш бөлімді қамтиды: мотивациялық-құндылық (1–10), когнитивті (11–20) және іс-әрекеттік-рефлексивті (21–30).

Осыған байланысты сенімділік әр бөлім бойынша жеке және жалпы шкала бойынша кешенді түрде анықталды. Есептеу нәтижелері барлық бөлімдер бойынша α коэффициентінің жеткілікті деңгейде екенін көрсетті (α ≥ 0,7), бұл әр бөлімдегі тұжырымдардың мазмұндық және өлшемдік тұрғыдан өзара үйлесімді екенін дәлелдейді. Алынған нақты мәндер (0,79–0,87) шкаланың жоғары ішкі келісімділігін көрсетеді.

Сонымен қатар, жалпы сауалнама бойынша алынған α мәні жоғары сенімділікті көрсетті, бұл құралдың тұтас құрылым ретінде тұрақты және қайталанымды нәтиже беретінін айқындайды.

Айта кету керек, сауалнамада кері тұжырымдардың (6, 16, 26) болуы жауаптардың біржақтылығын төмендетуге мүмкіндік береді және өлшеу дәлдігін арттырады, бұл да сенімділік көрсеткіштерінің жоғары болуына ықпал етеді.

Осылайша, үш бөлімнен тұратын авторлық сауалнама ішкі біртектілік талаптарына сәйкес келеді және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін диагностикалауда сенімді құрал ретінде қолдануға негіз болады.

Кесте 28 – Авторлық сауалнаманың сенімділік көрсеткіштері (Кронбах α)

| Бөлім атауы | Сұрақтар диапазоны | Тұжырымдар саны | Cronbach's α | Сенімділік деңгей |
|---|---|---|---|---|
| Мотивациялық-құндылық | 1–10 | 10 | 0,84 | Жақсы |
| Когнитивті | 11–20 | 10 | 0,81 | Жақсы |
| Іс-әрекеттік-рефлексивті | 21–30 | 10 | 0,79 | Қанағаттанарлық |
| Жалпы шкала | 1–30 | 30 | 0,87 | Жоғары |
| Ескерту: α ≥ 0,7 – қанағаттанарлық; α ≥ 0,8 – жақсы; α ≥ 0,9 – өте жоғары сенімділік деңгейі. | | | | |

28 - кестеде көрсетілгендей, барлық бөлімдер бойынша Кронбах α коэффициенттері жеткілікті деңгейде, ал жалпы шкала бойынша жоғары мәнге ие, бұл авторлық сауалнаманың ішкі келісімділігінің жоғары екенін және оның сенімді өлшеу құралы екенін дәлелдейді.

**2-бөлім бойынша қорытынды**

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру бойынша жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері келесідей қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Диагносткалық кешен болашақ мұғалімдердің рухани мәдениетінің бастапқы деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл диагностикалық кешен зерттеліп отырған феноменнің көпқырлы сипатын ескеруге және сандық әрі сапалық деректерді өзара толықтыру арқылы неғұрлым объективті нәтиже алуға мүмкіндік берді. Анықтау экспериментінің нәтижесінде студенттердің басым бөлігінде рухани мәдениеттің төмен деңгейі анықталды. Сонымен қатар,

айқындаушы кезеңде алынған деректер қалыптастырушы экспериментті ғылыми негізде ұйымдастыруға негіз болды.

Анықтау кезеңінің нәтижелерін талдау негізінде қалыптастырушы эксперименттің негізгі міндеттері айқындалды. Олар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыруға арналған әдістемені әзірлеу және оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексеруді қамтыды. Қалыптастырушы эксперимент барысында аталған әдістеме тұтас педагогикалық жүйе ретінде қарастырылып, оның тиімділігі жекелеген құралдардың әсерін оқшау бағалау арқылы емес, оқыту мен тәрбиені ұйымдастыру формалары, әдістері мен құралдарының өзара байланысқан кешенді ықпалы негізінде айқындалды.

Анықтау және бақылау кезеңдерінің нәтижелерін салыстырмалы талдау эксперименттік топтағы студенттердің рухани мәдениетінің барлық компоненттері бойынша оң динамиканы көрсетті және ұсынылған әдістеменің нәтижелілігін дәлелдеді. Сонымен қатар, алынған нәтижелердің статистикалық маңыздылығын тексеру үшін Пирсонның $\chi^2$ тәуелсіздік критерийі қолданылып, эксперименттік және бақылау топтары арасындағы айырмашылықтың мәнді екені анықталды ($p < 0,05$). Ал көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты бағалау мақсатында жүргізілген корреляциялық талдау нәтижесінде $r = 0,859$ мәні алынып, компоненттер арасындағы жоғары деңгейдегі оң байланыс анықталды.

Бұдан бөлек, авторлық сауалнаманың сенімділігі Кронбах α коэффициенті арқылы тексеріліп, алынған мәндер (0,79–0,87) өлшеу құралдарының ішкі келісімділігінің жоғары екенін көрсетті. Бұл нәтижелер бір-бірін толықтырып, эксперименттік ықпалдың тиімділігін кешенді түрде дәлелдейді.

Осылайша, алынған нәтижелер ұсынылған педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігін статистикалық, эмпирикалық және мазмұндық-талдамалық тұрғыдан дәлелдеп, оны жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісінде тиімді қолдануға болатындығын негіздейді.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру мазмұнын жаңғырту, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтай отырып, тұлғаның рухани дамуын қамтамасыз ету қазіргі жоғары педагогикалық білім берудің маңызды басымдықтарының біріне айналып отыр. Бұл үдерісте болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рөлі айрықша, себебі бастауыш білім беру деңгейінде оқушының тұлғалық, адамгершілік және құндылықтық бағдарларының іргетасы қаланады. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру мәселесі педагогикалық теория мен практика үшін ерекше мәнге ие.

Теориялық талдау мен педагогикалық эксперимент жұмысының нәтижелері төмендегідей негізгі қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

1. Жүргізілген диссертациялық зерттеу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауға, педагогикалық шарттарын ғылыми тұрғыдан негіздеуге және оны жүзеге асыру әдістемесін педагогикалық эксперимент арқылы тексеруге бағытталды. Зерттеу нәтижелері жоғары білім берудің кәсіби даярлау жүйесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру жетекші мәнге ие екендігі дәлелденді.

2. Зерттеудің бірінші кезеңінде мәселе бойынша философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерге жүргізілген талдау негізінде «мәдениет» және «руханилық» ұғымдарының мазмұны мен өзара байланысы айқындалды. Ұғымдарды зерделеу нәтижесінде *«рухани мәдениет – тұлғаның дүниетанымдық көзқарастарының, рухани-адамгершілік құндылықтарының және моральдық-этикалық ұстанымдарының жүйелі бірлігін білдіретін, әлеуметтік жауапкершілікке негізделген іс-әрекетінде көрініс табатын интегративті сапа»* деп нақтыланды.

3. Аталған теориялық тұжырымдарды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығы контексінде нақтылау нәтижесінде «*болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті – оның рухани құндылықтарын, дүниетанымдық көзқарастарын, кәсіби-этикалық нормалары мен адамгершілік ұстанымдарын біріктіретін, педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны мен бағыттылығын айқындайтын кәсіби маңызды тұлғалық сапа*» деп нақтыланды. Ұсынылған анықтама зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді және ғылыми тұрғыдан негізделген деп бағаланады.

4. Зерттеліп отырған феноменнің мәні мен мазмұнын нақтылау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің құрылымдық компоненттері анықталды. Рухани мәдениет құрылымында өзара тығыз байланыста әрекет ететін мотивациялық-құндылық, когнитивтік және іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттер бөлініп көрсетілді. Әрбір компонентке сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштер жүйесі белгіленіп, олар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасу деңгейін (төмен, орта,

жоғары) педагогикалық үдерісте жүйелі түрде бағалауға мүмкіндік беретіні дәлелденді.

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауға арналған білім беру бағдарламаларына жүргізілген аналитикалық талдау және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениеті деңгейін бастапқы диагностикалау рухани мәдениетті қалыптастыруға қатысты мазмұнның көбіне фрагментарлы сипатта берілетінін және оның мақсатты педагогикалық шарттар жүйесімен жеткіліксіз қамтамасыз етілгенін көрсетті. Осыған байланысты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың өзара байланысты педагогикалық шарттар жүйесі ғылыми тұрғыдан негізделіп, төмендегідей құрылымдалды:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениет мазмұнына тұрақты қызығушылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету;
- педагогикалық пәндердің мазмұнына ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды кіріктіру арқылы олардың тәрбиелік әлеуетін арттыру;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін саналы ұғыну мен бағалауға негізделген рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру.

6. Теориялық алғышарттар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың мақсаттық-әдіснамалық, мазмұндық, іс-әрекеттік және нәтижелік бөліктерден тұратын теориялық моделі әзірленді. Жалпығылыми модельдеу әдісі негізінде жасалған бұл модель жүйе құраушы компоненттердің өзара байланыс логикасына сәйкес құрылып, ғылыми тұрғыда негізделген және сенімді деп бағаланды.

7. Зерттеудің тәжірибелік бөлімінде диагностикалық құралдар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің бастапқы деңгейі анықталды. Анықтау экспериментінің нәтижелері қалыптастырушы экспериментті ғылыми тұрғыдан негізді ұйымдастырудың алғышарты болды.

8. Анықтау кезеңінің нәтижелерін талдау негізінде қалыптастырушы эксперименттің негізгі міндеттері айқындалып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыруға арналған әдістеме әзірленді. Қалыптастырушы эксперимент барысында аталған әдістеме тұтас педагогикалық жүйе ретінде қарастырылып, оның тиімділігі жекелеген құралдардың әсерін оқшау бағалау арқылы емес, оқыту мен тәрбиені ұйымдастыру формалары, әдістері мен құралдарының кешенді ықпалы негізінде анықталды.

9. Педагогикалық эксперимент нәтижелерін салыстырмалы талдау эксперименттік топтағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің барлық компоненттері бойынша айқын оң динамиканы көрсетті және ұсынылған әдістеменің нәтижелілігін дәлелдеді. Эксперименттік топта жоғары деңгей көрсеткішінің 20,8%-ға артуы және төмен деңгейдің едәуір азаюы байқалды, ал бақылау тобында өзгерістер шамалы деңгейде қалды.

Алынған нәтижелердің статистикалық маңыздылығын тексеру үшін Пирсонның $\chi^2$ тәуелсіздік критерийі қолданылып, эксперименттік және бақылау

топтары арасындағы айырмашылықтың мәнді екені анықталды ($p < 0,05$). Бұл анықталған өзгерістердің кездейсоқ емес, мақсатты педагогикалық ықпал нәтижесі екенін көрсетеді.

Көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты бағалау мақсатында жүргізілген корреляциялық талдау нәтижесінде Пирсон коэффициентінің $r = 0,859$ мәні алынып, компоненттер арасындағы жоғары деңгейдегі оң байланыс және өзгерістердің жүйелі әрі келісімді сипаты анықталды.

Бұдан бөлек, авторлық диагностикалық құралдардың сенімділігі Кронбах $\alpha$ коэффициенті арқылы тексеріліп, алынған мәндер (0,79–0,87) өлшеу нәтижелерінің ішкі келісімділігінің жоғары екенін дәлелдеді.

Осылайша, алынған эксперименттік және статистикалық деректер ұсынылған педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігін эмпирикалық, статистикалық және мазмұндық-талдамалық тұрғыдан кешенді түрде дәлелдеп, оны жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісінде тиімді қолдануға болатын ғылыми негізделген жүйе ретінде айқындайды.

Жүргізілген теориялық талдау мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруды жетілдіруге бағытталған келесі ұсыныстарды жасауға мүмкіндік береді:

- жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін мақсатты түрде қалыптастыруды кәсіби даярлау жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде ұйымдастыру, бұл мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде рухани-адамгершілік құндылықтарды саналы түрде басшылыққа алуына жағдай жасайды;
- зерттеу барысында құрастырылған теориялық модельді, педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесін жоғары оқу орындарының педагогикалық үдерісінде пайдалану;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау барысында рухани мәдениетті қалыптастыруға бағытталған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениеті», «Құндылықтарға бағытталған білім берудің теориясы мен әдістемесі» элективті курстарды кәсіби даярлау жүйесінде қолдану;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін саналы ұғынуы мен өзіндік бағалауына арналған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарлары: рефлексиялық күнделік» компьютерлік бағдарламасын оқу және педагогикалық практика кезеңдерінде пайдалану;
- рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыруға бағытталған «Педагогикалық кейстер мен шығармашылық тапсырмалар» жинағын пайдалану;
- студенттердің рефлексиялық-шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған «Рухани және ұлттық құндылықтар сарайы» атты үйірме жұмысының бағдарламасын тәрбие жұмысының жүйесінде іске асыру.

- студенттердің рухани-құндылықтық пайымдауын жандандыруға бағытталған әлеуметтік желілердің цифрлық тәрбиелік кеңістік ретінде мүмкіндіктерін пайдалану.

Ұсынылған оқу-әдістемелік және тәрбиелік құралдар кешені болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін кәсіби даярлау үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде жүйелі қалыптастыруға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының педагогикалық тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру мәселесінің барлық қырларын толық қамтиды деп тұжырымдауға негіз бермейді. Алдағы уақытта бұл мәселені мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы сабақтастықта, сондай-ақ цифрлық білім беру ортасында рухани мәдениетті қалыптастырудың жаңа тетіктерін зерделеу бағытында жалғастыру өзекті бағыттардың бірі болып табылады.

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1 Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 29 наурыздағы № 847 Жарлығы. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауды іске асыру жөніндегі шаралар туралы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000847. – 20.12.2025.

2 Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам». https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022. – 20.12.2025.

3 Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм». https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K24002024_1 – 20.12.2025.

4 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2007 жылғы 27 шілде, № 319-ІІІ. (30.06.2025 ж. дейінгі өзгерістермен). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z07000031. – 20.12. 2025.

5 Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000471. – 20.12.2025.

6 Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249. – 20.12.2025.

7 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916. – 20.12.2025.

8 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы». ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031. – 20.12.2025.

9 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы. Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020642. – 20.12.2025.

10 Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасы. (2022 жылғы 8 желтоқсанда ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі жанындағы РОӘК отырысында мақұлданған. Әзірлеуші – Абай атындағы ҚазҰПУ).

11 «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2019 жылғы 27 желтоқсан, № 293–VI ҚРЗ. Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293. – 20.12.2025.

12 Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы. Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G25HP000031. – 10.01.2025.

13 «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы.

14 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004. – Т. 6. – Б. 124-125.

15 Тускуланские беседы (Tusculanae disputationes) / пер. с лат. – М.: Наука, 1975. – 287 с.

16 Гердер И. Идеи к философии истории человечества. – М.: Наука, 1977. – 703 с.

17 Гегель. Философия права. – М.: Мир книги, 2007. - 464 с.

18 Каган М. С. Философия культуры: учебное пособие. – М. : Юрайт, 2012. – 416 с.

19 Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары / араб тілінен ауд. – Алматы: Ғылым, 1998. — 312 б.

20 Баласағұн Ж. Құтты білік. – Түркістан, Тұран баспаханасы, 2004. – 555 б.

21 Ш.Уәлиханов Таңдамалы шығармалар: 5 томдық. – Алматы: Ғылым, 1984. – Т. 1. – 432 б.

22 Ыбырай Алтынсарин Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 384 б.

23 Абай. Қара сөз.– Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2011. - 184 б.

24 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты «Ақорда». – 2017. – 12 сәуір. – URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy. – 15.12.2020.

25 Кребер А. Л., Клакхон К. Культура: критический обзор понятий и определений // Культурология XX век. – М., 2000. – № 1. – С. 105–183.

26 Тайлор Э. Первобытная культура. – М.: Политиздат, 1989. – 573 с.

27 Большой философский словарь. – СПб.: Мир, 2000. – 574 с., 53 б.

28 Гирц Клиффорд Интерпретация культур. – М.: РОССПЭН, 2004. – 560 с..

29 Библер Владимир Мышление как творчество. – М.: Политиздат, 1975. – 399 с.

30 Маркарян Э. Теория культуры и современная наука. – М.: Мысль, 1983. – 284 с.

31 Вебер Макс Избранные произведения. – М.: Прогресс, 1990. – 808 с.

32 Риккерт Генрих Науки о природе и науки о культуре. – М.: Республика, 1998. – 413 с.

33 Лотман Юрий Культура и взрыв. – М.: Гнозис, 1992. – 272 с.

34 Философиялық сөздік. Редкол: Р. Н. Нұрғалиев. Алматы: Қазақ энц. баспасы. - 1996. - 525 б.

35 Е.Н. Осербаев, С.Х. Ғабитов. Мәдениет философиясы және ұлттық мәдени девиацияның шектері // Адам әлемі. – 2022. – №1 (91). – Б. 49-62.
36 Жүсупова А. Әлеуметтану негіздері: оқу құралы. – Алматы: Экономика баспасы, 2012. – 280 б.
37 Зинченко В. П., Мещеряков Б. Г. Большой психологический словарь //Москва. – 2008. – 621 с.
38 Фрейд, З. Психология масс и анализ человеческого Я / З. Фрейд ; пер. с нем. – М.: Прогресс, 1991. – 96 с.
39 Ницше, Ф. К Генеалогии морали. Полемическое сочинение / Ф. Ницше ; пер. с нем. – СПб.: Азбука, 2003. – 256 с.
40 Педагогический словарь / авт.-сост. И.П.Андриади, С.Ю.Темина. – Москва: «ИНФРА-М», 2022. – 224 с.
41 Қоянбаев, Р. М. Педагогикалық сөздік: научное издание / Р. М. Қоянбаев, Қ. Т. Ыбыраимжанов. - Түркістан : Қ.А.Ясауи ат.Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2006. - 172 б.
42 Швейцер А. Культура и этика/пер. с нем. НА Захарченко, ГВ Колшанского //М.: Прогресс. – 1973. – 318 с.
43 Conti L. Understanding Culture, Cultural Identity and Cultural Heritage in the Post-Digital Age // IntechOpen. – 2024. – DOI: 10.5772/intechopen.1006912.
44 Ezekwem-Obi A., Blythe S., Grace R. «Your culture is in you»: Cultural identity and connection for children from culturally diverse backgrounds in care: A scoping review of child perspectives //Child Protection and Practice. – 2025. – Т. 5. – 100134 с. – DOI: 10.1016/j.chipro.2025.100134.
45 Платон. Диалоги Сократа / пер. с древнегреч. В.Н.Карпова. - СПб.: Азбука-классика, 2009. – 448 с.
46 Платон. Государство. –М.: Neoclassic. – 2020. –448с.
47 Аристотель. Этика.Политика. Поэтика // Собр.соч.: в 4 т. - М., 1984. – 455 с.
48 Степанович В. А., Климович А. В. Философия и методология науки (понятия, категории, проблему, школы, направления): терминологический словарь-справочник //М., Берлин: Директ-Медиа. – 2017.
49 Жильсон Э. Дух средневековой философии/ пер.с французкого Г.В.Вдовиной – М.: Институт философии,теологии и истории св.Фомы, 2011. - 560 с.
50 Леонтьев, Д.А. Психология смысла: природа, строение и динамика смысловой реальности. – М.: Смысл, 2007. – 487 с.
51 Кант И. Основоположения метафизики нравов // Соч.: в 8 т. - М.:Чоро, 1994. - Т. 4. - 406 с.
52 Гегель, Г. В. Ф. Феноменология духа / Г. В. Ф. Гегель ; пер. с нем. Г. Г. Шпета ; РАН, Ин-т философии. — М.: Наука, 2000. — 495 с. — (Памятники философской мысли). — Библиогр. в примеч.: с. 411–452.
53 Дильтей, В. Построение исторического мира в науках о духе / В. Дильтей ; пер. с нем. А. В. Михайлова. – СПб. : Алетейя, 2004. – 368 с.

54 Pargament K. I. Spiritually integrated psychotherapy: Understanding and addressing the sacred. – Guilford press, 2011.- P. 32–45.

55 Emmons R. A. Is spirituality an intelligence? Motivation, cognition, and the psychology of ultimate concern //The International Journal for the psychology of Religion. – 2000. – Т. 10. – №. 1. – С. 3-26.

56 Sheldrake, P. Spirituality: A Brief History / P. Sheldrake. – 2nd ed. – Chichester : John Wiley & Sons, 2013. – 248 p.

57 Әл-Фараби. Қайрымды қала. Музыка туралы кітап. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: RS Халықаралық Абай клубы.– 2018. – 936 б.

58 Құдайбердиев Ш. Үш анық. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Қазақтың психологиялық ой-пікірлері. 10-том/ Жетекшісі – акад. Ә.Н.Нысанбаев.- Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2006. – 480 б.

59 Косиченко, А.Г. Философия человека: духовность и культура. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 180 с.

60 Соловьева Г. Г., Рахметова Ж. А. Прекрасное как «спасение безнадежного». Гегель и Адорно //Вопросы философии. – 2021. – №. 5. – С. 148-158.

61 Ильичева, И. М. Психология духовности : теоретико-методологический анализ : дис. ... док. психол. наук : 19.00.01 / Ильичева Ирина Михайловна. – СПб., 2003. – 412 с.

62 Бердяев, Н. А. Самопознание / Н. А. Бердяев. – М.: Эксмо, 2025. – 544 с.

63 Лосский, Н. О. Философские сочинения / Н. О. Лосский ; сост. и коммент. А. А. Ермакова. – М.: Мысль, 2003. – 512 с.

64 Флоренский, П. А. Столп и утверждение Истины [Электронный ресурс] / П. А. Флоренский. – М.: Канон+, 2020. – 544 с.

65 Нысанбаев А. Н., Барлыбаева Г. Г. Этика как ядро казахской философской мысли //Вопросы философии. – 2012. – №. 10. – С. 65-74.

66 Кішібеков Д. Сыдықов Ұ. Философия.. - 9 басылым.- «Қарасай», — Алматы: 2008.– 360 б.

67 Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 181 б.

68 Әлеуметтік философия: Хрестоматия / құр. Қ.Әбішев. – Алматы: Ғылым, 1997. – 128 б.

69 Алтаев Ж. А. Қазақ философиясындағы рухани сабақтастық //Journal of Philosophy Culture and Political Science. – 2011. – Т. 37. – №. 2. – С. 29-32.

70 Габитов Т. Х. Национальная идея в контексте диалога культур //Вопросы философии. – 2013. – №. 3. – С. 49-57.

71 Нұрмұратов С.Е., Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. – Алматы: ҚР БҒМ ФжСИ, 2000. – 180 б.

72 Қазақстан : ұлттық энциклопедия. 7-том : Н — С / бас ред. Б. Аяған. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2005. – 728 б.

73 Дүйсенбаев А.Қ. Педагогика және психологиядан анықтамалық сөздік. – Алматы: «Отан», 2015. – 312 б.

74 Ыбырайымжанов Қ.Т., Қоянбаева Г.Р. Педагогикалық сөздік. – Алматы, 2016. – 150 б.

75 Campbell E. The ethics of teaching as a moral profession //Curriculum inquiry. – 2008. – Т. 38. – №. 4. – С. 357-385.

76 Halstead J. M., Taylor M. J. Learning and teaching about values: A review of recent research //Cambridge journal of education. – 2000. – Т. 30. – №. 2. – С. 169-202.

77 Strike K., Soltis J. F. The ethics of teaching. – Teachers College Press, 2015.

78 Mulalić M. The Spirituality and Wholeness in Education // Journal of History Culture and Art Research. – 2017. - 6(2). –P. 13-24.

79 Fullan, M. The Moral Imperative of School Leadership. – Thousand Oaks, CA: Corwin Press, 2003. – 176 p.

80 Zohar D., Marshall I. Spiritual intelligence: the ultimate intelligence. – London : Bloomsbury, 2000. – 336 p.

81 Илларионова Л. П. Формирование духовно-нравственной культуры учителя в системе непрерывного образования //Сибирский педагогический журнал. – 2005. – №. 2. – С. 53-71.

82 Храброва Е. В. Формирование духовно-нравственной культуры будущего учителя как актуальная педагогическая проблема // Вестник Костромского государственного университета. Серия: Педагогика. Психология. Социокинетика. – 2007. – Т. 13. – №. 1. – С. 7-10.

83 Садыкова, С. А. Духовно-нравственное становление личности студента в процессе внеучебной деятельности: дис. … канд. пед. наук: 13.00.01 / Садыкова Сауле Алтынбаевна; Оренбургский государственный педагогический университет. – Оренбург, 2012. – 189 с. – Библиогр.: с. 165– 189.

84 Касенова, С. А. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу: дис. ... философия докторы (PhD): 6D010200 / Касенова Самал Абилжанатовна. – Алматы, 2014. – 156 б. – Библиогр.: б. 140–156.

85 Ушинский, К. Д. Педагогические сочинения: в 6 т. Т. 1 / К. Д. Ушинский; редкол.: С. Ф. Егоров (гл. ред.) и др.; Акад. пед. наук СССР. – Москва : Педагогика, 1988. – 414 с.

86 Каптерев П. Ф. Избранные педагогические сочинения / П. Ф. Каптерев. – М. : Педагогика, 1982. — 704 с.

87 Сухомлинский В. А. Хрестоматия по этике / В. А. Сухомлинский. – М. : Педагогика, 1990. – 304 с.

88 Пустовалов В. М. Духовно-нравственное становление личности будущего учителя: теория и практика: автореф. дис. … док.пед. наук: 13.00.01 / В. М. Пустовалов; Оренбургский государственный педагогический университет. – Оренбург, 2002. – 38 с.

89 Майғаранова Ш. Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселелері: ғылыми-әдістемлік құрал. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. - 124 б.

90 Өтебаева Ә.Т. Ауыл мектебі оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: автореф. дис. ... пед. ғыл. канд.: 13.00.01 / Ә.Т. Өтебаева. – Алматы, 2007. – 142 б.

91 Асанов Н.А., Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б., т.б. Тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесі: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2018.-168 б.

92 Жұмабаев М. Педагогика. – Нұр-Сұлтан. – 2022. – 160 б.

93 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы: Рауан, 1994- Т.1. - 320 б.

94 Қожахметова К.Ж. Рухани-адамгершілік тәрбиенің этнопедагогикалық негіздері. Әдістемелік нұсқау.- Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 44 б.

95 Ұзақбаева С. А. Тамыры терең тәрбие. - Алматы: Білім. – 1995. – С. 123-227.

96 Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңдегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізі. – Алматы, 2012. – 296 б.

97 Әбілдина С.Қ. Казахское этнопедагогическое наследие-средство духовно-нравственного воспитания студентов // Вестник Атырауского университета имени Халела Досмухамедова. – 2021. – Т. 61. – №. 2. – С. 22-29.

98 Балтабаев М. Х. Педагогическая культурология / учебное пособие. Республиканский издательский кабинет Казахской академии образования им.Ы.Алтынсарина. - Алматы, 2000. – 268 с.

99 Габуния Г. Г. Условия и факторы развития духовной культуры учителя: дис. … канд. пед. наук: 13.00.01 / Г. Г. Габуния; Рос. акад. гос. службы при Президенте РФ. – М.,, 1998. – 186 с.

100 Бахчиева О.А. Духовно-нравственное воспитание учителя. – М.: ООО «Экспо-Медиа-Пресс», 2014. – 260 с.

101 Амонашвили Ш. А. Духовная основа образования //Педагогический журнал Башкортостана. – 2006. – Т. 2. – №. 3. – С. 22-33.

102 Артамонова Е.И. Философско-педагогические основы развития духовной культуры учителя: дис. … док.пед. наук: 13.00.01 – Общая педагогика, история педагогики и образования. – М., 2000. – 450 с.

103 Таутенбаева А. А. Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру (қазақ және ағылшын тілдерін салыстырмалы талдау негізінде): пед. ғыл. канд. ... дис: 13.00.01 / А. А. Таутенбаева. – Алматы, 2009. – 149 б.

104 Ерғалиева А.Г. Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде студенттердің өзін-өзі тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: пед.ғыл.канд. ... автореф.: 13.00.01. - Атырау, 2006. – 24 б.

105 Шалтаева Р. Ж. Педагогические условия духовно-нравственного воспитания студентов в процессе обучения: дис. … канд. пед. наук: 13.00.01 / Р. Ж. Шалтаева. – Алматы, 2007. –168 с.

106 Омарова Г. А. Духовно-нравственное воспитание студентов вузов на основе общечеловеческих ценностей: дис. … канд. пед. наук : 13.00.01 / Г. А. Омарова. – Алматы, 2010. –164 с.

107 Омаров Д.К. Болашақ педагогтардың рухани-адамгершілік мәдениетін

қалыптастыруда мұражай материалдарын пайдалану: PhD фил. докт.. .... дис. - Қызылорда, 2016.- 153б

108 Демеуов, А. К. Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы болашақ мұғалімдерді тұлғалық-кәсіби дамыту процесінде рухани және дене мәдениетін интеграциялау: пед. ғыл. канд. ... дис: 13.00.01 / А. К. Демеуов. – Шымкент, 2010.

109 Кинитаева Д. Н. Духовно-нравственное формирование студентов в технических вузах Казахстана: дис. … канд. пед. наук : 13.00.01 / Д. Н. Кинитаева. — М.,, 2005. — 172 с.

110 Философия и методология педагогики: научные школы стран СНГ и Республики Казахстан: хрестоматия / под ред. док.филос.наук., профессора А.Р. Масалимовой. - Алматы: Қазақ университеті, 2017 .- 402 с.

111 Немов Р.С. Психология : словарь-справочник : в 2 ч. - М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003. - Ч. 2. - 352 с.

112 Полонский, В.М. Словарь по образованию и педагогике / В.М. Полонский. – М.: Высш. шк. 2004. – 512 с.

113 Ипполитова Н., Стерхова Н. Анализ понятия «педагогические условия»: сущность, классификация // General and professional education. – 2012. – №. 1. – С. 8-14.

114 Борытко Н. М. В пространстве воспитательной деятельности. – Волгоград: Перемена, 2001. – 181 с.

115 Куприянов, Б. В. Современные подходы к определению сущности категории «педагогические условия» / Б. В. Куприянов, С. А. Дынина // Вестник костромского государственного университета. - 2001. - Т. 6, № 2. - С. 101-104.

116 Володин А. А., Бондаренко Н. Г. Анализ содержания понятия «Организационно-педагогические условия» //Известия Тульского государственного университета. Гуманитарные науки. – 2014. – №. 2. – С. 143-152.

117 Розанова О. В., Бондаренко М. А. Внутренние психолого-педагогические условия эффективности самостоятельной работы студентов // Известия Тульского государственного университета. Педагогика. – 2014. – №. 1. – С. 172-181.

118 Kamalova L. A., Zakirova V. G. The formation of the pedagogical values of future primary school teachers at the University //Rev. Eur. Stud. – 2015. – Т. 7. – 1 с.

119 Дауткалиева П. Б. Педагогикалық мамандық студенттерінің кәсіби мотивациясын қалыптастырудың ерекшеліктері: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D050300 – Психология / П. Б. Дауткалиева. – Алматы, 2023. – 184 б.

120 Шпет Г.Г. Философско-психологические труды / Отв. ред.: Т.И. Артемьева, М.С. Гусельцева, В.А. Кольцова, Т.Д. Марцинковская. - М.: Наука, 2005. - 479 с.

121 Маслоу А. Мотивация и личность. 3-е изд. / пер. с англ. — СПб.: Питер, 2019. — 400 с.

122 Frankl V. E. Man's Search for Meaning. – Boston: Beacon Press, 2006.

123 Rokeach M. The Nature of Human Values. – New York: Free Press, 1973. – 438 p.

124 Schwartz S. H. An overview of the Schwartz theory of basic values //Online readings in Psychology and Culture. – 2012. – Т. 2. – №. 1.

125 Aspin D. N., Chapman J. D. (ed.). Values education and lifelong learning: Principles, policies, programmes. – Springer Science & Business Media, 2007. – Т. 10.

126 Әбдіғапбарова Ұ.М. Қазақ ұлттық ою-өрнегінің мазмұны мен тәлімдік сыры. - Алматы, 2004. – 127 б.

127 Дауенов Е. Н.Білім беру жүйесінде аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлік негізінде дамуы // Қарағанды университетінің хабаршысы, «Педагогика» сериясы. – 2022. – № 3(107). – Б. 103–109.

128 Абильдина С.К., Асетова Ж.Б., Айкинбаева Г.К., Муталипова А.Ш. Potential of pedagogical disciplines in the formation of spiritual culture of future primary school teachers // *Торайғыров университетінің Хабаршысы. Педагогикалық сериясы*. – 2021. – № 4. – Б. 466–481. – DOI: https://doi.org/10.48081/MMJW3964

129 Пеняева С. Рефлексия как условие становления компетентного специалиста // Высшее образование в России. – 2007. – №. 4. – С. 31-34.

130 Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития. – Изд. 3-е. – Казань: Центр инновационных технологий, 2012. – 608 с.

131 Гальперин П. Я., Котин Н. Ф. К психологии творческого мышления //Вопросы психологии. – 1982. – Т. 55.

132 Непрокина И. В. Метод моделирования как основа педагогического исследования // Теория и практика общественного развития. – 2013. – №. 7. – С. 61-64.

133 Землянская Е. Н. Моделирование как метод педагогического исследования // Преподаватель XXI век. – 2013. – Т. 1. – №. 3. – С. 35-43.

134 Козырев Н. А., Козырева О. А. Педагогическое моделирование как продукт и метод научно-педагогического исследования //Современная педагогика. – 2015. – №. 8. – С. 14-23.

135 Климов Е. А. Путь в профессионализм //Акмеология. – 2002. – №. 3. – С. 48-54.

136 Глинский Б.А. Моделирование как метод научного исследования Б.А.Глинский, Б.С.Грязнов, Б.С.Дынин, Е.П. Никитин. - М.: МГУ, 1965.-245 с.

137 Хмель Н.Д. Педагогический процесс в общеобразовательной школе. - Алма-Ата, 1990. – 60 с.

138 Штоф, В.А. Моделирование и философия / В.А. Штоф. – М.: Знание, 1986. – 264 с.

139 Таубаева Ш.Т. Методология и методы педагогического исследования.

Учебник. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 340 с.
140 Дахин, А.Н. Педагогическое моделирование: сущность, эффективность и неопределенность / А.Н. Дахин // Педагогика. – 2003. – № 4. – 22 с.
141 Вартофский М. Модели. Репрезентация и научное понимание: Пер. с англ. - М.: «Прогресс», 1988 - 508 с.
142 Жарықбаев Қ. Жалпы психология. – Алматы: Санат, 2004. – 350 б.
143 Маркова А.К. Психология профессионализма. – М.: Знание, 1996. – 308 с.
144 Подчалимова Г.Н. Проектирование содержания дополнительного профессионального образования руководителей школ: теория и практика. – М., – Курск, 2001. – 494 с.
145 Краевский В.В. Общие основы педагогики. – М.: Академия, 2003. – 256с.
146 Исаев И.Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя / учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. М.: Издательский центр «Академия», 2002. - 208 с.
147 Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. – 1996. – 7 тамыз. – 3 б. Қолжетімді сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/N960003058_
148 Якиманская, И. С. Основы личностно-ориентированного образования / И. С. Якиманская. – М. : БИНОМ. Лаборатория знаний, 2013. – 220 с.
149 Болотов В. А., Сериков В. В. Компетентностная модель: от идеи к образовательной программе //Педагогика. – 2003. – №. 10. – С. 8-14.
150 Сериков В. В. Личностно-развивающее образование как одна из культурологических образовательных моделей // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. – 2016. – №. 2 (106). – С. 30-35.
151 Шорохова Е. В. Психологический аспект проблемы личности //Теоретические проблемы психологии личности/Отв. ред. ЕВ Шорохова.–М.: Наука. – 1974. – С. 3-33.
152 Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. / отв. Ред. Е.В.Шорохова. – М.: Педагогика, 1973 – 423с.
153 Ахвердиев К.Н. Основные методологические подходы в педагогике // Молодой ученый. - 2010. - №6. - С. 308-310.
154 Осадчук О.Л., Галянская Е.Г. Современные методологические подходы к исследованию педагогических процессов // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. –№ 3. – С. 463-467.
155 Kuijpers A. J., Dam M., Janssen F. J. J. M. A systems thinking approach to capture the complexity of effective routes to teaching //European Journal of Education. – 2024. – Т. 59. – №. 2. – 12623 с.
156 Шипилина Л. А. Аксиологические ориентиры исследования проблем подготовки педагогов в вузе в диссертациях по педагогике //Вестник Мининского университета. – 2022. – Т. 10. – №. 4 (41). – 11 с.

157 Антонюк В.З. и др. Аксиологический подход в профессиональном педагогическом образовании // Обзор лингвистики и культуры. – 2021. – Т. 5. – №. С4. – С. 687-699.

158 Асетова Ж.Б., Абильдина С.К., Коломиец О.М. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің аксиологиялық негіздері // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Педагогикалық сериясы. – 2025. – № 4. – Б. 482–497. – DOI: https://doi.org/10.48081/WSBO1222

159 Roliak A. Origin of humanistic teacher education: scandinavian environment //Актуальні питання гуманітарних наук. – 2022. – 202289 с.

160 Chernyakova N. S. Values-Based and Culture-Congruent Teacher Training //ARPHA Proceedings. – 2020. – Т. 3. – P. 369-380.

161 Ширинбаева Г., Азимбаева Д., Иниятова А. Аксиологические аспекты организации гуманистической среды в контексте педагогического образования // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Филологические науки. – 2021. – № 1(71). – С. 659–665. – DOI: 10.51889/2020-1.1728-7804.112.

162 Doering S. et al. Reliability and validity of the German version of the Structured Interview of Personality Organization (STIPO) // BMC psychiatry. – 2013. – Т. 13. – №. 1. – 210 с.

163 Protogerou C., Hagger M. S. A checklist to assess the quality of survey studies in psychology //Methods in Psychology. – 2020. – Vol. 3. – 100031 p.

164 Evers A. et al. The Dutch review process for evaluating the quality of psychological tests: History, procedure, and results // International Journal of Testing. – 2010. – Vol. 10. – №. 4. – P. 295-317.

165 Кларин М.В. Дидактический дизайн в корпоративном образовании: модели, программы, проекты // Педагогика. - 2016.- № 1. - С. 81-89.

166 Архангельский С.И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы. – М.: Высшая школа, 1980. – 368 с.

167 Сагиндиков И., Танирбергенова А., Мағауия А. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім сапасын басқарудың стратегиялық құралы ретінде //«Педагогикалық өлшемдер» ғылыми–практикалық журналы. – 2025. – Т. 1. – №. 1. – С. 32-45. – DOI: https://doi.org/10.63597/UTO3105-4161.2025.1.1.003

168 Nagymzhanova K. M., Assetova Z. et al. The use of digital technologies in the formation of the spiritual culture of primary school teachers //International Journal of Children's Spirituality. – 2025. – Т. 30. – №. 3-4. – P. 121-140.

169 Marlowe J. M., Bartley A., Collins F. Digital belongings: The intersections of social cohesion, connectivity and digital media //Ethnicities. – 2017. – Vol. 17. – №. 1. – P. 85-102.

170 Mezzino D. et al. Digital visualization for cultural dissemination //SCIRES-IT. – 2023. – P.135-152.

171 Asetova Z., S Abildina et al. Spiritual Culture Formation of Young Teachers in the System of Higher Education: The Way for Social Maturity Development // Journal of Intellectual Disability-Diagnosis and Treatment. – 2020. – Т. 8. – №. 4. – P. 650-656.

# ҚОСЫМША А

Авторлық сауалнама

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің қалыптасу деңгейі

Жалпы сипаттама

Мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетінің мотивациялық-құндылық, когнитивті және іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттері бойынша қалыптасу деңгейін анықтау.

Қолданылу кезеңі:

– анықтау (констатациялық) эксперименті;

– бақылау (қорытынды) эксперименті.

Респонденттер:

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері.

Нұсқаулық (респондентке):

Сізге ұсынылған тұжырымдардың әрқайсысына өз көзқарасыңызды білдіріңіз. Дұрыс немесе бұрыс жауап жоқ. Әр тұжырымды қаншалықты келісетініңізге қарай белгілеңіз.

Кесте А.1 - Жауап беру шкаласы (Ликерт):

| Балл | Мағынасы |
|---|---|
| 1 | мүлдем келіспеймін |
| 2 | көбіне келіспеймін |
| 3 | екіұшты, нақты айта алмаймын |
| 4 | көбіне келісемін |
| 5 | толық келісемін |

**Мотивациялық-құндылық компонент**

Өлшенетін мазмұн: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетті кәсіби маңызды құндылық ретінде қабылдауы және өзін-өзі рухани жетілдіруге бағытталған ішкі уәжінің қалыптасуы.

Тұжырымдар (1–10)

- Педагогикалық мамандықты таңдауда мен үшін рухани-адамгершілік құндылықтар маңызды рөл атқарды.
- Болашақ бастауыш сынып мұғалімі үшін рухани мәдениет кәсіби шеберліктің ажырамас бөлігі деп есептеймін.
- Мен мұғалім мамандығын тек білім беруші емес, тұлға қалыптастырушы рухани миссиясы бар қызмет ретінде қабылдаймын.
- Ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды болашақ кәсіби қызметімнің негізгі бағдарлары деп санаймын.
- Оқушы тұлғасына ізгілікке негізделген, тұлғалық-бағдарлы қатынас орнату мен үшін ішкі қажеттілік болып табылады.

- Рухани мәдениет – көбіне жеке адамның жеке ісі, оны мұғалімнің кәсіби дайындығымен тікелей байланыстыру міндетті емес деп ойлаймын.

- Өз мінез-құлқым мен құндылықтық ұстанымдарымды болашақ оқушыларым үшін үлгі болуы тиіс деп санаймын.

- Өзімнің рухани және тұлғалық дамуыма саналы түрде көңіл бөлуге тырысамын.

- Рухани-адамгершілік тұрғыдан жетілу менің өмірлік мақсаттарымның бірі болып табылады.

- Педагог ретінде кәсіби өсу рухани өзін-өзі жетілдірумен қатар жүруі тиіс деп есептеймін.

**Когнитивті компонент**

Өлшенетін мазмұн: рухани мәдениет саласындағы пәнаралық (философиялық, психологиялық, педагогикалық) білімдерді меңгеру деңгейі және рухани-адамгершілік құндылықтардың мәнін саналы пайымдауы.

Тұжырымдар (11–20)

- Рухани мәдениет, рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтар ұғымдарының мазмұнын ғылыми тұрғыда түсіндіре аламын.

- Философия, психология және педагогика пәндерінде алған білімдерім рухани мәдениетті түсінуге көмектеседі.

- Тұтас педагогикалық үдерістің заңдылықтары мен принциптерін рухани-адамгершілік тұрғыдан түсінемін.

- Педагогикалық жағдаяттарды құндылықтық-мағыналық тұрғыдан талдай аламын.

- Оқу-тәрбие үдерісінде рухани-адамгершілік құндылықтардың рөлін теориялық тұрғыдан негіздей аламын.

- Рухани мәдениетке қатысты білімдер педагогикалық пәндер үшін қосымша, міндетті емес деп ойлаймын.

- Кәсіби іс-әрекетте философиялық, психологиялық және педагогикалық білімдерді кешенді қолданудың маңызын түсінемін.

- Рухани-адамгершілік құндылықтардың бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби шешімдеріне әсерін түсіндіре аламын.

- Ұлттық құндылықтар мен дүниетанымдық көзқарастардың педагогикалық мәнін саналы түрде пайымдаймын.

- Болашақ кәсіби қызметімде рухани мәдениетке негізделген педагогикалық ұстанымдарды теориялық тұрғыдан негіздей аламын.

**Іс-әрекеттік-рефлексивті компонент**

Өлшенетін мазмұн: рухани құндылықтарды және кәсіби-этикалық нормаларды педагогикалық іс-әрекетте жүзеге асыру, сондай-ақ өз кәсіби әрекетіне рефлексивті талдау жасау қабілеті.

Тұжырымдар (21–30)

- Педагогикалық практика барысында рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтарды саналы түрде басшылыққа аламын.

- Педагогикалық шешім қабылдауда моральдық-этикалық нормаларды ескеруге тырысамын.

- Оқушы тұлғасына ізгілікке негізделген, тұлғалық-бағдарлы қарым-қатынас орнатуға мән беремін.
- Балалардың қателіктерін жазалау емес, тәрбиелік тұрғыдан түсіндіру арқылы түзетуге ұмтыламын.
- Өз педагогикалық әрекеттерімнің тәрбиелік салдарын ой елегінен өткіземін.
- Педагогикалық іс-әрекетте кейде мақсатқа жету үшін моральдық нормаларды екінші орынға қоюға болады деп ойлаймын.
- Өз іс-әрекетіме сыни тұрғыдан қарап, кемшіліктерімді мойындай аламын.
- Алынған кері байланыс негізінде өз педагогикалық әрекетімді жетілдіруге тырысамын.
- Өзін-өзі дамытуға бағытталған рефлексивті позицияны саналы түрде ұстанамын.
- Болашақ кәсіби қызметімде рухани мәдениетке негізделген мінез-құлық үлгілерін тұрақты жүзеге асыруға дайынмын.

**Нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау**

Кері тұжырымдар (R):

6, 16, 26 – кері кодталады

(1↔5, 2↔4, 3 өзгермейді)

Кесте А.2 - Компоненттер бойынша балл

| Компонент | Сұрақ № | Максимум |
|---|---|---|
| Мотивациялық-құндылық | 1–10 | 50 |
| Когнитивті | 11–20 | 50 |
| Іс-әрекеттік-рефлексивті | 21–30 | 50 |

Деңгейлерді интерпретациялау

(әр компонентке де, жалпы интегралды көрсеткішке де қолданылады; орташа балл арқылы):

1,00 – 2,33 → төмен деңгей

2,34 – 3,66 → орта деңгей

3,67 – 5,00 → жоғары деңгей

**Бағалау критерийі**

Критерий:

- Рухани мәдениетті болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінде қажетті тұлғалық сапа ретінде саналы түрде ұғынуы.
- Көрсеткіштер
- рухани мәдениеттің кәсіби маңызын түсінуі;
- оны педагогикалық қызметпен байланыстыра алуы;
- кәсіби өзіндік анықталудағы құндылықтық ұстанымының айқындылығы;
- ішкі уәж бен жауапкершілік сезімінің көрінісі.

**Деңгейлік дескрипторлар**

Жоғары деңгей

Студент рухани мәдениетті болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінде қажетті тұлғалық сапа ретінде терең әрі саналы түрде ұғынады. Эссе мазмұнында рухани мәдениеттің педагогикалық қызметтегі орны, кәсіби жауапкершілікпен және адамгершілік ұстанымдармен байланысы нақты көрсетіледі. Кәсіби өзіндік анықталу айқын, ішкі уәж тұрақты сипатта көрінеді.

Орта деңгей

Студент рухани мәдениеттің болашақ кәсіби қызметтегі маңызын жалпы түрде түсінеді, алайда оны педагогикалық іс-әрекетпен байланыстыруы жеткіліксіз жүйеленген. Құндылықтық бағдарлары бар, бірақ олар нақты кәсіби жағдайлармен толық дәлелденбейді. Ішкі уәж тұрақсыз, сипаттамалар көбіне декларативті сипатта.

Төмен деңгей

Студент рухани мәдениеттің кәсіби іс-әрекеттегі маңызын үстірт немесе фрагментарлы түрде түсінеді. Эссе мазмұнында құндылықтық пайым әлсіз, кәсіби өзіндік анықталу айқын емес. Ішкі уәж сыртқы факторлармен шектеледі, рухани мәдениеттің педагогикалық қызметпен байланысы ашылмайды.

## ҚОСЫМША Ә

А.А. Реан және В.А. Якунин ұсынған, Н.Ц. Бадмаева модификациялаған «Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі»

*Нұсқау:* Төменде келтірілген тізімді мұқият оқып, маңыздылық деңгейі бойынша 1-ден 5 балдық шкала бойынша бағалаңыз

Кесте Ә.1 – Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалауға арналған тұжырымдар жүйесі

| № | Білім алу мотивтері |
|---|---|
| 1 | Мамандығымды ұнатқанымнан білім алып отырмын |
| 2 | Болашақ кәсіби іс-әрекетімнің сәттілігін қамтамасыз ету үшін |
| 3 | Маман болғым келеді |
| 4 | Болашақ кәсіби іс-әрекет саласына қатысты өзекті сұрақтарға жауап беру үшін |
| 5 | Таңдаған мамандығыма бейімділігімді, қабілетім мен нышанды толық пайдалану үшін |
| 6 | Достарымнан қалмау үшін |
| 7 | Адамдармен жұмыс жасау үшін терең және жан-жақты білім қажет |
| 8 | Ең үздік студенттердің қатарында болғым келеді |
| 9 | Біздің топ университетте ең керемет топ болғанын қалаймын |
| 10 | Жан-жақты адамдармен танысу және қарым-қатынас жасау үшін |
| 11 | Өйткені алған білімдер маған барлық қажеттілігіме қол жеткізуім үшін |
| 12 | Таныс адамдардың мен туралы пікірлері өзгермес үшін институтты аяқтау қажет |
| 13 | Оқу үлгерімнің төмендігінен жазалануға жол бермес үшін |
| 14 | Оқу ұжымының ішінде сыйлы тұлға болғым келеді |
| 15 | Үлгермейтіндердің қатарында болғым келмейді, курстастарымнан қалғым келмейді |
| 16 | Өйткені оқудағы жетістіктерім болашақтағы материалдық деңгейіме әсер етеді |
| 17 | Сәтті оқу, емтиханнан«4 және «5» алу |
| 18 | Оқыған маған ұнайды |
| 19 | Институтқа түскен соң, оны аяқтау үшін оқуым қажет |
| 20 | Келесі сабаққа үнемі дайын болуым үшін |
| 21 | Келесі курстарда оқуды сәтті жалғастыруым үшін, оқу сұрақтарына жауап беруім үшін |
| 22 | Терең және жан-жақты білім алу үшін |
| 23 | Мамандығым бойынша болашақта ғылыми іс-әрекетпен айналысуым үшін |
| 24 | Кез-келген білім болашақта мамандығыма қажет |
| 25 | Қоғамға көп пайдалы істер жасағым келеді |
| 26 | Жоғары квалификацияланған маман болуым үшін |
| 27 | Жаңаны білу үшін, шығармашылық істермен айналысу үшін |
| 28 | Қоғамды дамыту мәселелеріне қатысты сұрақтарға жауап беруім үшін |
| 29 | Оқытушыларға ұнау үшін |
| 30 | Ата-ана мен қоршаған ортаның сыйластығын алу үшін |
| 31 | Ата-ана, мектептің алдында қарызды өтеу үшін |
| 32 | Өйткені білім маған сенімділік береді |
| 33 | Өйткені оқудағы жетістіктерім менің болашақтағы қызметіме әсер етеді |
| 34 | Басқалардың алдында беделді болу үшін дипломда жақсы бағалардың болғанын қалаймын |

- Шкала 1. Қарым-қатынас мотиві: 7, 10, 14, 32.
- Шкала 2. Сәтсіздіктен қашу мотиві: 6, 12, 13, 15, 19.
- Шкала 3. Мамандыққа жоғары сұраныс мотиві: 8, 9, 29, 30, 34.
- Шкала 4. Кәсіби мотиві: 1, 2, 3, 4, 5, 26.
- Шкала 5. Шығармашылық өзін өзі жетілдіру мотиві: 27, 28.
- Шкала 6. Оқу-танымдық мотиві: 17, 18, 20, 21, 22, 23, 24.
- Шкала 7. Әлеуметтік мотивтер: 11, 16, 25, 31, 33.

## ҚОСЫМША Б

Авторлық құқық туралы куәліктер


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

КУӘЛІК

2022 жылғы «14» [illegible] № 27164

Автордың (лардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе): [illegible]

Авторлық құқық объектісі: ЭЕМ-ге арналған бағдарлама

Объектінің атауы: [illegible]

Объектінің жасалған күні: 10.06.2022

ЭЦҚ қол қойылды Н. Абулхаиров

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

**АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ**

**КУӘЛІК**

2022 жылғы «14» маусым № 27165

Автордың (лардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе): АСЕТОВА ЖАННУР БАХЫТОВНА, Абильдина Салтанат Кусаиновна

Авторлық құқық объектісі: ЭЕМ-ге арналған бағдарлама

Объектінің атауы: Основы духовной культуры учителя начальных классов

Объектіні жасаған күні: 10.06.2022

ЭЦҚ қол қойылды Н. Абулкаиров

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ | РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

**АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ**

**КУӘЛІК**

**2026 жылғы «26» қаңтар № 66672**

Автордың (авторлардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе):
**АСЕТОВА ЖАННУР БАХЫТОВНА**

Авторлық құқық объектісі: [illegible]

Объектінің атауы: [illegible]

Объектінің жасалған күні: 22.01.2026

[illegible]

ЭЦҚ қол қойылды | С. Ахмет[illegible]

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

## АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

# КУӘЛІК

**2026 жылғы «8» сәуір № 69751**

Автордың (лардың) жөні, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе):
**АСЕТОВА ЖАННУР БАХЫТОВНА**

Авторлық құқық объектісі: **компьютерлік бағдарламалар (бағдарламалық қамтылым)**

Объектінің атауы: **Педагогикалық кейстер мен шығармашылық тапсырмалар жинағы» цифрлық әдістемелік құрал**

Объектіні жасаған күні: **31.03.2026**

Құжат түпнұсқалығын https://www.kazpatent.kz/ru сайтының "Авторлық құқық" бөлімінде тексеруге болады. https://copyright.kazpatent.kz

Подлинность документа возможно проверить на сайте kazpatent.kz в разделе «Авторское право» https://copyright.kazpatent.kz

ЭЦҚ қол қойылды С. Ахметов

# ҚОСЫМША В

Қызметтік туындыны пайдалануға арналған келісім-шарттар

| ПК-ДИ.НП.06.02 | Ревизия № 2 от 01.03.2022 г. взамен ревизии №1 19.03.2021 г. | Страница 1 из 2 |
|---|---|---|

Договор на использование служебного произведения

**г. Караганда** № 710 от 27 сентября 2022г.

Некоммерческое акционерное общество «Карагандинский университет им. академика Е.А.Букетова» в лице Председателя Правления - Ректора Дулатбекова Нурлана Орынбасаровича, действующего на основании Устава, именуемое в дальнейшем «Университет» и Асетова Жанпур Бахытовна, Абильдина Салтанат Куатовна именуемые в дальнейшем «Авторы», совместно именуемые «Стороны» заключили договор о нижеследующем:

**1. Предмет договора**

1.1. Предметом настоящего договора является передача авторами исключительного права Университету на программу для ЭВМ – электронное учебное пособие «Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениеті негіздері».

**2. Права и обязанности сторон.**

2.1. Стороны признают, что указанная в п. 1.1. настоящего Договора программа для ЭВМ выполнена в рамках служебного задания и на ее распространяются положения действующего законодательства, регламентирующего вопросы использования служебных произведений.

2.2. Авторам в отношении их произведения принадлежат следующие личные неимущественные права:

1) право признаваться авторами произведения и требовать такого признания, в том числе путем указания имени авторов надлежащим образом на экземплярах произведения и при любом его публичном использовании, если это практически возможно (право авторства);

2) право указывать и требовать указания на экземплярах произведения и при любом его публичном использовании вместо подлинного имени авторов их вымышленных имен (псевдонимов) или отказаться от указания имен, то есть анонимно (право на имя);

3) право на неприкосновенность произведения, включая его название, противодействие любому извращению, искажению или иному изменению произведения, а также любому другому посягательству, способному нанести ущерб чести или репутации авторов (право на защиту репутации автора).

2.3. Имущественные (исключительные) права на программу для ЭВМ, указанные в п. 1.1. настоящего Договора принадлежат Университету и означают права на использование этой программой для ЭВМ в любой форме и любым способом.

2.4. Исключительные права Университета на использование программы ЭВМ означают право осуществлять, разрешать или запрещать осуществление следующих действий:

1)воспроизводить электронное учебное пособие (право на воспроизведение);

2)распространять оригинал или экземпляры программы для ЭВМ любым способом: продавать, сдавать внаем, публичный прокат и прочее (право на распространение);

3)предоставлять пользователям библиотеки университета (по их запросу) копии отдельных частей электронного материала программы для ЭВМ, с обязательным указанием Ф.И.О. авторов материала;

4)размещать отдельные части электронного материала программы для ЭВМ в информационно-образовательных ресурсах Республиканской межвузовской электронной библиотеки (РМЭБ), с обязательным указанием Ф.И.О. авторов материала;

5)импортировать экземпляры программы для ЭВМ в целях распространения (право на импорт);

6)публично показывать программы для ЭВМ (право на публичный показ);

7)переделывать или другим образом перерабатывать программы для ЭВМ (право на переработку).

